

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**



**«ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДІҢ 2-11-
СЫНЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕН МӘТІНГЕ
КЕШЕНДІ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР»
Әдістемелік ұсынымдар**

Астана, 2024

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен
баспаға ұсынылды (2024 жылғы 19 наурыздағы № 1 хаттама)

**Қазақ тілінде оқытатын мектептердің 2-11-сыныптарына арналған
«Қазақ тілі» пәнінен мәтінге кешенді лексика-грамматикалық талдау
жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар.** – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы
ҰБА, 2024. – 320 б.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдама жалпы білім беретін орта мектепте «Қазақ тілі» пәні бойынша мәтінге кешенді лексика-грамматикалық талдау жасау жұмыстарын жүргізуге арналған. Жұмыста мәтінге кешенді лексика-грамматикалық талдау жасауға арналған тапсырмалар үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сай ұсынылады және үлгілік тапсырмалар беріледі.

«Қазақ тілінде оқытатын мектептердің 2-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен мәтінге кешенді лексика-грамматикалық талдау жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар» әдістемелік ұсынымы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, білім алушыларға, жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2024.

©Национальная академия
образования
им. И. Алтынсарина, 2024

КІРІСПЕ

Бүгінгі білім беру жүйесіндегі оқытудың мақсаты – білімді, ізденімпаз, функционалды сауатты тұлға қалыптастыру. Тәуелсіздік еліміздің ең басты мұраты дамыған елдер қатарына қосылу. Мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі – оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту. Мектепте оқытылатын барлық пәндердің де маңызы зор десек, оның ішінде қазақ тілінің орны аса ерекшеленіп тұрады. Оқушының ойлауы мен тілін дамыту, дүниетанымын қалыптастыруда қазақ тілі пәніне үлкен міндеттер жүктеледі. Оның ішінде әрбір грамматикалық тақырыптардың да қосатын үлес салмағы бары анық. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың өзіндік дүниетанымдық позицияларын қалыптастыру да тәрбие теориясымен тығыз бірлікте қарастырылады.

Тілді жүйелі түрде меңгерту үшін пән мұғалімдері жаңа технология әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана білуі қажет. Тіл сабақтарында жүргізілетін грамматикалық талдаулар оқушылардың тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін арттырып, шығармашылық ойлауға дағдыландырады.

Сабақ үстінде оқушының жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына сай нақтылы міндет қоя білу – ол әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Өйткені, оқушыларды терең әрі жинақты біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық қабілетін, қызығушылық талғамын дамыту, өз бетінше білімін толықтыруға дағдыландыру сияқты күрделі жұмыстар сабақ барысында қалыптасады. Бұл әрбір мұғалімді ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді.

Оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталады.

Қазақ тілі пәні оқушыларды жазбаша сауатты, ауызша сөйлеуде ойын еркін жеткізуді, сөздің мағынасын түсініп орынды қолдануды, көркем, сұлу, шешен сөйлеуді үйретуді мақсат етеді.

Жаңа технология элементтерін және оқытудың кешенді әдістерін сабақ үрдісінде жүйелі пайдалану оқушының шығармашылық қабілетінің артуына, коммуникативтік дағдыларының дамуына және өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік әдісті пайдалану пәнде қарастырылатын негізгі мақсаттарды өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру және оларды жағдаяттарға сай дұрыс қолдана білуді үйренуді, оған қоса өзінің ойын ауызша және жазбаша формада сауатты құрауға, ойын сыртқа ауызша және жазбаша шығаруға, әдеби тілдің нормаларын саналылықпен қолдана отырып, сөйлеу барысында тіл табысу тәсілдерін игеруді жүзеге асырады.

Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, келешек өмірден өз орнын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жанашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда елеулі нәтижеге қол жеткізуге болары анық.

1. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕН МӘТІНГЕ КЕШЕНДІ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ ӘДІСТЕМЕСІ

XXI ғасырда Қазақстан Республикасының әлемдегі өркениет пен ғаламдану үдерісіндегі игеру барлық ғылым салаларына қатысты педагог мамандарды сапалы дайындау ісімен тығыз байланысты екенін қоғамдық-әлеуметтік өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Педагогтің білімі мен мәдениеті, ізденімпаздығы мен шеберлігі, біліктігі мен беделі – жаңа ұрпақты тәрбиелеудің басты көзі және арнасы болып табылады.

Сондықтан болашақ ұрпақ қазіргі ғылым мен білімнің тұтқасын ұстап отырған ғалымдар мен ұстаздарға ерекше жауапкершілік артады. «Ел болам десек, бесігіңді түзе», – деп ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, жаңа қоғамның болашақ маманы ғылымның қазіргі өзекті мәселелерге сай зерттелуіне, білімнің сапасы мен тиімділігіне, практикалық тәжірибесінің нәтижелілігіне байланысты қалыптасады және тәрбиеленеді.

Ғылым мен техниканың дамуы, білім беру үрдісіндегі тың өзгерістер қазіргі таңда оны оқыту мәселесіне де басқа қырынан қарауды қажет етіп отыр. Сонымен қатар тіл білімі мен әдебиетті оқытуда әлемдік өркениетке жеткізер тың бағыттар мен жаңа технология үлгілерін жедел меңгеріп, оқу жүйесіне енгізу – бүгінгі күн талабынан туып отырған мәселе. Осыған орай қазақ тіл білімінің көптеген тың салалары жаңаша көзқараспен зерделенуде.

Тілді оқыту әр сатының (бастауыш, орта, жоғары) өзінің ерекшелігіне байланысты өзгеріп отырады. Бірақ негізгі талаптар сол қалпында қалады. Оқыту – білім алушыны білімдендіру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын-ала жоспарланған іс-әрекет. Оқыту мазмұны – өкімет арнайы тандап анықтаған белгілі салада жұмыс істеу үшін қажетті адамзат тәжірибесінің бөлшегі деген мағынаны білдіреді. Яғни, ол – оқытудың нәтижесі болатын білім, білік, дағды, тұлғалық қасиеттер жиынтығы. Әдіскер-ғалымдар оқыту үрдісінің бірнеше мәнін айқындап көрсетеді:

Оқыту - мақсатты үдеріс. Оқытудың басты мақсаты, әдіс, тәсілдері мазмұны мен міндеттері қоғам талабынан туындап, ұдайы өсіп, жаңарады. Оқыту таныммен тығыз байланысты. Ол білім алушыдағы білімге деген қызығушылықтың ұдайы өсіп арта түсуінен байқалады. Білім алушы қоршаған ортамен (табиғат, қоғам) және адам дамуының негізгі заңдылықтарымен қаруланады. Оқытудағы басты мақсат – Қазақстан Республикасының бүгінгі білім сапасының деңгейі мен болашақ бағытын анықтауды, әлемдік өркениетке жетудің жолын айқындауды қамтамасыз етер білімді де мәдениетті, білікті де саналы дара тұлға тәрбиелеу. Бұл – ұлттық мұраны жете меңгерген; ана тілінің сөздік қорын жетік игерген; адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды білетін; өз ұлты мен тілін қастерлейтін, жері мен елін қадірлейтін; Отанын сүйетін дүниетанымы кең, ізденгіш, іскер, еңбекқор, зиялы ұрпақ қалыптастыру деген сөз. Мұндай тәрбиелі ұрпақтың негізі – бүгін, қазіргі білім беру мен оқу үрдісінде қаланады. Осы тұрғыдан келгенде, білімді де білікті дара тұлға

қалыптастырудың көзі, арнасы адам мен адамды, ұлт пен ұлысты түсінісуге, пікірлесуге жетелейтін тіл болып табылады. Тіл адамзаттың ерекше болмысымен қатар күрделі табиғатын да аңғартатын жаратылыс, құбылыс екені баршаға аян. Демек, бүгінгі күннің ізетті перзенті келешектің арқа сүйер өскелең ұрпағы болу үшін бүкіл адами құндылықтарды игеруі ләзім. Білім алушы дүние тануда бұрын ғылымда белгілі болған, зерттеліп дәлелденген жаңалықтарды, заңдылықтар мен тұжырымдарды әрі қарай дамыта түседі. Ғылым негіздерін оқып үйренеді, ғылым тарихымен, оның әдістерімен танысады, ұлы ғалымдардың өмірі мен қызметі жайлы ақпарат алады, танымдық көкжиегін кеңейтеді.

Оқыту – даму негізі. Баланың өзіндік дамуына әсер ететін негізгі фактордың бірі – өзара қарым-қатынас жасау іс-әрекеті. Сөйтіп, оқыту үрдісі педагогтің баламен үнемі рухани қарым-қатынаста, ынтымақтастық жағдайда болуын қажет етеді. Оқыту үрдісінде бала тек педагогтің әсерін қабылдаушы ғана емес, оның оқу іс-қимылы мен өзінің психикалық процестерін басқару, ұйымдастыра білуі (іс-әрекетін білуі, бағалауы, өзін-өзі басқаруы) оқытудағы субъекті болып табылады. Оқыту білім алушының дамуына тікелей әсер ететін құбылыс болғандықтан онда мынандай мәселелер назарда ұсталады: оқыту мазмұны білім алушының сана-сезімін жан-жақты дамыта келіп, өмірге пайдалы, қажет материалдардан жинақталғаны тиімді. Әр пән нысанасына байланысты қарастырылатын мәселелер ішкі бірлікте, жүйелілікпен оқытылғаны абзал; берілетін материалдар мазмұны коммуникативтік бағыттағы ұстанымдарға сүйенгені ұтымды. Өйткені сабақтың дені қоғамдық-әлеуметтік, адами қарым-қатынасқа негізделген тақырыптардан тұрса, оқытудың сапасы артады; материалдар бір-бірімен сабақтастық, жалғастырушылық ыңғайда, яғни алғашқы дәрісте өтілген мәселе кейінгі дәрістерде қайталанып, сабақтастырылып, жалғастырылып оқытылса, оқушының алған білімі нәтижелі болады және есте сақтау қабілеті өседі; оқу-әдістемелік кешендер (оқулық, мұғалімге керек – әдістемелік оқу құралы, дидактикалық материалдар, хрестоматия, лабораториялық жұмыстар т.б.) өзара тығыз байланыста болып, білім алушыны дамытатындай негізге құрылуы тиіс. Сондықтан оқу-әдістемелік кешендердің сапалы болғаны дұрыс.

Оқыту – екі жақты үдеріс. Оқыту білім алушы мен педагогтің өзара бірлесіп жасайтын әрекетінен тұратын күрделі үдеріс. Өйткені, оқыту – педагогтің білім берудегі негізгі іс-әрекеті болса, оқу – баланың өзінің танымдық, практикалық әрекеті. Сөйтіп, білім алушының таным әрекеті педагогтің басшылығы арқасында ғана жүзеге асады. Болашақ саналы азамат өз ұлтының ғасырлар бойы жинаған руханияты мен өркениетін, ділі мен дінін, тегі мен тәрбиесін жанына сіңіре отырып, жалпы адамзаттық тәрбиеден де хабарсыз қалмауы тиіс. Оның ішінде отбасы мен тән тәрбиесінің тылсым сырын да пайымдай білуі қажет. Ертең мектеп бітіріп, өмір айдынына шыға келген кезде, он бір жыл мектеп қабырғасында алған білім алушының білімі мен білігі, танымы мен тәрбиесі оны жаңылдырмай, «кірпіш болып, дүниеге тетігін тауып

қалануына», елінің қажетіне жарауына ықпалын тигізсе, онда қадірлі де, қасиетті мектептің абыройы мен беделі үстем болары сөзсіз.

Оқыту - жоспарлы үдеріс. Жоғары мектепте жоспарлы түрде сапалы білім беруде болашақ маманның қазіргі заман талабына жауап беретін, халықаралық стандартқа сай білімді меңгерген, өз ана тілі мен өзінің тарихын жетік білетін, коммуникациялық қарым-қатынасты емін-еркін жүзеге асыра алатын, өзі-өзі үнемі жетілдіруге ұмтылатын, әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан жан-жақты қалыптасқан ұрпақ болып қалыптасуына мән беріледі. Мұғалім оқушылардың жалпы рухани дамуын жүйелі қамтамасыз етуі үшін оқыту үрдісін жоспарланған, ұйымдастырылған түрде жүзеге асырады. Оқушы білімді қысқартылған, педагогикалық тұрғыдан өзгертілген жолмен мұғалімнің және арнайы жазылған оқу құралдарының көмегіне сүйене отыра меңгереді.

Оқыту - күрделі үдеріс. Ол тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл-ойы мен шығармашылық қабілетін, біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Қазақ тілін оқыту педагогикалық үдерістің жан-жақты жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Педагогикалық үдеріс дегеніміз – оқыту мен тәрбиелеудің құралдарын пайдалана отырып, білім мазмұнын терең меңгеру үшін ұйымдастырылған педагог пен тәрбиеленушілердің өзара әрекеті.

Педагогикалық үдерістің нәтижелі болуы педагог пен білім алушының бірлескен коммуникативтік әрекетіне байланысты. Коммуникативтік өзара әрекеттестік үрдісі педагогтің және білім алушының біртұтас коммуникативтік әрекетінен тұрады.

Педагогтің коммуникативтік әрекеті мына мәселелерді қамтиды: перцептивтік білік, коммуникативтік қабілет, педагогикалық техника.

Перцептивтік білік – білім алушыны түсіне білу, оның өзіндік ерекшелігін тану, өзіндік қасиетін бағалау, әлеуметтік көзқарасына түсіністікпен қарау.

Коммуникативтік қабілет – білім алушымен дұрыс қарым-қатынас жасай білу, оның істеген әрекетін таразылау, оған әсер ететін мотивті аңғару, олардың әртүрлі ситуацияда өзін-өзі ұстай білуін бақылау, өзара түсіністікті қалыптастыру.

Педагогикалық техника – тиімді әдістер мен тәсілдерді пайдалану, қарым-қатынас жасауда дұрыс сөйлеу мәнерін таңдау, білім алушының назарын қажетті, өзекті, тиімді мәселеге аудару білу.

Қазіргі заман талабы болашақ маманнан осы тілді үйрету әдістемесін жетік білуін; білім алушы алдында біліммен қатар интеллектуалдық мәдениетінің жоғары болуын; әлемдегі мәдениет үлгілерін игеруін; жасына, өтіліне қарамай адам мен адамның эстетикалық, этикалық деңгейдегі қарым-қатынасын меңгеруін; адамзат құндылықтарынан хабардар болуын; адами құндылықтарды өз бойына сіңіре білуін қажет етеді. Сондықтан да қазақ тілін оқыту әдістемесі қолданбалы ғылым болып саналады.

Тілдік нақты материалға сүйенбей, тілді оқыту мүмкін емес екені белгілі

жайт. Сондықтан сабақта сөздік жұмысын жүргізуде, білім алушының сөздік қорын толықтыруда, жетілдіруде лексикология саласының материалдары пайдаланылады. Өйткені сөздердің мағыналарын түсіндіру, жаңа сөздерді меңгерте отырып, сөздік қорды дамыту – қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсаттардың бірі. Білім алушылардың сөздік қорын байытып, тіл байлығын арттыруда жаттығу мәтіндеріндегі жаңа сөздерді түсіндіру, ол үшін омоним, синоним, антоним сөздермен салыстыру, сол сөздермен кешенді жұмыс жүргізу арқылы білім алушылардың санасында берік бекіп, жиі қолданылатын сөздік қорға енгізу басты назарда болуы тиіс.

Қазақ тілі сабақтарында пайдаланылатын жаттығу мәтіндерінде ауыспалы мағыналы сөздер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар жиі кездеседі. Сабақта мұндай сөздердің мағыналарының түсіндіріліп отырылуы да үздіксіз жүргізілуге тиісті жұмыстар.

Қазақ тіліндегі «Сөз және оның мағыналары» деген тақырыппен сөздің тура және ауыспалы мағыналары, көп мағыналылық, омоним, синоним, антонимдер, табу, эвфемизмдер мен дисфемизмдер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер жайында мәліметтер көрсетілген. Сонымен қатар, бағдарламада сөздік қор және сөздік құрам жайындағы түсінік, қазақтың байырғы төл сөздері мен басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер және жаңа сөздер, жалпылама лексика мен диалект сөздер, кәсіби сөздер мен терминдер де білім алушылардың сөздерді өмірде қолданатындай, яғни ауызша сөйлеуде де, жазба жұмыстарда да пайдаланатындай деңгейде меңгерту мақсатында берілген. Бағдарламада да, оқулықта да қамтылған лексикалық ұғымдар білім алушының дүниетанымын кеңейтіп, тіл байлығын арттыруға мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқыту әдістемесі лексикология саласының мәліметтерін пайдалана отырып, оларды түрлі әдіс-тәсілдер арқылы білім алушыларға үйретудің жолдарын қарастырады.

Лексика саласын оқыту арқылы білім алушы сөздің лексикалық мағынасын түсініп қоймайды, сөздің қолданылу орнын білуге үйренеді. Сөйтіп, әдеби тіл нормасында сөйлеуге, мәдениетті жазуға дағдыланады.

Орта мектепте оқытылатын мәселелердің бірі – сөздердің жасалуы. Сөзжасам қазақ тіл білімінде кейінгі жылдарда өз алдына жеке сала болып танылды және зерттелуде. Соған байланысты мектеп оқулықтарында да сөзжасам жеке тақырып ретінде енгізілуде. Сөзжасамды оқыту арқылы тіліміздегі сөздердің сөз тудырушы жұрнақтар, түбірлердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалатындығы жайында мәлімет беріледі. Мектеп бағдарламасында сөз құрамы, сөздердің жасалу жолдарына да көңіл бөлінген. Мәселен, 5-сыныпта «Сөзжасам» жеке сала ретінде беріліп, лексикалық жолмен жасалған сөздер, жұрнақтар жалғану жолымен жасалған туынды сөздер, бірігу, қосарлану, қысқару, тіркесу жолдарымен жасалған туынды сөздер туралы мәлімет берілсе, 6-сыныпта «Сөз тұлғасы және емлесі» деген тақырыппен күрделі сөздердің жасалу жолдары және жазылу емлесі қамтылған. Сөздердің жасалуы жайындағы теориялық мәліметтер

оқушылардың жеке сөздердің тұлғаларына талдау жасауға, туынды түбір мен түбірлес сөздерді ажырата білуге, сөздердің қосарлану, бірігу, қысқару арқылы да жасалатынын түсінуге мүмкіндік береді, әрі білім алушылардың ойлау қабілеттерін арттырып, сауаттылыққа да үйретеді. Олай болса, сөздердің жасалу жолдарын, сөзжасам арқылы жасалған туынды сөздерді, олардың түрлерін білім алушыларға жүйелі түсіндіруде бұл күнде қазақ тіл білімінің жеке саласы болып танылған сөзжасамның өзіндік заңдылықтары, амал-тәсілдері әдістеме ғылымында басшылыққа алынуы қажет.

Морфологияға қатысты алғашқы мәліметтер бастауыш сыныптарда беріледі. Ал орта сыныптарда сөздің түрлері, яғни атауыш сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер болып бөлінетіндігі жайында айтылып, сөз таптарының барлық түрлері толық қамтылған. Морфологияның теориялық ұғымдарын меңгертуде әр сөз табының ерекшеліктері түсіндіріледі.

Қазақ тілінің грамматикасы морфология және синтаксистен тұратыны белгілі. Жалпы орта білім беретін мектепте қазақ тілі пәні бойынша грамматикалық ережелерді оқыту – жазу сауаттылығының негізі. Бұл жөнінде әдіскер-ғалым Б.Кәтенбаева мынадай талаптарды басшылыққа алуды ұсынған:

1. Ережелер мен анықтамалар оқушыларға сапалы түсіндірілсін.

2. Түсіндірілген ережелер білім алушылардың есінде сақталатындай болуы керек.

3. Оқушылар өтілген грамматикалық ережелерді түрлі жазу жұмыстары мен сөйлеу тілдерінде дұрыс қолдана алатындай болуы керек [1,8].

Оның үстіне, «тілдік қатынас жасау, пікір алысу ой жұмысы нәтижелерінің сөйлемдердегі сөздер мен сөз тіркестеріне негізделіп, соларға орнығып тұрақталуы нәтижесінде ғана мүмкін болады. Грамматика ойды материалдық-тілдік қалыпқа енгізуге, өзара пікір алысуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, грамматика тілде ұйымдастырушы қызмет атқарады» [2, 272].

Тіліміздегі сөздер белгілі бір ойды білдіруде түрлі тұлғада қолданылады, белгілі бір заңдылықтар арқылы түрленеді. Ал осы «тілдегі сөздердің түрлену заңдылықтарын сөйлемде, мәтінде түрлі тұлғалардың қандай мақсатпен түрленетінін, қолданылатынын зерттейтін» [3, 4].

морфология саласының мәліметтерін пайдалану білім алушының ана тілінің заңдылықтарын орынды пайдалана отырып, сөйлеу дағдыларын, қатысымдық іскерліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Грамматикалық материалды оқу бағдарламасына енгізудің әдістемелік еңбектерде көрсетіліп жүрген өзіндік шарттары бар:

1) бұл оның сол тілдің жүйесінде алатын орны, толық грамматикалық сипатталуы, айтылуы, сөйлеудегі қатысымдық мәні;

2) грамматикалық құрылымның сөйлеу тіліндегі қызметі ескерілуі тиіс. Жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі бағдарламаларындағы тақырыптар осы талаптарға сай келеді.

Сөздердің грамматикалық мағынасы да, олардың көрсеткіштері де белгілі бір сөз таптарына қатысты болады. Сол себепті морфология тарауында

сөз таптары жайында мағлұматтар беріледі. Орта мектеп бағдарламасында сөз таптарын оқыту – қазақ тілі грамматикасының ең негізгі және басқа тақырыптарды меңгертудің тірегі болатын ұғымдарды игерту екендігі, сондықтан олардың атауынан бастап реті мен жүйесінің морфологиялық заңдылыққа бағынатынын саналы түсіндіру қажеттілігі көрсетілген. Бағдарламалық талаптарға сәйкес оқулықтарда сөз таптарының әрқайсысына жеке-жеке орын берілген. Мысалы, зат есім туралы бастауыш сыныптарда берілген түсініктер орта сыныпқа келгенде күрделенеді, яғни зат есімнің деректі, дерексіз, топтау, жинақтау секілді мағыналық топтары, жалқы, жалпы есімдер жайындағы мәліметтермен жалғасады. «Зат есім заттық ұғым атауларын білдіретін болғандықтан, олар сырт қарағанда біркелкі, бірыңғай сияқты болып көрінеді. Бірақ зат есімдерді іштей саралай келетін болсақ, зат есімдер нақтылы, абстрактылы, жалқылық пен жалпылық, даралық пен жинақтылық, жекелік пен топтық тәрізді мағыналық категорияларға ие болатыны нақты мысалдардың мағынасын ашу процесінде түсіндіріледі» [1, 156]. Сөйтіп, білім алушылар өздерінің бұған дейін зат есім туралы алған білімдерін толықтырып, ауызша сөйлегенде де, жазба жұмыстарда да зат есімдерді таңдап қолданатын болады. Сол сияқты зат есімнің түрленуі туралы мәліметтер де білім алушылардың жазуда қате жібермей, оларда орфографиялық, пунктуациялық дағдылар мен шеберліктердің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді.

Сын есімнің жеке сөз табы ретіндегі семантикалық мағыналары, сапалық және қатыстық сын есімдердің ерекшеліктері, сын есімнің шырайлары секілді мәселелер түрлі әдіс-тәсілдер арқылы түсіндіріледі. Әсіресе, сын есімдердің зат есімдермен тіркесіп қолданылатындығы сөйлем, мәтін құрастыруда айқындала түседі.

Сан есімдердің лексика-семантикалық мағыналары, морфологиялық қасиеттері және олардың сөйлемдегі қызметі жайындағы білім, дағдылар да білім алушылардың ана тілінің ерекшеліктерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Сөз таптарының ішіндегі нақты заттық мағынасы, өзіне тән морфологиялық категориялары жоқ есімдіктерді меңгертудің өзіндік қиындықтары да бар. Қазақ тіліндегі есімдіктерді зерттеген А.Ибатов есімдіктердің қолдану ретіне қарай нақтылы мағыналарға ие болуы, олардың негізгі мағыналарының тым жалпылығынан туып отыратын заңдылық екендігін және олардың тағы бір ерекшелігі – субъектімен байланысты болатындығын, бірақ олардың заттар мен құбылыстарды да көрсете алатындығын, соларды меңзеу, нұсқау түрінде жүзеге асатынын дәлелдеген [4, 72].

Әсіресе, есімдіктердің мәтін сөйлемдерінде бір сөзді бірнеше рет қайталамауға мүмкіндік беретіндігі, ауызекі сөйлеудегі есімдіктердің сілтеулік және нұсқаулық қызметтері түсіндірілуі қажет. Орта мектепте есімдікті жеке сөз табы ретінде оқытқанда тіл біліміндегі осындай зерттеу еңбектері негізге алынады.

Қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделісі – етістік, сондықтан

да етістікті түсіндіруде олардың грамматикалық белгілеріне терең үңіліп, оларды жан-жақты талдауға, қалай ұтымды жолдар арқылы меңгерту керек екендігіне шығармашылық ізденіс жасалу қажеттігін әдіскерлер ескертіп отырған [1, 174].

Етістік туралы мәлімет те бастауыш сыныптардан басталады. Тіліміздегі қимылды білдіретін сөздер, олардың сұрақтарынан басталған етістік туралы білім, білік, дағдылар сынып жоғарылаған сайын күрделенеді. Орта мектеп бағдарламасына сәйкес етістіктің мағыналық топтары, болымды, болымсыз, салт, сабақты, есімше, көсемше, тұйық етістіктер оқытылады. Сонымен бірге етістіктің шақтары, райлары және етіс түрлері жайында мәліметтер беріледі. Бұл тақырыптардың барлығы да білім алушының ойын ауызша да, жазбаша да толық, жүйелі жеткізе білуі үшін мәні үлкен. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде етістікке қатысты мағлұматтарды білім алушыларға түрлі жолдармен, әдістермен меңгертуде лингвистикалық еңбектер басшылыққа алынып, тіл теориясының негізінде түсіндірілуі қажет.

Орта мектепте сөз таптарының қай-қайсысын оқытуда да грамматикалық заңдылықтарға сүйеніліп жұмыстар жүргізілуге тиісті, яғни білім алушы меңгерген ережелерін іс жүзінде қолдана білуі қажет. Ол үшін сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлемдерді дұрыс құрастырып дағдыланулары керек. Бұл ретте сөздердің байланысы, сөз тіркестері, сөйлем түрлері жайындағы қазақ тіл біліміндегі зерттеулер негізге алынып, меңгертіледі. Олай болса, тіл білімінің синтаксис саласына қатысты ғылыми еңбектер қазақ тілін оқытудың әдістемелік деңгейінің жоғары болуына мүмкіндік береді.

Грамматика сондай-ақ тіл дамыту жұмыстарында да ерекше орын алады, өйткені тілді қарым-қатынас құралы ретінде оқытуда, үйретуде грамматика тілдік қатынасты жүзеге асыратын тетік қызметін атқарады. Сондықтан қазақ тілінен меңгертілетін білімді ауызекі сөйлеуде де, жазба тілде де тиімді, орынды пайдалана білуге дағдыландыру – тілді оқыту әдістемесінің негізгі міндеті. Қазақ тілінің салалары бойынша орта мектеп бағдарламасының талабына сай білім беру тіл дамыту жұмыстарымен бірлікте жүргізілгенде ғана нәтижелі болады. Білімді сапалы меңгеру мен сөйлеу шеберлігін мектептен бастап қалыптастырудың қажеттілігі «ғылым салалары мен тіл дамыту арасында тұрақты әрі табиғи байланыс болуы тиіс. Бұл – өскелең өмір мұқтаждығы, – деген ғалым пікірін нақтылай түседі [5, 77].

Білім алушыларды тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларын дәлме-дәл сақтап, айтпақ ойды көркем, әсерлі етіп жеткізе білуге дағдыландыру тіл мәдениетімен, сөз этикетімен де тығыз бірлікте жүргізілсе, білім беру нәтижелері ретіндегі күзіреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік болады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі стилистика ғылымының да жетістіктеріне сүйенеді. Стилистика – стиль туралы ғылым. «Стиль» деп белгілі бір жалпы халықтық, жалпы ұлттық тілдің ауқымындағы тілдік қатынас құралдарының қолданылу, сұрыпталу және тіркесу тәсілдерінің қоғамдық айқындалған,

қызметі жағынан сәйкестендірілген, іштей топтасқан жиынтығын айтады [6, 206].

Сөздерді орынды қолдана білуге үйрететін стилистика ғылымының стилистикалық мағына, бояу, мәтін және стильдер түріне байланысты ұғымдары мен заңдылықтары байланыстырып сөйлеуде синтаксистік құрылымды дұрыс сақтауда, сөздерді орынды таңдауда тиімді болады. Зерттеушілердің көрсетуінше, «тілдің лексика-грамматикалық қасиеті оның құрылымдық ерекшелігі болса, стилистикалық қасиеті оның функционалды ерекшелігіне байланысты болып табылады...Сөйлеудің ерекшелігін танытуға, сөз өнеріне машықтануға үйретуге бейімделген стилистика ғылымының өзіндік ішкі ерекшелігін ескеретін болсақ, сөз жұмсау шеберлігіне дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастықты стилистикалық біртұтастықта тану арқылы қол жеткізуге болады» [7, 13].

Олай болса, қазақ тілін оқыту үдерісінде стилистикалық ұғымдарды қажетіне қарай пайдалана білу қажет.

Білім алушыларды сауаттылыққа үйретуде қазақ тілін оқыту әдістемесі орфография теориясын басшылыққа алады. «Дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты – айтылмақ ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізіп беру» оның сүйенетін негізгі емлелік заңдылықтары, ұстанымдары бар екендігі белгілі [8, 3].

Сондықтан мектепте қазақ тілі сабақтарында емлелік ережелер меңгертіледі. Мысалы, кейбір дыбыстардың емлесі, үндестік заңына қатысты түбір сөздер мен қосымшалардың жазылуы, сөздерді тасымалдау, бас әріптің жазылуы, сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы, шылаулар мен одағайлардың жазылуына қатысты заңдылықтар ескеріледі. Осы заңдылықтарды жүйелі түрде қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен меңгерту қажеттігі әдістеме ғылымында анықталуы тиіс.

Қазақ тілі сабақтарында білім алушылардың дұрыс сөйлеп, әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларын да игерулеріне назар аударылады. Бұл ретте қазақ тілін оқыту әдістемесінде орфоэпиялық заңдылықтар басшылыққа алынады. Ғалымдардың көрсетуінше, сөйлеудегі кемшіліктерді жою үшін оқушыға дыбыстардың жасалу жолын, адамның дыбыстау мүшелерінің дыбыс жасаудағы қызметін түсіндіру, сондай-ақ білім алушы тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты қателіктерге жол бермеу секілді жұмыстар жүргізілуі қажет [9, 26].

Мектепте білім алушы емлелік ережелермен қатар тыныс белгілерінің де қойылатын орындарымен таныс болуы тиіс, сондықтан пунктуацияны оқытудың басты мақсаты – білім алушыны жазу сауаттылығына дағдыландыру. Сол себепті мектепте шәкірттердің бойына пунктуациялық іскерлік пен дағдыны қалыптастыру қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақ тілі сабақтарында бағдарламаға сай білім алушыға берілетін білім, дағды пунктуациялық ережелер негізінде жүзеге асады.

Сонымен, қорыта келгенде, қазақ тілін оқыту әдістемесі лингвистика ғылымының жетістіктерін, ғылыми зерттеулерді басшылыққа алады, өйткені тіл білімінің заңдылықтарынсыз тілді оқытып меңгерту мүмкін емес.

Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде кемел адамды қалыптастыру бағытында сан алуан жұмыстар жүргізіліп келеді. Оның бастыларының бірі әрі бірегейі – білім мазмұнын жетілдіре түсіп, білім мен тәрбиені әлемдік жүйеге жақындастыру. Әрине, қоғам талабына сай бүгінгі технологияларды жетік меңгерген, өзіндік пікірге ие болумен қоса, сауатты да болуы қажет емес пе? Қазіргі жағдайда әр балаға тән ерекшеліктерді есепке алу өте күрделі. Өйткені әр бала – жеке тұлға. Сондықтан да олардың сауаттылығын арттыру мен әдеби тілін дамыту үшін жекедара тұрғыдан келу маңызды. Сауаттылықты қалыптастыратын факторлардың бірі – ана тілі сабақтарын нәтижелі ұйымдастыру. Әр тақырып бойынша оқушылар алған білімдерін жүйелі түрде бекіту үшін, тіпті өз білімдерін тексеру үшін тілдік бірліктерді көптеген мысалдар негізінде тануды, қалай қолдануды біледі ме? деген сұрақты мұғалім әрдайым ескеру керек. Мұғалім үшін оқушының өз бетінше ойлауға, тіл үйренуге және белгілі бір мәтіннің мәнін толық түсінуге мүмкіндік беретін ең тиімді, пайдалы әдісті дұрыс таңдауы маңызды. Осындай тиімді нәтиже беретін әдістердің бірі - талдау әдісі.

Ұсынымдама қазақ тілі пәнінен дайындалып отырғандықтан тілдік талдауға жан-жақты тоқталамыз. Тілдік талдау жасау (лингвистикалық талдау) – қазақ тіл білімінің салаларын жан-жақты қарастыру, яғни тілдік бірліктердің фонетика саласынан бастап, лексика, грамматика, синтаксис салаларына сипаттама беру, оның заңдылықтарын, ерекшеліктерін, жасалу жолдарын, тіл салаларының бір-бірімен байланысын, әсерін көрсету. Бұл айтылғандар теориялық тұрғыдан ғалымдардың зерттеу жұмыстары арқылы берілген болса, осы айтылғандарды практикада жүзеге асыру әдіскер-ғалымдар мен мектеп педагогтерінің міндеті. Теориялық білімді практикада қолдануда – оны оқыту, үйрету әдістемесін, технологиясын қалыптастыру күрделі мәселелердің бірі. Ол үшін мынадай мәселелерге көңіл аударылуы керек:

- Білім беру технологияларын саралай отырып, тілдік талдаудағы орнын айқындау;
- Тілдік талдаудың тарихына сүйене отырып, тілдік талдаудың маңыздылығын анықтау;
- тілдік талдау үлгілері, олардың қажеттілігі мен маңызын саралау;
- тілдік талдаудың ретін, тәртібін мысалдар арқылы көрсету;
- оқытудың инновациялық технологияларын сараптау нәтижесінде тілдік талдаудағы озық технологияларды іріктеу;
- тілдік талдауларды кешенді түрде тіл білімінің барлық саласын қамти отырып жүргізу.

А.Байтұрсынұлының үш бөлімнен тұратын «Тіл-құрал» атты кітабында қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасы қарастырылып, ғылыми

тұжырымдар ұсынылады. Жаңа терминдік атаулар тіл білімінде қалыптасады. Дыбыс, әріп, буыннан бастап, сөз тұлғалары – түбір мен қосымшадан сөз таптарына дейін, синтаксис мәселелері де қамтылып, жіктеп, жүйелеп беріледі. Бұл еңбекте тіл білімінің теориялық мәліметтері жан-жақты қарастырылып, оны практикалық тұрғыдан түсіндіру арқылы дағдыландыру мақсатында мәтінмен, жаттығумен жұмыс жасауды ұсынады да, келесі сатысын сынау деп алып, алынған білімді толық бекітуге жұмыстануды ұсынады. «Сынау» дегенде білім алушы тілдік фактілерді талдау арқылы өзін-өзі сынауға, білгенін, меңгергенін практикада қолдануға үйренеді. Онда эмпирикалық білім мазмұнынан рефлексияға дейінгі кезеңді қалыптастыру көзделген. Рефлексиялық кезеңде білім алушылар өздігінен білім алып, ізденуге ұмтылады. А.Байтұрсынов әдістемесінде осы мақсат көзделеді [10.182]. А.Байтұрсыновтың оқыту саласындағы еңбектеріне талдау жасау барысында қазақ тіл біліміндегі теориялық мәселелерді сатылап үйрету жолдары көрсетілгендігін, оның алғашқы элементтері, үйрету жолдары осы еңбектерден бастау алғанын көреміз. Ғалымның осы әдістемелік көзқарасы бүгінде әдіскер-ғалым Н.Оразахынованың тілдік бірліктерді саты арқылы, кешенді талдай оқытатын «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында жалғасын тауып, ары қарай заманның, білім алушының сұранысына сай толықтырылған.

Алаш зиялыларының еңбектерімен сабақтастықта зерттелген еңбектерден ғалым Н.Құрманова сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамытуда А.Байтұрсынов ұсынған синтаксиске байланысты тілдік талдау үлгісін төмендегідей сызба арқылы береді:

I кезең. Эмпирикалық деңгей	Нақтылықтан абстрактылыққа қарай жүру
II кезең. Теориялық білім алу кезеңі	Абстрактылықтан нақтылыққа қарай жүру

Бұл жүйе бойынша тілдік талдау жасаудың тиімділігі білім алушы жаттандылықтан арылып, өздігінен білім алуға, тілдік фактілерді өз ой-санасында қорытып, өздігінен ереже жасауға тырысады. Бұндай жолмен қалыптасқан білім берік болады [11. 182].

Тілдік талдау жүргізудің маңыздылығы мен ерекшелігі туралы зерттеуші-ғалым С.Исаевтың: «Мектепте болсын, жоғары оқу орындарында болсын қазақ тілі пәнінен теориялық материалды жақсы ұғынып, алынған білімді тұрақтандырып, оқушының ол туралы практикалық дағдысын қалыптастырудың бірден-бір жолы – сөйлем талдау, өйткені ол талдау арқылы өтілген тілдік құбылысқа байланысты материалды оқушының құр ережені ғана жаттап емес, саналы түрде қабылдап түсіне алғаны, алған білімін өз бетінше практикада қолдана білу дағдысы байқалады. Егер оқушы сөздің морфологиялық құрамын, яғни сөз қандай бөлшектерден тұра алатынын, сөйлем мүшелерінің анықтамалары мен сұрақтарын ағызып айтып тұрғанымен,

сөйлемді дұрыс талдай білмесе, жекелеген сөздердің морфологиялық құрамын (түбірін, қосымшаларын, түрлерін) анық ажырата алмаса, сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс таба алмай, сөйтіп, сөзге сұрақты дұрыс қоя алмай қалса, олардың ережелерін қанша жақсы білгенімен, оқушының білімі жеткілікті дей алмаймыз. Демек сөйлемді грамматикалық жағынан дұрыс талдай білу тілдік құбылыстардың мәнін оқушының нақты түсінуімен, грамматикалық дағдысының практикалық жағынан қалыптасуымен байланысты»,– деген пікір айтады [12. 5]. Ғалым ережені құр жаттаудан білім алушы санасында сапалы білім қоры қалыптаспайтындығы туралы айтады.

Ғалым М.Достанов «Қазақ тілі сөздерінің фонетика-лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін қатар талдау әдістері» атты еңбегінде тілдік фактілерді қатар талдау әдістерін ұсынады [13]. Кешенді талдаудың ұтымдылығы материалды тұтастықта қарастырады әрі тілдік бірліктердің бір-бірімен байланысын көрсетеді. Мұны сабақтастық, өзара жалғастық принципі негізінде қарастыруға болады. Әдіскер ғалым Ә.Ермеков мұндай талдауды шендестіре талдау деп атайды. Мысалы фонетикалық талдаудың кейбір мәселелерін морфологиямен жалғастырады. Мұндай жағдайда білім алушы емленің ерекшеліктерін біліп, саналы түрде қолдана отырып, грамматикалық категорияларды атқаратын қызметіне қарай саралай, талдай алады [14. 7]. Мысалы: көптік жалғауының алты түрлі формасының -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер -дің соңғы төртеуі фонетикалық варианттар, ал бұлай түрленуі сөздің түбірлік қалпына байланысты болады, яғни сөздің түбірінің жуан, жіңішкелігіне, не қатаң, ұяң дыбысқа аяқталуына байланысты қосымшаның басқы дыбысы да құбылып отырады. Бұл заңдылықты морфологиялық материалға негізделген фонетикалық талдау арқылы түсіндіру керек. Бұл жерде салалар арасындағы байланыс нақты көрініп тұр [14. 10]. Білім алушы сөзге жалғанатын жалғаудың осы заңдылықтарын мысалдар арқылы тарата түсініп, практикада қолдана алса, оның жазу, сөйлеу сауаттылығы артады.

Әдіскер-ғалым Н.Оразахынова лексикалық талдауды сөзжасамдық және морфологиялық талдаудан кейін береді. Лексикалық талдауда бір сөздің бойынан барлық мағыналық ерекшеліктері көрінеді. Мысалы:

Лексикалық талдаудың үлгісі:

Сөз

I. Сөздің атауыш (номинатив) немесе тура мағынасы

II. сөздің шығу тегіне байланысты туған мағынасы:

1. Түпкі мағына

2. Туынды мағына.

А) көп мағыналы сөз; ә) омоним; б) синоним; в) антоним; г) кірме сөздер; ғ) араб, парсы, моңғол, орыс сөздері; д) табу; ж) эвфемизмдер; з) дисфемизмдер.

III. Сөздердің тіркесу сипатына байланысты туған мағыналары:

1. Сөздің еркін мағынасы

2. Фразеологиялық байлаулы мағынасы

3. Синтаксистік шартты мағынасы

IV. Сөздің стилистикалық қызметіне байланысты туған мағыналары:

1. Бейтарап мағына

2. Бейнелі мағына (троп пен фигураның түрлері)

3. Терминдік мағына

V. Сөздердің қолдану сипатына байланысты түрлері:

Сөздердің қолдану өрісіне байланысты түрлері а) жалпылама лексика; ә) қолдану өрісі тар лексика; б) сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері; в) сөздердің актив және пассив қолданылатын түрлері [15. 177].

Осы тірек сызба арқылы әдіскер-ғалым «қас» сөзіне талдау жасап көрсетеді.

1. Бұл – атауыш немесе тура мағынадағы сөз. Себебі затты, құбылысты атап білдіріп тұр.

2. Сөздің шығу тегіне байланысты – түпкі мағынадағы сөз. Себебі, қазіргі қалпы тұрғысынан қарағанда, ары қарай бөлшектенбейтін түбір ретінде танылатын дербес сөз.

2.1 а) Бұл–омоним сөз. Себебі дыбысталуы бірдей, мағынасы әртүрлі сыңарлары бар сөздер. Мысалы: адамның қасы (дене мүшесі), қас-дұшпан (жағымсыз қарым-қатынас)

2.2 Қас. Синоним сөз. Себебі синонимдік қатары бар. Мысалы: қас, жау, дұшпан.

2.3 Қас. Антоним сөз. Мысалы: қас-дос.

3. Сөздердің тіркесу сипатына байланысты – фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөз. Себебі орын жағынан әбден қалыптасқан, құрамын өзгертуге келмейтін, бәрі тұтасып бір мағына білдіріп, бір ғана сөйлем мүшесі ретінде қолданылатын сөз.

4. Сөздің стилистикалық мағынасына байланысты–бейнелі мағынадағы сөз. Себебі адамның сезімі мен көңіл-күйіне байланысты айтылатын эмоционалды мағынада қолданылатын сөз.

5. Сөздің қолданылу сипатына байланысты – жалпылама лексикаға тән сөз. Күнделікті тұрмыста қолданылатын сөз.

Әдіскер-ғалым тірек сызба арқылы берілгендей сөздің синтаксистік қызметімен бірге оның мәтіндегі стилистикалық қолданылуын да кешенді түрде қамтып отырады. Бұл білім алушының мәтінге лексикалық талдау жасай отырып, өзінің тілдік қорын бейнелі, әсерлі, көркем айтылатын сөздермен, сөздердің синонимдік қатарымен толықтыруына мүмкіндік береді. Шешен сөйлеудің әліппесі қалыптасады. Ол жөнінде ғалым лексикалық талдаудың маңыздылығын: «...лексикалық талдауда оқушылар сөздің атауыш немесе тура мағынасын, сөздің шығу тегіне байланысты туған мағынасын, сөздердің тіркесу сипатына байланысты туған мағыналарын, стилистикалық қызметіне байланысты туған мағыналарын, қолданылу сипатына байланысты туған мағыналарын жеке-жеке сатылап, кешенді талдап меңгереді. Тіл білімінің лексика саласын сатылай кешенді талдау арқылы оқушылар сөз мағынасын

дұрыс ажыратып, әр сөздің қыр-сырын, мағынасын, бір-бірімен қатынасын анықтауға машықтанады. Әдеби тіліміздің байлығын меңгереді»,— деп қорытындылайды.

Осы сияқты әдіскер-ғалым Н.Оразахынованың сөзді құрамына, лексика-грамматикалық мағынасына қарай сатылай кешенді талдау үлгісін берсек: Мысалы: *Домбыра* сөзі

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: домбыра.
2. Тұлғасына қарай -негізгі түбір. Себебі, сөздің ары қарай бөлшектенбейтін, мағына беретін негізгі бөлігі.
3. Құрылысына қарай – дара. Себебі бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы— музыкалық аспаптың бір түріне берілген атау.

6. Бірінші грамматикалық мағынасы — лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – зат есім.

6.1 Екінші грамматикалық мағынасы — атау септігінің нөлдік тұлғасы арқылы берілген категориялық-грамматикалық мағына – атауыштық мағына.

7. Домбыра –не? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – зат есім. Зат есім дегеніміз –кім? Не? Кімдер? Нелер? Т.б сұрақтарға жауап беріп заттың, нәрсенің атын білдіретін сөз табы.

8. Мағынасына қарай:

а) Жалпы. Себебі, біркелкі заттардың жалпылай аталуы.

ә) Жансыз. Себебі тіршілік иесі емес.

б) Деректі. Себебі көзбен көріп, қолмен ұстап, ануға боларлық зат атауы.

в) Нақты. Себебі, деректі болған нәрсе нақты болады [15. 177].

Білім алушыларға тіл салаларын оқытуда қиындық тудыратыны синтаксис саласы. Сөйлемді құрылысына, сөйлем мүшелеріне, байланысу тәсілдеріне қарай талдау үнемі сабақтастықта, әр саламен байланыста қаралуы шарт. Фонетикалық, лексикалық, морфологиялық талдауды білмеген, бір-бірімен кешенді түрде сабақтастыра алмаған оқушы үшін синтаксистік талдау қиындық тудырады.

Сөз тіркесін зерттеген ғалым Н.Құрманова төмендегідей талдау үлгілерін көрсетеді:

1. Жүйелік талдау (жүйенің ішіндегі жүйе ретінде қарастыру);
2. Валенттілік талдау;
3. Оппозициялық талдау (сөз тіркесіндегі түрлілік пен қарама-қарсылықты анықтау),
4. Синтагмалық талдау;
5. Компоненттік талдау (сөздің бойындағы семалардың жиынтығын талдау арқылы сөздің мағыналық жүйесіндегі мағыналық бөлшектердің болмысын тарата тану);
6. Трансформациялық талдау (трансформация – тіл бірлігінің алғашқы ұсқасының формалдық өзгерісі барысында аңа синонимдік қатар пайда болуы);

7. Транспозициялау;

8. Контаминациялық құбылысты талдау (контаминация – сөз тіркесі дамуында байқалатын ерекше үдеріс, бір сөз тіркесінің екінші сөз тіркесіне семантикалық жақындық негізінде конструктивтік тұрғыдан әсер етуі);

9. Комплекстік талдау [11. 148].

М.Балақаевтің пікірінше, грамматикалық талдауды жетік меңгерген білім алушының тіл мәдениеті де жоғары болады. Сөйлемдегі сөздердің қарым-қатынасын, байланысу заңдылығын жақсы білген кісі еш уақытта стильдік қате жібермейді, әр сөзді өз орнында, тиісті синтаксистік орамда, өзінің тізбекті тобында жұмсайды, сөйлем мүшелерінің қиюын тауып дұрыс қиыстырады, артық сөз қолданбайды, керекті сөзді шеттетпейді, байланысын дұрыс шегендеп, керегінде шешендіктің, шеберліктің, көркемдіктің амал-құралы ете алады. Тілге деген сезімін күшейтеді деп тұжырымдайды [5. 75].

Әдіскер-ғалымдардың тілдік талдауларын байқап отырсақ жеке білім салалары бойынша талдана отырып, кешенді талдауға ұласқанын байқаймыз.

Жалпы әдістеме тарихында талдау әдісінің ғылыми маңыздылығын көрсеткен ғалым – К.Д.Ушинский. Ол өзінің көп жылдық тәжірибелеріне сүйене отырып, талдау әдістерінің, құндылығы мен тиімділігін дәлелдеді, талдап оқудың, талдап жазудың, талдап түсінудің, түсінгенін айтып берудің, білгенін іс жүзінде қолдана білудің маңызын атап көрсетті. М.Балақаев «Грамматикалық талдау негіздері» атты мақаласында: «Грамматикалық талдау – сөйлемдегі сөздердің грамматикалық тұлғалары мен мағыналарын сипаттау олар жайындағы оқушының білімін баянды ететін практикалық жұмыс», – деген пікір айтады [5].

Қазақ тілін оқытудағы әдіскер ғалым А.Ермеков өзінің ғылыми көзқарастарында оқушылардың бойында сауаттылығының арттыру мен дұрыс сөйлем құрау дағдысын дамытуда грамматикалық талдаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Әдіскер ғалымдардың бірі профессор Ә.Исабаев өзінің ғылыми жұмысында тілді үйрену немесе оқыту үдерісіндегі практикалық әдістер, олардың арасындағы талдау әдісінің рөлі туралы да атап өткен. Ә.Исабаев талдау әдісін – анықтауыш және түсіндірме талдау деп екі топқа жіктей отырып, фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік талдауларды түсіндірме талдаулар деп көрсетеді. Әдіскер ғалым оқушының белгілі бір категория мен пән туралы түсінігін қалыптастыру, ана тілі пәні бойынша теориялық материалды түсіну, алған білімдерін бекіту үшін қолданылатын талдау әдістері оқушылардың білімін анықтау, тексеру үшін де қолданылады деп санайды. Ана тілін оқытуда проф. Б.Тухлиев – жалпы талдау сөзі алынған білімді қайталау, жинақтау және жалпылау сөзінен шыққан, сонымен қатар білімді, дағдыларды практикалық қолдану деңгейін бақылау, бірақ тақырыптық талдаудың өзі орта білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы көрсетілген барлық талаптарды орындау үшін жеткіліксіз, – деп көрсетеді.

Қазақ тілі сабақтарында талдау әдісін қолдануда да жаңа технологияларды кең көлемде енгізу талап етіледі. Ғалым зерттеуші Ф.Ш.Оразбаева өзінің «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» еңбегінде: «Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, адамзаттық және басқа да көптеген келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді дамытуына көмектеседі. Оқыту технологиясын таңдап, іріктеу – оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудың негізгі бір буыны», – деп нақтылап айтқан [16].

Сабақта педагог өзі қолданатын білім беру технологиясын, интерактивті әдіс-тәсілдерді сыныптағы білім алушының қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай қолданады. Жоғарыда айтқанымыздай, осындай білім берудің қазақстандық технологияларының бірінің авторы ғалым зерттеуші Н.А.Оразахынова технология туралы тұжырым жасайды: «Сатылай кешенді талдау» технологиясы – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарымызды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді талдау – тек қана білім белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі».

Сатылай кешенді талдау оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Сатылай кешенді талдау технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту. Сатылай кешенді талдау – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны меңгертумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы жан-жақты дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған, қазақ тілінде ойлайтын, қазақ мәдениетін меңгерген тілдік-мәдени тұлға қалыптастыратын оқытудың түрі. Оқушылар түсіндірген материалдарды толық түсініп, жүйелі меңгереді, шығармашылық жұмыстарды өздігінен орындауға бейімделеді. «Сатылай кешенді талдау» технологиясында педагог пен білім алушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар: ынтымақтастық, өзара сыйласты, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – білім алушыларды жақсы, жаман, орташа оқиды деп бөлмей, тек материалды өте жылдым, баяу қабылдауына қарай тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық баланың дамуы қолайлы жағдай туғызуды мақсат етеді. Талдауға берілген сөйлемдер, мәтіндер құрылысы жағынан да, мүшелерінің (сөздерінің) формасы жағынан да әр

сыныпта бағдарламаға сай болуы қажет. Қазақ тілі пәні бойынша 6- сыныпта фонетикадан өткенді қайталау сабақтарында осы кешенді талдау оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Қорыта айтқанда, «Сатылай кешенді талдау» – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен шектелмей, сонымен қатар оқушының жалпы тұлғалық дамуына, ойлау мен есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты танымдық-психологиялық қасиеттердің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі» деп технология авторы, әдіскер-ғалым Н.А.Оразахынова тұжырымдайды [15. 177].

Қазақ тілі сабақтарында мұғалімдердің мақсаты – оқытудың ұтымды жолдарын, амал-тәсілдерін іздеп, жаңа технологияларды дұрыс пайдаланып, сол арқылы жоғары деңгейлерге жету. Сатылай кешенді талдау технологиясы білім алушылардың тіл мен әдебиет салалары бойынша меңгерген теориялық білімдерін тәжірибеде терең талдап меңгеруге жеткізетін, теориялық білімді тіл білімінің бар саласын қамти отырып, кешенді түрде беретін тиімді де ұтымды технология.

р/с	Тілдік деңгейлері	Талдау нысаны	Басшылыққа алынатын категориялар
1	Фонетикалық деңгейлері	Дыбыс	Дыбыстық қайталаулар: аллитерация, ассонанс
2	Лексикалық деңгей	Сөз, тұрақты тіркестер	Синонимия, антонимия, омонимия, коннотация, сөздің контекстегі қызметі, айрықша сөз қолданыстары, семантикалық жолмен жасалған жаңа сөз қолданыстары (метафора, метонимия, теңеу, синекдоха т.б.)
3	Морфологиялық деңгей	Сөз тұлғалары	Жалғау, жұрнақтардың стильдік қызметі, сөз таптарының стилистикасы
4	Синтаксистік деңгей	Сөз тіркестері, сөйлем	Синтаксистік құрылымдардың тілдік стильдік қызметі, синтаксистік құрылымдар арқылы жасалған айрықша сөз қолданыстары (параллелизм, парцелляция т.б.), синтаксистік стилистика

Әлемдік тәжірибеде көптеген елдердің білім беру бағдарламалары білім алушы бойына дағдыны дамытуға бағытталған. Мысалы: Түркия, Финляндия, Сингапур, Жаңа Зеландия [17. 18. 19. 20].

Алаш зиялысы Ж.Аймауытов: «Ана тілін меңгеру – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой фәлсәфесін де меңгереді»,–дейді [21].

«Қазақ тілі» пәні тілдік дағдыларды қалыптастыруға негізделген. Білім алушылар тілді сөйлеу әрекеті негізінде меңгереді. Қазақ тілін тыңдау және оқу барысында меңгеріп, оны сөйлеу және жазу барысында дұрыс қолдануға үйренеді. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден

айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады. Сондықтан да қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді тиімді және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттар тудырылуы керек. Мұндай тілдік жағдаяттар тек қана коммуникативтік жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Жаттығуларда оқушылар түрлі оқу жағдаяттарына түсіріліп, тілді саналы түрде игере алады.

Орта білім беру ұйымдарындағы Қазақ тілі оқулықтарында берілген лексикалық тақырыптар білім алушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың болашақта мамандық таңдауына, дүниетанымын кеңейтуіне өз септігін тигізеді. Қозғалған тақырыптар туралы ғылыми деректерді оқушылар биология, география, тарих, өнер, физика секілді пәндерден алады. Бұл оқушының пән мен тілді қатар меңгеруіне ықпал етіп, академиялық тілін қалыптастырады. Пәнаралық байланыс орнайды. Ж.Аймауытовтың «Басқа пәндерден тіл оқыту айырым болмасын, қайта өзге пәндер тіл үйренуге керек етсін» деген пікірі де ұстаным ретінде алынған деуге болады.

Кезінде Ж.Аймауытов оқытудың кемшілігі ретінде өмірге қажетсіз, қызықсыз әрі жаттанды «қысыр» білімнің өмірге, тұрмысқа бейімдемейтінін атап өтті. Мұның барлығы оқушыны кітаптан, заманнан алыстатынын да қоса айтқан. Ағартушы-педагог білім беру жүйесіне мынадай талаптар қояды:

«Мектеп бағдарламасында алған сабақ тақырыптары баланың ортасы, айналасына қатысты. Мысал келтірсек:

1. Мектеп, бала, үй іші (3 жұма).
2. Күзгі жаратылыс (3-4 жұма)
3. Мектеп және үй ішінің күзгі жұмысы (3-4 жұма) [21].

Бұл тақырыптардың сол кезеңдегі балалардың тұрмыс-тіршілігіне, жас ерекшеліктеріне тікелей қатысы бар екені айдан анық. Бұдан қандай тұжырым жасауға болады? Яғни оқу бағдарламасы баланың болашағына тікелей қатысы бар біліммен сусындатып, өмір сүру деңгейінің жоғарылауына септігі тиетін, баланың өз бетімен шешім қабылдауына мүмкіндік беретін дағдыларын қамтамасыз етуі керек. Сол кезеңнің өзінде осы ұстаным – бағдарлама талаптарының басты шарттарының бірі болды.

«Шын білім тәжірибеде ғана туады. Білім жолының негізі – тәжірибе. Жаттап алып білген білім кісіден сұрап киген тон сияқты. Тойда тонымды бер деп шешіп алғандай, жаттап алып білген білім мектептің табалдырығын аттай бере естен шығады да ұмытылады», – деген Әлихан Бөкейханұлының тұжырымы оқу үдерісінде бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ. Керісінше, қазіргі білімнің жүйесін, мақсатыналас зиялылары сол кезде айтып кеткен сияқты. Бүгінгі білім саласында білім алушының белсенді оқу әрекетін ұйымдастыру арқылы білім алуына, талдау, салыстыру, анықтау, жүйелеу дағдыларының қалыптасуына, әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасай білуіне, өзгелерді тыңдау, өз ойы мен көзқарасын жеткізе білуге, өзгенің пікірін

тыңдауға, сыни тұрғыдан ойлау және бағалауға жан-жақты мүмкіндік жасалып отыр. Оқыту үдерісінде білім алушының өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, күнделікті өмірде кездесетін құбылыстар мен жағдаяттарды талдауға, сол арқылы өмірге бейімделуіне бағыт-бағдар беріледі.

Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан оқыту мектеп оқушысына қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құраудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді. Осы ретте Пассов Е.И. «Содержание учебного аспекта составляют те речевые умения, которыми должен овладеть учащийся как средствами общения — говорение, аудирование, чтение, письмо, а также собственно умение общаться. Каждое из умений основано на определенных навыках и механизмах, обладает определенными качествами. Процесс формирования речевых навыков и развития речевых умений понимается нами как процесс формирования целостного речевого механизма, а формирование речевого механизма — как процесс развития личности. Следствием этого является совершенно иной характер коммуникативной технологии»,— деп атап өтеді [22. 69].

Ал Құрман Н.Ж. өз еңбегінде «Қазақша коммуникативтік құзырет дегеніміз — оқушының қазақ тілін қолдана отырып, тұрмыстық, оқу, кәсіби, мәдени өмірінде өзіне өзекті болып табылатын қазақша тілдік міндеттерді шеше алуы; қазақ тілінің нормасына сай қазақша сөйлеу және жазу, тыңдау-түсіну, оқу-түсіну міндеттерін шеше алуы. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады»—деп көрсетеді [23. 59].

Түсініп-тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу білім алушылардың қарым-қатынас жасауын қалыптастыратын сөйлеу қызметінің түрі. Сондықтан да осы сөйлеу қызметі түрлерінің негізі міндетті түрде білім алушылардың бойында **дағды** ретінде қалыптастырылуы керек.

Сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты қалыптасатын дағды тұтас кешен ретінде әр сынып бойынша оқу мақсаттары түрінде ұсынылады. Ал оқу мақсаттары оқыту процесін жоспарлауға, әдіс-тәсілдерді таңдауға және қалыптасқан дағдыны бағалауға мүмкіндік береді.

Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша ұсынылған әр бөлімше белгілі бір дағдыны төменгі сыныптан жоғарғы сыныпқа дейін біртіндеп қалыптастыратын дағдыдан, яғни оқу мақсаттарынан құралады. Төмендегі кестеден (1-кесте) «Тыңдалым/айтылым» бөлімі бойынша «тыңдалған мәтінді талдау» дағдыларының 5-сыныптан 9-сыныпқа дейін қалай қалыптасатынын анық көруге болады.

1-кесте.

	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.	әлеуметтік-	әлеуметтік-	әлеуметтік-	әлеуметтік-	қоғамдық-

Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру	мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау	қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау	қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау	саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау
------------------------------------	--	--	--	---	--

Оқыту процесінде педагог білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда әр сынып үшін ұсынылған оқу мақсаттарын басшылыққа алады. Ұсынылған оқу мақсаттары бойынша дағды қалыптастырудың кезеңдерін жоспарлайды, лексикалық тақырыптар аясында материалдарды іріктеп, оқушының тәжірибеде өздігінен білім алуына, ізденуіне мүмкіндік береді. Тіпті бір сынып бойынша оқу мақсаттарының әр лексикалық тақырыпта қайталанып ұсынылуы, белгілі бір дағдыны жетік меңгертуге жағдай туғызады [24. 59].

Қосымша теориялық материалдар

Морфология. сөз таптары

Сөз таптары – тілде бар сөздердің ортақ грамматикалық қасиеттері бойынша бір жерге топтастырылған, әр басқа грамматикалық қасиеттері бойынша бір-бірінен ажыратылып, жіктелген топтары. Сөздерді әр басқа қасиеттері бойынша бір-бірінен ажырату, ортақ қасиеттері бойынша бір жерге топтау үшін үш түрлі принцип қолданылады. Олар – семантикалық принцип, морфологиялық принцип, синтаксистік принцип.

Семантикалық принцип – сөздерді грамматикалық мағыналары бойынша топтастыру принципі.

Кез келген толық мағыналы (атауыш) сөздердің лексикалық мағынасы, сол лексикалық мағынамен ұштасқан, сол лексикалық мағынадан туындайтын жалпыланған грамматикалық мағынасы да болады. Мұндай жалпыланған грамматикалық мағына бір сөз табына жататын сөздердің бәріне ортақ қасиет болып табылады. Сөздің бойындағы жалпыланған грамматикалық мағына – сол сөз табындағы сөздердің бәрінің басын біріктіретін мағына болып табылады. Мұндай жалпыланған грамматикалық мағынаны жалпы грамматикалық мағына деп те, кейбір әдебиеттерде категориялық грамматикалық мағына деп те атайды. Бір жалпы грамматикалық мағыналы сөздердің бәрі ортақ бір сұраққа жауап беріп тұрады. Яғни, әр сөз табының өз жалпы грамматикалық мағынасы, соған орай дербес сұрақтары бар. Мысалы, кім және не деген сұрақтарға жауап беретін сөздердің бәрі – зат есімдер, қандай және қай сұрақтарына жауап беретіндер – сын есімдер, қанша, неше сұрағына жауап беретіндердің бәрі – сан есімдер, қайт, не істе сұрақтарына жауап беретіндер – етістіктер деп аталатын сөз таптарына жатады.

Атауыш сөздер (номинатив сөздер немесе толық лексикалық мағынасы бар сөздер) қатарына жатса да, бұл қасиетке ие емес сөз таптары – есімдіктер, үстеулер және еліктеу сөздер. Бұларды ортақ бір сұрақ арқылы бір жерге жинақтау мүмкін емес.

Есімдіктер есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есім) орнына жұмсалатын орынбасар сөздер болғандықтан, қай сөз табын алмастырғанына қарай сол сөз табының сұрағына жауап бере береді. Есімдіктердің басын бір жерге жинақтайтын ортақ қасиет – дейктикалық қабілеті. Есімдіктерді дейктикалық сөздер деп те атаймыз. Бұл есімдіктерді сөйлемнен тыс, жеке алғанда лексикалық мағыналарының бос тұруымен, сөйлемде қай сөздің орнына жұмсалса, сол сөздің лексикалық мағынасына ие бола кету қабілетімен байланысты ұғым. Үстеулер мен еліктеу сөздердің басын бір жерге топтастыратын белгі де – олардың ортақ сұраққа жауап беруі емес, морфологиялық (өзіндік түрлену жүйесі жоқ, мүлдем түрленбейтін) ерекшелігі мен синтаксистік қасиеттері (етістікпен тіркесіп, пысықтауыш қызметінде жұмсалуы).

Морфологиялық принцип – сөздерді түрлену қабілеттері бойынша топтастыру.

Қазақ тілінде өзіндік түрлену жүйесі бар үш сөз табы ғана бар: олар – зат есім, сын есім, етістік. Морфологиялық принцип бойынша бір сөз табының қатарына жататын сөздердің барлығы сол сөз табының түрлену жүйесіндегі тұлғаларды қабылдауы міндетті. Бұл талапты зат есім мен етістік орындағанмен, сын есім толық орындамайды. Атап айтқанда, зат есімнің өзіндік түрлену жүйесі сол – зат есімдер көптеледі, тәуелденеді, септеледі. Қазақ тіліндегі кез келген зат есім осы қосымшаларды қабылдайды, қабылдамаса, зат есім емес деп танылады. Сол сияқты етістіктің түрлену жүйесі – етіс, болымсыз етістік, шақ, рай, модаль, сипат категорияларының тұлғалары. Кез келген етістік аталған тұлғалармен (біреуімен немесе бірнешеуімен)

түрлене алады. Бұл тұлғаларды қабылдамаса, етістік екені күмәнді. Ал сын есімдердің өзіндік түрлену жүйесі – шырай категориясының тұлғалары. Бірақ кез келген сын есім шырай тұлғаларымен түрлене бермейді. Шырай тұлғаларын қабылдайтындар – сапалық сын есімдер ғана, қатыстық сын есімдер шырай тұлғаларымен түрленбейді.

Басқа сөз таптарының өзіндік түрлену жүйелері жоқ. Бірақ субстантивтенген (заттанған) кез келген сөз (сын есім, сан есім, есімдік, етістіктің есімше және қимыл есімі мен қимыл иесі түрлері, сондай-ақ үстеулер) зат есімше түрлене алады. Сондай-ақ адъективтенген (сын есімнің орнына жұмсалған) жекелеген зат есімдер шырай тұлғаларын қабылдай алады.

Мүлдем түрленбейтін сөздерге үстеу мен еліктеу сөздер ғана жатады.

Синтаксистік принцип – сөздерді синтаксистік ерекшеліктері бойынша топтастыру.

Бұл тұрғыдан сөз таптарының басқа сөздермен тіркесу қабілеттері, сөйлем мүшесі болу қызметтері, сөз тіркесінің басыңқы және бағыныңқы сыңары болу қасиеттері ескеріледі. Атап айтқанда, сын есім мен сан есім, негізінен зат есімнің бағыныңқысы болуға, сол арқылы анықтауыш қызметіне тұруға қабілетті, үстеу етістікпен тіркесіп, пысықтауыш болуға қабілетті.

Бұл принциптер, негізінен, атауыш сөздерді бір-бірінен ажырату үшін, бір жерге топтастыру үшін қолданылады.

Қазақ тілінде тоғыз сөз табы бар деп жүрміз. Соңғы кездері модаль сөздерді оныншы сөз табы ретінде тану кең орын алып келеді. Сонда шылау мен одағайды, модаль сөздерді қай белгілеріне қарап бөлек сөз таптары ретінде танимыз. Өйткені жоғарыдағы үш принцип жеті сөз табына ғана қатысты екенін, атауыш сөздерді топтастыру үшін қолданылатынын айттық.

Тілде бар сөздердің бәрін жинап, бірінші кезекте, лексикалық мағыналарына қарай, атап айтқанда, лексикалық мағыналарының бар-жоқтығына қарай, жіктеп, топтастыруға болады. Бұл тұрғыдан сөздер үш қатарға топтасады: атауыш сөздер, көмекші сөздер және одағайлар.

Атауыш сөздер – толық лексикалық мағынасы бар сөздер. Атауыш сөздер тілдегі сөздердің басым бөлігін құрап, сөйлемде қандай да бір ұғымды атау үшін жұмсалады. Семантикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері бойынша өз ішінен жеті сөз табына бөлінеді: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөз.

Көмекші сөздер – түбір морфемасы бола тұра мүлдем лексикалық мағынасы жоқ, сөйлемде объективті өмірдегі ешбір затты, құбылысты, ешбір ұғымды атамайтын, кейде жеке өздері, кейде басқа морфемалармен бірлесіп, қандай да бір грамматикалық мағынаны білдіретін, яғни, сөз түрлендіруші тұлға қызметін атқаратын сөздер. Тілімізде көмекші сөздердің үш түрі бары айтылып жүр. Олар – шылау, көмекші есім, көмекші етістік. Бұлардың қатарына ертеректердегі оқулықтарда күшейткіш үстеу деп көрсетіліп келген, асырмалы шырайдың көрсеткіші болып табылатын *өте, аса, тым, ең, т.б. с. с.* көмекші сөздерді қосуға болады. Сонымен қатар оныншы сөз табы ретінде

көрсетіліп жүрген, субъективті модаль мағынасын білдіру үшін күрделі баяндауыш құрамында кездесетін (мысалы, *баруы мүмкін, айтуы тиіс, айтқаның жөн*) модаль сөздер де сөзге грамматикалық мағына үстейтін морфологиялық тұлға құрамында келетіндіктер көмекші сөздер қатарына жатады. Сөйтіп, көмекші сөздердің қатары беске дейін толығады.

Одағайлар – лексикалық мағынасы жоқ болғандықтан атауыш сөздер қатарына да жатпайтын, белгілі бір сөзге грамматикалық мағына үстемейтіндіктен көмекші сөздер қатарына да жатпайтын сөздердің ерекше тобы. Одағайлар сөйлемнің синтаксистік желісінен тысқары (сөйлемді құрайтын сөздердің ешқайсысымен синтаксистік байланысқа түспей) тұратындықтан үнемі оқшау сөздер қатарынан табылады. Одағайлар сөйлемде негізгі синтаксистік желіден тыс тұрса да, сөйлеуші тарапынан қолданылып, сөйлеушінің көңіл-күйінен, сөйлеушінің тыңдаушымен арақатынасындағы әралуан жағдайлардан хабар беру қызметін атқарады.

Көмекші сөздер. Көмекші сөздердің түрлері – көмекші есім, көмекші етістік, шылау, асырмалы шырай тұлғалары және көмекші модаль сөздер бір-бірінен қандай белгілері арқылы ажыратылады?

Әдетте көмекші есім, көмекші етістік, шылау – үшеуін бір-бірінен ажыратуда олардың морфологиялық ерекшеліктері негіз болады. Атап айтқанда, көмекші есімдер – зат есімнің (заттанған сөздің) жетегінде келетін, лексикалық мағынасы жоқ (немесе солғындаған), өзі тіркескен сөзге грамматикалық (мекендік) мағына жамап түрлендіретін, өзі зат есімше түрленетін (көптелетін, тәуелденетін, септелетін), өзі тіркескен зат есіммен тек тәуелдік жалғауы арқылы байланысып тұратын көмекші сөздер. Көмекші есімдердің морфологиялық ерекшелігі – зат есімше түрлену қабілеті – оларды бөлек сөз табы ретінде емес, атауыш сөздердің, зат есімдердің аясында қарастыруға негіз болған. Көмекші есімдер шығу төркіні жағынан зат есімдерге келіп тіреледі. Толық мағыналы зат есімдерден олардың басқа зат есімдердің жетегінде келіп оған грамматикалық мағына үстеу үшін жұмсалы барысында лексикалық мағыналарынан айырылып, көмекші есімдер қалыптасқан.

Қазақ тіліндегі көмекші есімдер өте жиі қолданылғанмен, олардың саны аса көп емес. Қазіргі қазақ тіліндегі көмекші есімдер ретінде мына сөздерді көрсетуге болады: *алд, арт, аст, ұст, жан, жақ, қас, маң, маңай, тұс, іш, сырт, тыс, ара, қарсы, бой, шет, орта, соң.*

Көмекші есімдер өзі тіркескен зат есімге (заттанған басқа сөздерге) тек мекендік мағына ғана үстейді. Сондай-ақ зат есім мен оған жетектелген көмекші есімнің құрамындағы морфологиялық тұлғалардың әрқайсысының өз қызметтері бар. Мысалы, *Қалам үстелдің үстінде жатыр.* Сөйлемде өзара матаса байланысқан зат есім мен көмекші есімнің тіркесі (баяндауыш қызметіндегі) *жатыр* етістігімен пысықтауыштық қатынаста байланысқан. Бұл жерде пысықтауыштың жасалуына, байланыстың қалыптасуына көмекші есімнің еш қатысы жоқ, мұндағы байланыс жатыс септігі арқылы орнаған және пысықтауыштың жасалуы да тек жатыс септігімен байланысты. Көмекші есім

өзі тіркескен зат есіммен тәуелдік жалғауы арқылы байланысып, оған (зат есімге) мекендік мағына жамаған. Атап айтқанда, *үст* сөзі арқылы заттың (үстелдің) бір бөлігі, тұсы (нақтырақ айтқанда, жоғарғы бет жағы) меңзелген. Ал тәуелдік жалғау осы бөліктің (үст) затқа (үстелге) қатысты екенін білдіріп, көмекші есімді зат есіммен байланыстырған. Зат есімнің құрамындағы ілік септігі зат (үстел) көмекші есім (*үст*) арқылы аталған заттың бөлік-мекенінің иесі екенін білдіріп, зат есімді көмекші есіммен байланыстырған. Жатыс септігі зат есім мен көмекші есімнен тұратын тіркесті зат (дәлірек айтқанда, көмекші есім арқылы белгілі бір бөлігі көрсетілген зат) қимылдың мекені екенін білдіріп, етістікпен пысықтауыштық қатынаста байланыстырған. Сөйтіп өзара матаса байланысқан зат есім мен көмекші есім тіркесінен тұратын морфологиялық тұлға жымдасып бір бүтінге (бір компонентке) айналады. Олардың басқа сөздермен байланыс орнатуы, синтаксистік қызметтері көмекші есімнің құрамында тәуелдік жалғауынан кейін келетін септік жалғауларының (немесе басқа тұлғалардың) осы тіркеске үстейтін грамматикалық мағыналарына байланысты болып келеді. Мысалы, *үстелдің үстін тазала, үстелдің үсті таза, үстелдің үстіне қой*. Мұндағы бірінші мысалда табыс септігі зат (көмекші есім арқылы белгілі бір бөлігі көрсетілген зат) қимылдың тура объектісі екенін білдіріп, зат есім мен көмекші есімнің тіркесін етістікпен тура толықтауыштық қатынаста байланыстырған, екінші мысалда атау септігінің нөлдік жалғауы зат (көмекші есім арқылы белгілі бір бөлігі көрсетілген зат) қимылдың иесі екенін білдіріп, зат есім мен көмекші есімнің тіркесін етістікпен бастауыш қызметіне қойып байланыстырған, үшінші мысалда барыс септігі зат (дәлірек айтқанда, көмекші есім арқылы белгілі бір бөлігі көрсетілген зат) қимылдың нақты бағыты (адресат-мекені) екенін білдіріп, зат есім мен көмекші есімнің тіркесін етістікпен пысықтауыштық қатынаста байланыстырған.

Көмекші есім үстейтін мекендік мағыналар өз ішінде бір-бірімен антонимдік (*алд – арт, аст – үст, іш – сырт*), синонимдік (*жан – жақ – маң, сырт – тыс, ара – орта*) қатарлар түзетін мәндерге ие. Бұл құбылысты көмекші сөздердің грамматикалану процесін бастан өткерсе де, лексикалық мағыналарының әлі толық жойылмағанының, тек солғындағанының белгісі деп қарауға болады. Сол сияқты *судың беті, сөздің басы, таудың етегі, т.б. с.с.* тіркестердегі тәуелдік жалғауындағы зат есімдерді дәл көмекші есімдер сияқты өзі тіркескен ілік септігіндегі зат есімдерге мекендік мағына үстеп тұрғандықтан (ілік септігіндегі зат есім арқылы аталған заттың (судың, сөздің, таудың) белгілі бір бөлік-мекенін көрсетіп тұрғандықтан), көмекші есім деп көрсетіліп жүрген жайлар да бар. Бұл – аталған сөздердің грамматикалану процесін бастан өткеріп жатқанының көрінісі. Бірақ ауыспалы мағынада жұмсалған мұндай полисемиялы сөздердің бәрін көмекші есімге айналды деуге әзір ертерек сияқты.

Көмекші етістіктер. Көмекші етістіктер – атауыш сөздің жетегінде келетін, лексикалық мағынасы жоқ (немесе лексикалық мағынасынан сөйлемде

уақытша айырылған), өзі тіркескен сөзге әралуан грамматикалық мағыналар жамап түрлендіретін, өзі етістік сияқты түрленетін (етіс, болымсыз етістік, шақ, рай, модаль тұлғаларын қабылдайтын) көмекші сөздер. Көмекші етістіктердің атауыш етістіктер сияқты түрлену қабілеті оларды морфологиялық принцип бойынша етістіктердің аясында қарастыруға негіз болған. Көмекші етістіктер де шығу төркіні жағынан толық мағыналы етістіктерден қалыптасқан. Олардың көмекші етістікке айналуына өзі тіркескен сөзге грамматикалық мағына жамау үшін жұмсалуды, лексикалық мағынасынан айырылуы себеп болған.

Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер қатарына отыздан аса сөз жатады. Бұлардың саны соншалықты аз болғанмен, тілдегі атқаратын қызметтері орасан зор және білдіретін мағыналары аса бай.

Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер тілде жұмсалу ерекшелігіне қарай тұрақты көмекші етістіктер және уақытша көмекші етістіктер болып екіге бөлінеді.

Тұрақты көмекші етістіктерге бүгінде тек көмекшілік қызмет қана атқаратын, лексикалық мағынасынан толық айырылған етістіктер жатады. Тіліміздегі бұл қатардағы етістіктердің саны шектеулі, олар: *е-, ет, қыл, жазда* көмекші етістіктері. Осы қатарға шартты түрде *бол* етістігін де қосуға болады. *Бол* етістігін, негізінен, уақытша көмекші етістік деп те тануға болады. Өйткені бұл сөз кей жағдайларда *тездету* және *біту, бару* етістіктерімен синонимдес лексикалық мағынаны білдіре алады (мысалы, *Бол! Бас аяғыңды! Бүгінше болдым. Ол аймақта болғанмын.*). Сонымен қатар *бол* етістігі *ет, қыл* етістіктері сияқты көмекшілік қасиетке де ие. Бұл үшеуі, негізінен, есім сөздерден құранды етістік жасайды: *ыза болу, ие болу, еңбек ету, қанағат қылу, т.б.* *Бол* етістігі, сонымен қатар, қимылдың соңғы, аяқталу кезеңін білдіретін аналитикалық формант құрамында да кездеседі. Мысалы, *Үйді салып болған.* Бұл қасиет *ет* және *қыл* етістіктеріне тән емес. *Ет* етістігі еліктеу сөздерден де құранды етістік жасайтын қызметке ие: *бұрқ ету, сарт ету, т.б.*

Сонымен, *ет, қыл, бол* етістіктері – сөзжасамдық қабілетке ие көмекші етістіктер. Бұл қасиет – оларды басқа көмекші етістіктерден ерекшелендіретін басты белгі.

Е- көмекші етістігі (тарихи тұрғыдан *ер* көмекші етістігінен қалыптасқан) – тілімізде емес, екен, еді тұлғаларында жұмсалады.

Уақытша көмекші етістіктерге тілімізде бірде дербес лексикалық мағынасымен жұмсалып, толық мағыналы сөз ретінде қолданылатын, бірде басқа толық мағыналы етістіктің жетегінде келіп, лексикалық мағына білдірмей, жетекші етістікке қандай да бір грамматикалық мағына үстейтін аналитикалық форманттың құрамында келетін етістіктер жатады. Мысалы, *Кітабын сөмкеге салды* деген сөйлемде етістік затты бір орыннан қозғап, екінші бір ыдысқа ауыстырғанын білдіретін лексикалық мағынада, яғни толық мағынада жұмсалса, *Ойындағысын айта салды* деген сөйлемде енді сол етістік бірінші мысалдағы лексикалық мағынаны да, одан туындайтын басқа лексикалық мағынаны да білдірмеген, сөйлемдегі негізгі қимыл *айту*

етістігінің лексикалық мағынасы арқылы беріліп, *сал* етістігі –а көсемше жұрнағымен бір морфологиялық түрлендіруші тұлғаға айналып, *айту* қимылының іс иесі (субъект) тарапынан немқұрайды жылдам қарқынмен жүзеге асқанын білдіретін грамматикалық мағына жамаған, яғни, көмекшілік қызметте келген.

Қазақ тіліндегі уақытша көмекші етістіктерге: *ал, бақ, бар, баста, бер, бол, біл, біт, жат(ыр), жөнел, жүр, жібер, кел, көр, қал, қой, отыр, тұр, өт, сал, таста, тұс, шық* сөздері жатады. Бұлар есімше, көсемше немесе етістіктің басқа қосымшаларымен бірлесіп, құранды күрделі морфологиялық түрлендіруші тұлғаға (аналитикалық формантқа) айналып, етістікке қосылғанда, етістіктің аналитикалық тұлғаларын (формаларын) қалыптастырады. Қосымша мен көмекшіетістіктен тұратын аналитикалық форманттардың грамматикалық мағыналары етістіктің әр түрлі грамматикалық категорияларының пардигмасына енеді.

Қазақ тіліндегі ерекше қасиетке ие, әрі көмекші етістік, әрі негізгі етістік бола алатын сөздердің бірі – *де* етістігі. *Де* етістігі толық мағыналы сөз ретінде сөйлеу етістіктерінің қатарына жатады. Мысалы, *Не дедің?, сәлем де, солай де, т.б.* Сонымен қатар ойлау етістіктерінің мағынасын да бере алады. Мысалы, *«Не де болса барайын. Қалғанын бара көрерміз», - дедім ішімнен.* Бұл құбылыс *де* етістігімен байланыстағы ойлау етістігінің сөйлемнен ықшамдалуы, бірақ оның лексикалық мағынасының *де* етістігіне көшуімен байланысты: *деп ойладым ішімнен* конструкциясынан *ойладым* сөзі түсіп қалып, автор сөзі *дедім ішімнен* нұсқасында қолданылған.

Де етістігінің басты қасиеті – төл сөз бен автор сөзін байланыстыру қызметі. Бұл қызметтегі *де* етістігі екі түрлі мағынада жұмсала алады. Біріншіден, ол сөйлемде толық мағыналы сөз ретінде көрінеді, екіншіден, көмекші сөз түрінде қолданылады. *Де* етістігі қандай семантикада жұмсалса да, мейлі толық мағыналы сөз, мейлі көмекші сөз ретінде көрінсе де басты қызметінен – төл сөз бен автор сөзін байланыстыру қабілетінен айрылмайды. Мысалы, – *Рақмет, осы атағаның да болады, – деді Аман.* Бұл мысалда *де* сөйлеу етістігінің семантикасында толық мағыналы сөз ретінде жұмсалып, автор сөзіндегі сөйлемнің баяндауышы қызметінде келген. Әрі төл сөзді автор сөзімен ұштастырып, байланыстыру қызметін де атқарған. Автор сөзінің құрамында толық мағыналы сөйлеу, ойлау етістіктерінің бірі қатысса, *де* толық мағыналы сөз болмай қалады, тек төл сөзі автор сөзімен өзі бағыныңқы болған етістікке, не зат есімге ұштастыру арқылы байланыстыру қызметін атқарады: *«Болыс осы ауылға келеді екен», – деген хабар тез тарады. – Ой оңбаған! Жоғалт көзіңді! – деп бар дауысымен айғай салды.*

Де етістігін басқа етістіктерден ерекшелендіретін тағы бір қасиеті – жіктік жалғаулы етістіктермен тіркесе алу қасиеті. Тілімізде *барайық деді, келемін депті, қайтамыз дескен, т.б. с.с.* тіркестер жиі қолданылады. Мұндай қабілет *де* етістігінен басқа бір-бір етістікке тән емес. *Де* етістігінің жіктік жалғаулы сөзге тіркесу мүмкіндігі тікелей төл сөз бен автор сөзін байланыстыру

қызметінен дамып қалыптасқан. Өйткені төл сөздегі сөйлемнің баяндауышы етістіктен болғанда жіктік жалғауын қабылдап, сөйлемді аяқтап тұратыны белгілі. Төл сөз жеке сөйлемдік қасиетінен айырылғанда, атап айтқанда, жеке сөйлемдік сазынан айырылғанда, автор сөзімен бір сөйлемге айналып тұтасып кетеді: *Ертең барамыз дедім ғой!*

Де етістігі таза көмекшілік қызметте, аналитикалық формант құрамында да кездеседі. Мысалы, *Қалаға кетейін деп жүр. Қорқайын дедім.* Бұл аналитикалық формант қимылдың жасалуға жақындағанын, субъектінің қимылды жасауға бейімделгенін білдіреді

Деп етістігі өзі тіркескен сөзге, сөйлемге мақсат мағынасын үстеп, септеулік шылау қызметінде де көрінеді. Мысалы, *Мен мұнда бір сен деп келдім. Жау сезіп қалмасын деп, барлаушылар жер бауырлап қана жылжып келеді.*

Шылау. Шылау – лексикалық мағынасы жоқ, өзі қосылған сөзді, сөйлемді түрлендіретін (грамматикалық мағына жамайтын), бірақ өзі түрленбейтін көмекші сөздер. Көмекші сөздердің түрленбеуі – оларды басқа көмекші сөздерден (көмекші есім мен көмекші етістіктен) ерекшелендіретін, жеке сөз табы деп тануға негіз болатын басты белгісі.

Шылау сөздер үшке бөлінеді: 1) жалғаулық шылау, 2) септеулік шылау, 3) демеулік шылау.

Шылау сөздерді бір бірінен ажыратуда синтаксистік қабілеттері басты белгі болады.

Жалғаулық шылау – сөзді, сөйлемді түрлендірумен қатар, сөз бен сөзді (сөйлемнің бірыңғай мүшелерін), сөйлем мен сөйлемді (салалас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдерін) салаластыра байланыстыратын шылау. Мысалы, *Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй. Қадірдің киімі жұқа, әрі денмаулығы да мықты емес.*

Жалғаулық шылаулар мағынасына қарай 5 топқа бөлінеді:

1. Ыңғайлас мәнді жалғаулықтар: *мен (бен, пен), және, да (де, та, те), әрі.*

2. Қарсылық мәнді жалғаулықтар: *бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, сонда да, әйткенмен, т.б.*

3. Себептес (себеп-салдар) мәнді жалғаулықтар. Бұлар өз ішінен себеп мәнділер (*себебі, өйткені, неге десең*) және салдар мәнділер (*сол себепті, сондықтан, сол үшін*) болып екіге бөлінеді.

4. Кезектес мәнді жалғаулықтар: *бірде, біресе, кейде.*

5. Талғау мәнді жалғаулықтар: *әлде, не, немесе, болмаса, не болмаса, я болмаса, я, яки.*

Септеулік шылау – сөзді түрлендірумен қатар, сөз бен сөзді (сөз тіркесінің компоненттерін), сөйлем мен сөйлемді (сабақтас құрмаластың компоненттерін) сабақтастыра байланыстыратын шылаудың түрі. Мысалы, *Біз бұл сияқты бұйрық жарияланатынын білген жоқпыз. Жүлде алар жұма сайын туды күнім. Назыкеш ұзай берген соңғы бір көшке қарай шауып кетті.*

Септеулік шылауларды топтастыруда олардың қандай септік тұлғасындағы сөзге жетектеліп келетіні басшылыққа алынып, атау септігіндегі сөздерге жетектелетіндер: *үшін, сайын, сияқты (секілді, тәрізді), туралы (жайлы, жөнінде, хақында, турасында, жайлы), арқылы, бойы (бойымен, бойынша), шамалы (қаралы, шақты), соң;* барыс септігіндегі сөзге жетектелетіндер: *дейін (шейін), қарай, таман, жақын (тарта, таяу), салым;* шығыс септігіндегі сөзге жетектелетіндер: *бері, кейін, соң, бұрын, бетер;* көмектес септігіндегі сөздерге жетектелетіндер: *бірге, қатар* болып жіктеліп жүр.

Бұл жерде септік жалғаулары туралы ертеректегі әдебиеттерде айтылатын пікірлерге, анықтамалардан, тұжырымдардан үш түрлі ақауды байқаймыз.

Біріншіден, септеулік шылаулар – белгілі бір септік жалғауларында тұрған сөздерге тіркесіп (жетектеліп) келетін көмекші сөздер емес, яғни, септік жалғауымен түрленген сөзді одан әрі түрлендіруші емес. Септік жалғаулары – кейде өзі, кейде белгілі бір септік жалғауымен қосылып, сөзге біртұтас бір грамматикалық мағына үстеп түрлендіруші.

Екіншіден, *үшін, сайын, сияқты, туралы, арқылы, бойы* септеуліктері атау септігінде тұрған сөзге тіркеспейді, бұлар тіркескен сөздердің құрамында ешқашан атау септігі болмайды. Атау септігі – зат баяндауышта айтылған қимылдың, жай-күйдің иесі екенін білдіретін септік. Сондықтан атау септігіндегі сөздер бастауыштық мағынаға ие болып тұрады. Ал жоғарыда аталған септеуліктердің алдында тұратын сөздер мұндай мағынаға ие емес, тек атауыштық (номинативтік) мәнге, қызметке ие. Бұл қасиет – кез келген толық мағыналы сөзге тән қасиет. Сөздің атауыштық мағынасы мен қызметін атау септігіндегі сөздің мағынасы мен қызметімен шатастыруға болмайды. Сондықтан аталған септеуліктер – атау септігіндегі сөздерді түрлендірмейді, атауыштық мәнге ие, басқа тұлғалармен түрленбеген сөздерге (яғни түбір күйіндегі сөздерге) әралуан грамматикалық мағына жамайтын шылаулар. Кейде есімше, қимыл есімі тұлғалы етістіктердің құрамында келетін кездері бар. Мысалы, *келген сайын, келетін сияқты, бару үшін, барған бойы.*

Үшіншіден, септеулік шылаулар – зат есімнің септеу категориясының мағыналарын беретін аналитикалық тұлғалар. Бұл – оқулықтарда айтылмай жүрген тұжырым.

Септеулік шылаулардың сөзге жамайтын грамматикалық мағыналары сан алуан және ол мағыналар, негізінен, сөздің басқа бір сөзбен белгілі бір синтаксистік қатынаста байланысуы үшін қажет. Бұл тұрғыдан септеулік шылаулардың мағыналары септік жалғауларының мағыналарына сәйкес болып келеді: кейбір септеулік шылаулардың мағыналары септік жалғауларының мағыналарына синонимдес болып келеді, кейбірі септік жалғауларының мағыналарымен ұштасып жатады. Ендеше септеулік шылаулар ойды дәл құрауға қажетті грамматикалық мағыналарды білдіріп, сөйлемде сөздерді түрлі қатынастарға түсіріп, септік жалғаулары сияқты қызмет атқарады.

Үшін септеулігі өзі тіркескен сөзге зат қимылдың мақсаты екендігін білдіретін мағына жамайды. Мысалы, *Балалары айран-шалап үшін әлді ағайынға жалшылыққа кетінті.* Аталған шылау қимыл есімі тұлғасындағы етістікке де мақсаттық мағына жамап, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді де байланыстыра береді. Мысалы, ... *Ұлыққа жауап беру үшін ... үшеуін сайлады. Жауап басқаларға түсінікті болу үшін, сұрақтың жүйелі болғаны жөн.*

Сайын септеулігі мезгіл атауы болатын зат есімдерге және лексикалық мағынасында мезгіл мағынасы бар сөз тіркестеріне ғана тіркеседі де, өзі тіркескен сөзге аталған мезгіл қимылдың қайталануының тұрақты мерзімі екенін білдіретін мағына жамайды. Мысалы, *Жыл сайын барады. Үш күн сайын әкеледі. Сайын* септеулігі бұрынғы өткен шақ тұлғасындағы есімшеге де бір қимыл екінші қимылдың қайталануының тұрақты мерзімі екенін білдіретін мағына жамайды. Мысалы, *Маржан мен көрген сайын күліп жүреді. Жаман мақтаған сайын есіре түседі.* Дәл осы мағына бағыныңқысының баяндауышы –*ған сайын* тұлғасымен берілген мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмаластың компоненттері арасында да сақталады. Мысалы, *Әсет қала жаққа кеткен сайын, анасының мазасы болмайды. Күлиат күлген сайын, ол да күледі.* Кейде –*ған сайын* тұлғасындағы етістік қимыл екінші қимылға (тұрақты қайталанатын мерзімі емес) түрткі болғанын білдіретін логикалық тұрғыдан қатынаста тұрады: *Оқыған сайын баурап барады.* Оқу әрекеті баурауға түркі болған. Алайда, грамматикалық тұрғыдан сөздердің арасында мезгілдік қатынас орнайды. Бұл – *сайын* септеулігінің өзі тіркескен сөзге жамаған грамматикалық мағынасы арқылы қалыптасқан мағына. Дәл осындай құбылыс төмендегі мысалдардан да байқалады: *Білген сайын біле түсті. Күн өткен сайын аралары алыстап бара жатқанын сезеді.*

Сияқты (секілді, тәрізді, сынды) септеуліктері зат есімге және заттанған сөздер мен сөз тіркестеріне тіркескенде, өзі жалғанған сөзге зат басқа затқа ұқсас, тең екенін білдіретін грамматикалық мағына жамайды. Заттардың қай қыры ұқсас екендігі байланысқан сөздермен кейде бірге қолданылатын, кейде жасырын келетін, бірақ тіркестен байқалып тұратын сын есімдер (адъективтенген сөздер) арқылы белгілі болады. Мысалы, *Көсеу секілді (имек) таяқ ілінді қолына. Сапсыз пышақ сияқты (қырлы) таспен ұрғылай бастады. Күләш, Роза сынды әнші қыздар – қазақтың мақтанышы.* Басыңқы сыңары сын есімнен және етістіктен болған, бағыныңқысы басыңқымен жоғарыдағы септеулік шылау арқылы байланысқан сөз тіркестерінде септеулік шылау зат есімге (заттанған сөздер мен сөз тіркестеріне) зат қимылдың, немесе жайкүйдің (сындық белгінің) ұқсас, тең объектісі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамайды. Мысалы, *тау секілді үлкен, тас сияқты қатты, қоңыз сияқты тырбаңдау, ит секілді ырылдау, т.б.*

Сияқты (секілді, тәрізді, сынды) септеуліктері есімше етістіктер мен етістікті сөз тіркестеріне тіркесіп келгенде, сын есімдер мен адъективтенген сөздерге (сөз тіркестеріне) тіркесіп келгенде, сөз бен сөзді байланыстыру қызметінен айырылып, субъективті модаль мағынасына, сөйлеушінің

көзқарасына қатысты жорамалдау, бағалау мағыналарына ие болады. *Жағдайы жақсы сияқты, Мұрат іссапардан келген сияқты, т.б.*

Туралы (жайлы, жөнінде, турасында, жайында, хақында) септеулігі зат есімге, заттанған сөздер мен сөз тіркестеріне зат қимылдың тақырып-объектісі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамайды. Мысалы, *Ол сап алдында сынаудың қорытындысы жайлы қысқаша талдау жасады. ... Артель туралы бірсыпыра нәрсені біліп алдым.*

Арқылы септеулігі зат есімге, заттанған сөздер мен сөз тіркестеріне зат қимылдың құрал-объектісі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамайды. Мысалы, *көпір арқылы өту, телефон арқылы сөйлесу, т.б..*

Шамалы (қаралы, шақты) септеулігі сан есімдерге тіркесіп, оған болжалдық мағына жамайды. Бұл мағынаның сөз бен сөзді байланыстыруға еш қатысы жоқ. Сондықтан септеу категориясының парадигмасына жатпайды, сондықтан бұл қатардағы сөздерді демеулік шылауға жатқызу орынды.

Дейін (шейін), қарай, таман, жақын (жуық, таяу, тарта, салым) септеуліктері қазір септеулік шылау қатарына өткен сөздер болғанмен, ертеде барыс септігіндегі сөзді меңгерген толық мағыналы есім немесе етістік болғаны даусыз. Қазір бұлар барыс септігіндегі сөзге тіркесіп келгенмен, барыс септігіндегі сөздің үстіне жаңа бір грамматикалық мағына жамамайды, зат есімге барыс септігімен бірігіп, тұтас бір грамматикалық мағына жамайды. Басқаша айтсақ, барыс септігі мен аталған септеуліктер – бір грамматикалық тұлға, оған дәлел – септік жалғауы мен септеулік шылау сөзге әрқайсысы жеке-жеке грамматикалық мағына жамамайды, екеуі қосылып бір ғана грамматикалық мағына жамайды. Бұл – белгілі бір септік жалғауындағы (барыс, шығыс, көмектес септігіндегі) сөздерге тіркескен барлық септеуліктерге тән құбылыс. Барлығында септік жалғаулары бір басқа, септеулік шылаулар бір басқа грамматикалық мағына білдіріп тұрмайды, екеуі бір мағынаға ие болады. Оны осы тұлғалармен байланысқан сөз тіркестеріндегі сөздердің синтаксистік қарым-қатынасынан айқын байқаймыз. Және ол мағыналар септік жалғауларының мағынасымен ұштасып жатады: кейде септік жалғауының мағынасымен мәндес болып келеді, кейде септік жалғауының мағынасынан бастау алып, бірақ оған өзгеше рең беріп тұрады, бір сөзбен айтқанда, септеу категориясының парадигмасынан орын алатын мағына болып табылады. Осы себептен септік жалғауы мен септеулік шылауды етістіктің (қосымша мен көмекші сөзден құралған) аналитикалық форманттары сияқты сөзді түрлендіруші күрделі бір тұлға ретінде қарастырамыз.

-Ге дейін форманты өзі жалғанған зат есімге, заттанған сөздерге, сөз тіркестеріне зат қимылдың бағытының жасалу шегі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамайды. Мысалы, *Үйіне дейін екі өкпесін қолына алып, жүгіріп келді.* Осы формат мезгіл мәнді зат есімдер мен сөз тіркестеріне қосылғанда, зат есім атаған мезгіл қимылдың уақыттық шегі екенін білдіретін грамматикалық мағынаға ие болады: *Астықты жаңбыр басталғанға (басталатын кезге) дейін жинап алу керек. Келер жұмаға дейін жауабын күт.*

Кейде бұл формант сөзге демеулік шылауға тән күшейте шектеу мағынасын жамайды: *Рақымбайға шейін ... есеңгіреп қалған сияқты.*

-*Ге қарай* форманты өзі жалғанған сөзге зат қимылдың жалпы бағдары екенін білдіретін грамматикалық мағына жамайды. Мысалы, *Көш жайлауға қарай бет түзеді.*

-*Ге таман, -ге жақын, -ге таяу, -ге жуық, -ге салым* форманттары қосылғанда сөзге (зат есімге) жалпы бағдар мағынасымен қатар ара қашықтық мағынасы қосылады. Мысалы, *Ұзақ ... өз ауылына таман келгенде.... Қалаға жақын тұрамыз.* Осы форманттар зат есімдерді байланыстырғанда, тек ара қашықтық мағынасын ғана жамайды: *Мектепке жақын үйлер, құдыққа таман жерде, т.б.* Бұл форманттар мезгіл мәнді зат есімдер мен зат есімді сөз тіркестеріне қосылса, оларға кеңістіктегі арақашықтықты емес, мезгілдік ара қашықтық мағынасын жамайды: *Күзге таяу келе. Жиналыс бітерге (бітер кезге) таман қабарласамын.*

Бұл форманттар сан есімдерге қосылғанда, болжалдық мағына жамайды. Мысалы, *Екі мыңға тарта жылқысы бар.* Аталған форманттардың бұл мағынасы сөз бен сөздің байланысуына арқау болатын септеу категориясының парадигмалық қатарына енбейді, демеулік шылауға тән мағыналар болып табылады.

Сонымен септеулік шылау – кейде жеке өздері, кейде септік жалғауымен бірге өзі қосылған сөзге септеу категориясына тән қандай да бір грамматикалық мағына жамайтын, сол мағына арқылы сөздерді синтаксистік қатынасқа түсіріп сабақтастыра байланыстыратын шылаудың түрі.

Демеулік шылау – өзі тіркескен сөзге, сөйлемге қандай да бір грамматикалық мағына үстегенмен, сол мағынасы арқылы сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруға қатыспайтын шылау.

Демеуліктердің мағыналық түрлері:

1. Сұраулық мәнді демеуліктер: *ма/ме, ба/бе, па/пе, ше;*
2. Күшейткіш мәнді демеуліктер: *-ақ, -ау, -ай, да (де, та/те), әсіресе;*
3. Шектеу (тежеу) мәнді демеуліктер: *ғана (қана), тек, -ақ;*
4. Болжал мәнді демеуліктер: *-мыс (-міс), -ау;*
5. Болымсыз, қарсы салыстыру мәнді демеуліктер: *түгіл, тұрсын, тұрмақ, құрлы;*
6. Нақтылау мәнді демеуліктер: *қой/ғой, -ды/ді, -ты/-ті;*
7. Қомсыну мәнді демеулік: *екеш.*

Одағайлар – лексикалық мағынасы жоқ болғандықтан атауыш сөздер қатарына да жатпайтын, белгілі бір сөзге грамматикалық мағына үстемейтіндіктен көмекші сөздер қатарына да жатпайтын сөздердің ерекше тобы. Одағайлар сөйлемнің синтаксистік желісінен тысқары (сөйлемді құрайтын сөздердің ешқайсысымен синтаксистік байланысқа түспей) тұратындықтан үнемі оқшау сөздер қатарынан табылады. Одағайлар сөйлемде негізгі синтаксистік желіден тыс тұрса да, сөйлеуші тарапынан қолданылып,

сөйлеушінің көңіл-күйінен, сөйлеушінің тыңдаушымен арақатынасындағы әралуан жағдайлардан хабар беру қызметін атқарады.

Одағайлар қолданылу мақсатына қарай үш топқа бөлінеді:

1. Көңіл-күй одағайлары;
2. Императивтік ишара одағайлары;
3. Тұрмыс-салт одағайлары.

Көңіл-күй одағайларына сөйлемдегі ойды, оқиғаны хабарлау барысында сол ой, оқиғаға қатысты сөйлеушінің көңіл-күйінен, эмоциялық жағдайынан хабар беретін сөздер жатады. Көңіл-күй одағайларынан сөйлеушінің сөйлемдегі ойға, іс-оқиғаға қатысты жағымды немесе жағымсыз көзқарастары белгілі болып тұрады. Сондықтан көңіл-күй одағайлары жағымды-көңіл күйді білдіретін одағайлар және жағымсыз көңіл-күйді білдіретін одағайлар болып жіктеледі. Дегенмен одағайлардың жағымды немесе жағымсыз эмоцияны білдіретіні тек контекстен ғана анықталады, өйткені бір сөз кейде жағымды эмоцияны білдіру үшін жұмсалса, енді бірде сол сөз жағымсыз эмоцияны білдіру үшін де қызмет ете береді. Мысалы, *Паһ-паһ! Нағыз сурет дерсің!* Был мысалда одағай сөйлеушінің сүйсіне таңдану жағдайынан хабар берсе, ендігі мысалда осы сөз сөйлеушінің налу, ренжу халінен хабар береді: *Паһ-паһ! Не деген опасыздық!*

Көңіл күй одағайлары мағынасына қарай қуану, шаттану (*Алақай! Ура!*), сүйсіну, таңдану (*Ой пәлі! Іа! Паһ-паһ! Япырмай! Оһо!, Үй! т.б.*), өкіну (*Қап! Әттең! Әттеген-ай!*), ренжу, налу (*Түү! Тәйір-ай! ... түге!, т.б.*), наразы болу, кею (*Апырмай ә!*), қорқу, сескену (*Ойбай! Аһ!*), жақтырмау, менсінбеу (*піншту!*) сияқты топтарға бөлінеді.

Императив ишара одағайларына сөйлеуші тарапынан адам немесе жан-жануарларға бағыттап айтылған шақыру, жекіру, тыйым салу, бұйыру мақсатында қолданылатын сөздер жатады. Өз ішінен жекіру одағайлары (*Тәйт! Тек/тәк-тәк! Жә!*), бұйыру-тыйым салу одағайлары (*Әун! Кәне! Әлди-әлди! Тәй-тәй! Сап-сап! Мә! Сон! Шүү! Айт! Айтақ! Дыр-р!*), шақыру одағайлары (*Әүкім-әүкім! Мох-мох! Шөре-шөре!*) болып үшке бөлінеді.

Императив ишара одағайларын айтылу объектісіне қарай адамға қолданылатын ишара одағайлары және хайуандарға қатысты қолданылатын ишара одағайлары деп жіктеуге болады.

Тұрмыс-салт одағайларына халықтың салт-дәстүр, сенім-нанымына байланысты, адамдардың белгілі бір қарым-қатынас жағдайлары барысында айтылатын сөздер жатады. Тұрмыс-салт одағайларын өз ішінен төмендегі тақырыптық топтарға бөлуге болады:

1. Сәлемдесу-қоштасу одағайлары: *Ассалаумағалейкүм! Әликсалам! Қош!*
2. Қоштау одағайлары: *Хош! Хайыр! Жарайды! Е-е!*
3. Ілтипат білдіру одағайы: *Рақмет! Оқасы жоқ!*
4. Мойынсұну одағайы: *Құп! Ләббай! Дам! Жарайды!*
5. Діни одағайлар: *Аумин! Жәрәкімалла! Тәуба! Піссіміллә!*

6. Қоқан-лоқы одағайы: *Бәлем!*

Адамдардың сөйлесу қарым-қатынас кезінде бір дыбысты *А! Ә! М-м!* сияқты сөздерді бірде сұрау мақсатында, бірде жауап беру мақсатында, енді бірде назар аударту мақсатында, тіпті кейде кекету, әжуалау, мысқылдау, менсінбеу мақсаттарында да қолданып жүрміз. Сол сияқты бір буынды *Әй! Ей!* одағайлары қарым-қатынас кезінде назар аударту мақсатында қолданумен қатар, кейде жекіру-тыйым салу мақсатында да жұмсалады.

2. «ҚАЗАҚ ТІЛ» ПӘНІНЕН ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

2-СЫНЫП

Оқу мақсаты:

2.1.1.1 Тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.

2.2.2.1 Синоним,антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну , сөйлеу барысында қолдану.

2.3.2.1 Мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер/ жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар/санамақтар құрастыру.

2.4.2.1 Мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату.

Бағалау критерийі:

- Тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеп, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

- Синоним,антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажыратады және мағынасын түсініп, сөйлеу барысында қолданады.

- Мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер/ жұмбақтар жазып немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар/санамақтар құрастырады.

- Мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажыратады.

Оқылым

Наурыз мейрамы

«Ұлыстың ұлы күні» аталатын бұл мерекенің тарихы тереңде жатыр. Наурыз (парсыша «нау» - жаңа, және «руз» - күн) - жаңа жылдың бірінші күні, көктемнің басы, жаңару күні. Қазақтар бұл мейрамды «Әз-Наурыз» мейрамы деп те атайды.Бұл күні бүкіл табиғатқа, тіршілік иесіне, өсімдік, жан-жануарға ерекше сезім, қуат, қасиет нұры құйылады.Күн мен түн теңеледі.Наурыз – еліміз үшін жыл басында тойланатын думанды халықтық мейрам.Осы ұлы мерекеде ұлтымыздың нақыштары анық байқалады: киіз үйлер тігіліп, қазандарда наурыз көже піседі. Тойға жиылған қауым бір-бірімен жүздесіп, ренжіген жағдайлары болса, кешірім жасайды.Кең қауым наурыз көжеге тойып, ұлттық тағамдар – бесбармақ, қуырдақ, бауырсақ, ақтан дәм татады.Мерекелік күнде ойын-сауықтар (ат жарыс, теңге алу, палуан күрес және т.б.) өтіп, кеш жастардың «Ақ сүйек» ойынымен аяқталады, бойжеткендер мен бозбалалар алтыбақанда ән шырқайды.

<https://visitkazakhstan.kz/kk/about/145/>

Тапсырма №1

«Наурыз мейрамы» мәтіні бойынша тест түрінде сұрақтар:

1. «Наурыз» сөзі қай тілден алынған?

- А. Латын
- Ә. Парсы
- Б. Грек
- В. Орыс

1. Қазақтар бұл мейрамды басқаша қалай атайды?

- А. Ақ Наурыз
- Ә. Кең Наурыз
- Б. Өз Наурыз
- В. Көне Наурыз

2. Наурыз мейрамының басты тағамы?

- А. Наурыз көже
- Ә. Басбармақ
- Б. Қуырдақ
- В. Бауырсақ

3. Наурыз мейрамы қай мезгілде тойланады?

- А. Қыс
- Ә. Жаз
- Б. Күз
- В. Көктем

4. Жастардың кешке ойнайтын ұлтық ойыны қалай аталады?

- А. Ақ сүйек
- Ә. Теңге алу
- Б. Күрес
- В. Ат жарыс

Тапсырма №2

«Ойлан, тап!» әдісі

Мәтіндегі келесі сөздердің антонимін тауып жаз.

Жаңа –

Күн -

Ақ -

Кең –

Басы -

Тапсырма №3

Берілген тірек сөздерді тиісті орнына қойып, өлеңді толықтырып жаз.

Тірек сөздер: оянды, береке, мереке, боянды.

Жыл басы Наурыз _____,
Ақ нұрға әлем _____.
Наурыз тойы _____,
Тіршілік жаңа _____.

Тапсырма №4

Сөздердің түбірін, жұрнағын, жалғауын тауып, тиісті белгімен сыз.

Табиғатқа	Бозбала	Алтыбақан	Мейрамды	Бесбармақ
-----------	---------	-----------	----------	-----------

Дескриптор:

- Мәтін мазмұны бойынша тест сұрақтарына жауап береді.
- Берілген сөздердің антонимін тауып жазады.
- Тірек сөздерді тиісті орнына қойып, өлеңді толықтырып жазады.
- Сөздердің түбірін, жұрнағын, жалғауын тауып, тиісті белгімен

сызады.

Оқу мақсаты:

2.1.1.1 Тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.

2.3.3.1 Оқыған, тыңдаған және аудио визуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу.

Бағалау критерийі:

- Тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеп, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.
- Оқыған, тыңдаған және аудио визуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрады және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазады.

Оқылым

Түлкі мен тырна

Баяғыда түлкі мен тырна дос болыпты. Бір күні түлкі тырнаны қонаққа шақырыпты.

– Маған қонаққа кел, қымбаттым! Мен дәмді тамақ пісіріп қоямын.

Тырна түлкіге қонаққа келеді. Түлкі ботқа пісіріп, жайпақ табаққа салып, тырнаның алдына қояды.

– Тамақ ал! Өзім пісіріп едім, - дейді түлкі.

Тырна ұзын тұмсығымен шоқып-шоқып, ештеңе жей алмады. Ал түлкі болса рахаттанып, ботқаны өзі жеп қойды. Сосын:

– Айып етпе, бұдан өзге берер тамағым жоқ, – дейді.

– Рахмет, түлкі, енді сен маған қонаққа кел,- деді тырна.

Келесі күні түлкі тырнаға қонаққа келеді.Тырна көже пісіріп, оны құмыраға құйып, дастарханға қойыпты.

Бірақ түлкінің тұмсығы құмыраға сыймай, түлкі ештеңе жей алмады.Ал тырна рахаттанып, көжені өзі ішіп қояды да, түлкіге қарап:

– Ренжіме қымбаттым, менде бұдан өзге берер тамағым жоқ, – дейді.

Бір аптаға тойып қайтқысы келген түлкі ренжіп, үйіне аш қайтыпты.

«Мен оқимын, ойлаймын, ойнаймын!» 1 кітап Р.Б.Нұртазина, А.Д.Сейсенова. «Арман ПВ» баспасы, 42 бет

Тапсырма №1

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

- 1) Баяғыда нелер дос болыпты?
- 2) Бір күні қайсысы тырнаны қонаққа шақырғысы келді?
- 3) Ол не деді?
- 4) Түлкі не пісірді?
- 5) Тырна ботқаны жей алды ма?
- 6) Ботқаны қайсысы жеді?
- 7) Тырна не деді?
- 8) Ертеңінде түлкі қайда барды?
- 9) Тырна не пісірді?
- 10) Тырна көжені қайда құйып берді?
- 11) Неге түлкі көжені іше алмады?
- 12) Тырна не деді?
- 13) Мәтін немен аяқталды?

Тапсырма №2

Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр

Жоспар:

- 1.
- 2.
- 3.

Тапсырма №3

Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, жаз.

Баяғыда түлкі мен тырна _____ болыпты.Бір күні _____ тырнаны қонаққа шақырыпты.

– Маған қонаққа кел, қымбаттым! Мен дәмді _____ пісіріп қоямын.

Тырна түлкіге қонаққа келеді. Түлкі _____ пісіріп, жайпақ табаққа салып, тырнаның алдына қояды.

-Тамақ ал! Өзім пісіріп едім,-дейді түлкі.

Тырна_____ тұмсығымен шоқып-шоқып, ештеңе жей алмады.Ал түлкі болса рахаттанып, ботқаны_____ жеп қойды. Сосын:

– Айып етпе, бұдан өзге берер тамағым жоқ, – дейді.

– Рахмет, түлкі, енді сен маған қонаққа кел,- деді_____.

Келесі күні түлкі тырнаға қонаққа келеді.Тырна _____пісіріп, оны құмыраға құйып, дастарханға қойыпты.

Бірақ түлкінің тұмсығы_____ сыймай, түлкі ештеңе жей алмады.Ал тырна рахаттанып, көжені өзі ішіп қояды да, түлкіге қарап:

– Ренжіме_____, менде бұдан өзге берер тамағым жоқ, – дейді.

Бір аптаға тойып қайтқысы келген түлкі ренжіп, үйіне_____ қайтыпты.

Керекті сөздер: тамақ, түлкі, аш, ұзын, құмыраға, көже, дос, тырна, ботқа, қымбаттым, өзі.

Дескриптор:

- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.
- Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрады.
- Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, жазады.

Оқу мақсаты:

2.2.3.1 Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру.

2.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау.

2.2.1.1 Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау.

2.4.2.3 Сөз таптарын (зат есім,сын есім, сан есім, етістік) ажырату.

2.4.1.3 дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді,ұяң) ажырату және дауыссыз п -б, қ-ғ , к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу.

Бағалау критерийі:

- Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырып, жауап береді.
- Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды.
- Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) анықтайды.
- Сөз таптарын (зат есім,сын есім, сан есім, етістік) ажыратады.
- Дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді,ұяң) ажыратады және дауыссыз п -б, қ-ғ , к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазады.

Колибри

Құстар – өте ерекше тіршілік иелері. Мысалы, колибри – әлемдегі ең кішкентай құс саналады. Оның көлемі бар болғаны 7 см-ді құраса, салмағы 2

грамм болады екен. Көзге елестетудің өзі қиын әрі қызық. Колибрилер тез ұшады, әрі ұшу бағытын үнемі өзгертіп отырады. Кейбір ұсақ түрлері қанаттарын секундына 80 рет қаға алады. Тұмсықтары жіңішке әрі ұзын, кей түрінде иіліп келген, гүл шырындарын соруға бейімделген. Олар гүл шырындарымен, ұсақ жұмсақ жәндіктермен, өрмекшілермен қоректенеді. Тағы бір ерекшелігі бар. Ол – артқа ұша алатын жалғыз құс. Сондай-ақ, ұяны жасайтын да, балапан басатын да анасы екен.

<https://balapan.tv/news/1761/>

Тапсырма №1

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыр және жауап бер.

- 1.
- 2.
- 3.

Тапсырма №2

Кестені толтыр

Мәтіннің тақырыбы	Мәтіннің түрі	Мәтіндегі негізгі ой

Тапсырма №3

Кестеде берілген ақпарат дұрыс болса «+» таңбасын, дұрыс емес болса «-» таңбасын қой.

Тұжырымдар	+	-
Колибри – әлемдегі ең кішкентай құс		
Оның көлемі 10 см		
Қанаттарын секундына 80 рет қаға алады		
Тұмсықтары жуан әрі қысқа		
Ол - артқа ұша алмайтын құс		

Тапсырма №4

Берілген сөйлемнен зат есім мен етістікті тауып, тиісті белгісімен сыз. Колибрилер тез ұшады, әрі ұшу бағытын үнемі өзгертіп отырады.

Тапсырма №5

«Колибри» сөзіне дыбыстық талдау жаса

Тапсырма №6

Берілген сөздерге ы, і әріптерін қосып жаз.

Тіршілік-_____, қызық-_____, жәндік-_____, тұмсық-_____, қорек-_____.

Дескриптор:

- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады және жауап береді.
- Мәтіннің тақырыбы, түрі және негізгі ойын анықтайды.
- Кестеде берілген ақпараттың дұрыс, дұрыс еместігін ажыратады.
- Мәтіндегі сөйлемнен зат есім және етістікті тауып, астын сызады.
- «Колибри» сөзіне дыбыстық талдау жасайды.
- Берілген сөздерге ы, і әріптерін қосып, қ-ғ , к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазады.

Оқу мақсаты:

2.3.1.1 - Мұғалім көмегімен жеке сурет, сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу.

2.1.4.1- Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау.

Бағалау критерийі:

- Мұғалім көмегімен жеке сурет, сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазады.

-Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрастырады.



https://ru.freepik.com/free-vector/vector-illustration-of-little-children-playing-outdoors-in-winter_1215696.htm#query

Тапсырма №1

Сурет бойынша әңгімелеу мәтінін құрап жаз.

Тапсырма №2

Тірек сөздерді қолданып, «Денсаулық- зор байлық» тақырыбына мәтін құрап жаз.

Тірек сөздер: дәрумен, спорт, пайдалы және зиянды тағамдар, күн тәртібі, таза ауа, жаттығу, жеке бас тазалығы.

Дескриптор:

- Сурет бойынша әңгімелеу мәтінін құрап жазады.
- Тірек сөздерді қолданып, берілген тақырып бойынша мәтін құрастырады.

3-СЫНЫП

I-тоқсан

Тақырыбы:	Тіл және сөйлеу
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, оқылым
Оқу мақсаты:	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру. 3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау
Сабақ мақсаты:	Мәтінді тыңдап, мәтіннен тірек сөздерді белгілейді, ашық және жабық сұрақтарға жауап береді. Өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтап айтады

Тапсырма

Саралау тәсілі «Диалог және қолдау»

Жұптық жұмыс. «Сұрақтар тізбегі» әдісі.

Мәтінді тыңда. Жұпта бірлесіп мәтіндегі тірек сөздердің астын сызындар. Ашық және жабық сұрақтарға жауап беріндер. Сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтап айтындар. Мәтінге тақырып қойындар

Азамат

Азамат қара жіп пен ине тауып алып, шолақ шалбарының жыртылған жерін тігіп келді. Тігілген жерді Балқадиша көріп:

- Өкел, жөндеп тігіп берейін. Қолдан келгенше адамдар бір-біріне қолғабыс етулері керек, - деді. Нұржан аула сыпырғанда, Азамат қаз-үйрекке жем шашып, су құйып, жеміс-жидек ағаштары мен гүлдерді суғарды. Ертеңіне әжесі де жетті. Азамат әжесіне Балқадиша мен Нұржанның жақсы адамдар екенін айтып еді, әжесі:

- Жақсы азамат бола бастаған, қарағым, сен өзің екенсің. Еңбек ел құрметіне бөлейді. Еріншек адам әрдайым көпшіліктің сыйлауынан, алғысынан құр алақан қалады. Балам, шама-шарқыңа қарай үйренгенің өзіңе жақсы, - деді. (Р.Әбдіқадырова)

Сұрақтар:

-Азамат ине, жіппен не істеді?

-Балқадиша Азаматқа қалай қолдау көрсетті?

-Нұржан мен Азамат үй жұмыстарын қалай бөлісіп істеді?

-«Еңбек ел құрметіне бөлейді» дегенді қалай түсінесің?

- Азаматтың әжесі еріншектік туралы не айтты?

Дескриптор

Жұптасып тірек сөздердің астын сызады

Ашық сұрақтарға жауап береді

Жабық сұрақтарға жауап береді

Сұрақтар арқылы мәтіннің негізгі ойын айтады

Мәтінге тақырып қояды

Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау

Тақырыбы:	Мәтін
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, оқылым
Оқу мақсаты:	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
Сабақ мақсаты:	Мәтіннің тақырыбы мен берілген фото бойынша мәтіннің мазмұнын болжап айтады. Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді

Тапсырма
Саралау тәсілі «Дереккөз»
Жеке жұмыс. «Суретті сөйлет» әдісі
1.«Екі әтеш» тақырыбы мен берілген фото бойынша мәтіннің мазмұнын болжап айтындар.

raskraskionline.ru



Дескриптор

Тақырыбы мен фотоны байланыстырып мәтіннің мазмұнын болжап айтады

Сөйлемдегі сөздерді байланыстырады

Ойын жүйелі жеткізеді

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

2.Жұптық жұмыс. «Дауыстап ойлау» әдісі.

Мәтінді жұптасып оқындар. Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырындар және жауап беріндер

Бұл әдісті оқушылар жұптасып орындайды. Бір оқушы мәтінді оқиды, екінші оқушы мәтінді тыңдайды. Тыңдаған оқушы мәтіннің мазмұны туралы сұрақ қоя алады немесе мазмұнын айтады. Мәтінді оқыған оқушы сұраққа жауап береді.

Екі әтеш

Ертеде бір кемпір-шалдың екі әтеші болған екен. Олар қолдарына түскен жемдерін сол әтештерге беріпті. Бір күні кемпір құстарына жем шашады. Қарындары ашқан әтештер жүгіріп келеді. Шұбар әтеш қасында жүрген досынан жемді қызғанып, бергісі келмейді. Шіркін, мына жемнің бәрін жалғыз өзім жеп, бір тойсам-ау, - деп ойлайды. Сөйтіп шұбар әтеш қасында сұр әтешті қайта-қайта шоқып жем жегізбей, мазасын алады. Ақырында сұр әтеш ызаланып, шұбар әтешті шоқып алады. Осыдан соң екі әтеш жүндері үрпиісіп, төбелесе кетеді. Еуінің де үсті-басы жұлым-жұлым болады. Бұлар таласып жатқанда көрші үйдегі тауықтың балапандары келіп, жемді түгін қалдырмай жеп кетеді.

Дескриптор

Жұптасып пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады

Сұрақтарға өз пікірін білдіріп жауап береді

Тақырыбы:	Мәтін және оның түрлері
Бөлім	Оқылым, жазылым
Оқу мақсаты:	3.2.1.1* тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау 3.3.1.1* жоспар, сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін, салыстыра сипаттау мәтінін, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу
Сабақ мақсаты:	Көмекші сөздер арқылы мәтіннің түрін және оның құрылымдық бөліктерін анықтап айтады Жоспарды қолдана отырып, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу
Тапсырма Саралау тәсілі- «Диалог және қолдау» Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады. Мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады. 1.Жұптық жұмыс. «Анықта» әдісі. Мәтінді оқыңдар. Жұпта бірлесіп көмекші сөздер арқылы мәтіннің түрін және оның құрылымдық бөліктерін анықтаңдар. Періште атты ит Бірде бір адам зоодүкеннен Періште атты ит сатып алады. Үйге әкеліп тамақ құйып береді. Періште тамақ ішпей басын бұрышқа тығып алады. Иесі кетсе тамақ ішеді де келсе басын қайта бұрышқа тығады. Мұны иесі еш түсінбейді. Итті құшақтап, сипап, жақсы тағамдар да беріп көреді. Алайда, еш нәтиже болмайды. Иттің иесі қатты таңғалады. Иесі зообаққа барып Періштенің неге бұлай жасайтынын сұрайды. Сөйтсе, Періштенің зообақта кішкентайынан бірге өскен Қара жігіт деген ұялас бауыры бар екен. Иесі Қара жігітті үйге алып келеді. Періште қатты қуанып, секіріп бауыры екеуі бірге ойнай жөнеледі. Иесі таңқалады. Періштенің басын бұрышқа тығып алатын себебі, иесіне бауырын алып келуін өтініп көрсеткен қылығы екен. Дескриптор Жұптасып көмекші сөздер арқылы мәтіннің түрін табады Мәтіннің басын табады Мәтіннің негізгі бөлімін табады Мәтіннің соңын табады Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау 2.Жеке жұмыс. Саралау тәсілі- «Диалог және қолдау» Жоспарды қолдана отырып, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазыңдар Жоспар: 1. Асан мен Досболдың достығы 2. Ауладағы балаларға зәбір беруі 3. Қуаттың телефонын тартып алуы	

4. Асанның Досболмен достығын үзуі

Дескриптор

Мәтінді жазуда көмекші сөздерді қолданады

Сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс құрады

Мәтіннің басқы бөлімін жазады

Мәтіннің негізгі бөлімін жазады

Мәтіннің соңғы бөлімін жазады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Сөйлеу мәдениетіне үйренемін
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, оқылым
Оқу мақсаты:	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру;
Сабақ мақсаты:	Үй ауласында өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысып сөйлеседі. Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді

Тапсырма

Саралау тәсілі- «Қарқын»

Қарқын

Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді. Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады. Негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

Жұптық жұмыс. «Бір минуттық әңгіме» әдісі

«Бір минуттық әңгіме»

Оқушының бір-бірінен ақпарат алу дағдысын қалыптастыру. Оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорыта алады, жұптық жұмыс жүреді. Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі. (Уақыт кетіріп қатарға тұрғызбай-ақ, партадан тұрған күйі жанындағы партадағы оқушымен қарама-қарсы тұрып сөйлесе берсе болады)

1. Жұптасып суреттерді арқылы «кешір», «рахмет» сөздерін қолданып, диалог құрып сөйлесіндер



insoz.ru



stylishbag.ru

Дескриптор

Сөйлеу мәдениетін сақтап сөйлеседі
Сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс айтады
Ойын жүйелі жеткізеді
Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау

Саралау тәсілі- «Диалог және қолдау»
2. Топтық жұмыс. «Ашық микрофон» әдісі.

Оқушыны жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру. Оқушылар қолдарына микрофон ұстап, өткен сабаққа байланысты немесе үй жұмысына байланысты сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді.(әдісті кез-келген тапсырмаға икемдеуге болады)

Мәтінді оқыңдар. Топта бірлесіп мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған 3 сұрақ құрастырыңдар. Құрастырған сұрақтарыңды микрофонмен келесі топқа қойыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер

Үш дос Әдеби мәтін

Досбол мен Марат дос еді. Олар күнде осылай далада бірге ойнап уақыт өткізеді.

Бүгін де олар аулада бірге ойнауға келіскен болатын. Досбол: «Марат, жүр Қуатқа барайық сол қызықты ойындарды тапқыш қой», - деді. Олар келесі аулаға қарай жүгіре жөнелді. Қуат аулада жүр екен. Олар үшеуі отыра қалып телефон қарады. Бір уақытта Қуат ойнап жүрген Саматты шақырып алды. Саматтың қолындағы ойыншық машинаға қызығып жүрген. Жанына келе бергенде ойыншығын жұлып алды. Самат жылап қалды. Айбол: «Қуат, мұның не өзіңнен кішіге зәбір көрсетуге болмайды ғой» - деді. Қуат қолын бір сілтеп: «Өй, қойшы! Сен де тәртіпті бола қалады екенсің», - деп досын тыңдағысы келмеді.

Қуаттың бұл ісі Досбол мен Маратқа ұнамады.

Дескриптор

Пікір білдіруге бағытталған 3 сұрақ құрастырады

Сұрақтарға өз пікірін білдіріп жауап береді

Қалыптастырушы бағалау: Топтық бағалау (әр топ сұрақтардың дұрыс құрылуын және сұрақтың жауабының дұрыстығын ескеріп балл береді)

Тақырыбы:	Қаратпа сөз
Бөлім	Оқылым, жазылым
Оқу мақсаты:	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 3.3.7.1* қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою
Сабақ мақсаты:	Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді. Қаратпа сөздерді ажыратады және тыныс белгілерін дұрыс қойып жазады
Тапсырма Саралау тәсілі- «Қарқын»	
«Қарқын»: Бірнеше оқушының сұрағын оқып, жауап беруіне болады	
1. Жеке жұмыс. «Қабырғада оқу» әдісі Мәтінді оқыңдар. Әрқайсысың мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған 1	

сұрақ құрастырып қабырғаға іліндер. Қабырғадағы сұрақтарды аралап оқындар және жауап беріндер (бір оқушы 3 сұраққа дейін жауап бере алады) Мәтіндегі қаратпа сөздерді тауып оқып беріндер.

Екі дос

Серік пен Берік – тату дос. Олар үйлеріне келсе, Беріктің әкесі баласын тосып отыр екен.

- Кел, балалар, - деді жұмысқа қамданып.

– Күннің ашық кезінде бітіріп тастайық, шешен дәрігерге кетіп еді. Қап, кірпіш әперіп тұратын бір адамның жоқтығын қарашы! Әзірше өзіміз амалдай тұрайық.

- Кірпіш әперетін кісі бар, әке, - деді Берік қасындағы баланы нұсқап. –

Мына Серік көмектеседі. Абдолла ағай Серікке қарады. Мен көмектесейін, - деді Серік өз ниетін білдіріп. О, міне азамат! – деп қауынды Абдолла ағай. – Достар

осындай болады! Рақмет. (75 сөз) (Ж.Мұсаев)

Дескриптор

Пікір білдіруге бағытталған 1 сұрақ құрастырады

Қабырғаны аралап 1-3 сұраққа жауап береді

Мәтіндегі қаратпа сөздерді тауып оқиды

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

2. Жеке жұмыс. Саралау тәсілі- «Диалог және қолдау»

Қаратпа сөздердің ережесін қолданып, берілген сөйлемдегі қаратпа сөзді тауып, тыныс белгісін қойындар.

- Кел балалар - деді жұмысқа қамданып.

- Кірпіш әперетін кісі бар әке, - деді Берік қасындағы баланы нұсқап.

О міне азамат! – деп қауынды Абдолла ағай.

Ертең ауылға барамыз балам үйде бол.

Дескриптор

Қаратпа сөздердің ережесін қолданады

Сөйлемдегі қаратпа сөзді табады

Сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қойып жазады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Қыстырма сөз
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, жазылым
Оқу мақсаты:	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 3.3.7.1 қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою;
Сабақ мақсаты:	Тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрап айтады. Қыстырма сөздерді ажыратады және тыныс белгілерін дұрыс қойып жазады
Тапсырма Саралау тәсілі- «Қорытынды»	

Қорытынды

Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді. Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

1. Жұптық жұмыс. «Ойлас, жұптас, ақылдас» әдісі

Тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрап айтыңдар.

Тақырып: «Қызықты саяхат»

Тірек сөздер: күзгі каникул, саяхат, мұражай, балалар, көне заттар, қызықты.

Жоспар:

1. Оқушылардың саяхатты асыға күтуі
2. Мұражайға баруы
3. Көне заттарды көріп танысып, таңғалуы
4. Күбі, келі деген заттарды білуі

Дескриптор

Тірек сөздерді қолданады

Жоспар бөліктерін қолданып сөйлемдер құрады

Сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс айтады

Ойын жүйелі жеткізеді

Қалыптастырушы бағалау: Өзара бақылау

Саралау тәсілі- «Қарқын»

2. Жеке жұмыс. «Деректерді ізде» әдісі

Мәтінді оқыңдар. Мәтіннен қыстырма сөздерді тауып астын сызыңдар және тыныс белгілерін дұрыс қойып жазыңдар

Қызықты саяхат

Оқушылар күзгі каникулда жиналып, саяхатқа шықты. Байқаймын олардың қуанышында шек жоқ. Демек олар бұл саяхатты асыға күткендей. Әрине қуанбағанда қайтсын, демалыстарын жақсы өткізгісі келетінін жасырмайды.

Олар мұражайды аралады. Әуелі оларға ескі көне заттар қатты қызықтырды. Мұғалімнен дамылсыз сұраудан жалықпады. Айна апай да асықпай, жалықпай түсіндірумен болды. Байқаса балалар көптеген көне заттардың атауын танымайды екен. Алайда бұл заттарды ата-бабаларымыз күнделікті өмірінде үнемі қолданған екен. Мұғалімнің айтуынша кейбір заттарды ауылды жерде әлі де қолданады екен. Мысалы, айран құйып пісетін күбі, дәнді дақылдарды түйетін келі.

Саяхат өте қызықты болды. Ұлтымыздың құндылықтарын танып білдік.

Дескриптор

Қыстырма сөздерді табады

Астын сызады

Қыстырма сөздердің тыныс белгілерін қояды

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	В дыбысы
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру

	3.4.1.1 э,ф,в,ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу;
Сабақ мақсаты:	Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді в әріптері бар сөздерді сауатты жазады
Тапсырма Саралау тәсілі- «Қарқын» Жеке жұмыс. «Кейіпкермен сұхбат» әдісі Сұраққа толық жауап беру және өзінің дербес пікірін айту дағдылары қалыптасады. Сыныпта ортаға орындық қойып, қалаған оқушыны мәтіннен кейіпкер болады. Ал қалған оқушылар оған сұрақтар қояды. Кейіпкерлер қайта-қайта ауыса беруге болады. Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған 2 сұрақ құрастырыңдар. Сұрақтарыңды ортаға шыққан кейіпкерге қойыңдар, ал кейіпкер сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтіннен в әрпі бар сөздерді тауып жазыңдар. Велосипед мінген пингвин Анасы бала пингвинге велосипед сатып әперді. «Абайла, арнайы велосипед жолымен жүр»,-деді. Пингвин тез-тез достарына көрсетіп мақтанғысы келді. Бар сақтықты ұмытты. Жолда келе жатқан автобус, трамвайдан қорықпады. Бағдаршамның түстеріне де қарамады. Бір кезде жолдан өтіп жатқан балапандарды көрді. Токтағысы келді, бірақ қатты жылдамдықпен келе жатып, тоқтай алмады. Үлкен ағашқа соғылды. Велосипеді сынып қалды. Анасы оны дәрігерге апарды. Бала пингвин қатты ұялды. Әрдайым үлкендердің ақылын тыңдаған жөн. Дескриптор Пікір білдіруге бағытталған 2 сұрақ құрастырады. Сұрақтарға өз пікірін білдіріп жауап береді. Мәтіннен в әрпі бар сөздерді тауып сауатты жазады. Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау	

Тақырыбы:	Ф дыбысы
Бөлім	Айтылым, тыңдалым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру 3.4.1.1 э,ф,в,ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу;
Сабақ мақсаты:	Мәтінді тыңдап тірек сөздерді белгілейді, ашық және жабық сұрақтарға жауап береді. Ф ф әріптері бар сөздерді сауатты жазады
Тапсырма Саралау тәсілі- «Диалог және қолдау» Жеке жұмыс. «Бес сұрақ» әдісі» Мәтінді тыңдаңдар. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, қарындашпен қоршаңдар. Ашық және жабық сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтіндегі Ф ф әріптері бар сөздерді тауып, дәптерге сауатты жазыңдар. Футбол Аңдар мен құстар футбол ойнады. Аю мен бүркіт команда капитаны болды. Қаз қақпаға тұрды. Ойын қыза түсті. Аңдар бар күштерін ойынға салуда. Қорбаңбай аюдың командасы алда келеді. Түлкі аюға қалай көмектесуді ойлап тұрған. Ол лезде бір қулық ойлап тапты. Қалайда қарсы команда жеңілуі керек деді. Шауып барып ыстық кофе алып	

келді. Бүркіттен қорқа-қорқа қарсы қақпада тұрған қазға барып, «Шаршаған шығарсың, кофе ішесің бе?», - деді. Аңқау қаз кофені алды. Осы кезде аю қақпаға доп соқты. Қаз өкініштен жылап жіберді.

Сұрақтар:

Ойынға қандай жануарлар қатысты?

Түлкі дұрыс жасады ма? Неліктен?

Қаздың әрекеті туралы не ойлайсың?

Қай команда жеңді деп ойлайсың?

Дескриптор

Мәтіннен 3 тірек сөзді тауып, қарындашпен қоршайды.

Ашық және жабық 4 сұраққа жауап береді.

Мәтіндегі Ф ф әріптері бар сөздерді тауып жазады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Ц дыбысы
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау 3.4.1.1 э,ф,в,ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу;
Сабақ мақсаты:	Өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтап айтады ц әріптері бар сөздерді сауатты жазады

Тапсырма

Саралау тәсілі- «Диалог және қолдау»

Жеке жұмыс. «Араласқан оқиғалар» әдісі»

Араласқан оқиғалар

Мәтінді бірнеше бөліктерге бөліп, қырқып беріледі. Оқушылар мәтіннің әр бөлігін

Мәтін бөліктерін оқып, мазмұнына қарай ретімен орналастырып, қағазға жапсырындар. Мәтінді оқындар. Өз беттеріңше мәтінге тақырып қойындар. Мәтіннің негізгі ойын анықтап айтындар. ц әрпі бар сөздерді тауып, сауатты жазындар

Концертте

Бірде жабайы құстар далада концерт қояды. Аққу айтады: «Концертке даусы ең әдемі сайрауық құстар ғана қатысады». Мұны естіген бұлбұл, бозторғай және сайрауық шымшық алыстан ұшып келеді. Концертке басқа да құстар қатысқысы келеді. Қарға мен сауысқанды дауыстарың әуезді емес деп концертке қатыстырмайды. Ашуланған құстар орманнан кетіп қалады. Циркте ойнайтын көгершінге келеді. Көгершін оларға фокус жасауды үйретеді. Сөйтіп қарға мен сауысқан концертте өнер көрсететін болады.

Сұрақтар:

Мәтінде құстардың қай түрі туралы айтылған?

Аққу қарға мен сауысқанға не деді?

Аққудың әрекеті дұрыс па? Неліктен?

Көгершіннің әрекеті ұнады ма? Неліктен?

Дескриптор

Мәтінге тақырып қояды.

Сұрақтарға жауап бере отырып, мәтіннің негізгі ойын анықтап айтады.

ц әрпі бар сөздері бар сөйлемдерді сауатты жазады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп				
Педагогтің аты жөні				
Бөлім	Оқылым, жазылым бөлімінен			
Күні				
Сынып:	3			
Пәні	Қазақ тілі			
Сабақтың тақырыбы	Мәтін және оның түрлері			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.2.1.1* тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау 3.3.1.1* жоспар, сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін, салыстыра сипаттау мәтінін, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу			
Сабақтың мақсаты(бағалау критерийі)	Тірек сөздер арқылы сипаттау мәтінін және оның құрылымдық бөліктерін анықтап айтады. Тірек сөздер арқылы салыстыра сипаттау мәтінін құрап жазады			
Ойлау деңгейі	Түсіну, жинақтау			
Сабақтың барысы				
Сабақ тың кезеңі /уақыт ы	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Сабақ тың басы 7 минут	Ширату жаттығуы «Жұмбақ көрнекілік» әдісі.  (инт.тақтада түлкінің суреті) Сыныптың жартысы орындықтарын тақтадан теріс қаратып қояды,өздері де қағаз, қаламдарын алып теріс қарап отырады. Ал, сыныптың жартысы сол теріс қарап отырған оқушылардың артына орындықтарын тақап қойып, өздері сол орындыққа отырады. Тақтадағы экранға қарап отырған оқушылар экранда шығып тұрған суретті теріс қарап отырған оқушының құлағына жәй, жарты	Суретке қарап сұрақтарға жауап береді	Кері байланыс беру	Таныстыры лым thypix.com Сурет <

	дауыспен ауызша сипаттайды(екі құлағы бар, көзі, мұрны, аузы бар,онша үлкен емес, құйрығы үлкен, қызыл, төрт аяғы бар, орманда тұрады т.с.с.) бірақ атын атамайды, тек сипаттап айтады.Теріс қарап отырған оқушылар сипатталған заттың суретін салады. Болған соң алдына қарап,не салғандарын салыстырады. Кейін оқушылар орнымен ауысып орындаса да болады. (бұл жаттығу оқушылардың сөйлеу, сипаттау дағдысын қалыптастырады) Мұғалім: Сабақтың тақырыбы «Мәтін және оның түрлері» Сабақтың мақсаты: Тірек сөздер арқылы сипаттау мәтінін және оның құрылымдық бөліктерін анықтап айтады. Тірек сөздер арқылы салыстыра сипаттау мәтінін құрап жазады									
Сабақтың ортасы 3 минут	Мұғалім: Мәтін үш түрге бөлінеді. <table> <tr> <th>Әңгі мелеу мәтіні</th> <th>С ипаттау мәтіні-</th> <th>Пай ымдау мәтіні-</th> </tr> <tr> <td>қандай да бір нәрсе туралы хабарланады. Не?, Қайда? Қашан? Қалай болды? сұрақтарын жауап береді.</td> <td>адамның, табиғаттың, жануарлардың оқиғаның көріністері сипатталады. Қандай, қай сұрақтарына жауап береді</td> <td>құбылыстың, оқиғаның себептері туралы айтылады,түсіндіріледі, бір нәрсе туралы дәлелденеді.Неліктен деген сұраққа жауап береді.</td> </tr> </table> Жұптық жұмыс.	Әңгі мелеу мәтіні	С ипаттау мәтіні-	Пай ымдау мәтіні-	қандай да бір нәрсе туралы хабарланады. Не?, Қайда? Қашан? Қалай болды? сұрақтарын жауап береді.	адамның, табиғаттың, жануарлардың оқиғаның көріністері сипатталады. Қандай, қай сұрақтарына жауап береді	құбылыстың, оқиғаның себептері туралы айтылады,түсіндіріледі, бір нәрсе туралы дәлелденеді.Неліктен деген сұраққа жауап береді.	Дескриптор Жұпта		Таныстырылым
Әңгі мелеу мәтіні	С ипаттау мәтіні-	Пай ымдау мәтіні-								
қандай да бір нәрсе туралы хабарланады. Не?, Қайда? Қашан? Қалай болды? сұрақтарын жауап береді.	адамның, табиғаттың, жануарлардың оқиғаның көріністері сипатталады. Қандай, қай сұрақтарына жауап береді	құбылыстың, оқиғаның себептері туралы айтылады,түсіндіріледі, бір нәрсе туралы дәлелденеді.Неліктен деген сұраққа жауап береді.								

15 минут	«Деректерді ізде» әдісі. Жұпта бірлесіп мәтіннен тірек сөздерді табындар, оның қай мәтіннің түрі екенін айтындар және оның құрылымдық бөліктерін анықтап көрсетіндер Қарлығаш Қарлығаш – айыр құйрықты, қанаттары ұзын, шағын денелі қара ала құс. Қарлығаш сөзі «қара», «ала», «құс» деген сөздерден құралған. Басқа құстардан айырмашылығы жемін ұшып жүріп ұстайды. Суды да ұшып жүріп ішеді. Қарлығаш бауыры ақшыл, арқасы қоңыр жылтыр. Арктика мен Антарктидан басқа жердің бәрінде мекендейді. Бүкіл әлемде қарлығаштың 80 түрі бар. Қарлығаш – пайдалы құс. Зиянды жәндіктерді, әсіресе, шыбын-шіркейді өте көп жейді. Ауыл шаруашылығына пайда келтіреді. Жеке жұмыс. «Сипатта» әдісі. Берілген тірек сөздердің өзін қалаған нұсқасын қолданып, салыстыра сипаттау мәтінін құрап жазындар. Әдемі, сұлу мойны ұзын, жұптасады, су, ақ, қара Бал, жақсы көреді, қоңыр, үлкен, ағаш, ұрлайды, қашады, ара Құлағы ұзын, ерні жырық, ақ, қоңыр, қара, қорқақ, көзі қыли ЕББҚЕО тапсырма (сөйлеу дағдысы төмен оқушы)(Саралау тәсілі: дереккөз) Берілген сурет пен тірек сөздер арқылы сипаттау мәтінін құрастырып жаз.	мәтіннен тірек сөздерді табады. Қай мәтіннің түрі екенін айтады. Құрылымдық бөліктерін анықтап көрсетеді Дескриптор Тірек сөздерді қолданып, сипаттау мәтінін құрап жазады Дескриптор Сурет пен тірек сөзді қолданып сипаттау мәтінін құрастырып жазады	ҚБ: Өзара бағалау ҚБ: Өзін-өзі бағалау	Дереккөз: Мәтін Таным (baribar.kz)
----------	---	--	--	---

	 Тірек сөздер: аю, қонжық, орман, бал, аралар, қашты, шақты, ағаш.			Сурет celes.club www.svgrepo.com
Сабақтың аяғы 5 минут	Рефлексия «СМС» әдісі. Бүгін сабақта не істедің? Нені үйрендің? Сұрақтарына қысқа жауаптарыңды телефонға СМС түрінде жазыңдар 	Бүгінгі сабаққа рефлексия жасайды		

II-тоқсан

Тақырыбы:	Дыбыстардың үндесуі
Бөлім	Оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым
Оқу мақсаты:	3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін/жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу 3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл); 3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету
Сабақ мақсаты:	Мәтіннің стиліне қарап, көркем мәтін бе, ғылыми-танымдық мәтін бе салыстырып анықтайды. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тауып айтады. Сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл сияқты дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айтады. Жіберілген орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзетіп жазады
Тапсырма Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау» 1.Жұптық жұмыс. «Сұрақ ілмегі» әдісі. Оқушының ойын ашық білдіруіне дағдыландыру. Оқушы сабақтың қай бөлігін немесе тақырыпты түсінбеген болмаса сабақ төңірегінде ойландырып жүрген сұрақтарын ашық айтады.Бұл әдісті ауызша өткізуге болады. Сұрақ қою арқылы баланың сабақты қалай меңгергенін немесе меңгере алмай жатқан жерлерін білуге болады.	

Мәтіндерді оқыңдар. Жұптасып мәтіннің стиліне қарап, көркем мәтін бе, ғылыми-танымдық мәтін бе салыстырып анықтауда берілген сұрақтарды қолдана отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тауып айтыңдар. Мәтіндегі сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстары бар сөздердегі дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айтыңдар.

Сұрақтар:

1. Қай мәтінде ғылыми атаулар, жер-су аттары берілген?
2. Қай мәтінде қызықты оқиға желісі байқалады?
3. Қай мәтінде нақты сандық мәліметтер көрсетілген?
4. Ертегі кейіпкерлері қай мәтінде көрініс табады?

Бәйтерек монументі

Бәйтерек – Астана қаласындағы сәулет құрылыс кешені. Елорданың ең көрнекті ғимараттарының бірі.

«Бәйтерек» монументі – Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан. Нұр-Сұлтан қаласының «визит картасына» айналған бұл ғимарат халқымыздың «Самұрық» құсы туралы аңызы желісінде салынған. Мұнараның биіктігі 97 метр, бұл 1997 жылы астананың Алматы қаласынан Нұр-Сұлтан қаласына көшірілгендігін білдіреді. Төбесінде күн сәулесінде түсін өзгертетін диаметрі 22 метрді құрайтын шар орналасқан. Бәйтеректің биіктігі, шарды қосып есептегенде 105 м жетеді, ал салмағы 1000 тоннадан асады. Ол бетоннан, болаттан және шыныдан жасалған. Бәйтеректің биік болуының да өзіндік мәні бар. Бәйтерек – ежелгі түрік сөзі, «бәй» – үлкен, «терек» – ағаш деген мағынаны білдіреді. Екі сөз бірігіп, «зәулім ағаш» деген мағынаны білдіреді.

«Бәйтерек» монументіне туристтер аптаның барлық күндері дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі күндері келе алады. Таңғы 10:00 ден бастап, кешкі 21:00 ге дейін жұмыс істейді.

Алып бәйтерек

Ертөстік жерасты әлеміне тап болады және ұзаққа созылған сапар кезінде үлкен ағашқа жолығады, ол жерде ағашқа өрмелеп бара жатқан жыланды өлтіріп, Самұрықтың балапандарын айдаһардан құтқарып қалады. Ертөстік жыланды өлтірген соң Бәйтеректің түбіне демалып отырады. «Сол кезде күнбатыс жақтан бір қара бұлт шығыпты. Қатты дауыл жерді шаңдатты.

– Бұл не? – деп сұрады Төстік? Сонда екі балапан айтты:

- Бұл біздің анамыздың қанатының екпінді желі, — деді. Күн нөсер жауын құйып – құйып жібереді.

- Бұл қалай? – дегенде, балапан айтты:

- Анамыздың көз жасы. Жылда-жылда бала тапсам да, бірі ілеспей қойды деп жылағаны – деді. Құс ашылып қар жауды, жапалақ – жапалақ.

- Бұл не – деді.

– Анамыздың қуанып, қарқ-қарқ күлгені, — деді. Осы ерлігі үшін Алып Қарақұс Ертөстікті жер бетіне алып шығады

Дескриптор

Сұрақтарға жауап беру арқылы көркем мәтінді анықтайды

Сұрақтарға жауап беру арқылы ғылыми-танымдық мәтінді анықтайды

Мәтіндердің ұқсастықтары айтады.

Мәтіндердің айырмашылықтарын айтады.

Қатар тұрған дауыссыз дыбыстары бар сөздердегі дыбыстардың өзара үндесуін

сақтап айтады.

Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау

2. Жеке жұмыс.

Мәтін бөлігіндегі жіберілген орфографиялық қателерді тауып, түзетіп жазыңдар.

«Бәйтерек» монументіне туристтер аптаның барлық күндері дүйсембі, сейсембі, сәрсембі, бейсембі, жұма, сенбі, жексембі күндері келе алады. Таңғы 10:00 ден бастап, кешкі 21:00 ге дейін жұмыс істейді.

Дескриптор

Мәтіндегі орфографиялық қателерді табады

Қатені түзетіп жазады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Тура және ауыспалы мағыналы сөздер
Бөлім	Оқылым, жазылым
Оқу мақсаты:	3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу,сөйлеу барысында қолдану; 3.3.2.1 өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян, хабарландыру жазу
Сабақ мақсаты:	Тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажыратады, сөйлеу барысында қолданады. Өзіндік іс-әрекеті баяндалған өмірбаян жазады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Қарқын»

1.Жеке жұмыс. «Бір минуттық әңгіме» әдісі

Мәтінді оқыңдар. Мәтіннен тура және ауыспалы мағыналы сөздерді табыңдар және мағынасын ажыратып айтыңдар. Тура және ауыспалы мағынасында сол сөзбен жұбыңмен сұрақ-жауап түрінде бір минуттық диалог құрыңдар.

Наурыз

Наурыз мейрамы - ең көне мерекелерінің бірі. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді.

Күн мен түн теңеліп, жылдың бастауы болған. Наурыздың дәстүрлі тағамы - «Наурыз көже». Ол жеті түрлі азықтық дәмнен тұрады. Жеті деген сан аптаның жеті күнін бейнелейді, бұл санның мағынасы терең. 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келеді. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан ойналады. Наурыз - көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің мейрамы.

Дескриптор

Мәтіннен тура және ауыспалы мағыналы сөздерді табады

Сөздердің мағынасын ажыратып айтады

Күн сөзімен сұрақ-жауап түрінде диалог құрады

Сан сөзімен сұрақ-жауап түрінде диалог құрады

Күй сөзімен сұрақ-жауап түрінде диалог құрады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Саралау тәсілі-«Тапсырма»

Тапсырма

Мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді. Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде күрделі тапсырмалар беру керек пе) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау. Күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдаланыңыз.

2. Жеке жұмыс.

Қолдауды қажет етпейтін оқушылар:

Хранологиялық күндердің көмегімен өз өмірбаяндарыңды жазыңдар.

Дескриптор

Хранологиялық күндерді қолданады

Сөйлемдегі сөздерді байланыстырады

Ойын жүйелі жазады

Қолдауды көбірек қажет ететін оқушылар:

Хранологиялық күндердің көмегімен және берілген сұрақтарды пайдаланып өз өмірбаяндарыңды жазыңдар.

Қай жылы туылдың?

Туылған күнің қай айда, қай күні?

Отбасында кімдер тұрады?

Балабақшаға қанша жаста бардың?

Мектепке қай жаста, қай жылы келдің?

Қандай үйірге барасың?

Үйірге қай уақытта барасың?

Қай уақытта қайтасың?

Дескриптор

Хранологиялық күндерді қолданады

Сұрақтарға жауап жазады

Сөйлемдегі сөздерді байланыстырады

Ойын жүйелі жазады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Түбір сөз және туынды сөз
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 3.4.2.1* негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату
Сабақ мақсаты:	Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді Негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасап жазады
Тапсырма	
Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»	
1.Топтық жұмыс. «Сұраққа жетіп ал» әдісі.	

«Сұраққа жетіп ал» әдісі

Оқушының өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру, сұрақ қою дағдыларын дамыту. Мәтінге, әңгімеге сұрақ қояды, тұжырымдайды. Оқушылар оқығандары бойынша бір-біріне сұрақ қояды және талқылайды. Мәтінді толық немесе бір бөлігін оқыту (мәтіннің күрделілігіне, оқушылардың даму ерекшелігіне қарай) оқылған мәтіннің мазмұнына әр деңгейлі сұрақтар қою. 1-ші топ – сұрақ қояды, 2-ші топ сол сұраққа жауап береді.

Әр топ мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған 1 сұрақ құрастырып, келесі топқа қойындар. Басқа топтар сұраққа жауап беріндер.

Астана мұхитбағы

Елімізде алғашқы және жалғыз мұхитбақ Астана қаласында ашылды. Мұхитбақ 2003 жылғы мамырдың 6-сында ресми түрде ашылды. Мұхитбақтың сыйымдылығы - 3 миллион литр. Мұхит суын әзірлеу үшін 120 тонна теңіз тұзы пайдаланылды. Әлемнің әр түкпірінен теңіз жануарларының 2000-нан аса данасы әкелінді. Мұхитбақ үлкен аквариумнан және әртүрлі көлемдегі он бір аквариумы бар екі көрме бөлімінен тұрады. Мұхитбақтың ең қызықты бөлігі – үлкен аквариум. Осы аквариумда өнерпаздар да жұмыс істейді. Суасты туннелі арқылы теңіз түбімен жыртқыш акулалардан қол созым қашықтықта серуендеп жүре аласыз. Ал, аквариумде жүрген спортшы акробаттар өнер көрсетеді. Мұнда мұхитбақтың ең үлкен мекендеушілері – акулалар, алып теңіз алабұғасы және басқа да үйірлі балықтарды көріп тамашалауға болады. Бұл жерден қауіпті балықтар: кірпі балық, тас балық муренаны да көре аласыз.

Бұл - еліміздің мәдени көркем кешені. Адамдар теңіз ғажайыбын көру үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінен келеді.

«Сен білесің бе?» энциклопедиясы

Дескриптор

Топтар пікір білдіруге бағытталған 1 сұрақ құрастырады

Басқа топтар сұраққа жауап береді.

Қалыптастырушы бағалау: топтағы оқушылар өзара бағалау жүргізеді

Саралау тәсілі-«Қарқын»

2. Жеке жұмыс. «Сөзден сөз жаса» ойыны.

Мәтіннен түбір сөздерді және туынды сөздерді тауып жазындар, мағынасын ажыратып айтындар.

Дескриптор

Мәтіннен түбір сөздерді тауып жазады

Туынды сөздерді тауып жазады

Мағынасын ажыратып айтады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Түбір мен қосымшаның жазылуы
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау 3.4.1.2 түбір сөзге -ы, -і дауысты дыбысынан басталатын қосымша жалғанған кездегі түбірдің өзгерісін сақтап жазу

Сабақ мақсаты:	Мәтінді оқып өз беттерінше мәтіннің тақырыбын табады, сұрақтарға жауап бере отырып, негізгі ойды анықтап айтады Түбір сөзге -ы, -і дауысты дыбысынан басталатын қосымша жалғанған кездегі түбірдің өзгерісін сақтап жазады
Тапсырма Саралау тәсілі-«Тапсырма» 1.Жұптық жұмыс. «Карта» ойыны	
Бұл ойынды карта ойыны сияқты ойнатуға болады. Сұрақтар мен жауаптарды карта көлеміндей қағаздарға жазып, араластырып партаның үстіне тасталады. Оқушылар сұрақ жазылған картаны алса, жауабын тауып беттестіреді, жауабы жазылған картаны алса, оның сұрағын іздеп тауып беттестіреді. Дайын сұрақтар мен жауаптар көбінесе қолдауды көбірек қажет ететін оқушыларға тиімді.	
Қолдауды қажет етпейтін оқушылар: Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің тақырыбын табыңдар, сұрақтарға жауап бере отырып, негізгі ойды анықтап айтыңдар Мәтінде домалақ ананың қыздарын қалай сипаттаған? Үлкен қызының мінезі қандай? Екінші қызының мінезі туралы не айтылған? Үшінші қызының мінезі неліктен жылауық, жаңбырлы деген? Кіші қызы неліктен салқын, қаталдау болды? Әр қызында үш-үш ұлдан болғаны себебі неде? Қолдауды көбірек қажет ететін оқушылар: (карталар) Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде Ақ жайықтың жағасында еліне елеулі, халқына қалаулы, бір домалақ ана өмір сүріпті. Сол анадан тараған төрт қыз бар екен. Олардың ай десе аузы, күндей жарқыраған көзі бар. Дүниенің сұлулығын өздеріне дарытқан, бөркі келіскен сұлу қыздары болыпты.	
Анасы жақсы тәрбие беріпті, Үлкен қызының аты «Көктем». Ол ақ жарқын, мінезі нәзік. Екінші қыз «Жаз» жарқырап, жайдарлы, әр уақытта күлімдеп, нұрын шашып жүреді. Үшінші қызы «Күз» басқа қыздарға қарағанда жылауық, жаңбырлы болады, бірақ қолы ашық мырза екен. Ал кіші қызы «Қыс» басқа қыздарына қарағанда салқын, қаталдау. Қыздары бой жетіп, саналы да салмақты қыз болып өсіпті. Осы қыздарын домалақ ана өздерінің құтты орындарына қондырыпты. Қыздары от жағып, киім тігіп үй шаруасын дөңгелетіп істейді. Үлкен қызы арыстай үш ұл туып, үшеуі де ел қорғаған батыр болыпты. Екінші қызы үш қыз туып үшеуі де адамзатқа жан жылуын сыйлай білетін мейірімді қыздар атаныпты. Үшінші қызы жаздай жайдарлы үш қызды дүниеге әкеліпті. Төртінші қызы берекесі мен ырысы мол, қолдары ашық, келген қонақты қадір тұтатын, қонақжай үш қыз өсіріпті. Осы төрт қыздан өрбіген ұрпақтары елге, халқына пайдасын тигізіп, ел аузында аттары аңызға айналыпты. Олар жылдың төрт мезгілі мен он екі айы екен. www.balakai.kz Дескриптор Мәтіннің тақырыбын тауып айтады Сұрақтарға жауап береді Сұрақтар мен жауаптарды тауып беттестіреді Негізгі ойды айтады Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау Саралау тәсілі-«Қарқын» 2. Жеке жұмыс.	

Мәтіннен түбір сөзге -ы, -і дауысты дыбысынан басталатын қосымша жалғанған сөздерді дәптерге көшіріп жазыңдар. Сөздердің түбірін тауып, түбір сөздің жазылуындағы өзгерістің себебін айтыңдар.

Дескриптор

Сөздердің түбірін табады

Түбір сөзге -ы, -і дауысты дыбысы жалғанып өзгерген сөзді айтады

Түбір сөзге -ы, -і дауысты дыбыстары жалғанғанда сөздердің жазылуы өзгертінін айтады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Сөйлем мүшелері
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 3.4.2.7 сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату.
Сабақ мақсаты:	Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін ажыратып жазады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Қарқын»

1.Топтық жұмыс. «Сұрақты қағып ал» әдісі

Оқушылардың жақсы, ойлы сұрақ құрастыру, тұжырымдау дағдылары дамиды.Топтар сұрақ құрастырады, сағаттың тілімен құрастырған сұрақтарын келесі топқа лақтырады. Басқа топтар қағып алып топтасып жауап береді.

Мәтінді оқыңдар. Мәтін мазмұны бойынша топтасып, пікір білдіруге бағытталған 1 сұрақ құрастырыңдар және жауап беріңдер.

Ең жас цирк

Шымкент-циркі – әлемдегі ең жас цирктердің бірі. Оның аренасында акробаттар, сайқымазақтар, сиқыршылар және үйретілген жануарлар еңбек етеді.

Шымкент циркі көптеген байқаулардың жүлдегері. Цирк ұжымы «Шабьт», «Азия жаңғырығы» фестиваліне қатысып жеңіске жеткен. Цирктің репертуары өте қызықты. Әсіресе, аю, піл, маймыл сияқты жануарлар қоятын нөмірлер балаларға қатты ұнайды. Сиқыршылары тіпті керемет! Ал, акробаттар аренаға шыққанда қазір құлап кетеді-ау деп қорқасың. Сайқымазақтар балаларды күлдіреді. Олар балаларға көп қуаныш сыйлайды.

Цирк ұжымы өз көрермендерін таң қалдыратын қызықты нөмірлер жасаудан шаршамайды.

Дескриптор

Топтасып пікір білдіруге бағытталған 1 сұрақ құрастырады

Сұрақтарға өз пікірін білдіріп жауап береді

Қалыптастырушы бағалау: Топта бағалау

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

2.Жеке жұмыс.

Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерге сұрақтар қоя отырып, ажыратып астын сызыңдар.

Әсіресе, аю, піл, маймыл сияқты жануарлар қоятын нөмірлер балаларға қатты ұнайды. Сайқымазақтар балаларды күлдіреді. Олар балаларға көп қуаныш сыйлайды.

Дескриптор
 Сөйлемдегі тұрлаулы мүшелерге сұрақтар қояды
 Тұрлаусыз мүшелерге сұрақтар қояды
 Тұрлаулы мүшелердің астын сызады.
 Тұрлаусыз мүшелердің астын сызады.
 Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Бастауыш
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау 3.4.2.7* сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату
Сабақ мақсаты:	Мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер бойынша мәтіннің мазмұнын болжау Сөйлемнің тұрлаулы мүшесі бастауышты ажыратып астын сызады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Дереккөз»

Топтық жұмыс. «Болжау» әдісі

Топта бірлесіп «Киіз үй туралы ертегі» тақырыбы мен берілген суреттерді қолданып мәтіннің мазмұнын болжаңдар. Топтан бір оқушы шығып өз нұсқаларыңды айтыңдар.



narisyu.com



ru.freepik.com



for-teacher.ru

Дескриптор

Тақырып пен суреттерді қолданады

Сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс құрады

Ойын жүйелі жеткізеді

Қалыптастырушы бағалау: топта бағалау

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

Жұптық жұмыс.

Мәтінді оқыңдар. Жұптасып мәтіннен сұрақ қоя отырып сөйлемнің тұрлаулы мүшесі бастауышты тауып, астын сызыңдар

Киіз үй туралы ертегі

Ерте-ерте, ертеде екі егіз бақташы болыпты. Олар арба үстінде өмір сүреді.

Үйі жоқ болғандықтан бір жерден екінші жерге көшіп жүреді. Біреуі тақия киіп жүрсе, екіншісі шашын өріп алады. Кейде екеуі анасына келіп, армандарын айтады. Ұзын шаштысы: «Мен қойларым көп болғанын қалаймын. Қойым көп болса аштық пен жоқтықты білмес еді. Екіншісі саудагерден сатып алған тақиясын киіп алып, үндемей өз ісімен кетті. Күндегі әдетінше, қойларын бағып, малдың соңында жүре берді. Жаз жеткенде тау бөктеріне жайлауға көшті. Бірде қарлы тау қозғалғанын көріп, жүрегі аузына тығылып, қатты қорқады. Бұл құбылыс жақын жерде болды. Тауды аса таяқпен ұрып тұрған дәуді көрді.

-Тақияң жақсы екен. Ол кенет аса таяғымен қойшының тақиясын басынан ұшырып түсірді. Бір кезде тау дірілдеп, ортасынан қақ жарылды.Бақташының арқасына тастар құлап, жалғыз аяқ жолмен төмен қарай сырғи жөнелді. Сол жерден өз тақиясын көріп таң қалады. Көлемі өте үлкен боп кетіпті. Нағыз үйдің бейнесіндей. Тақиясын айналып, не істерін білмейді. Аяқ астынан жаңбыр жауып кетеді. Баласы арбаға қарай жүгіреді. Ал өзі пышақты алып, тақиясын кесіп, ішіне кіретін есік жасайды да, тақиясының ішіне кіреді. Іші құрғақ әрі жылы екен. Сөйтіп отбасымен бірге тақия ішінде тұра бастайды. Көршілері де осындай жылы, жайлы үй салуға көшеді.

Ата-бабамыз қоныс еткен киіз үй осылай пайда болған екен.

Дескриптор

Мәтіннен сұрақ қоя отырып бастауышты табады

Астын сызады

Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау

Тақырыбы:	Баяндауыш
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау 3.4.2.7* сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату
Сабақ мақсаты:	Мәтіннің тақырыбы мен берілген фотолар бойынша мәтіннің мазмұнын болжап айтады Сөйлемнің тұрлаулы мүшесі баяндауышты ажыратып астын сызады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Дереккөз»

1.Жұптық жұмыс. «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі

Бұл әдіс оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін пайдаланылады. Сұрақ қойыңыз, ойластыруға уақыт беріңіз. Оқушыларға жаңа тақырыпты айтыңыз және осы тақырып бойынша өздері білетін барлық жағдайды көршісіне айтуын ұсыныңыз.

Жұпта бір-біріне «Сәулетті үйлер» тақырыбы мен берілген фотолар бойынша мәтіннің мазмұнын болжап айтыңдар.



happylove.top



top-fon.com



www.ticati.com

Дескриптор

Тақырып пен фотоларды қолданады

Сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс құрады

Ойын жүйелі жеткізеді

Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

2. Жеке жұмыс.

Мәтіннен баяндауышты тауып, астын сызыңдар

Бұрынғы заманда баспаналар бір-біріне өте ұқсас еді. Әдетте, олар бұтақтардан, камыстан

кейінірек сазбалшықтан тұрғызылды.

Уақыт өте келе құрылыс салу ісі де өзгерді. Бай адамдар сәулетті сарайларда тұрғысы келді. Ондай сарайларды тұрғызу үшін шеберлік пен терең білім қажет болды. Тұрғын үйлерден де басқа құрылыстар-мешіттер, стадион, театр, кітапханалар салына бастады. Мұндай кешендер құрылысын ойлап тапқан адамды сәулетші деп, ал олардың туындыларын сәулет өнері деп атайды.

Сәулет өнері- адамдардың әдемі және ыңғайлы өмір сүруіне арналған өмір.

Дескриптор

Мәтіннен сұрақ қоя отырып баяндауышты табады

Астын сызады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша.
Бөлім	Оқылым, жазылым
Оқу мақсаты:	3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау 3.3.7.2 мұғалім көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қою
Сабақ мақсаты:	Берілген тақырып, сұрақ бойынша мәтіннен алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашады. Мұғалім көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын табады және қойып жазады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

1.Жұптық жұмыс. «Талқылау сұрақтары»

Мәтінді оқындар. Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, мәтіндегі қызықты ақпараттардың мағынасын сөздіктер арқылы ашып айтыңдар. Мәтіннен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын тауып, дұрыс қойып жазыңдар.

Саяхат

Көктемгі каникул күндері басталды. Бәріміз алып-ұшып жүрміз. Қуанбай ше!? Көптен бері көргіміз келген ерекше кесене Қожа Ахмет Яссауи мавзолейіне саяхаттауға барамыз.

Сынып болып алыс жолға алғаш рет шыққалы отырмыз. Барлығы толқуда. Досым Айдын да ерекше шаттанып жүр. Ата-бабаларымыз жатқан қасиетті орынды көруге бәріміз асықпыз. Ойын-күлкімен Түркістан қаласына тез-ақ жеттік. Міне, қасиетті, киелі Яссауи сәулетті мавзелей. Қандай биік, ғаламат ғимарат! Тайқазан өте үлкен екен. Қазан әйгілі қолбасшы Әмір Темірдің айтуымен жасалыпты. Әр бөлме ұлтымыздың өмір сүрген бір белгілі уақытын көрсететіндей. Қаншама қолөнер туындаларын айтсаңшы!

Саяхаттан өте көңілді оралдық. Тезірек үйге жетіп, әсерімізбен бөліскенше асықпыз.

-Оқушылар неге қуанды?

-Олар саяхатқа қайда барады екен?

-Олар қандай орынды көруге барды?

-Неліктен Яссауи қасиетті, киелі деп ойлайсың?

-Автор бөлмелерді қалай сипаттайды?

-Мәтінде Тайқазан туралы не айтылған?

Дескриптор

Сұрақтарға жауап береді

Жаңа сөздерді айтады

«Қожа Ахмет Яссауи» мавзолейі, «Тайқазан» туралы шағын ақпаратты сөздіктен іздейді
 Жаңа сөздердің мағынасын айтады
 Мәтіннен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын табады
 Орнына дұрыс қойып жазады
 Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау

Тақырыбы:	Тұрлаулы мүшелер
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 3.4.2.7 сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату.
Сабақ мақсаты:	Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін ажыратып астын сызады.

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

1. Үштік жұмыс. «Үш қадамды сұхбат» әдісі

«Үш қадамды сұхбат». Бұл әдісте 3 оқушы қатысады. Журналист, респондент, жазушы.
 1-қадам. Журналист мәтін бойынша сұрақ қояды.
 2-қадам. Жазушы сұрақты жазып отырады.
 3-қадам. Респондент сұраққа жауап береді.

Мәтінді оқыңдар. Үш-үштен бірлесіп мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырыңдар. Үш қадамды сұхбат бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

«Уақыт патшалығы» ертегісі

Ерте, ерте, ертеде Уақыт патшалығын Жыл атты патша билепті. Жыл патшаның мінездері әр түрлі төрт ұлы болыпты. Олар: Көктем, Жаз, Күз және Қыс. Осы төрт ұлының әрқайсысында үш баладан болған екен. Көктем ұлынан Наурыз, Сәуір және Мамыр атты үш немересі бар екен. Жаз ұлынан Маусым, Шілде, Тамыз атты немерелері, Күз ұлынан Қыркүйек, Қазан, Қараша атты немерелері тараса, Қыс ұлынан Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан атты немерелері тараған екен. Патша өз тағына мұрагер етіп ұлдарын емес, немерелерін тағайындауды жөн көріпті. Содан ол өзінің тағына немерелерінің арасынан біреуін тағайындайтынын жария етеді. Сонымен қатар, ол мұрагері білімді, өнерлі, халыққа қызмет етуі керектігін де айтады. Барлық немерелері Жыл патшаның алдына келіп, білімдерін, талантын көрсетеді. Барлығы бірінен-бірі асып түседі. Немерелерінің бұл өнері мұрагерді таңдауда патшаға қиыншылық тудырады. Әрі ойланyp, бері ойланған патша мынадай жарлық шығарады: Менің мына «Уақыт» патшалығым тұрғанда менің немерелерімнің барлығы да патша болады. Олардың барлығы халық үшін өздерінің еңбектерін ұсынып отыр. Сондықтан немерелерімнің әрқайсысы отыз күннен патшалық етсін!

Міне, осы жарлықтан кейін патшалықта әр отыз күн сайын халыққа Жыл патшаның он екі немересі үлкенінен кішісіне қарай заңдылықпен патшалық етіп отырыпты деседі.

Дескриптор

Пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады

Сұрақтарға өз пікірлерін білдіріп жауап береді.

Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау

Саралау тәсілі-«Қарқын»

2. Жеке жұмыс.

Сөйлемдердегі тұрлаулы мүшелерді сұрақ қоя отырып анықтап, астын сызыңдар.
Ерте, ерте, ертеде Уақыт патшалығын Жыл атты патша билепті. Барлық немерелері Жыл патшаның алдына келіп, білімдерін, талантын көрсетеді. Патша өз тағына мұрагер етіп ұлдарын емес, немерелерін тағайындауды жөн көріпті.

Дескриптор

Сөйлемдердегі тұрлаулы мүшелерді сұрақ қойып анықтайды

Астын сызады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін өзі бағалау

Тақырыбы:	Тұрлаусыз мүшелер
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау 3.4.2.7* сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату
Сабақ мақсаты:	Мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер бойынша мәтіннің мазмұнын болжап айтады Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін ажыратып айтады және астын сызады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Дереккөз»

1. Жеке жұмыс. «Суретті сөйлет» әдісі

«Босқа кеткен уақыт» тақырыбы мен берілген суретті байланыстырып, мәтіннің мазмұнын болжап айтыңдар



Дескриптор

Тақырып пен суретті қолданады

Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырады

Ойын жүйелі жеткізеді

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

2. Жұптық жұмыс.

Мәтінді оқыңдар. Мәтіннен сұрақ қоя отырып, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін анықтаңдар және астын сызыңдар.

Босқа кеткен уақыт

Сыныптасы Даниярмен бірге компьютер клубқа келді. Қызық ойындар ойнап отырып, кеш болып қалғанын байқамапты. Данияр: «Барайық», - деп қоймаған соң анасы азық-түлік, нан әкел деп тастап кеткен ақшаның бәрін алып шыққан. Сол ақша таусылғанша ойнады. Анасы тапсырып кеткен үй жұмыстарын да істемеді, тамақ та ішпеді.

Үйге келген соң апыл-ғұпыл дастарқандағы бар нанды жеп алды. Анасының жұмыстан келетін уақыты жақындап қалды. Шашылып жатқан үйді көргенде, ақшаны түгел құртқанын білгенде анасының ренжитінін түсінді. Оның үстіне азық-түлік те, нан да сатып алмады. Ақша табамын деп таңнан кешке дейін жұмыс істеп жүрген анасы есіне түскенде жаны ашып кетті. Бұдан былай ойынмен уақытты босқа өткізбеуге өзіне-өзі уәде етті. Бүгін болған жағдайды анасына қалай түсіндіруді ойлап көңілі түсті. Тез-тез үй жинауға кірісті.

Дескриптор

Сұрақ қойып, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін анықтайды

Астын сызады.

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Сөйлем мүшелерінің байланысы
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау; 3.4.2.7* сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату
Сабақ мақсаты:	Өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтап айтады. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін ажыратады және олардың байланысын анықтап жазады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

«Ыстық орындық» әдісі

Оқушылардың сұрақ қою дағдысы қалыптасады және сұрақ қою арқылы өзара ашық пікірлеседі. Сыныптағы кез-келген оқушыны «Ыстық орындыққа» отыруға шақырады. Оқушы ортада тұрған үстелге отырып тапсырма бойынша қойылған сұрақтарына жауап береді. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру қажеттігін мұғалім түсіндіреді. Сұраққа жауап бере алмаған жағдайда «күйді» деп ескерту беріледі. Осылайша бес немесе алты оқушы «Ыстық орындыққа» отыру арқылы үй жұмысын немесе жаңа сабақты қорытындылауға бойынша сұрақтарға жауап береді

1. Жұптық жұмыс. «Ыстық орындық» әдісі

Мәтінді оқыңдар. Жұпта бірлесіп мәтіннің мазмұнына қарай тақырыбын анықтандар және сұрақтарға жауап беру арқылы негізгі ойды айтыңдар.

Сұрақтар:

-Айсұлу мен Күнсұлу неліктен жанжалдаса береді?

-Ашу қысқан Күнсұлу не істеді?

-Айсұлу сыртқа неліктен түнде ғана шығады?

-Айсұлу мен Күнсұлу неліктен бір-бірімен көріспейді екен?

Өткен заманда біреудің Айсұлу және Күнсұлу деген екі қызы болыпты. Екеуі де теңдесі жоқ сұлу екен.

Бірінен бірі асқан сұлумен деп, бірімен бірі үнемі ұрысып, жиі жиі жанжалдасып қалады екен. Бір күні Күнсұлу іс тігіп отырған Айсұлуға тиісіп: - Сенен мен сұлумен! – дейді. Ал Айсұлу болса:

- Жоқ, сен сұлу емессің, мен сұлумен! – деп таласады. Ақыр аяғында бұл талас

үлкен шатаққа айналады. Ыза қысып, әбден ашуланған Күнсұлу өзіне қарсы келіп отырған Айсұлудың бетін тырнап алады. Күнсұлу тырнағының дағы Айсұлудың бетіне өшпестей болып тиеді. Міне, содан бері Айсұлу жұрттан ұялып, тек түнде ғана тысқа шығады екен. Ал, бейбастықпен қатты ұятқа қалған Күнсұлу түн қараңғылығында бұғып жатады екен. Содан бері Айсұлу мен Күнсұлу біріне-бірі көрінбей, бірінен-бірі жасырынып, аулақтап жүреді екен.

Дескриптор

Мәтіннің тақырыбын табады

Сұрақтарға жауап береді

Негізгі ойды сұрақтар арқылы анықтап айтады.

Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау

Саралау тәсілі-«Қарқын»

2.Жұптық жұмыс.

Жұпта бірлесіп сұрақтар қою арқылы сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін тауып, олардың сөйлемдегі байланысын анықтап астын сызындар.

Ыза қысып, әбден ашуланған Күнсұлу өзіне қарсы келіп отырған Айсұлудың бетін тырнап алады. Міне, содан бері Айсұлу жұрттан ұялып, тек түнде ғана тысқа шығады екен.

Дескриптор

Сұрақтар қою арқылы сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін табады

Тұрлаусыз мүшелерін табады

Сөйлемдегі байланысын сұрақ қоя отырып табады

Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау

Тақырыбы:	Жалаң және жайылма сөйлем
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру 3.4.2.8 мұғалімнің көмегімен жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату
Сабақ мақсаты:	Бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне өз көзқарасын білдіріп айтады Мұғалімнің көмегімен жалаң және жайылма сөйлемдерді ажыратып жазады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

1.Топтық жұмыс. «Кейс – стади» әдісі

«Кейс – стади» әдісі

Нақты болған немесе ойдан шығарған жағдаятты талдау, болжау. Мәселелерді шешуге, баламасын анықтауға, мақсаттарын айтуға, талдауға мүмкіндік береді. Жұмысты жүргізу үшін бір жағдаят ұсынылады, оны бөліп-бөліп кезекпен оқиды, немесе айтады, қалғандары талдау жасап, өз ойларын ортаға салады.

Бейнежазбаның бірінші бөлімін қарап тыңдаңдар. Топта бірлесіп бейнежазба мазмұнын сұрақтар арқылы талқылаңдар. Айтылған пікіріге өз көзқарастарыңды білдіріп айтыңдар.

<https://youtu.be/lhuEr4PTkck?si=dYIlraZgZeN8fwxV>

Ай өзіне не тіктіргісі келеді?

Қалай ойлайсыңдар, Ай келген сайын көйлек неліктен тар бола береді?

Шын мәнінде тігінші қателесті ме? Неліктен?

Дескриптор

Бейнежазбаны талқылайды

Айтылған пікіріге өз көзқарастарын білдіреді

Өзгенің пікіріне келіседі

Келіспеу себебін айтады

Қалыптастырушы бағалау: Топта бағалау

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

2.Жұптық жұмыс.

Мәтін бөлігін оқыңдар. Мәтіннен жалаң және жайылма сөйлемдерді анықтап дәптерге көшіріп жазыңдар.

Ай көйлек тіктірді. Тігінші айдың бойын өлшейді. Көйлекті пішіп, тігуге кіріседі. Ай қуанады. Көйлегін алуға асығып келеді. Көйлек тар және қысқа шығады. Ай жылайды. Тігінші көйлекті қайта тігеді.

Дескриптор

Мәтіннен жалаң сөйлемдерді анықтап жазады

Мәтіннен жайылма сөйлемдерді анықтап жазады

Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау

III-тоқсан

Тақырыбы:	Сөз таптары
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу
Сабақ мақсаты:	Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді Сөйлемнен зат есім, сын есім, сан есім, етістікті тауып жазады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

Топтық жұмыс. «Автормен сұхбат» әдісі

Ортаға әңгіменің авторы болып бір оқушы шығып орындыққа отырады. Басқа оқушылар оған сұрақтар қояды, ол автор ретінде жауап береді. Автор кез-келген оқушы болады және автор ауысып тұрады.

Топта бірлесіп, мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырыңдар. Сұрақты авторға қойыңдар

Періште атты ит

Бір адам зоодүкеннен Періште атты ит сатып алады. Үйге әкеліп тамақ құйып береді. Періште тамақ ішпей басын бұрышқа тығып алады. Иесі кетсе тамақ ішеді де, жақындаса басын қайта бұрышқа тығады. Мұны иесі еш түсінбейді. Итті құшақтап, сипап, жақсы тағамдар беріп көреді. Алайда, еш нәтиже болмайды. Иттің иесі қатты таңғалады. Иесі зообаққа барып Періштенің неге бұлай жасайтынын сұрайды. Сөйтсе, Періштенің зообақта кішкентайынан бірге өскен Қара жігіт деген ұялас бауыры бар екен. Иесі Қара жігітті үйге алып келеді. Періште қатты қуанып, секіріп бауыры екеуі бірге ойнай жөнеледі. Иесі таңқалады. Періштенің басын бұрышқа тығып алатын әрекеті, иесіне бауырын алып келуін өтініп көрсеткен қылығы екен.

Дескриптор

Пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады

Сұрақтарға өз пікірін білдіріп жауап береді

Қалыптастырушы бағалау: топта бағалау

Саралау тәсілі-«Қарқын»

Жеке жұмыс.

Сұрақ қою арқылы мәтіннен сөз таптарын тауып астын сызады

Сөйлемдерді дәптерге жазады

Дескриптор

Сұрақ қою арқылы мәтіннен зат есімді табады, астын сызады

Сұрақ қою арқылы мәтіннен сын есімді табады, астын сызады

Сұрақ қою арқылы мәтіннен сан есімді табады, астын сызады

Сұрақ қою арқылы мәтіннен етістікті табады, астын сызады

Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Зат есім
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу
Сабақ мақсаты:	Өңгімені тыңдап тірек сөздерді белгілейді, ашық және жабық сұрақтарға жауап береді Сөйлемнен зат есімді тауып астын сызады.

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Дереккөз»

1. Жеке жұмыс. «Кейіпкермен сұхбат» әдісі

Ортаға әңгіме кейіпкерінің бірі шығады. Оқушылар кейіпкерге сұрақ қояды. Кейіпкер сұраққа жауап береді. Кейіпкерлер ауысып отыруына болады(әңгімедегі барлық кейіпкерлер)

<https://youtu.be/9MRH2F86iEI>

Өңгімені тыңдап тірек сөздерді қарындашпен белгілеңдер, ашық және жабық сұрақтарға жауап беріңдер

Аурудан - аяған күштірек

Ыбырай Алтынсарин

Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынған шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып, таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі:

- Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың? — деп сұрады. Сейіт, шешесі шығып кеткен соң демін алып, сынықшыға сыбырлап айтты дейді: -Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын, — деді.

Сұрақтар:

-Сейітке не болды?

-Анасы неліктен ауырып қалды?

-Сейіт өзінің қиналғанын неліктен білдірмеді?

-Сынықшы Сейіттен не сұрады?

-Сейіт сынықшыға не деп жауап берді?

Дескриптор
 Өңгімені тыңдап тірек сөздерді белгілейді
 Ашық және жабық сұрақтарға жауап береді
 Жабық сұрақтарға жауап береді
 Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау
 Саралау тәсілі-«Қарқын»

2. Жеке жұмыс.

Сұрақ қою арқылы сөйлемнен зат есімді тауып, астын сызындар.

Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Мұны көрген Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып, таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты.

Дескриптор

Сұрақ қою арқылы сөйлемнен зат есімді тауып, астын сызады.

Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Негізгі және туынды зат есім
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау 3.4.2.4* негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау
Сабақ мақсаты:	Мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер бойынша мәтіннің мазмұнын болжап айтады Негізгі және туынды зат есімді анықтап табады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Дереккөз»

1.Топтық жұмыс. «Суретпен болжау»әдісі

Топта бірлесіп «Еріншек етікші» тақырыбы мен берілген суреттер бойынша мәтіннің мазмұнын болжап айтындар.



www.zharar.com

zhanagorgan-tynysy.kz

Дескриптор

Тақырып пен берілген суреттерді қолданады

Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырады

Ойын жүйелі жеткізеді

Қалыптастырушы бағалау: топта бағалау

Саралау тәсілі-«Қарқын»

2. Жеке жұмыс.

Мәтінді оқыңдар. Мәтіннен негізгі және туынды зат есімді тауып жазыңдар.

Еріншек етікші

Ешбір жұмыс тындырмас, шөптің басын сындырмас, еріншек етікші болыпты. Еріншек етікшінің үш ешкісі бар екен. Күн суытып, қыс түсіп келе жатқанын көре тұра еріншек ешқандай қам жасамапты. Ешкілеріне азықтық жем-шөп жинамапты. Бір түнде боран қар жауады да, жердің бетін ақ көрпе бүркеп қалыпты. Ешкілері енді бұрынғыдай өрістеп жайыла алмай, суық қорада бүрісіп, дірдектеп тұрады.

Етікші, керек десең, сыртқа шығуға да ерініп, әйеліне:

- Барып көріп келші, ешкілерге не болып жатыр екен,-деп жұмсайды. Әйелі барып көріп келеді де:

-Бір ешкі өліп қалыпты,-дейді. Сонда еріншек:

-Е, мал іші болған соң, өлім-жітімі де болады ғой,- деп жата беріпті. Ертеңіне еріншек ешкілерді көріп келуге әйелін тағы жұмсайды.

-Тағы бір ешкі өліп жатыр,— деп келеді әйелі. Еріншек келесі жамбасына аунап түсіп:

-Мал іші болған соң, өледі де,— дейді де қояды.

Үшінші күні етікші әйелін "малды көріп кел" деп тағы да жұмсайды. Әйелі жалғыз ешкінің де қатып қалғанын айтып келеді. Сонда етікші жаны жай тапқандай, бір аунап түсіп:

- Бәйбіше, біздің малдың өлімі осымен тыйылған да шығар,-депті.

А.Оралқызы

Дескриптор

Мәтіннен негізгі зат есімді тауып жазады

Мәтіннен туынды зат есімді тауып жазады

Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Зат есімнің тәуелденуі
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 3.4.2.2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу
Сабақ мақсаты:	Тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрап айтады Тәуелдік жалғауларын қолданып жазады
Тапсырма	
Саралау тәсілі-«Топтау»	
1.Топтық жұмыс. «Терминдермен болжау» әдісі	
Топта бірлесіп тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, «Менің әкем» тақырыбы бойынша әңгіме құрап айтыңдар.	
Термин сөздер: әкем, қыста, туылды, сүйінші, ұл, құтты болсын, шілдехана, қуану	
Жоспар:	
1. Баланың туылуы	
2. Алыстағы әкесінен сүйінші сұрауы	
3. Туыстардың бата беруі	

4. Шілдеhana той беруіс

Дескриптор

Тірек сөздер қолданады

Жоспарды қолданып сөйлемдер құрады

Сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс айтады

Ойын жүйелі жеткізеді

Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

2. Жеке жұмыс.

Мәтінді оқыңдар. Мәтіннен тәуелдік жалғаулары қолданылған зат есімдерді тауып астың сыз.

Менің әкем

Момыш әкемнің айтуынша, мен мың да тоғыз жүз оныншы жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған соң, Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып, әкеме де хабаршы жіберіпті. Біздің ауылдың Байтоқ деген кісісі алпыс шақырым Әулиеатаға ат сабылтып жетіп, әкем жатқан үйге кіріп келіп, бір ауыз сөз айтуға дәрмені келмей, Момышты құшақтап жылай беріпті. Әкемнің қарындасының үй-іші үрпиісіп, бір жаманат хабар жеткен екен деп қорқып қалады. Ақыры Бәрі Байтоқты жұлмамай, «не боп қалды, айтсаңшы» деп тақақтағанда ғана, Байтоқ:

- Жеңешем ұл тапты, - депті. Үрейден үрпиіскен жұрт енді мәз-мәйрам болып, қуаныштары қойындарына сыймай, Байтоққа сүйіншісін беріп аттандырыпты! Әулиеатадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жекжат құтты болсынға жиналып қалған екен.

- О, Момыш, балаңның бауы берік болсын!

- Ақментей бабасындай батыр болсын!

- Ақмолда Батыр бабасындай мәрт болсын!

- Бәйдібек батырдың әруағы қолдасын!

- Домалақ анамыз жар болсын! - десіпті. Сөйтіп, шілдеhana тойға ұласыпты.

Дескриптор

Мәтіннен тәуелдік жалғаулары қолданылған зат есімдерді тауып астың сызады

Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Етістік туралы білетінімді еске түсіремін
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу
Сабақ мақсаты:	Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді Сөйлемнен етістікті табады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

1. Жұптық жұмыс. «Автормен сұхбат» әдісі

Мәтінді оқыңдар. Жұпта бірлесіп мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырыңдар және жауап беріңдер.

Менің атым Қожа

...Мен бір, екеудің орнына тіс порошогінен босаған қаңылтыр қобдишаға толтырып, бес бақа әкелдім. Оның біреуі ғана үлкендеу еді де, басқалары кішкентай ұсақ бақалар

болатын. Бірінші сабақ қазақ тілі. Класқа Майқанова кірді. Класс журналы мен сумкасын менің алдыма стол үстіне қалдырып, өзі тысқа шығып кетті. Қоңырау әлі бола қоймаған. Сол кезде сап етіп басыма бір қызық ой келе қалды. Кішкентай бақаның бірін Майқанованың сумкасына сүңгіттім. Не болар екен? Қоңырау соғылды, сабақ, басталды. Тізім шақырып болғаннан кейін, Майқанова сумкасын ашты, қол орамалын суырып алды. Сол кезде кішкентай қарасұр бақа қол орамалмен қоса секіріп шығып, секемшіл мұғалімнің қолының дәл үстіне қонбасы бар ма. Майқанованың шаңқ еткен дауысы бір-ақ шығып үлгерді. Өңі құп-қу болып, сылқ етіп құлап бара жатыр... Майқанова содан сабаққа екі күн бойына келмеді. Шошынып, ауырып қалыпты. Жұмысқа бүгін ғана шығып отыр. Бүкіл мектепті даңғазға қылған бақа оқиғасының мән-жайы, міне, осындай.

(Б.Сокпақбаев)

Дескриптор

Жұпта мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады
Сұрақтарға өз пікірін білдіріп жауап береді.

Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

2. Жеке жұмыс.

Сөйлемдерді көшіріп жазып, сұрақ қою арқылы етістікті табыңдар. Астын сызыңдар.

Класқа Майқанова кірді. Класс журналы мен сумкасын менің алдыма стол үстіне қалдырып, өзі тысқа шығып кетті. Сол кезде сап етіп басыма бір қызық ой келе қалды. Кішкентай бақаның бірін Майқанованың сумкасына сүңгіттім. Қоңырау соғылды, сабақ, басталды. Майқанова содан сабаққа екі күн бойына келмеді. Шошынып, ауырып қалыпты.

Дескриптор

Сұрақ қою арқылы етістікті табады.

Астын сызады.

Қалыптастырушы бағалау: өзара бағалау

Тақырыбы:	Негізгі және туынды етістік
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін, жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу 3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау
Сабақ мақсаты:	Мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін көркем мәтін бе, ғылыми-танымдық мәтін бе, салыстырады, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табады. Мәтіннен негізгі және туынды етістікті анықтап жазады
Тапсырма Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау» 1.Топтық жұмыс. Мәтіндерді оқыңдар. Топта бірлесіп, мәтіндердің көркем мәтін бе, ғылыми-танымдық мәтін бе, салыстырып талқылаңдар. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тауып айтыңдар. Айуанның естісі көп бірақ адамдай толық ақылы жоқ Ит адамға шын дос жануар. Дүние жүзінде иттің неше атасының ұлы бар: біреуі қора, біреуі үй күзетеді, біреуі малшы орнына мал бағады, біреуі аң, құс алып береді, біреулері, тіпті, ат орнына жегіліп те жүреді; бұлардың бәрін де екінші кітапта уақытымен айтармыз.	

Англия жұртының ең үлкен Лондон деген қаласында өрт болған уақытта, күйіп жатқан үйдің ішінде қалған балаларды алып шығуға үйретілген иттер бар. Соның біреуі Боб деген ит он екі баланы өрттен алып шығыпты. Бір күні бір үй жанып, өрт сөндіргіш адамдар келген уақытта, бір қатын жылап тұрды, балам жанып жатқан үйде қалды деп. Өртшілер әлгі Бобты жіберді: Боб баспалдақпен үйге кіріп, түтін ішінде жоқ боп кетіп, біраздан соң баланы көйлегінен **тістеп** қана алып келді. Шешесі қуанып баласын алды, өртшілер иттің өрт шалған жері жоқ па деп қарап тұрғанда, Боб өршеленіп жанған үйге қарай тағы ұмтыла беріпті. Өртшілер **ойлады** шамасы үйде тағы бір бала бар шығар деп; сонымен Бобты және қоя берді.

Біраздан соң Боб, ауызында бір затты **тістеп**, үйден жүгіріп шыға келді. Қараса, әкелгені бір үлкен қуыршақ екен.

<https://stan.kz/ybyray-altynsarinnin-olenderi-men-an/>

Ит-адамның досы

Ит – адамның ең адал және ақылды досы.

Иттің иіс сезгіш қабілеті, адамнан кем дегенде 10000 есе артық. Ал есту қабілеті 10 есе жоғары. Ит – қасқырдың тікелей ұрпағы. **Ойлау** деңгейі – 2 жасар баламен бірдей. Олардың орташа өмір сүру ұзақтығы – 10-15 жыл. Жүрегінің соғуы адаммен бірдей, минутына 60-100 соққы. Жаңа туылған күшік соқыр және саңырау болады. Екі күннен кейін ғана көздері көре бастайды. Құйрығын қозғалтса, бұл қуаныштың немесе шыдамсыздықтың белгісі. **Биле, атта**, секір дейтін бұйрықты орындайтын да иттер бар. Ең ұзын иттің бойы – 2 метр 20 сантиметр. Үрмейтін иттің тұқымы – Басенджи деп аталады.

Ең ұзақ өмір сүрген ит – 29 жасында қайтыс болды.

<https://faktiler.kz/>

Дескриптор

Бірлесіп талқылау арқылы көркем мәтінді анықтайды

Бірлесіп талқылау арқылы ғылыми-танымдық мәтінді анықтайды

Мәтіндердің ұқсастықтарын тауып айтады

Айырмашылықтарын тауып айтады

Қалыптастырушы бағалау: топтық бағалау

Саралау тәсілі-«Қарқын»

2. Жеке жұмыс.

Мәтіндегі негізгі және туынды етістіктерді сұрақ қоя отырып тауып, екі баған етіп жазындар. Етістіктерді сөз құрамына талдап, қай бағандағы етістіктердің түбірі зат есім екенін айтындар

Дескриптор

Мәтіндегі негізгі етістіктерді сұрақ қойып табады

Мәтіндегі туынды етістіктерді сұрақ қойып табады

Екі баған етіп жазады

Етістіктерді сөз құрамына талдайды

Қай бағандағы етістіктердің түбірі зат есім екенін айтады

Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Болымды ж/е болымсыз етістік
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу 3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын

	анықтау
Сабақ мақсаты:	Қоғамдық ортада қарым-қатынас жасауда өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап сөйлейді, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысады Болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтайды

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Дереккөз»

1.Жұптық жұмыс.

Жұпта бірлесіп, суреттер арқылы сөйлеу мәдениетін сақтап «Автобустағы оқиға»тақырыбы бойынша диалог құрыңдар. Диалог барысында болымсыз етістіктерді қолданыңдар



Дескриптор

Тақырып пен суреттерді қолданады

«Кешіріңіз»,«Көп жаса»,«Өркенің өссін»сөздерін қолданады

Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырады

Ойын жүйелі жеткізеді

Диалог барысында болымсыз етістіктерді қолданады

Қалыптастырушы бағалау: өзара бағалау

Саралау тәсілі-«Қарқын»

2.Жеке жұмыс.

Мәтіннен болымды және болымсыз етістіктері бар сөйлемдерді тауып жазыңдар. Олардың айырмашылығын анықтап айтыңдар.

«Автобустағы оқиға»

Бір күні қария шал автобуска отырады. Автобуста мүлдем отыратын орын жоқ екен. Ең соңғы орындықта екі ұл бала отыр. Ата солардың қасына барып тұрды. Екі ұлдың біреуі атаны көріп, орнынан атып тұрып орын береді. Қасындағы ұл бала оны көріп, орын берме, біз ғой бірінші осы орынға отырған дейді. Сол кезде бала атаны отырғызып былай жауап береді. «Үлкенге құрмет-кішіге ізет» деген сөз бар емес пе? Үлкен кісілерді құрметтеп сыйлауымыз керек. Сол кезде ғана бізді ата-анамыз мақтан тұтады-деп жауап қайтарады. Сен де орынсыз қылық жасама, үлкендерге орын бер, әдепсіз болма-деді. Орын бермеген бала не айтарын білмей, беті қызарып кетті.

Дескриптор

Мәтіннен болымды етістіктері бар сөйлемдерді табады

Мәтіннен болымсыз етістіктері бар сөйлемдерді табады

Олардың айырмашылығын анықтап айтады

Қалыптастырушы бағалау: өзара бағалау

Тақырыбы:	Сын есім
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу
Сабақ мақсаты:	Өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтап айтады, Сөйлемнен сын есімді тауып жазады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

1. Жеке жұмыс. «Т- кестесі» әдісі

Т- кестесі \бұл оқиғаның қандай жақсы жақтары болды, жұпта жазу, бірінші бағанға.
Тек одан соң барып қандай жағымсыз жақтары болды екінші бағанға жазу

Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің мазмұнына қарап тақырып қойыңдар. Кестедегі сұрақтарға жауап беру арқылы негізгі ойды анықтап айтыңдар

Шынайы оқиға

Бұл қызықты оқиға Владивосток қаласының зообағында болыпты. Зообаққа біреулер қара мысық тастап кетеді. Зообақ қызметкерлері оған Муся деп ат қояды. Бағып-қағып қамқорлыққа алады. Біраз уақыттан кейін Муся төрт бала мысық туады. Марғаулар өте сүйкімді болды. Кішкене өсіп қалғанда, оларды адамдар асырап алады. Мысық балаларын қатты сағынып ауырып қалады. Оны дәрігер емдейді. Дәл осы кезде зообаққа аналары өліп қалған сегіз бала кірпіні әкеледі. Жаңадан туылған кірпілер өте кішкентай, әлсіз болады. Кірпі балаларын сүтпен асырау қиын болады. Мысық оларды көргенде қатты аяп, өз балалары сияқты емізе бастады. Олармен ойнап, бауырына басты. Муся кірпілерді өз баласындай өсіреді. Кірпілер өсіп, үлкейгенше мысық оларға анасындай қамқор болады. Мысықтың әрекетіне бәрі таң қалады

Оқиғаның жақсы жағын жаз	Жаман жағын жаз

Дескриптор

Мәтіннің мазмұны бойынша тақырып қояды

Кестедегі сұрақтарға жауап береді

Негізгі ойды анықтап айтады

Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

2. Жеке жұмыс.

Сөйлемнен сұрақ қоя отырып, сын есімді тауып жазып, астын сызыңдар.

Бұл қызықты оқиға Владивосток қаласының зообағында болыпты. Зообаққа біреулер қара мысық тастап кетеді. Марғаулар өте сүйкімді болды. Жаңадан туылған кірпілер өте кішкентай, әлсіз болады.

Дескриптор

Сұрақ қоя отырып, сын есімді табады

Сын есімдердің астын сызады

Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау

Тақырыбы:	Негізгі және туынды сын есім
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау 3.4.2.4* негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау
Сабақ мақсаты:	Өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтап айтады Негізгі және туынды сын есімді анықтап, екі бағанға бөліп жазады

Тапсырма

Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»

1. Жеке жұмыс. «Екі жақты күнделік» әдісі

«Екі жақты күнделік» әдісі. Бұл әдіс оқушылардың өз пікірін, көзқарасын білдіруіне дағды қалыптастырады. Белгілі бір мәселені тұжырымдауға дағдыланады. Мәтінді талдауға үйренеді. Берілген кестеде мәтінде не ұнағанын және неліктен ұнағанын жазады. Жұбына оқып береді.

Мәтінді оқыңдар. Мазмұны бойынша тақырыбын және кестені толтыру арқылы негізгі ойды анықтап айтыңдар

Қаныш Сәтбаев алуан түрлі тастары бар тауларды, дархан даланы жақсы көрген. Ол кішкентайынан тау-тастардан, қыраттардан әр түрлі түске боялған тастарды жинаған. Қаныш Сәтбаев өнердің сан-саласында озық болған. Ән мен биден хабары бар өнерлі адам болған. Музыка тыңдағанды ұнатқан. Биді қадірлейтін. Атақты Қаныш полька, мазурка, вальс билерін билеуге қызыққан. Қаныш Имантайұлы домбыра мен гитарада тамаша ойнаған. Қазақ және украин әндерін орындауды ұнатқан. Бір сөзбен айтқанда өнерпаз тұлға. Қаныш Имантайұлы алғашқы қазақ мектептеріне арналған «Алгебра» оқулығының авторы. Қазақтың тау тұлғалы алыптары Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов дос болған. Ұлы жазушы мен ұлық ғалым Семейдегі семинарияда бірге оқыған.

Ұлыбританияның премьер-министрі Антони Иден: «Кеңес Одағында Қаныш Сәтбаев сынды әлемдік тұлғаның туғандығы – ғажап құбылыс» деген. (elana.kz)

«Екі жақты күнделік» әдісі

Мәтінде не ұнады?	Неліктен ұнады?

Дескриптор

Мазмұны бойынша мәтіннің тақырыбын табады

Кестедегі сұрақтарға жауап жазады

Негізгі ойды анықтап айтады

Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау

Саралау тәсілі-«Қарқын»

2. Жеке жұмыс.

Мәтіннен негізгі және туынды сын есімді анықтап, екі бағанға бөліп жазыңдар

Дескриптор

Мәтіннен негізгі сын есімді анықтайды

Мәтіннен туынды сын есімді анықтайды

Екі бағанға бөліп жазады

Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау

Қысқа мерзімді жоспар

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні		Қазақ тілі		
Бөлім		Оқылым, тілдік норма бөлімінен		
Педагогтің аты - жөні				
Күні				
Сынып:4		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Негізгі және туынды зат есім.		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 3.4.2.4 негізгі, туынды зат есімді анықтау;		
Сабақ мақсаты		Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтарды құрастырады және жауап береді. Негізгі, туынды зат есімді тауып жазады.		
Ойлау деңгейі		Жинақтау,түсіну.		
Сабақтың барысы				
Саб ақт ың кезеңі /уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Баға лау	Ресурс тар
Сабақтың басы 5 минут	Ширату жаттығулары Жұптық жұмыс «Аралас, жұптас, ақылдас» әдісі. Оқушылар шеңберге тұрыңдар. Дене шынықтыру пәніндегідей 1,2 ге бөлініп санаңдар. Біріншілер орнында қалады да, екіншілер біріншілердің алдына шығып қарама қарсы тұрыңдар. Сонда ішкі, сыртқы шеңбер пайда болады. Ішкі шеңбер зат есім айтыңдар, сыртқы шеңбер зат есімге сөйлем құрап айтыңдар. Мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлайды: -Балалар, бүгін сендер мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтарды құрастырасыңдар. Негізгі, туынды зат есімді тауып жазасыңдар.	Оқушылар жұпта жұмыс жасайды. Оқушылар шеңберге тұрады. Дене шынықтыру пәніндегідей 1,2 ге бөлініп санайды. Біріншілер орнында қалады да, екіншілер біріншілердің алдына шығып қарама қарсы тұрады.Сонда ішкі, сыртқы шеңбер пайда болады. Ішкі шеңбер зат есім айтса сыртқы шеңбер зат есімге сөйлем құрайды.	Кері байланыс беру	

Саба қтың орта сы 5 мин ут 0 мин ут	Жаңа сабақ Бейнежазбаны мұқият тыңдап қараңдар. Бейнежазба бойынша сұрақтар қойып, жауап бересіңдер. https://imektep.kz/kz/negizgi-zhane-tuindi-zat-esim бейнежазба арқылы тақырыпты ашу. Мұғалім: - <i>Зат есім негізгі және туынды болып екіге бөлінеді. Негізгі түбірден болған зат есімді негізгі зат есім дейді: ана, бала, кесте, көз. Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған зат есімді туынды зат есім дейді: іскер, суретші.</i> Мәтінмен жұмыс кезеңі. Зерттеп оқу түрі. Жұптық жұмыс. «PRES КОНФЕРЕНЦИЯ» әдісі. Бүгін бізде Мағзұм Тиесовтың «Ананың асыл арманы» мәтіні бойынша прессконференция өтеді. Прессконференцияға авторды шақырдық. Авторға мәтін бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақ қойыңдар. Ол үшін мәтінді түсініп оқыңдар. Жұптасып мәтін бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырыңдар. Жұптар бірлесіп сұрақ қойыңдар. (автор кез-келген оқушы бола алады, әр сұрақтан кейін автор ауыса беруге де болады) 1. Әйел барлық ақшасына әдемі суретті сатып алу себебі неде деп ойлайсыңдар? 2. Әйел- ананың орнында болсаң, сен не істер едің? 3... 4... 5... Жеке жұмыс. «Анықта» әдісі. Мәтіннен негізгі және туынды зат есімдерді тауып жаз. <i>Баяғы заманда жұпыны ғана үйде бір әйел үш ұлымен тұрыпты. Әйел өте шебер кісі екен. Ол үнемі торқа орамалды жібекпен кестелеп күнелтіпті. Бір күні әйел өзі</i>	Дескриптор: Жұптасып мәтін бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады. Жұптар бірлесіп сұрақ қояды. Сұрақтарға жауап береді Дескриптор: негізгі және туынды зат есімді тауып жазады. Негізгі және туынды зат есімді ажыратып айтады	ҚБ : Өзара бағалау (жұптар бір-бірін бағалайды)	https://imektep.kz/kz/negizgi-zhane-tuindi-zat-esim О кулықтағы мәтіннің толық нұсқасы
---	--	---	---	---

10 мин ут	<i>кестелеген</i> орамалдарын базарға сатуға апарады. Орамалдарын сатып болған соң, дүкен аралайды. Бір дүкеннен сондай әдемі сурет көреді. Суретте жеміс ағашының ішіндегі әдемі үй, айналасындағы көгал, оны қақ жарып аққан су, бақта сайраған бұлбұл бейнеленіпті. Әйел бар ақшасына әлгі әдем суретті сатып алады. ЕБҚ тапсырма. Соңғы азат жолды оқы. Мәтінде берілген қара сөздерді теріп жаз.	Дескриптор: Қарамен берілген сөздерді теріп жазады. Негізгі және туынды зат есімді ажыратып айтады	ҚБ : Өзін- өзі бағалау	
Сабақтың соңы 5 мин	Рефлексия. 3-2-1 әдісі Бүгінгі сабақтағы ең маңызды 3 нәрсені айтыңдар. Енді 3-2 бөліп айтыңдар Соңында ең маңыздысын атаңдар. (барлық оқушыға айтқызуға болады)			

IV-тоқсан

Тақырыбы:	Сан есім
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу.
Сабақ мақсаты:	Берілген тақырып, сұрақ бойынша мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашады, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтап айтады. Сөйлемнен сан есімді тауып астын сызады
Тапсырма Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау» 1.Жұптық жұмыс. «INSERT» әдісі(түртіп алу) Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастыру. Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, талқылайды, бағалайды. Тапсырманы оқып, түртіп алу жүйесі бойынша жұмыс жасалады: W- білемін; + жаңалық; - білмеймін; ?- білгім келеді; кесте жүйесі бойынша жұмыс жасайды. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес 1-2 белгіні алуға болады.	

Мәтінді оқыңдар. Сұраққа жауап бере отырып, мәтіндегі жаңа сөздерді кестеге жазыңдар, мағынасын сөздіктер арқылы ашыңдар, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтап айтыңдар. Сөйлемнен сан есімді тауып астын сызыңдар.

Бағдаршам қалай пайда болды?

Сен ойлайтын шығарсың адамдарға және көліктерге бағыт-бағдар көрсететін бағдаршамды көліктен кейін ойлап тапты деп? Бірақ олай емес! 140 жыл бұрын қала көшелерінде көптеген көліктер, адамдар, ат арбалар жүрген. Солар бір-бірімен соқтығып қалмас үшін қиылысқан көшелерге бағдаршам орнатқан. Ең бірінші бағдаршам Англия астанасы Лондонда орнатылған. Бірінші бағдаршам өзгеше болған. Онда бар жоғы екі көз болған. Олар жасыл және қызыл. Оны арнайы адам қолымен басқарған, ол жасыл және қызыл жалаушаларды көрсетіп отырған. Кілт түстің ауысуы өте қауіпті болды. Біреуі тоқтамаса, енді біреу жүріп кететін. Сонда адамдар ескертуші белгі-сары түсті ойлап тапқан. Уақыт өте келе бағдаршамдарды бағаналарға орната бастаған. Онда түсті көрсетуші үлкен қара тіл болған. Қазіргі бағдаршамдар ток көзімен жұмыс істейді. Олар өздері қосылып, жол көрсетіп отырады.

kk.wikipedia

Ең алғашқы бағдаршам қайда пайда болыпты?

Бағдаршамды не үшін ойлап тапқан екен?

Бірінші бағдаршам қандай болған?

Бағдаршам қалай басқарылған?

Неліктен адамдар сары түсті ойлап тапқан?

Қазіргі бағдаршамдар туралы не білесің?

«INSERT» әдісі(түртіп алу)

білмеймін	білгім келеді

Дескриптор

Сұрақтарға жауап береді

Мәтіндегі жаңа сөздерді кестеге жазады

Мағынасын сөздіктер арқылы іздейді

Мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтап айтады

Сұрақ қойып, сан есімді тауып астын сызады

Қалыптастырушы бағалау: өзара бағалау

Тақырыбы:	Есептік және реттік сан есім
Бөлім	Оқылым, тілдік нормалардың қолданысы
Оқу мақсаты:	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 3.4.2.6 есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтау;
Сабақ мақсаты:	Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырып оған жауап береді Есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтайды
Тапсырма	
Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау»	
1.Жұптық жұмыс. «Кейіпкермен сұхбат» әдісі	
Мәтінді оқыңдар. Жұптасып мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырыңдар. Кейіпкерге сұрақ қойыңдар. Мәтіннен сұрақ қою арқылы	

есептік және реттік сан есімдерді тауып, айырмашылығын анықтаңдар.

Алмастың ағашы

Биыл қалада шілде өте ыстық болды. Балалардың жаңбырды аңсағаны сонша, қайта-қайта аспанға қарағыштай береді.

Ал, Алмастар тұратын жаңа ықшам ауданда ағаш әлі аласа. Көкесі кеше кешкі тамақ үстінде: Таңертең күн салқын, ауа таза. Ерте тұрған адам күні бойы онша ыстықтамайды, жұмысты да өнімді істейді, – деді. Алмас құлағына құйып ала қойды. Алмас ертеңіне ерте тұрып, киініп далаға шықты. Күн салқын. Ауа тап-таза. Мәдениет сарайын бір айналып келді. Алмас осыдан бастап ерте тұруды әдетке айналдырды. Көкесі мен апасы:

-Үшінші кезекте тау ішіндегі лагерге жібереміз, әзірше осылай дағдылана бер, - десті. Алмас күнде таңертең тұрып, Мәдениет сарайының маңында серуендейтін болды. Бір күні Алмас жол жағасындағы шөптің сытырлап жанып жатқанын көрді. Жалын сумандап, көктемде отырғызылған ағаштың түбін орай бастапты. Алмас енді шыдай алмады, жетіп барып табанымен отты таптай бастады. Алмас футболкасын шешіп алып, сонымен ұрды. Өзер дегенде өшірді. Ақ футболкасы қап-қара күйе болды. Бір-екі жері тесіліп те қалды. Оған өкінбеді. Әйтеуір іс тындырды ғой.

-Жарайсың, балам! -деген дауысқа жалт қараса, таяғына сүйенген шал екен. Ерте тұратындардың бірі осы кісі.

-Ересектердің қолдары тимейді. Ал сенің өртті сөндіріп, мына ағашты аман алып қалғаның жақсы болды, айналайын. Алмас өзін мақтағанға бір түрлі ыңғайсызданып қалды.

-Мына сарайдың арғы беті түгел жанып кетті, қанша ағаштан айырылды, -деді шал күйініп.

-Қарашы, эне! Алмас енді байқады, біраз жер қарауытып жатыр.

-Мына ағаш енді сенікі болсын, балам! -деді шал.

- Өзің қарап, сақтап жүргейсің.

- Атың кім?

- Алмас

- Алмастың ағашы дейміз енді. Қай сыныпта оқисың?

- Күзде екінші сыныпқа барамын.

- Ой, айналайын. Мен сені үшінші не төртінші оқитын шығар десем... Таудай болып өсе бер, айналайын...

Ақ футболка ештеңеге жарамай қалды. Көкесі мен апасы бұл ісі үшін ұрысқан жоқ, қайта құптады. Алмас әлі күнге дейін ерте тұрады. Мәдениет сарайын айнала жүгіріп, шынығады.

[\(\[balakai.kz\]\(http://balakai.kz\)\)](http://balakai.kz)

Дескриптор

Пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады

Кейіпкерге сұрақ қояды

Кейіпкерлер сұраққа жауап береді

Неше, қанша сұрағын қою арқылы есептік сан есімдерді табады

Нешінші сұрағын қою арқылы реттік сан есімдерді табады

Сан есімдерді салыстырып, айырмашылығын айтады

Қалыптастырушы бағалау: өзара бағалау

Тақырыбы:	Мәтін және сөйлем
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, жазылым
Оқу мақсаты:	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру

	3.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу
Сабақ мақсаты:	Аудиожазбаны тыңдап, аудиожазба бойынша тірек сөздерді белгілейді, ашық және жабық сұрақтарға жауап береді Аудиожазба бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрады, мазмұндама жазады
Тапсырма Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау» 1.Жұптық жұмыс. «Ыстық орындық» әдісі Аудиожазбаны тыңдаңдар. Жұптасып тірек сөздерді белгілеңдер. Ыстық орындыққа отырып, аудиожазбаның мазмұны бойынша ашық және жабық сұрақтарға жауап беріңдер. https://youtu.be/M_VqLWxVzsl?si=oOcvE6fOOCx1YNB0 Сұрақтар: 1. Түйем жоғалды, көздеріңе түспеді ме деген адамға үш жолаушы қандай сұрақтар қойды? 2. Жоқшы түйенің жоғалуын неліктен үш жолаушыдан көреді? 3. Жоқшы мен жолаушылар биге не үшін барады? 4. Би жолаушылардан не сұрайды? 5. Жолаушылар түйенің көзі соқыр, аяғы ақсақ, құйрығы шолақ екенін қандай белгілерге қарап білген? Дескриптор Тірек сөздерді белгілейді Аудиожазбаның мазмұны бойынша ашық сұрақтарға жауап береді Аудиожазбаның мазмұны бойынша жабық сұрақтарға жауап береді Қалыптастырушы бағалау: өзара бағалау Саралау тәсілі-«Диалог және қолдау» 2.Жеке жұмыс. Аудиожазба мазмұны бойынша жоспар құрып, мазмұндама жазыңдар Дескриптор Жоспарды мазмұнға сай құрады Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырады Жоспар мазмұнын жүйелі сақтап жазады Қалыптастырушы бағалау: өзін-өзі бағалау	

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп		
Педагогтің аты жөні		
Бөлім	Тыңдалым, айтылым, жазылым бөлімінен	
Күні		
Сынып:	3	
Пәні	Қазақ тілі	
Сабақтың тақырыбы	Сан есім.	

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру 3.3.4.1* мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер пайдаланып, мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық) құру/компьютерде теру			
Сабақтың мақсаты(бағалау критерийі)	Мәтінді тыңдау арқылы тірек сөздерді белгілейді, ашық және жабық сұрақтарға жауап береді. Мұғалімнің көмегімен фотосуреттер пайдаланып, шақыру хат мәтінін құрады			
Ойлау деңгейі	Білу, талдау, жинақтау			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі /уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру Ширату жаттығуы Балалар, мына мақалдарды оқып, санмен жазылған сөздерді атаңдаршы. «Бір тал кессең он тал ек» «Жүз сомың болғанша жүз досың болсын» «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» Бүгінгі сабақтың тақырыбы «Сан есім» Сабақтың мақсаты: Мәтінді тыңдау арқылы тірек сөздерді белгілеп, ашық және жабық сұрақтарға жауап береді. Мұғалімнің көмегімен фотосуреттер пайдаланып, шақыру хат мәтінін құру	Оқушылар мақал мәтелдерді оқиды. Ішінде санмен жазылған сөздерді айтады.	Кері байланыс беру	Таныстырылым Мақал мәтелдер
Сабақтың ортасы 15 минут	Жұптық жұмыс. «Белгіле» әдісі. (қысқа жауапты қажет ететін ашық тапсырма) Мәтінді тыңдаңдар. Жұптасып мәтіндегі тірек сөздердің астын қарындашпен белгілеп	Дескриптор: Оқушылар мәтінді тыңдайды. Мәтіндегі тірек сөздерді қарындашпен белгілейді.	ҚБ: өзара бағалау	Таныстырылым Оқулықтағы мәтін тексті

3 мин ут 15 мин ут	шығындар. Мәтін мазмұны бойынша жұпта бір-біріңе ашық және жабық сұрақтарға жауап беріндер. -Асан қайда бармақшы болды? -Ол неліктен шөлдеді? -Жолда не кездесті? -Бұлақтың суы қандай? -Бұлақтың суы неліктен ерекше болып көрінді? Сергіту сәті (қимылмен) Жеке жұмыс. «Шақыру хат» ойыны.  (Толық жауапты қажет ететін ашық тапсырма) Фотоны қолданып 8-наурыз мерекелік кешіне өз аналарына арнап, шақыру хаттың мәтінін құрып жазыңдар. Мәтіннен сан есімдерді тауып астын сызыңдар. ЕББҚЕО тапсырма (дауысты дыбыстарды тастап жазатын және өте жәй қимылдайтын қиындығы бар) А4 қағазға гүлдердің фотоларын жапсырып 8-	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жұпта бір-біріне сұрақ қояды. Сұрақтарға жауап береді Дескриптор: Фотоны қолданып мерекелік кешке арнап шақыру хат мәтінін жазады. Мәтіннен сан есімді тауып астын сызады. Дескриптор: Үлгіге қарап шақыру хат мәтінін жазады Мәтіннен сан есімдердің астын сызады.	ҚБ: өзін өзі бағалау	Фото сурет nyafoto.ru
--	---	---	-----------------------------	--

	наурыз мерекелік кешіне өз анаға арнап, шақыру хаттың мәтінін үлгіге қарап жаз. Мәтіннен сан есімдерді тауып астың сыз.			
Саб ақ тың аяғы 5 мин ут	Рефлексия «5-3-2» әдісі. Сабақтағы маңызды деген бес сөзді атаңдар. Соның ішіндегі ең маңызды үш сөзді айтыңдар. Соңында ең маңызды екі сөзді атаңдар.	Бүгінгі сабаққа кері байланыс береді		

4-СЫНЫП

Сабақтың тақырыбы:	Буын үндестігі
Оқу мақсаттары:	4.1.1.1 тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту 4.1.7.1 сөз ішіндегі және сөз бен сөздің арасындағы буын, дыбыс үндестігін сақтап айту
Сабақ мақсаты:	• тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алады және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айтады; • сөзге қосымшалар жалғауда буын үндестігін сақтап айтады.

Тапсырмалар:

1-тапсырма

Мәтінді тыңда. Мәтін не туралы екенін айт.

Ерте заманда қазақтың ұлан байтақ даласында бір тайпа мекендепті. Бұл тайпаның балалары бір-біріне ұқсас болған және бір тілде сөйлеген екен. Халқы күшті әрі бай болған. Қасқалдақ батырдың отбасында 9 ұл болыпты. Күндердің күнінде оныншы ұл дүниеге келіпті. Оның ұзын алтын бұрымы болған дейді. Сондықтан оны Алтын Айдар деп атаған екен. Оны барлығы еркелеткеніне қарамастан Алтын Айдар қыңыр болмапты. Кішкентай кезінен бастап ол атпен шабуға құмар болып, бәйгеде әрқашан бірінші келеді екен.

Күндердің күнінде тайпаға шығыстан қаһарлы жау келе жатқаны туралы жаман хабар келеді. Халық жиналып, жауға қарсы шығуға шешім қабылдайды. Батыр Қасқалдақ бас қолбасшы болады. Атты әскерлер темір сауыт киіп, болаттан жасалған өткір семсер мен қылыш тағынады. Бәрінен де Алтын Айдар жақсы жасақталады. Жас батыр алтын сауытты, биік дулығалы, алтын белдікті киім киді. Аяғына ұшы үшкір, алтын өрнекпен өрнектелген қонышы биік етік киді. Ол өз әскерімен жауға қарсы шапқанда, алтын киімі ұшқын шашады екен. Оның пайда болғанының өзі жауға үрей туғызады. Жау Қасқалдақ әскерін жеңе алмады. Үш күндей айқасқан соң екі жақ та бітімге келеді. Бірақ жау Алтын Айдарды қулықпен жойып жібергісі келеді. Жау оғы да, басқаның семсері де Алтын Айдарды жеңе алмады. 18 жасында ол қатты науқастанып, қайтыс болады. Оны сол үстіндегі алтын киімімен жерлеген екен. Қабірінің жанына «Сен бізден болашаққа ерте кетіп қалдың.....» деген жазуы бар күміс ыдыс қойылған.

1-тапсырма

Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мәтін не туралы?

Мәтінге қандай ат қояр едің?

Шығарма кейіпкерін халық не себепті «Алтын Айдар» деп атаған?

Дескриптор:

- ✓ Мәтінді оқиды;
- ✓ Мәтіннің негізгі ойын анықтайды;
- ✓ Мәтінге ат қояды;
- ✓ Сөйлем құрылымын сақтап, сұраққа жауап береді.
- ✓ Сөйлеу барысында дыбыс, буын үндестігін сақтайды.

2-тапсырма. Жұптық жұмыс

Жас батыр соғысқа қалай жасақталды? Сипаттап айтып бер.

2-тапсырма

Мәтінді оқы. Тірек сөздерді теріп жаз.


Тірек сөздер: _____

Дескриптор:

- ✓ Мәтінді оқиды;
- ✓ Тірек сөздерді теріп жазады (5 сөзден кем емес)

3-тапсырма. Қазақты, тайпаның сөздеріне сөзсазындық талдау жаса.

Тапсырманы орындау үлгісі:



--

Сабақтың тақырыбы:	Дыбыс үндестігі
Оқу мақсаттары:	4.1.2.1 - мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу; 4.1.7.1-сөз ішіндегі және сөз бен сөз арасындағы буын, дыбыс үндестігін сақтап айту.
Сабақ мақсаты:	- мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды және өз ойын дәлелдейді; - сөз ішіндегі және сөз бен сөз арасындағы дыбыс үндестігін сақтап айтады.

Тапсырмалар:

1-тапсырма

Мәтінді тыңда. Мәтін не туралы екенін айт.

Алтай орманы

Алтай жерінің асты қандай қазыналы болса, үсті де сондай бай ғой. Мұның сыңсыған орманының езі бір байлық емес пе жатқақ! Оны нағыз Тайганың өзімен ғана теңестіруге болады. Алтай орманын аралап көргендеріңіз бар ма сіздердің?О, ғажап қой оның іші! Балуан пішінді

кедр ағашын

көріп пе едіңіздер! Жел

қозғағанда,

оның жасыл ине жапырақтарының

ғажайып күйге ұқсайтын сыбдыр-сыбдырын естіп пе еді құлақтарыңыз? Кедрді көрмесеңіздер, оның үнін естімесеңіздер, онда Алтай орманын аралаңыздар.

Көкке тіреу болған күміс дінгекті көріп пе едіңіз?

Көрмесеңіздер, Алтайдың күміс қабық қарағайына қараңыздар сүйсініп.

...Ең алдымен орман ішінің ауасын айтсаңызшы!

Оған жақындай бергенде-ақ, шөптің, шайырдың, жапырақтың, топырақтың, ағаштың, гүлдің, бір сөзбен

айтқанда, — бүкіл табиғаттың, хош иісі мұрынды жарады. Неше түрлі нәрлі жемістің, қосындысынан жасалған керемет сусын іспеттес ауаны кеуде кере қайта-қайта жұтумен боласыз.

(Ә. Нұр)

Мәтіннен тірек сөздерді түртіп ал. Кестені толықтыр.

	Тірек сөздер
Алтай жері	
Орман ағаштары	
Табиғаты	

Дескриптор:

✓ Мәтіннен тірек сөздерді тауып жазады (10 сөзден кем емес)

2-тапсырма

Мәтінді оқы. Мәтін негізінде бір ашық және бір жабық сұрақ құрастырып жаз.

Дескриптор:

- ✓ Мәтінді оқиды;
- ✓ Мәтін негізінде ашық сұрақ құрастырады;
- ✓ Мәтін негізінде жабық сұрақ құрастырады;
- ✓ Каллиграфиялық нормаларды сақтап, қатесіз жазады.

3-тапсырма


Кестедегі тірек сөздердің көмегімен мәтін мазмұнын айт.

Дескриптор:

- ✓ Мәтін мазмұнын жүйелі баяндайды;
- ✓ Тірек сөздерді қолданады;
- ✓ Сөйлемнің құрылымын сақтайды;
- ✓ Сөйлеу мәнерін сақтайды;
- ✓ Сөйлеу барысында дыбыс, буын үндестігін сақтайды.

4-тапсырма. Жемістің, орманды сөздеріне сөзсазындық талдау жаса.

Тапсырманы орындау үлгісі:



ілгерінді ықпал бар. Себебі, түбірдің соңғы дыбысы **с қатан** болғандықтан өзіне жалғанатын қосымшаның алғашқы дыбысының **т** қатаңнан басталуын талап етіп тұр. Сондықтан біз оның ұяңнан басталатын **(-дің)** нұсқасын алмаймыз.

Сабақтың тақырыбы:	Жай және құрмалас сөйлем
Оқу мақсаттары:	4.3.3.1* - оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу; 4.3.7.1 - құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою.
Сабақ мақсаты:	оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазады; құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қояды.

Тапсырмалар:

1-тапсырма

Мәтінді оқы. Мәтіннен құрмалас сөйлемді тауып, жай сөйлемдерге айналдыр.

Қайраттың көмегі

Талғат түстен кейін оқитын. Бүгін ертелеу шығып, мектепке асығып келе жатқан. Жолда өзімен бірге оқитын Қайратты кездестірді. Ол бір баланы қолтықтап алыпты. Бейтаныс бала баяу қимылдайды.

Көп жылағаннан екі көзі қызарып кетіпті.

— Сенің інің бе? — деді Талғат Қайратқа.

— Жоқ. Құлап аяғын ауыртып алыпты. Аты -Асан.

— Енді қайда алып барасың?

— Дәрігерге.

— Онда мен де көмектесейін.

— Қажеті жоқ. Сен сабаққа бар. Кешіксем, болған жайды апайға айт.

Талғат жүгіре жөнелді. Асан тағы да қиналды. Енді Қайрат оны аркасына көтеріп алды. Сөйтіп екеуі емханаға келді. Асан ауруханаға жататын болды. Дәрігер езінен кішіге қамкор болғаны үшін Қайратқа алғыс айтып:

— Міне, нағыз азамат! — деді.

Талғат үндеген жоқ.

(«Ақ желкен» журналынан)

Дескриптор:

- ✓ Мәтінді оқиды;
- ✓ Құрмалас сөйлемді табады;
- ✓ Құрмалас сөйлемді жай сөйлемге айналдырып айтады.

2-тапсырма

Мәтін мазмұнына сүйеніп жоспар құр.

Жоспар:

- 1.
- 2.

3.

Дескриптор:

- ✓ Мәтіннің бірінші бөлігіне ат қояды;
- ✓ Мәтіннің негізгі бөлігіне ат қояды;
- ✓ Мәтіннің соңғы бөлігіне ат қояды.

3-тапсырма

Құрған жоспарыңа сүйеніп, мәтін мазмұнын жаз.


Дескриптор:

- ✓ Мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес жүйелі жазады;
- ✓ Сөздер мен сөйлемдердің мағыналық байланысын сақтайды;
- ✓ Грамматикалық және пунктуациялық нормаларды сақтайды;
- ✓ Каллиграфиялық талаптарды сақтап жазады.

4-тапсырма

Мәтін ішіндегі кез келген жай сөйлемге синтаксистік талдау.

Орындалу үлгісі:



Сабақтың тақырыбы:	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері
Оқу мақсаттары:	4.1.2.1- мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу; 4.3.7.2 – сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырату және тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қою.
Сабақ мақсаты:	• мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды және өз ойын дәлелдейді; • сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажыратады және тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қояды.
Тапсырмалар:	

1-тапсырма


Абай Құнанбайұлының «Отыз бірінші сөзін» оқы. Оған қатысты өз ойыңды айт.

ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

Абай Құнанбайұлы

Сызбаға сүйеніп, мәтіннен түсінгенінді айтып көр.



Дескриптор:

- ✓ Мәтінде не туралы айтылғанын анықтап, өз ойын тұжырымдайды;
- ✓ Сызбаға сүйеніп мәтін мазмұнын айтады;
- ✓ Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.

2-тапсырма

✓ Мәтіндегі адамның ақылын тоздыратын төрт нәрсені белгіле.

- ☐ салғырттық
- ☐ ынта
- ☐ күлкішілдік
- ☐ қайғы
- ☐ ақыл
- ☐ құмарлық
- ☐ ғылымды сүйю

Дескриптор:

- ✓ Адам ақылын тоздыратын бірінші кеселді анықтайды;
- ✓ Адам ақылын тоздыратын екінші кеселді анықтайды;
- ✓ Адам ақылын тоздыратын үшінші кеселді анықтайды;
- ✓ Адам ақылын тоздыратын төртінші кеселді анықтайды.

3-тапсырма

Төменнен тек бірыңғай мүшелері бар сөйлемді теріп жаз.

Саят демалыс күні мұражайға барды.

Іле Алатауында жабайы алма, өрік, шие ағаштары өседі.
Гүлназда кітап жоқ.

Дескриптор:

- ✓ Бірыңғай мүшелі сөйлемді табады;
- ✓ Сөйлемді көшіріп жазады;
- ✓ Грамматикалық және пунктуациялық нормаларды сақтап жазады.

4-тапсырма

Нақыл сөзге синтаксистік талдау диалогті.

Көркем сөз – жанның айнасы.

Ғ.Мүсірепов

- **Сөйлемде қанша тыныс белгі бар?**
- Сөйлемде екі тыныс белгі бар.
- **Олар қандай тыныс белгілер?**
- Олар – нүкте және сызықша.
- **Нүкте неге қойылып тұр?**
- Нүктенің қойылу себебі, ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр.
- **Сызықша неге қойылып тұр?**
- Сызықшаның қойылу себебі, бастауышымыз атау тұлғалы зат есімнен, баяндауышымыз (**-сы**) тәуелдік тұлғалы зат есімнен болғандықтан бастауыштан кейін сызықша қойылып тұр.
- Айтылу сазы мен мазмұнына қарай хабарлы сөйлем.
- **Неге?**
- Себебі, ой баяндай жеткізіліп тұр.
- **Хабарлы сөйлемде ой қалай жеткізіледі?**
- Хабарлы сөйлемде ой – хабарлай, суреттей, баяндай жеткізіледі.
- **Хабарлы сөйлем деп сөйлемнің қандай түрін айтамыз?**
- Хабарлы сөйлем дегеніміз – айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрі.
- **Хабарлы сөйлем интонациялық жағынан қалай айтылады?**
- Хабарлы сөйлем интонациялық жағынан көтеріңкі басталып, бәсеңдеп бітеді.
- **Хабарлы сөйлемнің соңында жазуда қандай тыныс белгі қойылады?**
- Хабарлы сөйлемнің соңында жазуда нүкте қойылады.
- **Құрылысына қарай қандай сөйлем?**
- Құрылысына қарай – *жай сөйлем*.
- **Неге?**
- Себебі, Себебі бірнеше сөзден құралып келіп, тиянақты бір ғана ойды білдіріп тұр.
- **Қандай сөйлемді жай сөйлем дейміз?**
- **Жай сөйлем дегеніміз** – бір ғана ойды білдіріп, бір ғана интонациямен айтылатын сөйлемнің түрі.
- **Жай сөйлемнің түрлері қандай?**
- Жай сөйлемнің түрлері: атаулы, жалаң-жайылма, толымды-толымсыз, жақты-жақсыз.
- **Жай сөйлемнің түрлерін қалай анықтаймыз?**
- Жай сөйлемнің түрлерін анықтау үшін сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшелеріне қарай талдаймыз.

- **Ол үшін не істейміз?**
- Ол үшін ең алдымен сөйлемнің баяндауышын табамыз.
- **Неге?**
- Себебі: а) баяндауышсыз сөйлем болмайды; ә) баяндауыштың оны шартты түрде тұрақты.
- Ендеше, сөйлемнің баяндауышын табайық.
- **Сөз жанның несі?**
- **Айнасы** – дара, зат есімді (**-сы**) тәуелдік тұлғалы баяндауыш.

Сабақтың тақырыбы:	Зат есімнің септелуі. Атау септік
Оқу мақсаттары:	4.2.6.1 – белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 4.4.2.3 – зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу.
Сабақ мақсаты:	• белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды; • зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін біледі.
Тапсырмалар:	

1-тапсырма

Берілген мәтіндерді оқы. Олардың түрін, жанрын анықтап кестеге жаз.

АРАЛ МЕН БАЛҚАШ АРАСЫ

Арал мен Балқаш арасы –
Көзімнің ағы-қарасы.
Жабырқау – жадау жанымның
Жазылмай жатқан жарасы.
Арал мен Балқаш арасы,
Қазақтың байтақ даласы.
Кеулеген ішін жүректің
Кеудемнің мұңы – наласы.
Арал мен Балқаш арасы,
Алаңсыз бір сәт қарашы.
Өлшеусіз жатқан қазына,
Өлкемнің сайы, саласы.
Арал мен Балқаш арасы,
Айтылса сөздің сарасы.
Ұранға құрғақ айналмас
Ұрпақтың дауы, таласы.
Арал мен Балқаш арасы,
Адамнан ба екен жаласы?
Азаға сені қалдырмас
Азамат Ердің баласы!
(Серік Тұрғынбеков)



АРАЛ МЕН БАЛҚАШҚА ҚАМҚОРЛЫҚ

Арал теңізі мен Сырдария өзені күн өткен сайын тартылып барады. Теңіз суының деңгейі он метр төмендеп, кей жерде су жағадан 120 шақырым қашықтады. Ашылып қалған теңіз түбінен миллиондаған тонна тұз ұшады. Ғасырлар бойы өсіп келе жатқан тоғайлар мен шалғындар, жануарлар дүниесі құрып барады. Арал өзінің көліктік және кәсіпшілік маңызынан айырылды.

Бұл апатты жағдай Сырдария мен Амудария суын мақта мен күріш өсіруге қалай болса солай пайдаланудан болып отыр.

Теңізді құтқарып қалудың мүмкіндігі бар ма, жоқ па?

Республикамызда жағдай бұдан да қиындай түсті. Аралға енді Балқаш тағдыры қосылды.

Арал теңізі мен Балқаш көлін бұрынғы қалпында сақтап қалудың бар мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

Америка ғалымдары Арал тұзының Солтүстік Мұзды мұхитқа жеткенін жазып жатыр. Енді оның зардабы Сібір ормандарына, Пәкістан мен Үндістанның табиғатына да тиетін болады.

Туған жерге қамқорлық – барша адамзаттық борыш. Өйткені барша халық Жер деген ортақ бір ғаламшарда өмір сүреміз. Сондықтан туған жердің жан жарасын адамзаттық көлемде ойлауға тиіспіз.

1-мәтін

2-мәтін

Мәтіндердің қандай ұқсастығы бар? Жаз. _____

Дескриптор:

- ✓ 1-мәтінге тән белгілерді анықтайды;
- ✓ 2-мәтінге тән белгілерді анықтайды;
- ✓ Мәтіндердің ұқсастықтарын сипаттайды;

2-тапсырма

Жоспарға сүйене отырып, «Арал мен Балқашқа қамқорлық» тақырыбына монолог құрап айт.

Жоспар:

1. Апатты қауіптің туындау салдары
2. Ғалымдардың болжамы
3. Туған жерге қамқорлық

Дескриптор:

- ✓ Тақырыпқа сай мәтін құрайды;
- ✓ Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтайды;
- ✓ Сөйлемнің құрылымын сақтайды;
- ✓ Сөйлеу мәнерін сақтайды;
- ✓ Ойын жүйелі жеткізеді.

Түсіндірме:

Атау септіктің арнаулы жалғауы болмайды. Өйткені атау септігі сөзді атап қана қоятындықтан, басқа септіктерге негіз болады. Басқа септіктердің жалғаулары осы негізге жалғанады. Атау тұлғалы негіздерге **түбір сөз** (*ат, дәрігер*), **туынды сөз** (*білім, егінші*), **біріккен сөз** (*алабұға*), **қос сөз** (*ата-ана*), **қысқарған сөз**, **көптік жалғаулы сөз** (*таулар*) және **тәуелдік жалғаулы сөздер** (*балам, сәбилеріміз*) жатады.

Атау септіктің сұрақтары: кім? не? Бұл сұрақтар бірде көпше түрде (кімдер? нелер?), бірде тәуелдеулі түрде (кімім? кімің? кімі? кімдер? нем? нең? несі? кімдерім? және т.б.) қолданыла береді.

Атау септіктегі сөздер сөйлемде негізінен бастауыш болады. Мысалы: Ақберген өнер бағытындағы оқуды бітірген. Мұндағы *Ақберген* сөзі атау септігінде тұрып бастауыш болады. Атау септіктегі сөздер сөйлемнің соңында келсе, баяндауыш қызметін де атқарады. Мысалы: Асылым – **суретші**. Асан – **оқушы**.

Атау септіктегі зат есімдер басқа зат есімнен бұрын тұрып *қандай? қай?* Деген сұрақтарға жауап берсе, сөйлемде анықтауыш болады.

3-тапсырма. Үлгіні басшылыққа алып негізгі және туынды зат есімді сатылай кешенді талдау жаса.

Арал, теңізші сөздеріне морфологиялық талдау жасау.

Орындалу үлгісі:

Негізгі түбір зат есімге сатылай кешенді талдау.

Үлгі:

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: **Арал**.
2. Тұлғасына қарай – **Арал** – *негізгі түбір*. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлігі.
3. Құрылысына қарай – **дара**. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Арал – *не?* деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – зат есім. **Зат есім дегеніміз – кім? не? кімдер? нелер?** т.б. сұрақтарға жауап беріп, заттың, нәрсенің, деректі, дерексіз жартылай деректі ұғымдардың атауын білдіретін сөз табы.

5. **Мағынасына қарай:**

- а) **Жалқы есім**. Себебі, біркелкі мекен атауының жекелеп, даралап аталуы. ә) **Жансыз**. Себебі, тіршілік иесі емес.
- б) **Жартылай деректі**. Себебі, көзбен көріп тануға болмайтын жартылай деректі ұғым.
- в) **Нақты**. Себебі, жартылай деректі болған нәрсе нақты болады.

Дескриптор:


- ✓ Құрамын анықтайды;
- ✓ Тұлғасына қарай анықтайды;
- ✓ Құрылысына қарай анықтайды;
- ✓ Зат есім екенін дәлелдейді;
- ✓ Мағынасына қарай анықтайды.

Туынды зат есімді сөз құрамына, лексика-грамматикалық мағынасына сатылай кешенді талдау.



атауы.

в) **Нақты.** Себебі, деректі болған нәрсе нақты болады.



Сабақтың тақырыбы:	Зат есімнің септелуі. Ілік септік
Оқу мақсаттары:	4.2.4.1 – мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; 4.3.1.1 – берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу; 4.4.2.3 – зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу.
Сабақ мақсаты:	• мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтайды және ондағы негізгі ойды тұжырымдайды; • берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазады; • зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін біледі.
Тапсырмалар:	

1- тапсырма

Мәтінді тыңда. Мәтін не туралы екенін айт.

Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, тауық адамның қолында, үй маңайында тіршілік етеді. Соның үшін олар үй хайуандары деп аталады. Үй хайуандары адамға көп пайда келтіреді. Жылқыны мінеді, арба, шанаға жегеді, сүтінен қымыз ашытады. Семіздерін қысты күні соғымға сояды. Түйеге жүк артады, жабағысы күпіге жақсы болады, сатса, жүні пұл болады. Сиыр мен қой адамдарды етімен, сүтімен

асырайды. Ит, қасқыр мен ұрыдан сақтап, қора күзетеді. Осылардың бәрі тегін қызмет етпейді. Олардың қызметі үшін адам асырайды, бағады. Қыстыгүні аяздан тоңбайтын жылы қора жасайды. Ұры, бөріден сақтау үшін бақташы қояды.

(М. Дулат)

- 1) Мәтіннің негізгі ойын анықта _____
- 2) Мәтінге ат қой _____
- 3) Шығарма мәтіннің қай түріне жатады? _____
- 4) Мәтін кейіпкерлерінің іс-әрекетіне тұжырым жаса _____

Дескриптор:

- ✓ Негізгі ойды анықтайды;
- ✓ Мәтінге ат қояды;
- ✓ Жанр түрін ажыратады;
- ✓ Сөйлеу мәнерін сақтайды;
- ✓ Мәтін кейіпкерлерінің іс-әрекетіне тұжырым жасайды.

2-тапсырма

Мәтінде қарамен жазылған сөздерді ілік септігінде жай септеп, тәуелдеп септеп кестені толтыр.

Септелген зат есімдер	Тәуелденіп септелген зат есімдер

Дескриптор:

- ✓ Сөздерді септеп жазады;
- ✓ Тәуелденген зат есімді септейді.

3-тапсырма

Берілген сұрақты негізге ала отырып, пайымдау мәтінін құра.

Төрт түлік малдың адам баласына қандай пайдасы бар?

Дескриптор:

- ✓ Тақырыпқа сай мәтін мазмұнын айтады;
- ✓ Ойын дәлелді жеткізеді.
- ✓ Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.

Түсіндірме:

Ілік септіктегі сөз тәуелдік жалғаулы сөзбен байланысты болады да, заттың иесін я қатысын білдіреді. Мысалы: *Әсемнің дәптері, Ануардың қаламы* дегендердегі *Әсемнің, Ануардың* деген ілік септіктегі сөздер дәптер мен қалам иелерін атап көрсетіп тұр. *Қорғасын зауыты, Заңғар көшесі* деген тіркестерінде ілік септігінің жасырын қолданылған түрі.


Ілік септік жай септеуде *кімнің? ненің? (қай?), тәуелді септеуде кімімнің? кіміңнің? кіміңіздің? кімінің? кіміміздің? кімдеріңнің? немнің? неңнің? неңіздің? несінің? қайсысының?* деген сұрақтарға жауап береді. Ілік септігінің жалғаулары:

-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің,

4-тапсырма. Үлгіні басшылыққа алып, септелген зат есімді сатылай кешенді талдау жаса.

Орындалу үлгісі:

Үлгі:



Дескриптор:

- ✓ Құрамын анықтайды;

✓	Тұлғасына қарай негізгі түбір екенін дәлелдейді;
✓	Құрылысына қарай дара екенін дәлелдейді;
✓	Лексикалық мағынасын анықтайды;
✓	Бірінші грамматикалық мағынасын анықтайды;
✓	Екінші грамматикалық мағынасын анықтайды;
✓	Сөз табын дәлелдейді;
✓	Мағынасына қарай түрін анықтап, дәлелдейді.

Сабақтың тақырыбы:	Етістіктердің шақтары
Оқу мақсаттары:	4.2.4.1 – мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; 4.4.2.9 – етістікті тиісті шақта (өткен шақ, келер шақ, осы шақ) қолдану.
Сабақ мақсаты:	• мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтайды және ондағы негізгі ойды тұжырымдайды; • етістікті тиісті шақта (өткен шақ, келер шақ, осы шақ) қолданады.
Тапсырмалар:	
1-тапсырма Мәтінді тыңда. Мәтін не туралы екенін айт. Жаз өтіп, шілде жетті. Шілдеде күн ұзын, түн қысқа. Күннің ыстығы сонша күшті, тастар мен құмдар қызып кетеді. Шілдеде піспеген шөп қалмайды. Мінілмеген, жұмысқа салынбаған мал семіріп, желідегі құлындар ғана жүдеген. Қымыз мол, қозы піскен. Ел жайлауда бірін-бірі қонақ қылып, қазақ салты өз алдына бір қызық. Қыз ұзатса, ұл туса, той болып, жұрт жиналып, ат шауып, күрес болады. Осы кезде қазақ бұрынғыдай алысқа көшпейді. Бұрын жердің еркін шағында жүз елу, екі жүз шақырым жерлерге жайлап кетеді екен. Үлкендер сол күндерін осы күні қатты сағынып сөз қылысады. Шөп шабатын мезгіл де жетті. Бозбалалар жайлаудың қызығын қия алмай ерініп әрең шығады. Қазақ шөпті бел орақпен шабады. Машина жаңа тарап келеді. Оқудағы балалар да жаздай қымыз ішіп тынығып, енді сабаққа баратын күндерін санап жүр. (М. Дулат.) 2-тапсырма Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.	

- 1) Мәтін не туралы? Мәтінге ат қой _____
- 2) Мәтіннің негізгі ойын тұжырымдап жаз _____

Дескриптор:

- ✓ Мәтінді оқып, ат қояды;
- ✓ Мәтіннің негізгі ойын тұжырымдайды;
- ✓ Грамматикалық және пунктуациялық нормаларды сақтайды.

3-тапсырма

- 1) «Бозбалалар жайлаудың қызығын қия алмай ерініп әрең шығады» сөйлеміндегі «**бозбалалар**» сөзі нені білдіреді?

Дескриптор:

- ✓ Берілген сөз мағынасын түсіндіріп жазады.
- 2) Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің мағынасын қалай түсінесің? Кестеге жаз.

	Мағынасы
шілде жетті	
бел орақпен	

Дескриптор:

- ✓ Бірінші сөз тіркесінің мағынасын жазады;
- ✓ Бірінші сөз тіркесінің мағынасын жазады.

- 3) Кел, жет, шап етістіктерін өткен, келер шақта жаз.

Өткен шақ	Келер шақ

Дескриптор:

- ✓ Өткен шаққа айналдырып жазады;
- ✓ Келер шаққа айналдырып жазады;

3-тапсырма

- а) Негізгі етістікті сатылай кешенді талдау.

Үлгі:

Тұр

- ➔ 1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: **тұр**.
- ➔ 2. Тұлғасына қарай : **тұр** – негізгі түбір. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін мағына беретін негізгі бөлігі.
- ➔ 3. Құрылысына қарай – **дара**. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
- ➔ 4. Тұр – **не істе?** деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – етістік. Етістік дегеніміз- заттың қимылымен амалын, жай-күйін білдіріп, **не істеді? қайтты?** деген сұрақтарға жауап беретін сөз

табы.
→5.Мағынасына қарай – <i>болымды етістік</i> . Себебі, іс-әрекеттің болуын талап етіп тұр.
Дескриптор:
✓ Құрамын анықтайды;
✓ Тұлғасына қарай негізгі түбір екенін дәлелдейді;
✓ Құрылысына қарай дара екенін дәлелдейді;
✓ Сөз табын дәлелдейді;
✓ Мағынасына қарай түрін анықтап, дәлелдейді.

Сабақтың тақырыбы:	Біріккен сөздер
Оқу мақсаттары:	4.4.2.1* күрделі сөздердің түрлерін ажырата алу (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз); 4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып монолог құрау.
Сабақ мақсаты:	- күрделі сөздердің түрлерін ажырата алады (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз); - тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып монолог құрайды.
Тапсырмалар:	
1-тапсырма Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыр. Қазақтың зергерлік қолөнері Зергерлік өнер - ерте заманнан келе жатқан, әрі халыққа көп тараған сәндік және қосалқы өнердің бір түрі. Алтын, күміс, асыл тас және сүйекті пайдаланып, сән-салтанат үшін әшекейлі жиһаз, қыз-келіншектердің сәндік бұйымдары мен қару-жарақ, сауыт-сайман, ер-тұрман зерлеу өнері болған. Оған тас, сүйек, металл, бояу, былғары сияқты материалдар кең түрде пайдаланылған. Заттарға зергерлік бейне жасау, сондай-ақ бедерлеу, калыпқа салып қысу, бір затқа бір затты ойластыру, кіріктіру, қақтау, күмістеу, термелеу, өру, бұрау, тоқымалау, әбзелдеу, т.б. әдістер жетерлік. Оңтүстік, Орталық Қазақстан, Сыр бойы, Жетісу аймақтарындағы обалар мен қорымдардан табылған көне заман бұйымдары (Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи мешітіндегі тайқазан, Семей музейіндегі Бөгембай батырдың айбалтасы, Алматы облысы, Есік қаласынан табылған мәйіттің алтын киімі т.б.) зергерлік өнердің қазақ жерінде ертеден өркендегеніне айғақ. («Қазақ халқының салт-дәстүрлері» кітабынан.) Сұрақтар: - Мәтін не туралы? ...	

3. ...

Дескриптор:

- ✓ Мәтінді тыңдайды;
- ✓ Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады (2 сұрақтан кем емес)

2-тапсырма

Тірек сөздерді пайдаланып, өз отбасындағы мамандық иелері туралы айтып көр.

Тірек сөздер: ана, отбасым, мамандық, сүйікті іс, демалыс, әке, жауапкершілік.

Дескриптор:

- ✓ Тақырып аясында өз ойын айтады;
- ✓ Тірек сөздерді қолданады;
- ✓ Сөйлеу барысында тілдік норманы сақтайды.

3-тапсырма

Мәтінен біріккен және қос сөздерді тауып жаз. Біріккен сөздерді қатыстырып үш сөйлем құрап жаз.


Дескриптор:

- ✓ Қос сөзді тауып жазады;
- ✓ Біріккен сөзді тауып жазады.
- ✓ Үш сөйлем құрап жазады.

4-тапсырма

Біріккен сөзді сөз құрамына, лексика-грамматикалық мағынасына сатылай кешенді талдау.

Үлгі:



<i>есім.</i>	6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы–лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – зат
тұлғасы	6.2. Екінші грамматикалық мағынасы – атау септінінің нөлдік арқылы берілген категориялық – грамматикалық мағына – атауыштық мағына.
	7. <i>Айбалта</i> – не? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл-зат есім. Зат есім дегеніміз – кім? не? кімдер? нелер? т.б. сұрақтарға жауап беріп, заттың, нәрсенің, құбылыстың, деректі, дерексіз ұғымдардың атауын білдіретін сөз табы.
	8. Мағынасына қарай:
	а) Жалпы есім. Себебі, біркелкі деректі ұғымның жалпылай аталуы.
	ә) Жансыз. Себебі, тіршілік иесі емес.
	б) Деректі. Себебі, көзбен көріп, қолмен ұстап тануға болатын деректі ұғым.
	в) Нақты. Себебі, деректі болған нәрсе нақты болады.
	Дескриптор:
	✓ Құрамын анықтайды;
	✓ Тұлғасына қарай туынды түбір екенін дәлелдейді;
	✓ Құрылысына қарай күрделі сөз екенін дәлелдейді;
	✓ Сөз табын дәлелдейді;
	✓ Мағынасына қарай түрін анықтап, дәлелдейді.

5-сынып

Оқу мақсаты: 5. 2. 1. 1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау;

5. 4. 1. 1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу.

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын ұғынады.

Көпшілік оқушылар үшін: Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды, түсінеді.

Кейбір оқушылар үшін: Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жаза алады.

Оқылым мәтіні

Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Тіл – қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі, құдіретті ұғым. Ол әр адамның бойына ана сүтімен дарып, қалыптасады. Тіл арқылы салт-дәстүрімізді, дінімізді, ділімізді, қолөнерімізді де сақтап, келесі ұрпаққа бере аламыз.

Қазақ тілі сөйлейтін адамдарының саны жағынан әлемдік тілдер арасында 70-ші, тіл байлығынан үшінші орында. Сену қиын, десек те деректер осылай. Ең бай тіл саналатын араб тілінде 12 миллион 300 мың сөз болса, бұл көрсеткіш ағылшын тілінде 750 мың, қазақ тілінде 600 мың, ал испан тілінде 300 мың, орыс тілінде 150 мың екен. Ал қытайлар болса 87019 иероглифті қолданады.

<https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-jane-jastar/til-martebesi-el-martebesi-409/>

1-тапсырма

«Тіл» сөзіне кластер құрастырыңдар (тілдің осы мәтінде айтылған ерекше тұстарын ескере отырып).

2-тапсырма

Тілге қатысты 3 мақал айтыңдар.

3-тапсырма

Мәтіннен буын үндестігіне бағынбай тұрған сөздерді теріп жаз және сол сөздердің біреуіне дыбыстық талдау жасаңдар.

4-тапсырма

Осы мәтінді өзің түйіндеп, тіл туралы өзіңше нақыл сөз ойлап, тұжырым жазыңдар.

<i>Бағалау критерийі:</i>	<i>Дескрипторлар:</i>
<i>Мәтіннің мазмұнын ұғады, мәтіндегі негізгі ақпарат пен қосымша ақпаратты түсініп, анықтай алады, ережелерді сақтап, нормаға сай жаза алады.</i>	1. 1. Мәтін мазмұнын ұғынады
	2. 2. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды, түсінеді.
	3. Ережелерді сақтап, нормаға сай жазады.

Тапсырмаларды А деңгейлі оқушының орындау үлгісі:

1-тапсырма

ТІЛ → барша ұлтқа ортақ → киелі ұғым → баға жетпес мұра → қастерлі → құдіретті ұғым → адам бойына ана сүтімен дариды → әлемдік тілдер арасында сөйлейтін адам саны жағынан 70-орында → тіл байлығы бойынша 3-орында → қазақ тілінде 600 мың сөз қолданыста

2-тапсырма

1. Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.
2. Бал тамған тілден у да тамар.
3. Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді.

3-тапсырма

Мирас, қастерлі, құдіретті, қолөнерімізді, иероглифті

Қастерлі – 8 әріп, 8 дыбыс, 3 буынды (1-буын *қас* – бітеу; 2-буын *тер* – бітеу, 3-буын *лі* – ашық буын). Екі жолмен тасымалданады: қас-терлі, қастер-лі. Буын үндестігіне бағынбай тұр.

қ – дауыссыз, қатаң

а – дауысты, жуан, ашық, езулік

с – дауыссыз, қатаң

т – дауыссыз, қатаң

е – дауысты, жіңішке, ашық, езулік

р – дауыссыз, үнді

л – дауыссыз, үнді

і – дауысты, жіңішке, қысаң, езулік

4-тапсырма

Тіл – ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатын, баға жетпес, киелі де құдіретті ұлы ұғым.

Мұғалімнің комментарийі: Оқушы мәтін мазмұнын ұғынған, негізгі және қосымша ақпаратты анықтаған, ережелерді сақтап, нормаға сай жаза білген. Солайша тапсырмаларды жақсы орындаған. Жарайсың!

Тапсырмаларды Б деңгейлі оқушының орындау үлгісі:

1-тапсырма

.....

2-тапсырма

1. Өнер алды – қызыл тіл

2. Сөйлей-сөйлей шешен боласың,

Көре-көре көсем боласың.

3. Туған жер – қыдырың,

Туған тіл – тұғырың.

3-тапсырма

Мирас, қастерлі, құдіретті, қолөнерімізді

мирас – 5 әріп, 5 дыбысты, 2 буынды (1-буын *ми* – ашық буын; 2-буын *рас* – бітеу буынды) сөз. Бір жолмен тасымалданады: ми-рас. Буын үндестігіне бағынбай тұр.

м – дауыссыз

и – дауысты

р – дауыссыз

а – дауысты

с – дауыссыз

4-тапсырма

Тіл – киелі ұғым

Мұғалімнің комментарийі: Оқушы мәтін мазмұнын толық ұғынбаған, негізгі және қосымша ақпаратты нақты анықтамаған,, ережелерді сақтаған, мүмкіндігінше нормаға сай жазған., 1-тапсырма орындалмаған, 3-тапсырма жартылай орындалған. Солайша тапсырмалар қанағаттанарлық дәрежеде орындалған.

Оқу мақсаты: 5. 2. 5. 1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру;

5. 3. 6. 1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау.

Сабак мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын ұғынады.

Көпшілік оқушылар үшін: Мәтіннен нақты ақпараттарды анықтау үшін сұрақтар құрастыра алады

Кейбір оқушылар үшін: Мәтінді қайта өңдеп, редакциялай біледі.



Қазақ ұлттық киім үлгілері

1-тапсырма

1-суреттегі ұлттық бас киімдерге екі сұрақ құрастырыңдар.

2-тапсырма

2-суреттегі ұлттық киімдер туралы шағын мәтін құрастырып, жазайық (6-7 сөйлем)

3-тапсырма

Жоғарыда құрастырған мәтінімізге түзетулер енгізіп, әдеби тілмен қайта редакциялап жазайық.

4-тапсырма

Ұлттық киімдердің тағы қандай түрлерін білесіңдер? Оларды атаңдар және соның ішінен өздеріңе ұнаған біреуінің суретін салыңдар.

<i>Бағалау критерийі:</i>	<i>Дескрипторлар:</i>
<i>Мәтіннің мазмұнын ұғады, нақты ақпараттарды анықтау үшін сұрақтар құрастырады, мәтінді өңдеп, қайта редакциялай біледі.</i>	3. 1. Мәтін мазмұнын ұғынады
	4. 2. Мәтіннен нақты ақпараттарды анықтау үшін сұрақтар құрастырады.
	3. Мәтінді өңдеп, қайта редакциялайды.

Тапсырмаларды А деңгейлі оқушының орындау үлгісі:

1-тапсырма

Қалпақ қандай жүндерден жасалады?

Тақияның қандай түрлері бар?

2-тапсырма

Ұлттық киімдер ерлер және әйелдер киімі болып бөлінеді. Әйелдер киімінің ішінде бешпет, шапан, кәжекей, қос етек көйлек, кимешек әжелеріміз бен аналарымыздың сәнін келтіріп, жарасып тұрады. Ал жас келінге арналған ұлттық киімдеріміздің орны тіптен ерекше. Әдемі үкі тағылған сәукелесінен бастап, үстіндегі әшекейлермен безендірілген керемет көйлек, камзолы келінді сұлуландыра түседі.

Қазақ жігітінің киіміне келсек, аяғында саптама етік, үстінде зерлі шапаны мен үйлесімді жейдесі, кісе белдігі, басындағы киіз қалпағы нағыз қазақилығын көрсетіп-ақ тұр. Ұлттық киімдеріміз – мақтаныштарымыз.

3-тапсырма

Ұлттық киімдер ерлерге, әйелдерге арналған түрлері бар. Әйелдер киімінің ішінде бешпет, шапан, кәжекей, қос етек көйлек, кимешек әжелеріміз бен аналарымыздың келбеттерін ажарландыра түседі. «Адам көркі – шүберек» деген сөз тақ рас айтылғандай. Қазақ келіндеріне арналған ұлттық киімдеріміз тіптен бөлек. Әдемі үкі тағылған сәукелесінен бастап, үстіндегі әшекейлермен безендірілген керемет көйлек, камзолы келінді реңдендіріп, тіл-көзден, сұқтан сақтайды.

Қазақ жігітінің киімдері де нағыз өр мінезді ер азаматтардың палуан бейнелерін сомдап, қазақилықты баршаға айғақтайды.

Біздің ұлтымыздың ерекше киімдері мен нақыштары – тектілігіміз бен көрегендігіміздің белгісі.

4-тапсырма

Ішік, тон, шидем, жадағай, бөрік, орамал, қасаба, желек, тымақ, кебіс, мәсі, т.б.



***Мұғалімнің комментарийі:** Оқушы суреті бар мәтін мазмұнын ұғынған, нақты ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыра біледі, суретке қарап, мәтін жазып, оны көркем тілмен редакциялай да алған, сонымен бірге тымақтың суретін келістіріп салған. Тапсырмаларды өте жақсы деңгейде орындаған. Керемет!*

Тапсырмаларды Б деңгейлі оқушының орындау үлгісі:

1-тапсырма

Қалпақ қандай бас киім?

Тақияны кімдер киеді?

2-тапсырма

Қазақтың ұлттық киімдері өте көп. Олардың ерлерге, әйелдерге арналған түрлері бар. Әйелдерге арналған киімдер: түрлі көйлектер, камзол, жекет, бөрік, сәукеле, тақия, етік. Ерлерге арналған киімдер: жейде, шапан, қалпақ, белбеу, мәсі. Біздің ұлттық киімдерімізге басқа ұлт өкілдері қызығады.

3-тапсырма

.....

4-тапсырма

Тақия, кимешек, қалпақ, бөрік, мәсі, оюлы етік, орамал



Мұғалімнің комментарийі: Оқушы суретті мәтінге сұрақтар құрастыра білген, суретке қарап, өз шамасына қарай мәтін жазған. Бірақ оны көркем тілмен қайта жазып, редакцияламаған, кимешектің суретін әдемі етіп салған, 2-тапсырма жартылай және 3-тапсырма мүлде орындалмағандықтан, жұмыс қанағаттанарлық деп танылды.

Оқу мақсаты: О. 5.2.6.1 – оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу;

ӘТН.5.4.2.2 – зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану;

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын түсінеді, зат есім туралы біледі.

Көпшілік оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын түсінеді, мәтіндегі нақты ақпаратты анықтайды, зат есімнің ережесін біледі.

Кейбір оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын түсінеді, мәтіндегі нақты ақпаратты анықтайды, зат есімді түрлендіріп қолданады.

Оқылым

Қиял дегеніміз – өте ғажайып дүние. Адамға берілген негізгі байлықтың бірі - осы қиялдай білу қасиеті. Ғалымдардың пікірінше, қиялдай білу қасиеті басқа жан-жануарларға дарытылмаған. Демек адамзат дамуының түпкі заңдылығы, оның бүгінгідей өркениеттік биік деңгейге көтеріле алуы - адамның осы қиялдай білу қасиетіне молынан қатысты екендігі анық.

Қазіргі біз бастан кешіріп отырған заман – адамзаттың қиялы мен бүгінгі өмір шындығы әбден астасқан заман. Өйткені адамзат өз қиялын толық жүзеге асырарлық деңгейге көтеріліп отыр. Кезінде ұшқыш кілемді арман еткен адам баласы қазір дыбыс жылдамдығымен бірдей жүйткі алатын ұшақтарға мініп алып, жердің бір шетінен екінші шетіне санаулы сағаттарда жете алатындай мүмкіндікке ие болды. Қиял-ғажайып ертегілерде айтылған адамзаттың арман-тілегінің бәрі қазір жүзеге асуда. Адамзатқа ғана дарыған қасиеттің арқасында

қиял дегеніміз шексіз ғой. Қиялдың осы шексіздік қасиеті - адамзатты әлі талай биіктерге көтеретіні анық.

<https://egemen.kz/article/173771-qiyal-qudireti>

qudireti

1-тапсырма

Тест үлгісіндегі ашық сұрақтар

1. Мына тақырыптардың қайсысы мәтін мазмұнына сәйкес келмейді?

- А. Адамға берілген негізгі байлықтың бірі - қиялдай білу қасиеті.
- В. Орындалмайтын арманды қиялдау – уақытты зая кетіру.
- С. Қиял-ғажайып ертегілерде айтылған адамзаттың арман-тілегінің бәрі қазір жүзеге асуда.
- Д. Қиялдың осы шексіздік қасиеті - адамзатты әлі талай биіктерге көтеретіні анық.

2. Қиялдың адамзатқа ғана тән екендігін дәлелдейтін сөйлемді анықта.

- А. Қиял дегеніміз – өте ғажайып дүние.
- В. Адамзат өз қиялын толық жүзеге асырарлық деңгейге көтеріліп отыр.
- С. Қиялдың осы шексіздік қасиеті - адамзатты әлі талай биіктерге көтеретіні анық.
- Д. Қиялдай білу қасиеті басқа жан-жануарларға дарытылмаған.

3. Мәтінде аталған қиял-ғажайып ертегіні анықта.

- А. «Жүрдек етік»
- В. «Ғажайып құс»
- С. «Ұшқыш кілем»
- Д. «Алтын жүзік»

2-тапсырма

«Лексикалық журнал» әдісі. Мәтінмен жұмыс

Мәтіндегі тірек сөздер	Мәтіндегі негізгі ой	Мәтіндегі қорытынды ой

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
<i>Мәтіннің жалпы мазмұнын түсінеді, мәтіндегі нақты ақпаратты анықтай алады, мәтіндегі тірек сөздерді, негізгі ойды анықтап, тұжырым жасай алады</i>	5. 1. Мәтіннің жалпы мазмұнын түсінеді
	6. 2. Мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтайды
	7. 3. Мәтіндегі тірек сөздерді анықтайды
	4. Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды
	5. Мәтінге қатысты қорытынды ой жазады

3-тапсырма

Мәтіннен алынған сөздердің ішінен зат есімдерді анықтап, басқа сөз таптарынан ажыратыңдар. Анықтаған зат есімдерді септеңдар.

Шексіз, бүгін, ғажайып, мол, болды, ертегі, айтылған, екінші, ұшақ, ғалым, биік.

- 1.Атау:
- 2.Ілік:
- 3.Барыс:
- 4.Табыс:
- 5.Жатыс:
- 6.Шығыс:
- 7.Көмектес:

<i>Бағалау критерийі:</i>	<i>Дескрипторлар:</i>
<i>Мәтіннен алынған сөздердің ішінен зат есімдерді анықтайды, зат есімдерді септейді</i>	8. <i>1. Берілген сөздердің ішінен зат есімдерді анықтап, ажыратады</i>
	9. <i>2. Анықтаған зат есімдерді септейді</i>
	<i>3. Ережелерді сақтап, нормаға сай жазады.</i>

Тапсырмаларды А деңгейлі оқушының орындау үлгісі:

1-тапсырма

Тест үлгісіндегі ашық сұрақтар

1. В
2. Д
3. С

2-тапсырма

«Лексикалық журнал» әдісі. Мәтінмен жұмыс

Мәтіндегі тірек сөздер	Мәтіндегі негізгі ой	Мәтіндегі қорытынды ой
Қиял, дүние, байлық, даму, қасиет, ертегі, өркениет.	Адамзат дамуының негізгі өзегі – адамның шексіз қиялынан туған дүниелер.	Адам қиялына шек жоқ екендігі, қиялдаудан ешқашан қорықпау керектігі айтылған.

3-тапсырма

Ертегі, ұшақ, ғалым,

- 1.Атау: ертегі, ұшақ, ғалым
- 2.Ілік: ертегінің, ұшақтың, ғалымның
- 3.Барыс: ертегіге, ұшаққа, ғалымға
- 4.Табыс: ертегіні, ұшақты, ғалымды
- 5.Жатыс: ертегіде, ұшақта, ғалымда

6.Шығыс: ертегіден, ұшақтан, ғалымнан

7.Көмектес: ертегімен, ұшақпен, ғалыммен

Мұғалімнің комментарийі: Оқушы мәтін мазмұнын ұғынған, нақты ақпаратты анықтаған, мәтіндегі негізгі ой мен қорытынды ойды түсініп жазған, ережелерді сақтап, нормаға сай жаза білген. Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды дұрыс орындаған. Жарайсың!

Тапсырмаларды Б деңгейлі оқушының орындау үлгісі:

1-тапсырма

Тест үлгісіндегі ашық сұрақтар

1. В

2. В

3. С

2-тапсырма

«Лексикалық журнал» әдісі. Мәтінмен жұмыс

Мәтіндегі тірек сөздер	Мәтіндегі негізгі ой	Мәтіндегі қорытынды ой
Қиял, байлық, айтылған, сағат, дыбыс, даму.	Қиял туралы айтылған.	Адамның жетістікке жетуі қиялдауға байланысты.

3-тапсырма

Ұшақ, ғалым,

1.Атау: ұшақ, ғалым

2.Ілік: ұшақтың, ғалымның

3.Барыс: ұшаққа, ғалымға

4.Табыс: ұшақты, ғалымды

5.Жатыс:

6.Шығыс:

7.Көмектес:

Мұғалімнің комментарийі: Оқушы мәтін мазмұнын толық ұғынбаған, нақты ақпаратты толық анықтамаған, ережелерді сақтаған, мүмкіндігінше нормаға сай жазған. 2-тапсырмада тірек сөздерді анықтауда қателіктерге жол берген, қорытынды ой толық жазылмаған. 3-тапсырма жартылай орындалған. Барлық тапсырмалар орта деңгейде орындалған. Тапсырмаларды мүмкіндігінше толық, тиянақты орындау қажет.

Оқу мақсаты:

5. 2. 1. 1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау;

5. 3. 4. 1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын ұғынады.

Көпшілік оқушылар үшін: Мәтіннен нақты, қосымша ақпараттарды анықтап, түсіне алады.

Кейбір оқушылар үшін: Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жаза алады.

Оқылым мәтіні

«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» - деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтан кем болған жоқ. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған.

Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сыяпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген. Ат, шапан құрметтеудің көрінісі деп бағаланған. Халқымыздың ұлттық киімдерінің түрлері өте көп. Кең байтақ даламыздың табиғатына, ауа райына байланысты киім түрлерінде де ерекшеліктер бар.

<https://ummet.kz/ru/348-makala/dastur-danalygy/4753-aza-ty-ltly-kiiimderi.html>

1-тапсырма

Мәтінді мұқият оқып, нақты және қосымша ақпаратқа екі-екі сөйлемнен жазыңдар.

2-тапсырма

Төмендегі сұрақтарға ауызша жауап беріңдер:

1. Ұлтымыздың ұлттық киімдері сендерге ұнай ма?
2. Ұлттық киімдеріміздің тәрбиелік мәні қандай?
3. Ұлттық киімдерімізді басқа ұлт киімдерімен салыстырып қараңдар
4. Сендер ұлттық киімдерді қай кездерде киесіңдер? Ұлттық киімдерді киген ұнай ма? Ұлттық киім киген кезде қандай сезімде боласыңдар?
5. Болашақта ұлттық киімдеріміз туралы өздеріңнен жасы кішілерге қандай мақтанышпен айтар едіңдер?

3-тапсырма

«Ұлттық киім – асыл мұра» тақырыбына 100-120 сөз көлемінде эссе жазыңдар. Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өздеріңе таныс ұлттық киімдерден дизайнер болып жүрген адамды, оның шығармашылығы туралы білетіндеріңді қоса, суреттеп жазыңдар.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
Мәтіннің мазмұнын ұғады, нақты, қосымша ақпараттарды анықтап, түсінеді, эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жаза алады.	10. 1. Мәтін мазмұнын ұғынады
	11. 2. Мәтіннен нақты, қосымша ақпараттарды анықтап, түсінеді.
	3. Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазады.

Оқу мақсаты: 5. 1. 4. 1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын ұғынады.

Көпшілік оқушылар үшін: Мәтіннен тірек сөздерді теріп жаза біледі.

Кейбір оқушылар үшін: Мәтін мазмұнына орай жетекші сұрақтар құрастырып, негізгі ойды анықтай алады.

Балаға ат қою

Қазақ халқының ерекше көңіл бөлетін ғұрыптарының маңыздысы – өмірге жаңа келген нәрестеге ат қою. Әрбір ата-ана өзінің көз нұры, қолқа-жүрегі санаған баласына әдемі әрі мағыналы ат қоюды қалайды. Ізгі ниеттен бастаған шешендердің, қара қылды қақ жарған әділ билердің, дәулескер күйшілердің, шашасына шаң жұқпаған ақын-жыраулардың атын қоюға пейілді болған. Бірақ әулие-пірлердің атын қоймаған. «Балаға ауыр болады, киесін көтере алмайды» деп, астамшылықтан сақтаныпты.

Балаға ат қойғанда кез келген адамға емес, тағы да сол ырым етіп, көпті көрген ел ағаларына, айналасына сыйлы, аузы дуалы ақсақалдарға сәбиінің есімін қойғызып, батасын алуды мәртебе санаған. Халқымызда азан шақырып ат қою – парыз. Баланың атын қоярда үш қайтара: «Аллаһуакбар!» – деп азан шақырылып, содан кейін баланың құлағына тандалған есімді: «Сенің атың...!» – деп үш рет қайталайды.

Зейнеп Ахметова «Күретамыр»

1-тапсырма

Мәтінді мұқият оқып, мәтін мазмұнын ұғынып алайық.

2-тапсырма

Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазып алайық.

3-тапсырма

Мәтінге байланысты бастапқы жетек сұрақтар бар, соларды ары қарай жалғап, жетекші сұрақтар құрастырып, бір-бірімізге қоямыз және оған келесі оқушы жауап қайтарады. Одан соң осы мәтіндегі негізгі ойды анықтап, айтамыз.

(Сұраулы сөйлемдер **негізгі сұрақты, жетек сұрақты, анықтауыш сұрақты** болып бөлінеді).

Жетек сұрақты сұраулы сөйлем – негізгі сұраққа жауап алу үстінде қосымша туған ойға байланысты сөйлем. Мысалы:

– Иссапарға кімдер барады?

– Жас қызметкерлер барады.

– Біздер ше?

Жетек сұрақты сөйлем толымсыз болып құралады, көбіне тек сұрақ мағыналы сөзден ғана тұрады. Жетек сұрақ ше шылауының қатысуымен жасалады)

Сұрақтар:

– Өмірге келген нәрестеге ат қою маңызды ма?

– Қандай аттар қойған дұрыс?

– Әулие-пірлердің аттарын қойса ше?

(сұрақтарды ары қарай жалғастырып, қоя беріңдер)

4-тапсырма

Сендердің есімдерің қандай мағына білдереді? Есімдеріңді кім қойған?

Адам аттары өмірде маңызды рөл атқара ма? Адам есімі туралы айтарларың бар ма? Ой бөлісейік, пікір алмасайық.

<i>Бағалау критерийі:</i>	<i>Дескрипторлар:</i>
<i>Мәтіннің мазмұнын ұғады, мәтіннен тірек сөздерді тауып, теріп жаза алады, мәтін мазмұнына байланысты жетекші сұрақтар құрастырып, негізгі ойды анықтай біледі.</i>	12. 1. Мәтін мазмұнын ұғынады
	13. 2. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, теріп жазады
	3. Мәтін мазмұнына байланысты жетекші сұрақтар құрастырып, негізгі ойды анықтайды

Оқу мақсаты: 5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландыру туралы біледі

Көпшілік оқушылар үшін: Хат, хабарландыру, жарнамаларды ауызша айта алады

Кейбір оқушылар үшін: Құрылымдары мен жанрлық ерекшеліктерін ажырата алады.

Үйің толған мән болсын!
Дастарқанға дәм толсын!
Төрт құбылаң аман боп,
Жадырасқан сән болсын!



1-тапсырма

Суретте көрсетілген батадан басқа кім жатқа бата айта алады? Үйде әр шаңырақта айтылатын баталар көп-ақ. Солардың бірқатарын ауызша айтып көрейік.

2-тапсырма

Әр отбасымыз өзіміз үшін киелі, қасиетті. Отбасы мүшелері бір-біріне етене жақын, өте қадірлі екені мәлім. Ендеше әрқайсысымыз өз отбасымызда өткен керемет бір қуанышты досымызға хат ретінде жазайықшы, досымыз да сол мерекеде біздің отбасымен бірге болғандай сезінсін (30-40 сөз)


3-тапсырма

Қазақтың ерекше салттарының бірі – бесікке салу, тұсаукесер. Осы екі мерекенің біріне жарнама немесе хабарландыру ретінде мәтін жазыңдар (мәтін көлемі 7-8 сөйлем)

(Оқушыға көмек)




*Сүріншек, жайбасар адамдарға
баланың тұсауын кестірмейді.
Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап
жүгіртеді, шашу шашылады.
Баланың ата-анасы тұсау кесушіге
кәдесін береді.*



*Тұсаукесер – сәби қаз тұрғаннан кейін
тез жүріп кетсін деген тілекпен
жасалатын ғұрып, ырым.
Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады.
Бұл ала жіп аттамасын деген ұғымнан
шыққан. Сол жіппен баланың аяғын
тұсап, оны жүріс-тұрысы ширақ
әйелге қидырады.*



5 БЕСІККЕ САЛУ ДӘСТҮРІ



Нәрестені бесікке бөлеуге міндеттелген әже бесіктің түрлі қажетті нәрселерін түгендеп, ыңғайлаған соң, ырым ғана емес, жаңа орынның тазалығы үшін аршаның бүрін жағып, соның отымен бесікті аластайды.

Алас, алас, от алас,
Ақ бесікке сәуле шаш!
Жайлы болсын төсегі,
Пәле-жала аулақ қаш!
Жөргек жаяр бесікке
Бұрынғының жолы бұл.
Сені сылап, сипаймын
Хауа ананың қолы бұл
Мамықтай боп бесігің,
Арта берсін несібің!...



4-тапсырма

Сабаққа ата немесе әжемізді ертіп әкеліп, аталардан бата алайық, ал әжелерімізден бесік жырларын тыңдайық (оқушы отбасында кеңесіп, өз қалаулары бойынша аталарын немесе әжелерін сол сабақ болатын мезгілге

шақырады, қариялар қазақша киімдерін киіп, сабаққа қатысып, балаларға өнеге көрсетіп, ғибратты сөздерін айтады).

<i>Бағалау критерийі:</i>	<i>Дескрипторлар:</i>
<i>Хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландыру туралы біледі, айта, жаза алады, құрылымдары мен жанрлық ерекшеліктерін ажырата алады.</i>	14. 1. <i>Хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландыруларды біледі</i>
	2. <i>Оларды ауызша айтып, жазады</i>
	3. <i>Олардың құрылымдары мен ерекшеліктерін ажыратады.</i>

Оқу мақсаты: 5. 1. 5. 1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын түсінеді

Көпшілік оқушылар үшін: Мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді

Кейбір оқушылар үшін: Көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіре алады

Оқылым мәтіні

Ешкім азамат болып тумады. Басында бұлағы бар өзеннің ұзақ ағатыны секілді, өнегелі ата-ананың тәліміне сусындап – адалдық, еңбексүйгіштік, бауырмалдық рухта ер жеткен бала, мектеп, қоғам тәрбиесін де бойына жақсы сіңіреді. Мен бауырмалдық дегенді бірнеше рет қайталадым. Оның кең мағынасы халықаралық достық – бауырмалдық. Азаматтықтың, батырлықтың бір негізі осы бауырмалдықтан шығады.

Ерлік аспаннан түспейді, ол Отанды сүюден туады. Ал Отанды сүю үй ішіңнен, отбасынан өседі. Ата-ананы, апа-қарындасты, аға-ініні сыйлап, құрметтеген адам халқының да қадіріне жетеді. Халқын қадірлеген сын сағаттан сүрінбей өтеді. Елін сүйген ер атанады, өйткені ерлік білекте емес, елін сүйе білген адал жүректе...

(Бауыржан Момышұлы)

1-тапсырма

Мәтін бойынша түсінгеніңді 3-4 сөйлеммен жеткізіп айт.

2-тапсырма

Осы тақырып бойынша түйгендеріңді бір сөйлеммен түйіндеп, жазыңдар.

3-тапсырма

«Т кестесі» арқылы мәтіндегі зат есімдерді бір бағанға, сын есімдерді бір бағанға теріп жаз.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
<i>Мәтіннің мазмұнын түсінеді, мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, көтерілген мәселеге өз ойларын білдіреді, зат есім мен сын есімдерді ажыратады</i>	15. 1. Мәтін мазмұнын түсінеді
	16. 2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді
	3. Мәтінде көтерілген мәселе туралы ойын білдіре алады
	4. Зат есім мен сын есімді теріп жаза біледі

Оқу мақсаты: 5. 2. 4. 1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру;
5. 3. 5. 1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу.

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын ұғынады.

Көпшілік оқушылар үшін: Мәтінді басқа тақырыптағы мәтіндермен салыстыра алады.

Кейбір оқушылар үшін: Мәтіндегі негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жаза алады.

Оқылым мәтіні

Қазір қарбаласқан тіршілікте адамдар арасындағы туыстық, достық, жақындық қатынас тек әлеуметтік желіден амандық сұрасумен, анда-санда себеппен бас қосатын жиын-тойлармен шектеліп жатқан сыңайлы. Содан да болар, балалар кімнің қандай туыс екенін білмей, танымай жатады. Осындайда «Қазан шегелу» салты керек-ақ деп қаламын.

Халқымызда бір-бірімен парыз-қарызсыз араласудың түрі көп. Соның бірі – «қазан шегелеу» дәстүрі. Қазан шегелегенде бірнеше адам қалаған бір үйіне айтпастан барып, сол шаңырақтың сүрленіп сақталған етін астырып, барымен базар жасап, көңілді отырыс өткізеді. Ән айтылып, түрлі әңгіменің басы қайырылып, басқосу болады. Бұл – көңілі жақын жандардың араластықты үзбеу амалы, дайындықсыз, айтпастан барып, үй иелеріне күш түсірмей араласудың әдемі түрі. «Қазан шегелеудің» жолының жеңілдігі сондай, барған адам сол үйдің ықыласпен берген қара суы болса да разы болады. Өйткені хабар салмай, өздерінің көңіл қалауларымен барады.

<https://tolqyn.kz/zanalyk/ruhaniyt/32614-azan-shegeleu-anday-dstr.html>

1-тапсырма

Мәтінді мұқият оқып, түсініп алайық. Одан соң осыдан басқа тағы қандай салт-дәстүрлерімізді білеміз, еске түсірейік, айтайық.

2-тапсырма

Өзіміз өте жақсы білетін бір дәстүрді «қазан шегелеу» дәстүрімен салыстырып, 4-5 сөйлеммен жазайық. Жазған мәтінімізде ерекше салт-дәстүрге қатысты сөздердің астын сызайық және оларға түсініктеме бере кетейік.

3-тапсырма

Мәтінде асты сызылған сөздердің омоним, синоним, антонимдерін (бар болса) тауып, ауызша айтыңдар.

4-тапсырма

Мәтіндегі негізгі ақпаратты сақтай отырып, жинақы мәтін жазыңдар.

<i>Бағалау критерийі:</i>	<i>Дескрипторлар:</i>
<i>Мәтіннің мазмұнын ұғады, басқа тақырыптардағы мәтіндермен салыстыра алады, негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жаза біледі.</i>	17. 1. Мәтін мазмұнын ұғынады
	18. 2. Мәтінді басқа тақырыпты мәтіндермен салыстырады.
	3. Негізгі ақпараттарды сақтап, жинақы мәтін жазады.

Оқу мақсаты: 5. 1. 2. 1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға мәтін құрай алады

Көпшілік оқушылар үшін: Диалог, монологтердегі ажырата біледі

Кейбір оқушылар үшін: Диалог, монологтердегі көтерілген мәселені түсінеді

1-тапсырма

Мақал-мәтелдердегі керекті сөздерді тауып, орнына жазып, мақал-мәтелді толықтырыңдар.

Керекті сөздер: қой, май, сүті, жал, жарасады, бөріден, қабат

1. Малды бақсаң қойды бақ,

..... кетпейді шарадан.

Ит асырасаң сырттаннан

..... бермейді қорадан.

2. Қойдың — қорғасын.

3. Өріске мал,

Атқа жарасады.

4. Тоқсан торқадан,

Тоқтышағым терісі артық.

5. Бөркіңді беріп
..... құтылмайсың.

2-тапсырма

Мектепке қуыршақ театры келгелі жатыр. Театрда түрлі жануарлар өнер көрсетпекші. Сендерге сол қуыршақ театрының көрсететін қойылымын жарнамалап, керемет хабарландыру жазу тапсырылып отыр. Қанекей, балалар, бар тапқырлықтарыңды танытып, бірлесе отырып, көрермендер неғұрлым көп, қызыға да асыға келетіндей тамаша хабарландыру жазайықшы. Бұл тапсырма сендердің қолдарыңнан келеді.

3-тапсырма

Төмендегі «Малдың баласын сүюі» мәтінін пайдаланып, диалог құрастырыңдар



Шопан Ата:

*Қой сүйеді баласын қоңырым деп,
Ештеңені білмейтін момыным деп*

Шекшек Ата:

Ешкі сүйер баласын лағым деп,
Тастан тасқа секірген шұнағым деп.

Зеңгі Баба:

Сиыр сүйеді баласын торпағым деп,
Қараңғыға баспаған қорқағым деп.

Қамбар Ата:

Жылқы сүйер баласын құлыным деп,
Тұлпар болар жүгірген жұрыным деп.

Ойсылқара:

Түйе сүйер баласын боташым деп,
Жәудіреген көзіңнен тоташым деп.

4-тапсырма

Топтық тапсырма: Бір топта отырған оқушылардың бірі кез келген бір жануарды үнсіз, тек қимылмен бейнелеп көрсетеді, ал басқа топтағылар оның қандай жануар екенін табады. Келесі кезекте екінші топ оқушылары жануарды жасырады. Бейнеленген жануарды тапқан топқа ұпай беріліп отырады.

<i>Бағалау критерийі:</i>	<i>Дескрипторлар:</i>
<i>Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға мәтін құрай алады, диалог, монологтерді ажырата біледі, көтерілген мәселені түсіне алады</i>	19. 1. Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға мәтін құрайды
	20. 2. Диалог, монологтердегі ажыратады
	3. Диалог, монологтердегі көтерілген мәселені түсінеді

Оқу мақсаты:

5. 2. 1. 1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау;


5. 4. 3. 1 тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану.

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын ұғынады.

Көпшілік оқушылар үшін: Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтап, түсінеді.

Кейбір оқушылар үшін: Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолданады.



Итмұрынның ерекшелгі – бағалы витаминдерге бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада негізінде асқазан және бауыр ауруларын емдеуге қолданылады, гүлдерін шайдың орнына пайдалануға болады, күлтелерден дайындалған эфир майы – парфюмерия өндірісінде пайдаланылады.



<https://yandex.kz/search/?clid=2422873-578&win=616&from>

1-тапсырма

Суреттердегі мәтіндерді оқып, танысайық, содан соң әр мәтіннен бір-бір негізгі ақпаратты білдіретін сөйлемдерді теріп жазып алайық.

2-тапсырма

Сұрақтарға ауызша жауап беріңдер

1. Өсімдіктердің тағы қандай түрлерін білесіңдер? Аттарын атап, ерекшеліктеріне қысқаша тоқтала кетейік.
2. Үйлерінде үй өсімдіктерін, үй гүлдерін өсірумен айналысасыңдар ма? Қандай үй гүлдері бар және олардың бізге пайдасы қандай?
3. Өсімдіктердің адам өмірінде алатын орны қандай?
4. Өсімдіктер мүлдем болмаса, қалай болар еді?
5. Өсімдіктер әлемін қалай қорғаймыз? Айналамыз одан әрі жасыл желекке орана түсуі үшін не істер едіңдер?

3-тапсырма

Мәтіндерден тура немесе ауыспалы, көп мағыналы, омоним, синоним, антоним сөздерді теріп жазып, түсініктеме бере кетейік.

Мысалы: мал – тура мағынада, омонимі: мал – түліктің бірі; мал – етістік (қолыңды суға малу); синонимі: түлік, қой, сиыр, жылқы, түйе, ешкі, т. б.

4-тапсырма

Өсімдіктерге қатысты мақал-мәтел, жұмбақ немесе өлең жолдарын білеміз бе? Білетіндерімізді айтып көрейік.

<i>Бағалау критерийі:</i>	<i>Дескрипторлар:</i>
<i>Мәтіннің мазмұнын ұғады, мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсініп, анықтай алады, тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдана біледі</i>	21. 1. Мәтін мазмұнын ұғынады
	22. 2. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсініп, анықтайды
	3. Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолданады

Оқу мақсаты: 5. 1. 5. 1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын ұғынады.

Көпшілік оқушылар үшін: Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

Кейбір оқушылар үшін: Көтерілген мәселе бойынша өз ойларын нақты білдіреді.

Оқылым мәтіні

Ең қымбат нәрсе – уақыт. Оның адамға бағынбайтын өз заңдылықтары бар. Біз уақытты қалаған кезімізде ұзартып, не қысқарта алмаймыз. Уақытты зая кетіру – ең ауыр өкініш. Сондықтан, барынша пайдалы істермен айналысқан жөн. Бос уақытты тиімді өткізудің бірнеше түрі бар. Қолөнермен, бимен айналысу, салауатты өмір салтын ұстану, кітап оқу және басқа да пайдалы істермен шұғылдану. Әр адамның талғамы әртүрлі болады. Мәселен, кітап оқу. Жапон ғалымдары кітап оқу өміріңізді ұзартатынын дәлелдеген. Расында солай ма? Тек бұл емес, рухани азық та кітапта. Ұлы Абай : « Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге», -деп бекер айтпаған.

Қазақ жазушыларының кітаптарын оқи отырып, шығарманың желісінде өзің жүргендей күй кешесің. Олардың өткір сөздері алпыс екі тамырыңды шымырлатып, қайраттандыра түседі. Оқырмандардың жас ерекшелігіне зер салсақ, 10 мен 60 жас аралығындағы еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін оқиды екен.

Кітаптың пайдасы мол. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, кітап оқу, рухани байлық жинау адамдарды ұмытшақтық ауруынан сақтайды. Статистикаға сенсек, бүгінде сатылымдағы кітаптардың жартысын көбіне 45 жастан асқан оқырмандар сатып алады екен.

<https://syryboyi.kz/tanim/bos-waqyty-qalaj-oetkizesiz-66462/>

1-тапсырма

Мәтін оқылады, оқушылар мұқият тыңдайды.

Содан соң оқушыларға сұрақтар қойылып, сол сұрақтарға ауызша жауап беру тапсырылады.

- *Сендер уақыт дегенді қалай түсінесіңдер?
- *Уақытты босқа өткізу дегеніміз не екен?
- *Уақытты тиімді өткізуді қалай түсінесіңдер?
- *Уақытты тиімді өткізген дұрыс па? Себебін түсіндіріңдер.
- * «Рухани азық кітапта» дегенді қалай түсінесіңдер?
- *Қандай әдеби кітаптар оқыдық? Ол шығармалардан қандай тәлім алдық?

Біз үшін пайдасы бар ма екен?

2-тапсырма

Әрқайсысымыз «Бір сөйлеммен түйіндеу» тәсілі бойынша біз уақытты қалай бағалайтынымыз, қалай пайдаланатынымыз туралы бір сөйлеммен айтып өтейікші, қанекей.

3-тапсырма

Жазбаша бәріміз бір күнімізге күн режимін жасап, жаза қояйық, балалар.

(Мысалы: Менің күн тәртібім:



1.Таңертең сағат 7-00-де ұйқыдан тұрамын

2. Сағат 7-15-ке дейін жуынамын

3. 7-15-тен 7-35-ке дейін таңғы ас ішемін

.....т. с. с

осы бағытпен жалғастырасыңдар)



Өз күн
тәртібінді
жаз!

4-тапсырма

Мәтіндегі асты сызылған сөздерді екі бағанға, яғни түбір сөздер және туынды сөздер етіп бөліп жазайық және туынды сөздердің ішінен кез келген үш сөзге морфологиялық талдау жасайық (мысалы: жазушыларының, түбірі – жаз – етістік, у – тұйық етістік жұрнағы, шы – етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ, лар – көптік жалғауы, ы – тәуелдік жалғаудың III жағы, ның – ілік септігінің жалғауы)

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
--------------------	----------------

Мәтіннің мазмұнын ұғады, мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере біледі, көтерілген мәселе бойынша өз ойларын нақты білдіре алады	23. 1. Мәтін мазмұнын ұғынады
	24. 2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді
	3. Көтерілген мәселе бойынша өз ойларын нақты білдіре алады

Оқу мақсаты: 5. 2. 2. 1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану;

5. 3. 1. 1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру.

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтіндердің мазмұнын ұғынады.

Көпшілік оқушылар үшін: Мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құра алады

Кейбір оқушылар үшін: Мәтін стильдерін ажыратып, айырмашылықтарын біледі.

А мәтіні

- Сәлем, Айша!
- Сәлем, Айдос!
- Қалың қалай?
- Жақсы.
- Көріскеніміз жақсы болды, әйтпесе соңғы уақытта ішім пысып жүр. Не істерімді білмеймін.
- Айдос, әркімнің сүйікті істері болады. Мысалы, мен бос уақытымда кітап оқимын. Ертегілерді оқуды ұнатамын. Ал сен не істеуді ұнатасың?
- Мен....мен домбырада ойнауды ұнатамын. Бірақ соңғы кезде оны да істеуге жалықтым.
- О! Таптым! Айдос сен жақсы сурет салушы едің ғой...
- Білмеймін, онша жақсы сала алмайтын шығармын...
- Жоқ, сен тамаша сурет саласың! Бос уақытыңда сол істі жетілдір.
- Рақмет, Айша! Енді мен бос уақытымда сурет саламын.
- Оқасы жоқ, Айдос. Қош бол!
- Көріскенше!

<https://uchenik-online.ru/28164148/>

«Ә» мәтіні

Әуелі «хобби» деген не екенінен бастасақ, ағылшын тілінен аударғанда «сүйікті іс» деген мағына беретін хобби – адамға ләззат әкеліп, шабыттандыратын қызығушылық. Шындығына келгенде, әр адамның өз сүйікті ісі болғаны өте маңызды, себебі хобби оның шығармашылық қабілетін іске асыруға, күйзеліске қарсы тұруға, ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі.

Кейбіреулер әр түрлі спорт түрлерімен айналысқанды жақсы көреді. Ал басқалары антиквариат немесе бас киімдер жинағанды, тіпті жануарлар өсіргенді ұнатады. Айта беретін болсақ, бұндай хобби түрлері өте көп. Шығармашылық пен саяхаттан бастап, тарихи дүниелерді зерттеудің барлығы адамның өмірге деген құштарлығына айналуы мүмкін.

Көбіне хобби балалық шақта пайда болады. Кейбіреулер маркалар, монеталар, жапсырмалар жинайды, басқалары ән айтып, би билейді.

Сүйікті іспен айналысу – бұл өмірдің әсемдігін сезініп, қуанышқа кенеліп, сезімнің шексіз ағынына бөленіп және алға ұмтылудың қуатты стимулы. Хобби табу дегеніміз – жанға пайдалы іс табу. Хобби – ол шексіз нәрсе, эмоциялардың сарқылмас көзі. Өзіңізге ұнайтын хоббиді тауып, өзіңізді жарқын эмоциялармен қамтамасыз етіңіз.

<https://aqmeshit-zhastary.kz/qogam/hobbi-oemirdi-qyzyqty-etedi-3768/>

1-тапсырма

Мәтіндерді мұқият оқып, танысындар. Содан соң екінші, яғни хобби туралы мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құрып, жазындар.

2-тапсырма

Мәтін стильдерін анықтаңдар және олардың бір-бірінен айырмашылықтарын түсіндіріңдер. Стиль түрлерін еске түсіріп, қайталаңдар.

3-тапсырма

«Менің сүйікті ісім» тақырыбына шағын эссе жазындар (50-60 сөз көлемінде)

4-тапсырма

Мәтіннен күрделі сөздерді (біріккен, қосарланған, тіркескен) тауып, түрлерін анықтаңдар.

<i>Бағалау критерийі:</i>	<i>Дескрипторлар:</i>
<i>Мәтіндердің мазмұнын ұғынады, мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құра алады, мәтін стильдерін ажыратып, айырмашылықтарын біледі.</i>	25. <i>1. Мәтін мазмұнын ұғынады</i>
	26. <i>2. Мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құрады</i>
	<i>3. Мәтін стильдерін ажыратып, айырмашылықтарын біледі.</i>

Оқу мақсаты:

5.2.1.1 – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау;

5.4.2.2 – зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану;

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын түсінеді, зат есім туралы біледі.

Көпшілік оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын түсінеді, мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды, зат есімнің ережесін біледі.

Кейбір оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын түсінеді, мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды, зат есімді түрлендіріп қолданады.

Оқылым

Қиял адамға қанат бітіреді. Өмірде көп жағымды, жақсы ойлар ойлауымыз керек дейміз. Ол – шындық. Адамның ойы да, өмірлік танымы да уақыт өте өзгереді, қалыптасып, пісіп жетіледі. Бірақ қиялы бәрібір сол күйінде қалмақ.

Өзге жандар сынды мен де көп қиялдаймын. Тіпті, бала кезден қиялдаймын десем болады. Әсіресе, жатар кезде, ұйықтар алдында. Жатып қиялдау сондай ләззат. Кейде жаяу жүріп те қиялдаймыз. Қалай десек те, қиялсыз адам жоқ.

Менің қиялым әртүрлі. Түрлі жағдайға байланысты. Бірақ солардың арасында ерекше біреуі бар: ол – өзгелерге көп жақсылық жасасам деген қиял. Адам бұл өмірге ішіп-жеп, ұйықтау үшін келмеуі тиіс. Оның мақсаты, болашағы болуы тиіс. Бірақ бар адамның бір мақсаты болуы керек сияқты: ол – өзгелерге көмектесу деген немесе осы өмірді сәл де болсын жақсы жаққа өзгерту.


Мен де қиын жағдайда қалған жандарға көмектесем, әлеуметтік және материалдық жағдайын жақсартсам деп ойлаймын. Және сол үшін еңбек етуге бармын да. Жақсылық жасау – осы өмірдің мәні сияқты.

Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/blogs/26570/>

Тапсырма №1

«Ақпаратты сүзу» әдісі. Мәтіндегі негізгі ақпаратты сүзгінің үстіңгі жағына, қосымша ақпаратты сүзгінің төменгі жағына жазыңдар.

Негізгі ақпарат



Қосымша ақпарат

Тапсырма №2

Мәтінде берілген мәліметтер бойынша шын және жалған ақпараттарды ажыратыңдар.

	Ақпарат	Шы	Ж
		ндық	алған
	Солардың арасында ерекше біреуі бар: ол – өзгелерге көп жақсылық жасасам деген қиял.		
	Есейген кезімнен бастап қиялдаймын десем болады.		

	Адам бұл өмірге ішіп-жеп, ұйықтау үшін келмеуі тиіс.		
	Көптеген жетістіктерге жету жолында өзім үшін еңбек етемін.		

Тапсырма №3

«Артығын ал» әдісі. Мәтін бойынша берілген зат есімдердің артық жазылған бір нұсқасын тап және ережеге сәйкес себебін жаз.

Зат есімдер	Төрт сөз тізімі	Артығы	Себебі
Деректі	Адам, бала, қанат, гүл, өмір		
Дерексіз	Қиял, қанат, ой, шындық, жақсылық		
Негізгі	Еңбек, өмір, мақсат, болашақ, шындық		
Туынды	Жақсылық, шындық, қанат, таным, жамандық		

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
<i>Мәтіннің мазмұнын түсінеді, мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады, мәтіндегі зат есімдерді ережеге сәйкес жаза алады</i>	27. 1. Мәтіннің жалпы мазмұнын түсінеді
	28. 2. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды
	29. 3. Мәтіндегі қосымша ақпаратты анықтайды
	4. Мәтіндегі шын/жалған ақпаратты анықтайды
	5. Зат есімдерді анықтап, ережесін жазады

Оқу мақсаты:

5.3.3.1 – сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру;



5.4.4.3– сын есімдердің шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу;

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Әңгіме құрастырып жазады, сын есім туралы біледі.

Көпшілік оқушылар үшін: Сурет мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, сурет желісі бойынша әңгіме құрастырып жазады, сын есімнің ережесін біледі.

Кейбір оқушылар үшін: Сурет мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, сурет желісі бойынша әңгіме құрастырып жазады, сын есімді зат есім орнына қолданады.



Тапсырма №1

Ашық сұрақтар:

Суреттегі көріністен нені байқадыңдар?

Осы балалардың орнында болсаңдар, не істеген болар едіңдер?

Қалай ойлайсыңдар, әдепті бала қандай болуы керек?

Суреттегі оқиға мен өзінде кездескен осындай оқиғаларды пайдаланып, әңгіме жаза алар ма едің?

Тапсырма №2

Берілген суреттерді пайдаланып, «Мен әдепті баламын» тақырыбында әңгіме құрастырып жазыңдар. Әңгіме құрастыруда сын есімдерді зат есім орнына қолданыңдар.

Тапсырма №3

Жазған әңгімелеріңнің ішінен сын есімдерді теріп жазып, шырай жұрнақтарын жалғап түрлендіріңдер. Мысалы: үлкен – үлкенірек, үлкендеу, үп-үлкен.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
Сұрақтарға жауап береді, сюжетті суреттердің мазмұнына сәйкес әңгіме құрастырып жазады, сын есімді зат есім орнына қолданады,сын есімдерге шырай	1. Сұрақтарға жауап береді
	2. Мәтін мазмұнына сәйкес әңгіме құрастырып жазады
	3. Сын есімдерді зат есім орнына қолданады

жұрнақтарын жалған түрлендіреді	4. Сын есімдерге шырай жұрнақтарын жалған, түрлендіреді
---------------------------------	---

Оқу мақсаты: О.5.7.2.1 – энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу;

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Берілген ақпараттардың мазмұнын түсінеді, қажетті ақпаратты іріктей алады.

Көпшілік оқушылар үшін: Қажетті ақпараттарды іріктеп, суретпен сәйкестендіреді.

Кейбір оқушылар үшін: Қажетті ақпараттарды іріктеп, суретпен сәйкестендіреді, жолда жүру ережелеріне байланысты ұсыныс айта алады.

<https://stan.kz/balalar-men-ata-analarga-arnalghan-zhol/>
<https://yandex.kz/video/preview/1076094708943078278>
<https://yandex.kz/>

Құрамдас мәтін

Жаяу жүргіншілерге жаднама

Жол абайсыздықты кешірмейтінін ұмытпаңыз! Жол ережесін бұзу қайғылы жағдайға алып келеді. Тәртіпсіз жаяу жүргіншілер өздеріне және басқа жол қозғалысына қатысушыларға қауіп төндіреді.



Жол абайсыздықты кешірмейтінін ұмытпаңыз! Жол ережесін бұзу қайғылы жағдайға алып келеді. Тәртіпсіз жаяу жүргіншілер өздеріне және басқа жол қозғалысына қатысушыларға қауіп төндіреді.



Көшенің жүріс бөлігінен тек «Жаяу жүргіншілер өткелі» және «Жолақша» жол белгілерімен белгіленген жерлерден өтіңіз



Жақындап келе жатқан дабылдың дауысын естіп, жолға шықпаңыз. Жедел қызмет көлігі өткенге дейін күте тұрыңыз, ол жоғары жылдамдықпен қозғалады.



Жол қозғалысы бағдаршаммен реттелетін жерлерде олардың сигналдарын қатаң сақтаңыз!




Автобусты, троллейбусты және трамвайды алдынан да, арт жағынан да айналып өту қауіпті! Ол аялдамадан алшақ кетіп, жол екі жаққа айқын көрініп тұрғанша күтіңіз.



Жолдан өтіп бара жатқанда құлаққап қолданбаңыз және ұялы телефонмен сөйлеспейіз!

Жол ережелерін сақтау - сіздің қауіпсіздігіңіздің кепілі!

1-сурет





3-сурет

4-сурет

5-сурет



Қандай қауіпсіздік ережесі бұзылған?



101 – өрт сөндіру машинасы;
102 – полиция машинасы;
103 – жедел медициналық жәрдем;

Тапсырма №1

Жадынамада берілген жолда жүру ережелерін оқыңдар. Ішінен қажетті ақпаратты іріктеп, ереже мазмұнына сай келетін суретпен сәйкестендіріп жазыңдар.

Суреттер	Жолда жүру ережелері
1-сурет	
2-сурет	
3-сурет	
4-сурет	
5-сурет	

Тапсырма №2

Өздерің жолда жүру ережесін сақтауға байланысты тағы қандай ұсыныс, пікір айтар едіңдер? Сілтеме арқылы берілген ақпаратты пайдаланып, «Жаяу жүргіншіге кеңес» ретінде санамалап жазып көріңдер.

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
Берілген ақпараттардың мазмұнын түсінеді, қажетті ақпаратты іріктей алады, суретпен	30. 1. Құрамдас мәтіннен қажетті ақпаратты іріктей алады
	31. 2. Қажетті ақпаратты суретпен

сәйкестендіреді, жолда ережелеріне байланысты айта алады.	жүру ұсыныс	сәйкестендіреді 3. Жолда жүру ережелеріне байланысты ұсыныс айтады.
---	-------------	--

Оқу мақсаты:

5.2.4.1 – ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру;

5.4.4.3 – сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу;

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Ауызекі стиль туралы, сын есімді біледі.

Көпшілік оқушылар үшін: Ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын салыстыра алады, мәтіннен сын есімдерді анықтай алады.

Кейбір оқушылар үшін: Ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыра алады, сын есімді зат есім орнына қолдана біледі.

Оқылым мәтіні

1-мәтін

Ауыл сахнасынан жап-жас Бұлбұлдың әсем әнін тыңдаған Бүркіт қария да қатты сүйсінді. Бір күні сабақтан әндетіп келе жатқан Бұлбұлға қарсы жолыққан қария:

– Бұлбұл, балам, – дей бергені сол еді:

- Ата, уақытымды алмаңызшы, – деп, алды-артына қарамай жүріп кетті.

Атай қапа болып қала берді. "Бала ғой, балалығы да. Үлкен өнер иесі болғалы тұр, әттең, мінезі кедергі болмаса" деп өзін-өзі жұбатқан болды.

Ертесіне қария болған жайды ұстазына баяндап берді. Ұстаз Бұлбұлмен оңаша сөйлесті.

– Кешегі күніңнің қалай өткенін маған тәптіштеп баяндап берші. Бірақ ештеңесі қалып қоймасын, – деді қадалып.

Бұлбұл бірдеңені сезгендей, жолда тоқтатқан қарияны кінәлай сөйледі.

– Асығып бара жатсам, ерігіп жүрген Бүркіт деген кісі «тоқта» деп еді, тоқтамадым.

– Жо-жо-жоқ! Бұлбұл, сен қатты қателестің. Көргені көп кісілердің сөзін бір күн емес, өмір бақи тыңдасаң да артық етпейді. Сен үлкен кісілерге, тіпті өзіңнен кішіге де құрметпен қарауың керек. Адамдар сенің өнеріңе ғана емес, өзіңе де сүйсінуі тиіс. Есінде болса, ұстаздың қатаң талабына шыдасаң арманыңа жетесің деп едім ғой. Сондай талаптың бірі - жүрген жерінде жұртқа жұғымды болу, соңыңнан жақсы сөз ілестіру.

– Иә, иә, – деген Бұлбұл әуел бастағы ұстаз сөзінің жұмбағын енді-енді түсінгендей болды.

Сол күні Бұлбұл Бүркіт ақсақалдан кешірім сұрады.

<https://www.balakai.kz/ertegler>

2-мәтін

Ғани әкесімен бірге үлкен тау жартастарының арасымен серуендеп келе жатқан еді. Кенет Ғани сүрініп кетіп: «А-а-а-а!» деп айқайлап жіберді. Сол кезде жоғарыдан «А-а-а-а!» деген дауыс естілді. Ғани өзінің даусының қайталанғанына таңырқап: «Сен кімсің?» деп дауыстағанда, Ғаниға: «Сен кімсің?» деген жауап келді. Ғани түкке түсінбей жынданып: «Сен қорқақсың!» – деп айқайлады. Таудан шыққан дауыс та: «Сен қорқақсың!» деп жауап берді. Қатты ашуланған Ғани әкесіне қарап: «Әке, бұл кім өзі?» - деп сұрады. Әкесі: «Ұлым, менің сөзіме құлақ сал», – деді де, тауға қарап тұрып: «Мен сені жақсы көремін!» деп айқайлады. Таудан: «Мен сені жақсы көремін!» деген жауап келді. Әкесі тағы да айқайлап: «Сен әдемісің!» деді. Жауап: «Сен әдемісің!» деді.

Ғани не болғанын білмей, таңданып тұрып қалды. Әкесі жаңғырықтың сырын былай деп түсіндіріп берді: «Бұл - жаңғырық. Жаңғырық адам баласына көп нәрсе үйретеді. Сен өмірінде не істесең, оның сыбағасын аласың. Өмір айна сияқты. Сен қандай болсаң, солай көрсетеді. Егер мейірімділікті қаласаң, мейірімді болуға тиіссің. Адамдардың сабырлы болуын қаласаң, сен де сабырлы бол. Адамдардың қайырымды болуын қаласаң, сен де қайырымды бол!»

<https://angimeler.wordpress>

Тапсырма №1

Ауызекі стильдегі мәтіндерді салыстырыңдар.

А мәтіні	Ә мәтіні
Тақырыбы	
Мазмұны	
Тілдік ерекшелігі	

Тапсырма №2

Екі мәтінде кейіпкерлерге кеңес ретінде айтылған мінездемелерді кестеге жазыңдар.

Кейіпкерлер	Кейіпкерлерге қажет мінез-құлықтар (мәтінде айтылған мінез-құлық)	Кім тарапынан айтылды?
Бұлбұл		
Ғани		

Тапсырма №3

Төменде берілген сын есімдерді зат есім орнына қолданып, сөйлем құраңдар.

Жақсы, үлкен, қорқақ, әдемі.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
--------------------	----------------

Ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыра алады, мінездемелерді мәтіннен анықтай алады, сын есімді зат есім орнына қолдана біледі.	32. 1. Ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын салыстырады
	33. 2. Ауызекі стильдегі мәтіндердің тақырыбын салыстырады
	3. Ауызекі стильдегі мәтіндердің тілдік құралдарын салыстырады
	4. Мінездемелерді мәтіннен анықтай алады
	5. Сөйлем құрай алады
	6. Сын есімді зат есім орнына қолдана біледі

Оқу мақсаты:

5.3.5.1 – оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу;

5.4.4.4 – сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу;

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: Мәтін мазмұнын түсінеді, мәтін жаза алады.

Көпшілік оқушылар үшін: Жинақы мәтін жаза алады, сан есімнің мағыналық түрлерін біледі.

Кейбір оқушылар үшін: Мәтіндегі негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жаза алады, сан есімді мағыналық түрлеріне қарай ажырата алады.

Оқылым мәтіні

Жаңа планеталар

Насаның «Планета аңшысы» деп аталатын Кеплер ғарыш телескобы, көбісінің көлемі Жермен шамалас болған 461 потенциалды планета тапты. Ғалымдар тек «Құс жолы» галактикасының өзінде ғана көлемі Жермен бірдей ең кемі 17 миллиард планетаның бар екендігін мәлімдеді. Кеплер астрономы Кристофер Берк АҚШ-тың Калифорния штатындағы Лонг Бич қаласында ұйымдастырылған Американдық астрономиялық бірлестігі конференциясында жиналыс өткізді.




Екі жыл алдын 1200 объект бақылағанын білдірген Берк: «Бір жылдан кейін одан да көп аспан денелерін анықтадық. Өте көп кішкентай планеталар мен жердің көлеміндей және одан да үлкен планеталар көрдік. 22 айлық бақылаудан кейін 461 жаңа планета белгіленді», - деді. Берк табылған 4 планетаның жұлдыздарынан қашықтықтарының себебінен өмір сүру мүмкіндігін айтты.



Кеплер телескобының тапқан планеталарының арасында көлемі Жерден 1,5 есе үлкен, Күнге ұқсас бір жұлдыздың айналасында айналатын, бір жылы 242 күн болған және суы да бар болуы мүмкін деп ойлаған планета да бар.

2009 жылдан бері бақылауларын жүргізіп келетін ғарыш телескобы, «Күс жолы» галактикасындағы 160 мың жұлдыз жүйесін тексеріп, өмір сүру мүмкіндігі бар планеталарды іздеуде. Тексерілген 2740 жұлдыз жүйесінің 299-ында 2, 112-сінде 3, 44-інде 4, 11-інде 5, 1-інде 6 планета табылды.



<https://balalaralemi.kz/>

Тапсырма №1

Мәтіннен негізгі ойды білдіретін 2 ақпаратты іріктеп жазыңдар.

- 1.
- 2.

Тапсырма №2

1-тапсырмадағы негізгі ақпараттарды пайдалана отырып, жаңа планеталар туралы жинақы мәтін жазыңдар. (7-8 сөйлем)

Тапсырма №3

Мәтіннен 5 есептік сан есімді таңдап алып, басқа сан есім түрлерін жасаңдар.

Есептік сан есім	Реттік сан есім	Жинақтық сан есім	Топтау сан есім	Болжалдық сан есім	Бөлшектік сан есім

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар:
Мәтіннен 2 негізгі ақпаратты анықтайды, мәтіндегі негізгі ақпараттарды пайдаланып, жинақы мәтін жаза алады, сан есімді мағыналық түрлеріне қарай ажырата алады.	34. 1. Негізгі ақпаратты анықтайды
	35. 1
	36. 2
	37. 2. Жинақы мәтін жазады
	3. Жинақы мәтін жазуда негізгі ақпаратты

	пайдаланады
	4. Мәтіннен есептік сан есімдерді анықтайды
	5. Сан есімдерді мағыналық түрлеріне қарай ажыратады

Оқу мақсаты:

5.3.4.1 – эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу;

5.4.5.5 – төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру;

Сабак мақсаты:

Барлық оқушылар үшін: өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп мәтін жаза алады, төл сөз, төлеу сөз, автор сөзі туралы біледі.

Көпшілік оқушылар үшін: өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп эссе жаза алады, төл сөз, төлеу сөз, автор сөзі туралы біледі.

Кейбір оқушылар үшін: эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жаза алады, төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын біледі, орынды қолдана алады.

Ой тастау



Тапсырма №1

Суретте берілген атаулардың бірін тандап, өзіңе таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп эссе жазыңдар. Эссеге тақырып қойыңдар.

Эссе құрылымы:

Кіріспе:

Негізгі бөлім:

Қорытынды:

Тапсырма №2

Орын тәртібі арқылы сөйлем құрастырып жазыңдар. Тиісті тыныс белгілерін қойыңдар.

1. Төл сөз – автор сөзі
2. Автор сөзі – төл сөз
3. Автор сөзі – төл сөз – автор сөзі
4. Төл сөз – автор сөзі – төл сөз

<i>Бағалау критерийі:</i>	<i>Дескрипторлар:</i>
Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазады, төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын біледі, орынды қолданады.	38. 1 Суретте берілген атаулармен танысады
	39. 2. Тақырып таңдайды
	3. Эссе жазады
	4. Құрылымын сақтайды
	5. Орын тәртібі арқылы сөйлем құрастырып жазады
	6. Тыныс белгілерін дұрыс жазады

6-СЫНЫП

1-тоқсан

«Қазақстандағы көрікті жерлер. Лексикография» бөлімі бойынша қалыптастырушы бағалау

Оқу мақсаты	6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау
Бағалау критерийі	Білім алушы • Мәтіннің атауын талқылап, алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжап айтады.

Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
1-тапсырма <i>Ж. Мәтінді мұқият тыңдап, мәтін не туралы екенін анықтаңыз.</i> Қазіргі таңда республикамызда туризмнің барлық түрлері дамып келеді. Сондықтан болар, демалуға қолайлы ел ретінде Қазақстанның танымалдығы күн санап артуда. Сонымен, еліміздің қай жерлерін міндетті түрде көру керек?.. Сұрақ: Мәтіннің атауы қандай деп ойлайсыз? Неге? _____	
Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - мәтіннің алғашқы бөлігін тыңдап, өз болжамын ұсынады; - мәтіннің атауын анықтайды.
<i>Ж. Мәтінді жалғасын тыңдаңыз. Көтерілетін мәселені анықтаңыз.</i> Бірінші орында кіші Швейцария – Бурабай. Ол республикадағы ең танымал туристік бағыт саналады. Бұл жердің әсем табиғаты, көптеген қонақүйлері, шипажайлары мен дамыған инфрақұрылымы демалушыларға ұмытылмас әсер сыйлайды. Сондықтан болар бұл жер халық арасында екінші Швейцария деп аталып кеткен. Бұл жерде демалып қана қоймай, ем қабылдауға да бар жағдай жасалған. Алайда ... https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_turism/25390905.html / өңделген (77) Сұрақ: Автор «алайда» сөзі арқылы не айтқысы келді деп ойлайсыз? Мәтінде қандай мәселе көтерілуі мүмкін? _____	
Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - мәтін тыңдап, өз болжамын айтады; - өз болжамын түсіндіреді; - көтерілетін мәселені анықтайды.

Алайда, көптеген Қазақстандықтар өз елінің осындай шипалы да көркем жерлеріне емес, шетелдерге баруға құмар. Саяхат өз елінің көрікті жерлерін көруден басталу керек. Қазақстандық туризмнің дамуына әрқайсысымыз үлес қосу керекпіз.

Дескриптор	<i>Білім алушы</i>
-------------------	--------------------

- мәтіннің соңғы бөлігін тыңдап, өз болжамдарымен салыстырады

ҚБ: дескрипторға сүйене отырып, бірін-бірі бағалайды.

Оқу мақсаты	6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Мәтіннің құрылымдық ерекшелігін ажыратады, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
1-тапсырма <i>Ж. Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіздер. Құрылымдық ерекшеліктерін анықтаңыздар.</i> Қазақстанға бір сәтте миллиондаған адам саяхат жасамақ. Еуропадағы ең беделді телеарналардың бірі біздің спортшылар туралы кино түсіріп, олармен бірге еліміздің көрікті жерлерін аралауды көздеп отыр. Шетелдіктер бұл ұсыныстарын «Астана» велокомандасына жасапты. Қабілетті спортшылардың өміріне қызығушылық білдірген шетелдік телеарна ірі бастаманы қолға алды. Әйгілі «Лонели планет» компаниясы «Спортшылармен бірге саяхат» атты жоба аясында 20 шақты деректі фильм түсіреді. Режиссерлік идеяға сәйкес, «Астана» велокомандасының мүшелері Қазақстан қалалары жайында баяндап, туып-өскен жерлерін, сүйікті демалыс орындарын, елдің табиғи қорықтары мен тарихи жәдігерлерін көрсетеді. Сонымен қатар теннис, футбол, сынды спорт түрлерлері бойынша өнер көрсетіп жүрген жастар да көгілдір экран жұлдыздарына айналмақ. Олар туралы эфирге 16 сюжет әзірленеді. Дайын өнімді «Евроспорт» арнасынан алдағы қараша айынан бастап келесі жылдың ақпанына дейін көруге болады. Бір айтары, бұл телеарнаны күн сайын 20 миллионға жуық көрермен тамашалайды екен. Жаңа жоба өзара әріптестік қарым-қатынастың бастауы ретінде қарастырылуда. http://astanafans.com/kazak-elin-europa-koredi.html (136) <i>Ж. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.</i> а) «Евроспорт» арнасының мақсаты қандай? _____ _____ _____ ә) Режиссердің фильм түсіру бойынша идеясы қандай? _____ _____ _____ б) Бұл қазақстандық жастарға қандай мүмкіндік береді? _____ _____ _____	

_____	в) Бұл телеарнаны күн сайын 20 миллионға жуық көрермен тамашалайтынын ескерсек, қандай қорытынды жасауға болады? _____				
_____	г) Мәтіннің негізгі ойы қандай? _____				
_____	ғ) Мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерін ажыратыңыз. Кіріспе _____				
_____	Негізгі бөлім _____				
_____	Қорытынды _____				
_____	<table border="0" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 30%;">Дескриптор</td> <td style="width: 70%;"><i>Білім алушы</i></td> </tr> <tr> <td style="vertical-align: top;">ор</td> <td> - сұрақтарға жауап береді; - негізгі ойды анықтайды. -мәтіннің кіріспе бөлімін анықтайды; -негізгі бөлімін анықтайды; -қорытынды бөлімін ажыратады; </td> </tr> </table>	Дескриптор	<i>Білім алушы</i>	ор	- сұрақтарға жауап береді; - негізгі ойды анықтайды. -мәтіннің кіріспе бөлімін анықтайды; -негізгі бөлімін анықтайды; -қорытынды бөлімін ажыратады;
Дескриптор	<i>Білім алушы</i>				
ор	- сұрақтарға жауап береді; - негізгі ойды анықтайды. -мәтіннің кіріспе бөлімін анықтайды; -негізгі бөлімін анықтайды; -қорытынды бөлімін ажыратады;				

ҚБ: Мұғалім дескрипторға сүйене отырып, оқушыға тиімді кері байланыс береді. Нені жақсы орындады, әлі де нені орындай алмады және қалай, қай жерден оқуға, қарауға болатынына нақты бағыт береді.

Оқылым мақсаттарына тапсырма

Оқу мақсаты	6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану 6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу
--------------------	---

	Қолдану	
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Ауызекі сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін тілдік құралдар арқылы анықтайды • бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады Қолдану	
Ойлау дағдыларының деңгейі		
1-тапсырма. Кестеде берілген мәліметті оқып, жұбыңмен талқыла. Сыныпта түсіндіріңдер.		
	Стиль түрі	Ауызекі сөйлеу стилі
	Қолданылатын аясы	Адамдармен еркін әңгіме кезінде қолданылады. Ауызекі сөйлеу стилінің түрлері: 1. Дидарластық сөз (әңгімелесу, сұхбаттасу) 2. Полемикалық (дауласу) сөз 3. Көпшілікке арналған сөз (баяндама, лекция)
	Мақсаты	Қарым – қатынас жасау.
	Ерекшелігі	- Адамдардың бетпе-бет кездесуі арқылы жүзеге асады; - сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолданылады; - сөз ықшам құрылады; - арнайы мәнермен айтылады; - даярлықсыз өткізілу (сөйлеу)
	Стильге тән тілдік тұлғалар (қолданыстар)	• Жергілікті сөздер (диалект, кәсіби сөздер); • Қарапайым сөздер (ренішке, ұрысуға байланысты сөздер) ; • Сұраулы, лепті, толымсыз сөйлемдер жиі қолданылады; • Инверсия (сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің сақталмауы) жиі кездеседі. • Көбіне диалог түрінде және эмоциялы болады.
	Транскрипцияланған мәтіндегі белгілер	- Ø Кідірістер (паузала) (.) - аз кідіріс; (..), (...) - ұзақ кідіріс; - Ø Кідірісті дыбыстармен толықтыру: хм, ыы, ээ, мм-мм-м-м - Ø Кідірістерді мағынасыз сөздермен толықтыру: енді, жаңағы, сонымен, яғни, т.б. Фальстарттар: Сөзді қайталау, тосылып, қайта түзету; Жо-жоқ, мен мынаны айтқым келген. Қайталаулар: сөз таба алмай сасқалақтаулар, сенімсіздік - Ø Сөзді қыстартып айту, басқаша дыбыстап айту; ояқ, бұяқ, қап кетті, отырқ - Ø Сөйлеу барысындағы әрекеттер жақша ішінде, кейде сілтеме жақша арқылы жазылады. Мысалы, [қолын жүрегіне қойды]; - Ø Сөз ретінің сақталмай, инверсиялануы (Ертең айтамын бұл туралы); - Ø ШІРКІН (барлығы бас әріппен жазылса) жоғары

		тон, яғни ерекше көтеріңкі айтылғанда ерекше мән беру сипатын береді (акцент беру); Ø Диалект сөздер, жаргондар, паразит сөздер (оқушылар қолданатын сөздер), дисфемизмдер, т.б. ; Ø Фразеологизмдердің көбірек қолданылуы;
--	--	---

2-тапсырма

Ж. Мәтіндерді түсініп оқып, ауызекі сөйлеуге тән тілдік қолданыстарды табыңыздар.

1-мәтін

- Сәлем, Айша!
- А, а, ЕРАС, қалайсың?!
- Болад, өзің?
- Жақсымын (...). І-і-ім, Сендер демалып келіпсіңдер ғой отбасыларыңмен?
- Иә, иә. Ақсу-Жабағылыға бардық. Мә, көрсең ғой анау кереметті! СУРЕТ-Т-Т

сияқты.

– Туй, аузыңның суы құрып айттың ғой (..), ҚЫЗЫҚТЫРЫП. Біз де барамыз деген әкем.

– Міндетті түрде барыңдар. Ол жерді жұмақ дерсің!..

(41 сөз)

Дескриптор

Білім алушы

- мәтіннің қолданылатын аясын анықтайды;
- мәтіннің мақсатын анықтайды.
- мәтіннің ерекшелігін айтады
- ауызекі стильге тән тілдік тұлғаларды табады;
- транскрипцияланған мәтіндегі белгілерді табады.
- бірге жазылатын сөздерді табады;
- дефис арықылы жазылатын сөздерді табады;
- орфографиялық емлеге сай жазылғанын дәлелдейді.

ҚБ: оқушы дескрипторға сүйене отырып, өзін-өзі бағалайды. Нені жақсы орындады, әлі нені орындай алмай жатқанын айтады. Қандай ережені оқу керектігін айтады, білмесе мұғалім нақты бағыт және іс-әрекетті айтады.

Оқу мақсаты	6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу 6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу
--------------------	---

Бағалау критерийі Ойлау дағдыларының деңгейі	<i>Білім алушы</i> - Оқылым стратегиялары: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқуды қолданады - бөлек жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады - Қолдану
1-тапсырма Ж. <i>Сұрақтарды түсініп оқыңыз. Сұрақтардың жауабын мәтіннен табыңыз (мәтінді іріктеп оқыңыз). Сұрақтарға жауап беріңіз.</i> – Әсем, Қазақстанымызда табиғат шеберлікпен үйлестіріп, жомарттықпен бере салған таңғажайып көрікті орындар аз емес екенін білесің ғой? – Әрине, Арман, мен сенімен келісемін, біздің ұлан-ғайыр елімізде көрікті жерлер жетерлік. – Соның бірегейі – Шарын шатқалы. Шарын шатқалының тарихы бұдан 300 миллион жыл бұрынғы геологиялық замандардан сыр шертеді. Мұнда көне замандардан сақталған сан алуан пішінді түрлі-түсті жартасты «қамалдарды» көз алдыңызға әкеліп қойғандай көрікті көріністер елестейді – Иә, иә, дүниежүзінде дәл сондай көріністерді тек Солтүстік Американың Колорадо штатындағы «Үлкен шатқал» алқабынан ғана кездестіруге болады, солай ма? – Жер бедерінің мұндай көрініске ұшырауына не себеп болған екен, ә, қызық?! – Менің білуімше, бұдан 12 миллион жыл бұрын жел мен су эрозиясының және мұздану дәуіріндегі табиғи құбылыстардың әсер ету ықпалынан пайда болған. – Ал сен білесің бе, Шарын қатқалында ертедегі геологиялық замандардан бері өсіп келе жатқан ерен ағашының тоғайы сақталған. Ол дүниежүзінің екі аймағынд – Шарында және Солтүстік Американың Невада штатындағы «Гранд» шатқалында ғана – өседі. – Атам әрдайым ерен ағашы өте мықты болады, тіреуішке қойсаң, шірімейді, үйдің төбесін жабарда пайдалансаң, сынбайды деп айтып отыратын. – Шіркін, біздің еліміздің табиғатын бәрі біле бермейді ғой! – Дұрыс айтасың, біздің Жетісу жерінде өскелең ұрпақты, отандық және шетелдік саяхатшыларды қызықтырып, таңырқатар, тамсандырар таңғажайыптар аз емес. http://www.inform.kz/kaz/article/2870564/өңделген (186 сөз) - Шарын шатқалының тарихы қай кезеңнен бастау алады? - Әлемде Шарынға ұқсас мекен бар ма? - Түрлі-түсті жартасты «қамалдар» қалай пайда болған? - Шарынның өсімдік әлемінің ерекшелігі неде? - Мәтіннен бөлек жазылатын сөздерді белгілейді Дескриптор <i>Білім алушы</i> - сұрақтарға жауапты мәтіннен табады; - сұрақтарға жауап береді; - бөлек жазылатын сөздерді анықтайды; - орфографиялық ережеге сай дәлелдейді 2-тапсырма <i>Ж. «Шарын шатқалының ерекшеліктерін балалар қалай жеткізді?» мәтінге комментарий жасаңыз. Комментарий беру үшін, мәтінді қайта оқыңыз.</i> _____ _____ _____ Дескриптор <i>Білім алушы</i>	

- мәтінді оқып, ;
- сұрақ бойынша комментарий береді.

3-тапсырма

ЖЖ. Досыңызбен бірігіп, мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. Дауыс ырғағын, интонацияны сақтаңыздар.

Дескриптор

Білім алушы

- рөлдерге бөліп оқиды;
- дауыс ырғағын сақтайды.

ҚБ: Мұғалім дескрипторға сүйене отырып, оқушыға тиімді кері байланыс береді. Нені жақсы орындады, әлі де нені орындай алмады, қалай, қай жерден оқуға, қарауға болатынына нақты бағыт береді.

Назар аударыңыз!

Комментарий (лат. Commentarius – жазбалар, түсіндірме) – филологиялық зерттеудің жанры, түсіндірме, әдеби ескертіштің тексін түсіндіру. Комментарий текске сындық тұрғыда жасалған зерттеулерді баяндайды әрі оның басылымы туралы мағлұмат беріп отырады. **Ғұмырнамалық комментарий** шығарманы жазушының өмірімен байланыстырады, ал **тарихи комментарий** тексте келтірілген оқиғалар, кейіпкерлер жайында сөз етеді. **Тарихи-әдебиеттік комментарий** шығарманың тарихи негізін талдап, оның әдебиет тарихындағы алатын орны туралы түсінік береді, ал **тілдік комментарий** жазушы сөздігінің ерекшеліктерін ашады.

<https://kk.wikipedia.org>

Ескерту! 6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу деген оқу мақсатын бөлшектеп қолдану керек. 1-сабаққа комментарий жасау, 2-сабаққа іріктеп оқу, 3-сабаққа рөлге бөліп оқу деп қолдану керек. Осы мақсат бірнеше рет қайталанып келеді.

Жазылым мақсаттарына тапсырма

Оқу мақсаты	6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Жинақталған деректерден графиктік мәтін (диаграмма) құрастырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары
1-тапсырма Жағдаят: Сіздер «Қазақстанның көрікті жерлері» тақырыбына қатысты шағын зерттеу жүргізгелі жатырсыздар.	

Т. Тапсырма:

✓ Тақырыпқа қатысты «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруге бағытталған үш сауалнама сұрағын құрастырыңыздар;

✓ Сауалнама сұрағын басқа топ оқушыларына қойыңыздар;

✓ Сауалнама нәтижесі бойынша қорытынды ойға келіңіздер.

Үлгі: Сіз Қазақстанда демалғанды жөн көресіз бе?

	Сұрақтар	«иә» деп жауап берушілер саны	«жоқ» деп жауап берушілер саны
	Қорытынды:		

Дескриптор**Білім алушы**

- сауалнама сұрағын құрастырады;
- сауалнама сұрағына жауаптар жинақтайды;

2-тапсырма

Т. Ұсынылған тақырып бойынша жинақтаған деректеріңіздің негізінде графиктік мәтін (диаграмма) құрастырыңыздар. Графиктегі ақпаратыңызды 3-4 сөйлеммен түсіндіріңіздер.

Үлгі:

**Дескриптор****Білім алушы**

- жинақтаған деректері негізінде диаграмма құрастырады;
- графиктегі ақпаратын түсіндіреді.
- қорытынды ойын жазады.

Ескерту! 6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (**диаграмма, кесте, сызба**) түрінде құрастыру деген оқу мақсатын әр сабаққа бөліп қолдану керек. 1-сабақта диаграмма жасаса, 2-сабақта кесте құрастырады, 3-сабақта сызбамен көрсетеді. Осы мақсат бірнеше рет қайталанып келеді.

Оқу мақсаты

6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу

6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктейді;
- Жинақы мәтін жазады
- Жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

1-тапсырма

Ж. Мәтінді оқып, негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді белгілеңіз.

Ұлы Жібек Жолы бойында орналасқандықтан, Қазақстан аумағындағы қалалар мен табиғаты ғажайып көрікті жерлер ежелден саяхат және туризм нысандары болып табылған.

Қазақстандағы алғашқы туристік ұйымдар 20 ғасырдың 20-30-жылдары пайда болды. 1929 жылы Алматы қаласында тұңғыш туристік жорық ұйымдастырды. Оған Г.И.Белоглазов пен Ф.Л.Савин басқарған 17 мектеп мұғалімдері қатысты. Жорық Алматы төңірегінен басталып, Есік көлінде (62 км) аяқталды.

1930 жылы Алматы өлкетану мұражайы жанында Пролетарлық туризм және экскурсия қоғамының өлкелік бөлімшесі жұмыс істей бастады. Оның алғашқы төрағасы болып В.Г. Горбунов сайланды. Осы жылы Алматы қалалық телеграф пен пошта қызметкерлерінен (16 адам) құралған топ (Ф.Л. Савин басқарған) Медеу – Көкжайлау – Үлкен Алматы көлі жағалауына дейін барды. Туризмнің бұл түріне В.Зимин, А.Бергрин, Д.Литвинов, Х.Рахимов, Г.Белоглазов, т.б. көп үлес қосты.

1931 жылы қаңтарда Алматыдан Зиминнің бастауымен алғаш рет шаңғышылар жорығы ұйымдастырылды. «Еңбек және қорғаныс» эстафетасын алған бұл жорыққа қатысқан 8 шаңғышыға ұлттық атты әскер полкінің сегіз шабандозы қосылды. Олар Алматыдан шығып, Ұзынағаштан

өтіп, Қордай асуы арқылы эстафетаны Қырғызстан командасына табыс етті. Сол жылы Алматыдағы Жетісу губерниясының мұражайдың жанынан Бүкілодақтық пролетарлық туризм мен экскурсия ерікті қоғамының 10 мүшесі бар алғашқы ұясы ұйымдастырылды...

<https://kk.wikipedia.org/wiki/>

(176 сөз)

2-тапсырма

Ж. Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазыңыз. Сөз саны: 80.

Дескриптор

Білім алушы

- негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктейді;
- мәтіннің негізгі ойын сақтап, жинақы мәтін жазады;
- бірге жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады;
- бөлек жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады;
- дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады;

Оқу мақсаты

6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

1-тапсырма

Берілген кестені түсініп оқыңыз. Сұрақтарды досыңызбен талқылаңыз.

- ✓ Кесте бойынша не айтуға болады?
- ✓ Бұлардың барлығының ортақ ұқсастығы неде?
- ✓ Кесте бойынша қандай ұйғарымға келуге болады?



Дескриптор

Білім алушы

- кестедегі мысалдарды талқылайды;
- кестені негізге ала отырып, сұрақтарға жауап іздейді;
- белгілі бір қорытынды ойларын айтады.

Ескерту! Әдеби тілдік норма бөлімінің оқу мақсаттары тыңдалым/айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының оқу мақсаттарымен бірге берілу керек. Ережелерді жеке оқытып, өзара талқылатып болып, тапсырма орындату қажет.

Оқу мақсаты

6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (құттықтау, интервью) көтерілген мәселені талдау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- **әлеуметтік-мәдени** тақырыпқа қатысты диалог, **монологтердегі (құттықтау, интервью)** көтерілген мәселені талдайды

**Ойлау
дағдыларының
деңгейі**

Жоғары деңгей дағдылары

1-тапсырма

Ж. Мәтінді тыңдап, жұбыңызбен талқылаңыз.


Құрметті салтанатты жиынға қатысушылар! Баршаңызды қыркүйек айының 2-ші жексенбісінде аталып өтілетін Отбасы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

«Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсының мәресі осы айтулы күнге орайластырылған. Әрбір шаңырақтағы береке, түптеп келгенде, тұтас елдің берекесі. Адамға еңбекқорлық, отансүйгіштік, жасампаздық пен мейірімділік сияқты асыл қасиеттер отбасы арқылы дамиды. «Мерейлі отбасы» конкурсы қысқа мерзім ішінде жалпыхалықтық байқауға айналғанын ризашылықпен атап өтемін. Былтырғы жылға қарағанда биылғы жылы байқауға көп балалы отбасылар екі есе, жас отбасылар 1,5 есе көп қатысты. Сондай-ақ конкурсқа жалпы қатысушылардың 80 пайызға жуығы ауыл тұрғындары болып табылады. Олардың арасында әртүрлі мамандық иелері, ата кәсібін ұрпақтан-ұрпаққа мирас еткен еңбек әулеттері бар. Барлығы да құрмет пен мадаққа лайық.

Бүгінгі мерейлі күнде әрбір қазақстандық отбасына қажырлы еңбек, тағылымды тәрбие, ізгі дәстүрлер сабақтастығын лайықты жалғастырып келе жатқаны үшін зор ризашылығымды білдіремін. Берік отбасылық құндылықтар арқылы ғана мемлекеттің іргесі мығым, ғұмыры мәңгі болады. Баршаңызға зор денсаулық, береке-бірлік, жақсылық тілеймін! Шаңырақтарыңызда махаббат пен татулық салтанат құрсын!

www.inform.kz/ өңделген
(148 сөз)

1-тапсырма. *Кесте бойынша жұбыңызбен талқылау жүргізіңіздер.*



Дескриптор

Білім алушы

- мәтіннің жанрын
- типін
- тақырыбын анықтайды;
- сұрақтар бойынша талқылау жүргізеді;
- көтерілген мәселе бойынша ойларын білдіреді.

«Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика» бөлімі

Оқу мақсаты

6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру

Бағалау

критерийі

Білім алушы

- Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтайды
- Нақтылау сұрақтарын құрастырады

Қолдану

Ойлау

дағдыларының деңгейі

1-тапсырма

(а) ЖЖ. Берілген сұрақты жұбыңызбен талқылаңыз.

- Негізгі және қосымша ақпарат дегеніміз не?

(ә) ЖЖ. Жауаптарыңызды берілген ақпаратпен салыстырыңыздар.

Ғылыми еңбектерде (П.Н.Бахтин, И.Н. Кузьмич, Н.М. Лариохин) мәтіннің мазмұнын беру маңыздылығы бойынша ақпараттың үш түрін бөліп көрсетеді: негізгі ақпарат - өте маңызды, басты ақпаратты көрсетсе; қосымша ақпарат негізгі ақпаратты нақтылайды және дәйектейді; қайталаушы (немесе қосарлаушы) ақпарат басқа тілдік құралдар арқылы алдыңғы айтылған ақпаратты қайталайды.

<https://studopedia.org/1-95453.html>

Біздің жауабымыз...

Мәтіндегі жауап...

Дескриптор

Білім алушы

- берілген сұрақты талқылайды;
- анықтаманы өз жауабымен салыстырады.

2-тапсырма

ЖЖ. Берілген анықтамамен танысыңыз. Анықтаманы досыңызға түсіндіріңіз.

Нақтылау сұрағы әдетте "Яғни сенің айтуыңша, ...", "Егер де мен дұрыс түсінсем, ...", "Менің қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше сіз солай дедіңіз ғой?" деген сұрақтардан басталады.

Айталық, сіздің мониторлардың алайда сіз олардың жаңа немесе бұған анықтай алмай отырсыз да, нақтылайсыз: тек жаңа мониторлар жақында сол дүкеннен маған



Бұл сұрақтың мақсаты - сіз жаңа ғана сұхбаттасушыңызда алған ақпаратты нақтылау.

Кей кездері мұндай сұрақтарды жауабы жоқ, бірақ ойдағы, ұйғарынды хабарламаларда қолданады.

қолыңызда бір дүкендегі преysкуранты болды делік. бағасына қарап, олардың дейін қолданылғанын Сіз фирмаға қоңырау соғасыз "Егер мен қателеспесем, сіздер сатасыздар ғой?" немесе "Сен қажетті мониторды көрдің ғой?".

Дескриптор

Білім алушы

- анықтаманы талқылайды;
- анықтаманы басқа жұптарға түсіндіреді.

3-тапсырма

Ж. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Мен біраз уақыт бойы Ұлыбританияда болдым. Олардың отбасылық дәстүрлері, құндылықтары бізге қарағанда мүлде бөлек. Ағылшын халқында ең алғашқы сәби дүниеге келісімен (бай болса да) отбасындағы бар байлық тек сол балаға ғана мұраға беріледі. Оның басқа іні, сіңлілері болғанымен, оларға ештеңе берілмейді. Француздар мен немістерге қарағанда ағылшындар қыз баланың жасауына да аз көңіл бөлген. Олар баланың өмірін қамтамасыз еткеннен гөрі, олар талпынған сәтте ұядан итеруге әрекет етіп, өздіктерінен ұшуға жағдай жасайды.

Ағылшын отбасы баланы ішкі әлемінен аз қорғайды. Олар баланы өз ортасында, өз құрбыларымен қатар өскендіктерін қалайды. Сол себепті бала кішкентай кезінен бастап өз-өзіне жауап бере алатын және әлеуметтік жауапкершілігі бар тұлға болып қалыптасады.

Ағылшын жасөспірімінің білімі аз болғанымен, қарым-қатынаста адамгершілік қасиетінің жоғары екенін, үлкендер арасында басқа шетелдік құрбыларынан гөрі өзін жақсы ұстай алатындығын көрсете біледі. Өзінің жанұясына жақындығы да аз сезіледі, алайда қоршаған әлеуметтік ортада өзінің құқығы мен міндеттерін жақсы біледі.

Әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу Британияда ең басты адамгершілік характердің бірі болып есептеледі. Саяси-қоғамдық жауапкершіліктер белгілі бір жаттығулар мен оқытудың арқасында емес, олар бала бойына ағылшын біліміне бағытталған тәрбие мен әртүрлі

бағыттағы еркін еңбектің өмірлік тәжірибелері арқылы сіңіріледі.



Өз қалауы бойынша еңбекке араласу ағылшындықтар үшін кең таралған және игі іс болып есептеледі. Өз сөздеріне қарағанда, ағылшындықтар қызметтік міндеттемесі жоқ кез келген жұмысқа өте үлкен ықыласпен беріледі, ал қоғамдық міндет олар үшін «әлеуметтік хобби».

Қорыта айтқанда, ағылшындықтар У.Черчиллидің: «Егер жалғыз ағаш тірі қалса, ол мықты болып өседі»

деген сөзін көп қолданғанды жақсы көреді.

<https://surak.baribar.kz/352113/өңделген>

(230 сөз)

(ә) Мәтін бойынша түймедақ күлтелеріне негізгі, қосымша, көтерілген мәселені анықтайтын нақтылау сұрақтарын құрастырыңыз.

Дескриптор

Білім алушы

- негізгі ақпаратты анықтайтын нақтылау сұрағын құрастырады;
- қосымша ақпаратты анықтайтын нақтылау сұрағын құрастырады;
- көтерілген мәселені анықтайтын нақтылау сұрағын құрастырады.

Оқу мақсаты	6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып мінездеме, құттықтау құрастырып жазу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Құттықтау, мінездемені жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне сай құрастырып жазады. • Құрылымын сақтайды.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

1-тапсырма

Ж. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Құттықтауды қалай дұрыс құрастыруға болады?

Құттықтау сөзді ерекше естілетіндей, есте сақталатындай және қызықты етіп құрастыру керек. Оны қалай жасауға болады? Барлық құттықтау мәтіндері үш бөлімнен тұрады: алғы сөз, құттықтау және тілек.

Алғы сөз. Егер сіз ұстазыңызды мерекесімен құттықтайын деп жатсаңыз, ол кісінің аты мен әкесінің атымен атаған жөн. Егер де туысқанды немесе досыңызды құттықтағалы жатсаңыз, ресмилікті сақтамасаңыз да болады.

Құттықтау. Құттықтауда салтанатты жиынның болу себебін міндетті түрде атап өтіңіз. Сонымен қатар құттықтап отырған адамыңыздың жақсы қасиеттерін де айтып өткен дұрыс.

Тілек. Ал тілек білдіру өзіңіздің қиялыңызға байланысты, алайда бұл жерде де біршама ережелерді сақтау керек. Мысалы, үлкен кісіге күлкі, қуаныш, тыныштық тілеу әдепсіз көрінеді. Бақыт, арман-тілегінің орындалуын және табыс тілеуге болады. Оның отбасын да еске түсіріп, оған жақын адамдарға да жақсылық тілеуге болады. Өзіңізге жақын және туғандарыңызды құттықтау барысында қатып қалған шеңберден шығуға болады. Жақын адамыңызға өзіңізге не тілесеңіз, сол жақсылықтарды шынайы тілеңіз, өз құттықтауыңызға аздап қалжың қоссаңыз да болады. Сәйкес келетін анекдот қоссаңыз тіптен жақсы. Егер сыйлық сыйласаңыз, оны құттықтау сөзімен байланыстыра өткеніңіз жақсы. Сіздің құттықтауыңыз тым ұзақ болмауы тиіс. Аз сөзге көп мағына сыйғызуға тырысыңыз.

Аударған: Нұрмағамбетова Нұрсәуле

<https://shkolazhizni.ru/school/articles/22760/өңделген>

С. Келесі сұрақтарды талқылаңыздар.

- Құттықтау қалай жазылу керек?
- Сіз айтылғандармен келісесіз бе? Не қосар едіңіз?

Дескриптор

Білім алушы

- құттықтау хат құрылымын талқылайды;
- сұрақтар бойынша ойларымен бөліседі.

2-тапсырма

Суретке мұқият қараңыз. Жағдаятты ескеріп, құттықтау хатын жазыңыз.



Жағдаят:

Сіз ата-анаңызға еріп жаңа жыл мерекесінде атаңыз бен әжеңіздің қара шаңырағына бардыңыз. Берекелі, мерекелі отбасы. Бәрі мәз-мейрам. Қара шаңыраққа барлық ағайын-туыс жиналған. Сізге қариялардың тұңғыш немересі ретінде құттықтау сөзін айтуды ұсынатынын білесіз. Сіз ойыңызды жинақтау үшін, құттықтау сөзін алдын ала жазып алуды ұйғардыңыз.

Ж. Тапсырма:

Жаңа жыл мерекесіне орай отбасыңызды құттықтаңыз. Жоғарыда аталған талаптарды ескеріңіз.



Дескриптор

Білім алушы

- жанрлық ерекшеліктерді сақтайды;
- стильдік ерекшеліктерді сақтайды;
- құттықтау хатта алғы сөз жазады;
- құттықтау сөзін жазады;
- құттықтау хатта тілек жазады;
- талапқа сай құттықтау хатын жазады.

«Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика» бөлімі

Оқу мақсаты 6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау

Сабақ мақсаты:

Білім алушы

- Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзетеді, редакциялайды

Қолдану

Ойлау дағдыларының деңгейі

1-тапсырма

ЖЖ. Мәтінді түсініп оқыңыздар.

Жеті ұлттық құндылық

Қымбатты отандастар! **Біздер қазақстандықтар бір халықпыз!** Біз үшін ортақ тағдыр – біздің Мәңгілік ел әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы, бабаларымыздың арманы.

Егеменді еліміздің барша **халықын** біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған құндылықтар жасалды. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – қазақстандық жол тәжірибесі. Уақыт сынынан өткен құндылықтар саны – **жетіеу**.

Біріншіден, бұл Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астанасы. Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият. Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өнім. **Бесіншіден бұл – жалпыға ортақ еңбек қоғамы.** Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Осы құндылықтардың арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Сондықтан жастарымызға мынаны айтамын: бұл құндылықтарды ұстанатын да, жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Сол үшін **оқыу** керек. Осы құндылықтарды ұстану қажет. **Немқұрайлы болмаңыздар.** Елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздар!

<https://massaget.kz/blogs/11357/>өңделген


Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді емле ережелеріне сүйеніп түзететіңіздер. Орфографиялық қателермен берілген сөздер, пунктуациялық қателерімен берілген сөйлемдер қарамен ерекшеленгенін ескеріңіз.

Дескриптор

Білім алушы

- орфографиялық қателері бар сөздерді емле ережелеріне сүйеніп түзетеді;
- пунктуациялық қателері бар сөйлемдерді ережеге сай редакциялайды.

Емлелік, пунктуациялық ережелерге назар аударыңыз!



«Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика» бөлімі

Оқу мақсаты 6.4.2.1 екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Есте сақтаңыз!

Сөз ішіндегі бір буынның көтеріңкі айтылуы сөз екпіні деп аталады. Қазақ тілінде сөз екпіні, негізінен, соңғы буынға түседі. Мысалы: Бала далада ойнап жүр. Сөз ішіндегі екпін дауысты дыбысқа түседі.	Ой екпіні – сөйлем ішіндегі ерекше назар аударылатын сөзді окшаулап, бөлектеп айту. Ой екпіні сөйлем ішіндегі сөзді бөлектейді. Мысалы: Айбек ерте тұрды. Айбек ерте тұрды. Айбек ерте тұрды. Ой екпінін түсіру арқылы нақтылау, дәлелдей түсу мақсаты көзделеді.
Тіркес екпіні – бірнеше сөздің тіркесе, тізбектеле біртұтас екпінмен бөлектене айтылуы. Бұл көбінесе күрделі сөздерге, негізгі және көмекші сөздердің тіркесіне тән. Мысалы: мектепке дейін, әке-шеше, әдет-ғұрып т.б.	Дыбыс екпіні – сөз ішінде дыбыстың бөлектеніп, көтеріңкі дауыспен немесе созып айтылуы. Мысалы: по-ой-па-ай, та-ма-ша! Дыбыс екпіні көңіл-күйін білдіретін сөздерді айтуда жиі қолданылады. Айтылуда сөйлеушінің эмоциясын білдіреді.



1-тапсырма

Ж. Суретке қарап, «Ұлттық және отбасылық» құндылық тақырыбында шағын мәтін жазыңыз. Мәтіндеріңізде сөз және сөйлем ішіндегі екпін түрлерін қолданыңыз, олардың астын сызыңыз.

Дескриптор

Білім алушы

- тақырып бойынша мәтін құрайды;
- сөз және сөйлем ішіндегі екпін түрлерін орынды қолданады.

- екпін түскен сөздердің астын сызады;
- екпін түрлерін ажыратып айтады.

«Әлемнің жеті кереметі. Лексикография» бөлімі

Оқу мақсаты 6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;
- Детальді ақпаратты анықтайды

Қолдану

Ойлау дағдыларының деңгейі

1-тапсырма. Тыңдалым алды.

- *С. Суреттерге мұқият қараңыз. Бұл суреттерді не байланыстырады? Бұл суреттер туралы не білесіздер? Бөлім тақырыбы қандай болуы мүмкін?*



Дескриптор

Білім алушы

- өз білімімен бөліседі;
- сұрақтарды талқылайды;
- бөлім тақырыбына болжам жасайды.

2-тапсырма. Тындалым кезі.

Ж. Мәтінді мұқият тыңдаңыз, мазмұнын айтыңыз.

Әлемнің жеті кереметі

Әлемнің жеті кереметі – біздің заманымызға дейін 3 ғасырда Ескендір Зұлқарнайын Кіші Азия, Орта Азия, Мысыр, Оңтүстік Үндістан территорияларын жаулап алып, ұлы империя құрғаннан кейін, саяхатшыларды қызықтыру үшін, осы өңірлердегі 7 орыннан таңдаған сәулет өнері ескерткіштері.

Мысыр пирамидалары – Мысыр жерінде орналасқан ежелгі пирамидалар кешені. Осынау зор тас құрылыстар Ежелгі Египет перғауындарының сағанасы болып саналады. Сағаналар осыдан 5 мың жыл бұрын салынған.

Ең үлкен пирамида Хеопс перғауынның әмірімен тұрғызылған. Оның биіктігі – 147м. Ежелгі грек тарихшысы Геродоттың жазбасында пирамиданы 100 мың адам 20 жыл бойы салғандығы айтылады. Пирамидалардың салынуы, құрылысы жөнінде айтылған пікірлер сан алуан. Дегенмен аптапты Египет аспаны астында мыңдаған құл тас қарумен үлкен тастарды бөліп алып, оны құрылыс орнына арқанмен сүйретіп жеткізген, пирамида биіктеген сайын тас блоктарды қолмен жоғары көтерген деген пікірлер басым.

Алып құрылыстар осы күнге дейін көрушісін қайран қалдырады. Осы пирамидалар Әлемнің жеті кереметінің біріне кіреді.

<http://yryskhan.blogspot.com/2016/04/blog-post.html>


(137 сөз)

3-тапсырма. Тындалымнан кейін



(а) ЖЖ. «Сен – маған, мен – саған». Мәтін мазмұнын жұбыңызбен бірігіп талқылаңыз.

(ә) Ж. «Сандар сөйлейді». Суреттегі сандарды мәтін мазмұнымен байланыстырыңыз.



(б) Т. Мәтіннен басқа қандай детальді ақпараттарды атар едіңіздер?

Дескриптор*Білім алушы*

- мәтін мазмұнын жұбымен талқылайды;
- сандық мәліметтерді анықтайды;
- детальді ақпараттарды талдайды.

ҚБ: Дескрипторға сүйене отырып, бірін-бірі бағалайды. Тиімді кері байланыс береді.

Оқу мақсаты

6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)

6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу

Бағалау критерийі*Білім алушы*

- Эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып жазады;
- Көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазады («келісу, келіспеу» эссесі)
- жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі**Жоғары деңгей дағдылары****1-тапсырма****Ж/ЖЖ/Т. «Ойлан, жұптас, талқыла!» Жазылым алды.**

<https://www.youtube.com/watch?v=rwJR5fchECE> сілтемесі бойынша «Жақсы эссені қалай жазуға болады?» бейнебаянын тыңдаңыздар. «Түртіп алу» әдісімен тыңдаған маңызды мәліметтерді түртіп отырыңыздар.

Бейнебаян мазмұны:

Жақсы эссені қалай жазуға болады?

Бұл сұраққа мен шамамен 2 минутта жауап беруге тырысамын. Эссе тек сіздің идеяларыңыздың көрінісі емес, сонымен қатар дәлелдеуге, сұрақты түсінуге қажетті идеялар. Біз эссені ойлағанда, емтиханда 1 сағатта жазып шыққан үш абзацтан тұратын шағын шығарманы еске түсіреміз. Принцип дәл сондай, тек бұл абзацтар көлемін ұлғайту керек.

Сонымен эссе бірнеше бөліктерден тұрады. Айталық, 5 бөліктен. Оларды жазайық: 1, 2, 3, 4, 5. Біз бұл бөліктерді атауымыз керек: бірінші бөлік кіріспе болса, бесіншісі қорытынды болады. Ал екінші және үшінші бөлігі – оқырманға не туралы айтып жатқаныңызды ұғынатыныңызды көрсететін кезең. Бұл жерде бәрі теңдестірілетінін көрсету керек. Мәселен: дәлелдеме-эссенің екінші бөлігінде төртінші бөліктегі ойды қолдайтын себептер болады. Ал үшінші бөлікте тұжырымға қарсы шығатын себептер көрсетіледі. Бұл тек шартты бөлік ғана.

Екінші бөлікте сіздің ойыңызды қолдайтын әрі қарсы шығатын ең күшті, басты себеп болуы мүмкін. Ал үшінші бөлікте қосымша себептер көрініс табуы мүмкін.

Жақсы эссе жазудың басты тәсілі – жоспар бойынша жазу. Алайда жоспар тым егжей-тегжейлі болмағаны абзал. Мен басынан аяғына дейін жоспарланған, бірақ онша жақсы емес эсселерді көрдім. Жоспар – сіздің ең басында айтпаған әрі айтпайтын түсінігіңіз. Жоспар – сіздің басты әрі маңызды идеяңыздың түйінін қалдырып қою шеберлігіңіз. Түйін – сіздің екінші немесе үшінші бөліктегі ойыңыздың бірін мақұлдағаныңыз немесе анық мәлімдегеніңіз. Мұнда сіздің эссеңіз үшін, ондағы негізгі түйінді нығайту үшін, соңында жақсы баға алу үшін, қандай да бір ақпаратты өз жаныңыздан қосасыз.

Төртінші бөлік бұл – түйін. Бұл сіздің ең үлкен параграфыңыз болуы керек. Бұл бөлік жақсы цитаталармен қолдау табуы және фактілермен тізбектелуі керек. Тек сіздің сұрағыңызға қатысты аргументтер түсінікті, логикалық және рет-ретімен баяндалуы керек.

Енді қысқаша: бірінші және бесінші бөлік ұзақ болмауы керек: біріншісінде тек сіздің мәселені қалай шешпек екеніңіз көрінуі керек.

Ал бесінші параграф төртінші параграфтың логикалық жалғасынан шығады. Жоғарыда нақты не айтылды? Яғни жоғарыда айтылғандардың қорытындысы жазылады. Егер сіз бесінші бөлікте жаңа дискуссия бастасаңыз, онда жаңа идея туындайды. Олай болса, сізге жаңа эссе жазуға тура келеді. Бұл – сіздің уақытыңыздың текке жоғалуы. Бесінші параграфқа жаңа ештеңе қоспаңыз. Бұл бөлік – бұған дейін жазылғандардың жалғасы. Төртінші параграф бұл – дәлел, бұл – сіздің күткеніңіз. Бұл сіз бен сіздің достарыныңыз тап болған көшедегі оқиға сияқты. Бір нәрсені міңгірлеудің, балалар сияқты немесе күлкілі жеткізудің мәні жоқ. Сізге айтайын деген

ойды мұқият тыңдау керек. «Иә, мен түсіндім». Одан кейін өзіңіздің аргументіңізді ұсынуыңыз керек. Сіз қалай түсінесіз, тура солай нақты, сенімді. Оны талдау керек, жинақтау керек.

Осыған бірдеңе қосып жіберейін. Бізде эссе жүйесінің бес параграфы бар. Сонымен қатар бізге қалай қорғанатынымызды, аргументацияларды қоюды білуіміз керек. Ал біз мұны цитата көмегімен жасаймыз. Цитата өткен уақытта онша дұрыс қолданылмаған. Қазір плагиат қолданбау керектігі туралы жиі айтылады. Бұл ежелгі гректер мен римдіктер үшін сандырақ болар еді. Себебі олар өз сөздеріне сендіру үшін, әрдайым біреудің ойларын қолданатын еді. Бұл жасауға болмайтын нәрсе емес, керісінше тек адамдарға бұны қайдан алғаныңызды көрсетуіңіз керек. Бұл қалыпты, бұл заңды.

<https://www.youtube.com/watch?v=rwJR5fchECE> /аударылған

Т. Әр бөлікке тән ерекшеліктерді жазыңыздар, талқылаңыздар.

1- бөлік	2- бөлік	3- бөлік	4- бөлік	5- бөлік	цитата

Дескриптор

Білім алушы

- бейнебаянды тыңдап, берілген кестеге мәліметтерді жазады;
- әр бөлікке тән ерекшеліктерді талқылайды.

Жазылым кезі. 2-тапсырма.

Әр ел өзінің жеті кереметінің тізімін жасаған дұрыс па? Сіздіңше, бұндай маңызды кереметтердің құрамын өзгерту дұрыс па?» тақырыбында эссе жұмысын жазыңыз. Сөз саны: 100-120.

Дескриптор

Білім алушы

- эссе тақырыбына сай жазады;
- (құрылымын) кіріспе бөлімін сақтайды;

- негізгі бөлімінде өз пікірін дәлелдеу үшін аргументтер ұсынады;
- мәселе бойынша (келісу/келіспеу) позиция ұстанады;
- аргументтерін талдап, жинақтайды.
- қорытынды бөлімінде өзіндік ойын жазады;
- бірге және бөлек жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.

«Ең үздік эссе» әдісі. Жазылымнан кейін мұғалім эсселерді оқытып, ең үздік эссені анықтайды.

ҚБ: мұғалім оқушы жұмысына тиімді кері байланыс береді.

Оқу мақсаты	6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
1-тапсырма <i>Т. «Әлемнің жаңа жеті кереметі» мәтінін топқа бөліп оқыңыздар.</i> I топ: 1. Ұлы Қытай қорғаны Әлемнің ең ұзын қорғаны Қытайда орналасқан. Ұлы Қытай қорғанының ұзындығы 8850 километрден асады. Бұл жер радиусынан да ұзын. Қорған құрылысы б.з.д. III ғ салына бастады, екі мың жыл бойы қытай халқы қорғанды жалғастырып, оны одан әрі ұзартты. Қытай қорғанының кей жерлері эрозияға ұшырап, қиратылды. Саяхатшыларға ең танымал жері Бадалин Мао Цзе Дун заманында күрделі жөндеуден өткен. Бадалин Бейжің (Пекин) қаласынан 75 км қашықтықта орналасқан. Қорғанға Қытай астанасынан темір жол және автобус арқылы қатынауға болады. 2. Колизей Б.з.д I ғ салынған Рим қаласындағы Колизей әлемдегі ең үлкен амфитеатр болып саналады. 50 мыңнан астам орны бар Колизейде бірнеше ғасыр бойы гладиаторлық айқастар мен Рим тұрғындарына арналған мерекелік іс-шаралар қойылады. Қазіргі кино құрылымындағы сюжет бойынша Колизейде өткізілетін гладиаторлық айқастар көлемі жағынан екінші орын алатын Тунистегі амфитеатрда түсіріледі. Себебі Колизей жақсы түсірілім үшін сақталмаған. Рим қаласында болған жандардың барлығы Колизейге назар аударады. Колизей тек Рим қаласының нышаны ғана емес, күллі Италия елінің көрікті жеріне айналды. Колизей – Еуропада орналасқан жалғыз жаңа кереметтің бірі.	

II топ:**3. Мачу-Пикчу**

Көне әлемдегі жеті керемет Еуропа мен Азия елінде орналасса, жаңа кереметтердің географиясы кеңейіп, Америка елін де қосып алды. Оңтүстік Америка еліндегі асқар тау баурайында Мачу-Пикчу қаласы орналасқан. Теңіз дейгейінен 2,5 км биіктікте орналасқан бұл қала 400 ж жуық өмір сүрді. Белгісіз себептермен 1532 ж инктер қаладан жырақ кетті. Ал испан конкистадорлары биікте орналасқан қалаға шыға алмады. 1911 ж америка ғалымдары көне қаланы табады. Ғибадатханалардың қираған үйінділері, екі қабатты үйлер мен қоймалар сақталған. Мачу-Пикчуға жету оңай емес. Агуас-Кальентес қалашығына темір жол көлігі арқылы жеткен соң, автобуспен Мачу-Пикчуға жетуіңізге болады.

4. Петра

Петра – биік тас үйінді жартаста орналасқан Иордания қаласы. Әр кезеңде қала әртүрлі шапқыншыларға тиесілі болды. Б.з.д идумей, набатей, бертін келе орта ғасырда Рим, Византия, Араб шапқыншылары жаулап алды. Әр шапқыншы қаладағы сәулет өнерінің өзіндік жаңа айшықтарын әкелді. Қала шөлді даланы кезіп жүрген керуен сарай жолаушыларына арналған демалыс орны болатын. Тар каньонда керуеншілер шөлдерін қандырып, ұзақ сапарға аттанғандар өздеріне молынан су толтырып алатын. Жартастағы ойылған үйлер мен ғибадатханалар суық күндері пана болатын. Көне қала бұл күндері саяхатшыларды өзінің айшықтарымен таң қалдыруда. Петра қаласында танымал «Индиана Джонс и последний крестовый поход» киносы түсірілген.

(183 сөз)

III топ:**5. Тадж-Махал**

Әлемнің дәстүрлі жеті кереметінің қатарында Галикарнастағы кесене бар. Жаңа кереметтердің қатарында да кесене бар. Ол – Үндістанның Агра қаласында орналасқан Тадж-Махал кесенесі. Бұл кесенені XVII ғасырдың ортасында Шах-Джахан сүйікті жары Мумтаз-Махалдың құрметіне салған. Мумтаз-Махал 14 баласын дүниеге алып келген кезде өмірден өтеді. Айналасы субұрқақтарға толы саябағы бар, ақ мәрмәр тастардан қашалған ғимарат жыл сайын 5 млн-ға жуық саяхатшыларды қабылдайды. Алдын ала ұйымдастырылған «Алтын үшбұрышы» саяхат бағыты бойынша, Дели-Агра-Джайпур қалаларын аралаған кезде, Тадж-Махал кесенесіне баруға болады. Сондай-ақ Үндістан астанасы Дели қаласынан автобус немесе темір жол көлігі арқылы Агра қаласына барып, Тадж-Махалды көруге болады.

6. Христос мүсіні

Рио-де-Жанейро қаласында бой көтерген Христос мүсіні темірбетон мен сабынды тастан қашалған. Қолдарын екі жаққа қарай жайған Христос биіктігі 38 м дейін жетеді. Мүсін құрылысы 1922 ж басталып, 9 жылға созылды. Жыл сайын бұл мүсінді көру үшін Бразилия еліне 300 000 адам келеді. Коркаваду тауында орналасқан Христо мүсініне кішкентай поезд арқылы немесе эскалатор арқылы көтерілуге болады.

7. Чичен-Ица

Мексикада орналасқан Юкатан жартылай аралда көне қала Чичен-Ица майя өркениетінің дамуында мәдени және саяси рөл атқарды. Бірақ белгісіз себептермен Чичен-Ица қаласы иесіз қалды. Испан конкистадорлары құпия жермен байланысты барлық манускрипттерді жойып жіберді. Биіктігі 30 м жететін 9 сатылы Кукулькана пирамидасы Чичен-Ица қаласының басты нышаны болып табылады. Пирамида ішінде ягуар тағы бар. Мысыр елінің пирамидаларымен салыстырғанда Кукулькана айтарлықтай кішкентай.

<https://massaget.kz/layfstayl/alemtanu/sayahatty-syemin/125/>

(211 сөз)

Т. Мәтін ішіндегі бірге жазылатын (біріккен сөздер), бөлек жазылатын (тіркескен сөздер), дефис арқылы жазылатын (қос сөздер) және қысқарған сөздерді табыңыздар.

Бірге жазылатын сөздер	Бөлек жазылатын сөздер	Дефис арқылы жазылатын сөздер	Қысқарған сөздер
Дескриптор <i>Білім алушы</i> - бірге сөздерді ажыратады -бөлек жазылатын сөздерді ажыратады -дефис арқылы жазылатын сөздерді ажыратады -қысқарған сөздерді ажыратады.			

Қосымша

Үлгі: Қысқа мерзімді жоспар

Бөлім:	Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сыныбы: 6-сынып	Қатысқан оқушы саны:	Қатыспаған оқушы саны:
Сабақтың тақырыбы:	Бокс саңлақтары	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазу 6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт,сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану	
Сабақ мақсаты SMART <i>форматында құрастырылған. Оқушылардың 45 минут көлемінде қол жеткізе алатын және мұғалімнің оқушылардың мақсатқа қаншалықты жеткендігін бағалай алады.</i>	Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып өмірбаян құрастырып жазады сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін жазбаша тілдесім барысында қолданады	
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану, жоғары деңгей	

Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Баға лау	Рес урстар
Сабақтың басы	1.Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу,сабаққа		Жар айсың! Керемет! Сөздерімен	

5 мин	дайындық «Автобиографиялық ойын» әдісі арқылы өз өміріндегі үш маңызды сандық мәліметті айтады. Жаңа сабақтың мақсатымен таныстырамын <i>«Автобиографиялық ойын» әдісі бұл сабақта оқушылардың алдыңғы білімін, яғни, өмірбаян туралы қай оқушының қаншалықты білетінін анықтау үшін және оқушыларды белсенді оқуға тарту үшін тиімді қолданылып тұр.</i>	Өз өміріндегі үш маңызды сандық ақпаратты атап шығады.	мадақтаймын	
Сабақтың ортасы 10мин	Жазылым алды 1-тапсырма <i>Жұптық жұмыс</i> <i>«Ойлан, жұптас, бөліс»</i> әдісі арқылы ресми стильдегі өмірбаян қалай жазылатындығы туралы берілген мәліметтерді және сабақты етістік туралы теорияны оқып жұбыңмен талқыла Дескриптор -Өмірбаянды оқып жұбымен талқылайды -Ресми іс-қағаздар стиліндегі өмірбаянның жазылу реттілігін айтады - мазмұндық - құрылымдық жүйесін айтады -сабақты етістіктерді ережесін бір-біріне түсіндіреді Саралау Қабілеті жоғары оқушыға Айтушының ролін беремін. Қабілеті төмен	Өмірбаян қалай жазылатындығы туралы берілген мәліметтерді және сабақты етістік туралы теорияны оқып жұбымен талқылайды және сыныппен бөліседі. Дескрипторға сүйене отырып орындайды.	Дескрипторға сай бірін - бірі бағалайды	1-Ресурс Үлестірме қағаздары 6-сынып қазақ тілі оқулығы

15 мин	оқушы бір -бірімен диалогке түсу арқылы өмірбаян жазудың қадамдарын айтып шығады Жазылым кезі <i>2-тапсырма Жеке жұмыс «РАФТ» әдісі арқылы</i> ресми іс-қағаздар стилінде, сабақты етістікті қолдана отырып өз өмірбаяныңызды жазыңыз. Дескриптор -жанрлық ерекшелігін сақтайды; -стильдік ерекшеліктерін сақтайды; -сабақты етістіктерді қолданады; -хронологиялық реттілікті сақтайды; -өмірбаян құрылымын сақтайды. Саралау Қабілеті жоғары оқушыға Нұсқаулықтағы ережені сақтай отырып өмірбаян жазып шығады Қабілеті төмен оқушыға	Ресми іс- қағаздар стилінде, сабақты етістікті қолдана отырып өмірбаян құрастырып жазады		
10 мин	диалогтік қолдау көрсетеміні 3-тапсырма «Балмұздақ таяқшасы» әдісі арқылы жазған жұмыстарын оқыту Саралау Барлық оқушыға бірдей тапсырма беріледі,бірақ олардың алдыңғы тәжірибесін ескере отырып, әр оқушыдан деңгейіне сай нәтиже күтемін. Жазған өмірбаяндарын оқиды	Жазған өмірбаяндарын оқиды	Мұғ алімнің тиімді кері байланысы Оқушы нені жақсы орындады, әлі де нені меңгере алмай жатыр, ол үшін не істеу керек екендігін айтады.	

Сабақтың соңы 5мин	Рефлексия «Сыныптан шығу билеті» әдісі арқылы кері байланыс аламын Үй тапсырмасы: Өзіне ұнаған бокс жұлдыздарының өмірбаянын жазу.	«Сыныптан шығу билетін» толтырады. Сұрақтары: Бүгінгі сабақтан не білдім? Маған қиындық туғызған Сабақ бойынша рефлексия жасайды	Кері байланыс	Рефлексия парақшасы
-----------------------	---	---	---------------	---------------------

ҚМЖ-ға қосымша (ресурстар)

1-тапсырма

1-Ресурс

Өмірбаянның қандай түрлері бар және ол қалай жазылады?

Өмірбаян -жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жасалған ресми құжат. Әдетте оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады. Онда азаматтың аты-жөні, туған жылы, күні, айы және туған жері, ұлты, отбасы жағдайы, білімі, бітірген оқу орындары, қызметі мен жұмыс тәжірибесі туралы, т.б. қосымша мәліметтер көрсетіледі

Өмірбаянның үш түрі бар. Бірі-адамның өз өмірі мен қызметі туралы баяндауы. Бұл көбінесе қызметке орналасу кезіндегі жеке іс қағазына қоса тігілу үшін жазылады. Онда адам өзінің аты-жөнін, туған күнін толық көрсетеді. Одан кейін жаңа жолдан нақты деректерді санап жазды. Өмірбаянның бұл түрі көбінесе ресми түрде жазылады да, көлемі жағынан шағын болады.

Өмірбаянның мазмұндық -құрылымдық жүйесі төмендегідей

1. Құжаттың аты;
2. Аты -жөні(толық жазылады); туған күні: жылы, айы, күні; туған жері;
3. Ұлты;
4. Білімі, оқыған оқу орындары;
5. Саяси-қоғамдық қызметі;
6. Ата-анасы, жұбайы, балалары туралы мәліметтер;
7. Қазіргі жұмысы, мекен-жайы;

2-Ресурс

Сабақты етістік

Мағынасы жағынан тура объектіні, табыс септіктегі сөзді қажет етіп тұратын етістіктер сабақты етістіктер деп аталады. Сабақты етістіктер кімді? нені? (кейде табыс септіктің жасырын түрі не?) деген сұрақтарға жауап беретін табыс септіктегі сөзбен байланысады.

Мысалы: Сөзді сен баста. Мен жазбаймын өленді ермек үшін. Баламды медресеге біл деп бердім. Бетті бастым, Қатты састым. Бұл сөйлемдердегі баста, жазбаймын, бердім, бастым, деген етістіктер сөз, өлең, балам, бет деген

сөздердің табыс септікте тұруын талап етіп тұр. Кейде ондай сөздер табыс септіктің жасырын түрінде тұруы мүмкін. Мысалы: өлең айт — өлеңді сен айт, кітап оқыды — кітапты бала оқыды, хат жаздым — жолдасыма хатты жаздым т. б. Ондай-да, мысалда көрсетілгендей, ол екі сөздің (табыс септікті сөз бен етістіктің) арасына басқа сөз келтіріп қолдану керек. Кейде тура объект мәнін білдіріп тұратын табыс септіктегі сөз сөйлемде қолданылмауы да мүмкін. Ондайда етістіктен сұрақ қою керек.

Етістіктен кімді? нені? деген сұрақ қоюға болса, онда ол — сабақты етістік. Мысалы: айт, көр, оқы, бер, сайла т. б. етістіктерден кімді (нені) айт? кімді (нені) көр? нені оқы? нені бер? кімді (нені) сайла? деп сұрақ қоюға болады.

Сілтеме: <http://megamozg.kz/index.php>

2-тапсырма «РАФТ әдісі»

Р - рөл, кімнің атынан құралған мәтін

А - аудитория, кімге жолданған мәтін

Ф - форма

Т – тақырып

3-тапсырма «Балмұздақ таяқшалары» әдісі

Балмұздақ таяқшаларын кездейсоқ таңдау арқылы жазған өмірбаяндарын оқыту

Кері байланыс «Сыныптан шығу билеті» берілген сұрақтарға жауап жазады.

-Бүгінгі сабақтан не білдім? _____

-Маған қиындық туғызған _____

Мұғалімнің назарына

Кері байланыс – оқу үдерісінің барысы туралы түсінік қалыптастырудың бірден бір құралы, оқу міндеттері мен мақсатына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, мұғалімді оқушының жетістіктері мен қиындықтары туралы хабардар етеді. Тиімді кері байланысты ұйымдастыру табысты оқытудың негізі болып табылады.

- ненің дұрыс емес екендігін, оны ары қарай қалай түзету керектігі туралы ақпарат бермей тұрып, «дұрыс емес», «қате» сөздерін қолданбау;
- ненің дұрыс/ненің бұрыс екендігін түсіндіріп айту;
- қателікті түзету және дұрыс жауапты жақсарту жолдарын көрсету;

-жіберілген қателік туралы нақты ақпарат беру;

Қалыптастырушы бағалаудағы кері байланыс

Тиімді кері байланыс оқушының үш сұрағына жауап береді:

- Менің оқуым қандай сатыда?
- Мен жоғары нәтижеге қалай қол жеткіземін?
- Білімімді толықтыру үшін не істеуім керек?

Оқушы сабақта орындаған әр тапсырмадан кейін міндетті түрде осы үш сұраққа жауап алуы керек, яғни, **тиімді кері байланыс** болу керек. Оқушы еңбегі бағалануы -міндетті. Оқушы өзін-өзі бағалауы немесе сыныптасының бағалауы да дескрипторға сүйене отырып, **тиімді кері байланыс** берілуін үнемі жүргізіп отыру қажет.

6.1.3.1- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау

Көл туралы аңыз

<https://youtu.be/X5LPeb8HcgY?list=PLEnp4Bj61Q6gxWrnkThm1Os3SnLUuHij7>

Hij7

<https://youtu.be/X5LPeb8HcgY?list=PLEnp4Bj61Q6gxWrnkThm1Os3SnLUuHij7&t=9>

Hij7&t=9

6-сынып, қазақ тілі 1-аудиомәтін

Тапсырма №1

Тыңдалым мәтіні бойынша төмендегі сұрақтарға жұпта кезекпен жауап беріп, сұхбаттасыңдар.

Өзен, көлдер	Мәтінде көлге қаншаға жуық өзен мен бұлақ кұяды?
Табиғат	Табиғатты қалай сипаттайды? Шанағаты қанша градус аязға шыдас береді?
Сөздер	Мәтіннен 4 тірек сөзді ата.
Адамдар	Мәтін кімдерге арналған?
Әрекеттер	Болған оқиғаны 4 сөйлеммен сипатта.
Дәйек	Көлден қанша өзен ағады?
Дәлел	Көлдің Марқакөл, Шүмек деп аталу себебі?
Көзқарастар	Аңыздағы болған оқиғаға өз көзқарасыңды 3 сөйлеммен жеткіз.

Тапсырма №2

Тыңдалым мәтіні бойынша детальді ақпаратты анықтауға арналған оңай және қиын сұрақтар құрастырыңдар. «Т кестесіне» түсіріңдер.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар

Тапсырма №3

Күреңбесті, құйқалы, қыстама атауларының мәнін түсіндіріп, анықтама беріңдер.

6.1.4.1- мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау

Петра – Иорданияда биік үйінді тас жартаста орналасқан қала. Қала әр кезеңде әртүрлі шапқыншыларға тиесілі болды. Әр шапқыншы қаладағы сәулет өнеріне өзіндік жаңа айшықтарын әкелді. Қала шөл даланы кезіп жүрген керуеншілерге арналған демалыс орны болатын. Тар каньонда керуеншілер шөлдерін қандырып, ұзақ сапарға аттанатындар өздеріне молынан су толтырып алатын. Көне қала қазір де саяхатшыларды өзінің сәулетімен таңғалдыруда.

Тағы бір кереметті айтар болсақ, Чичен-Ица – Мексиканың Юкатан түбегінде орналасқан көне қала. Бұл қала майя өркениетінің дамуында мәдени және саяси рөл атқарады. Бірақ Чичен-Ица қаласы да иесіз қалды. Оның себебі әлі ашылған жоқ. Испан шапқыншылары құпия қалаға байланысты барлық қолжазбаларды жойып жіберген. Биіктігі 30 метрге жететін 9 сатылы Кукулькана пирамидасы – Чичен-Ица қаласының басты нышаны. Мысыр елінің пирамидаларымен салыстырғанда Кукулькана пирамидасы айтарлықтай кіші.

Тапсырма №1

Мәтінді пайдалана отырып, жетекші сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Көне қалалардың тарихынан нені байқадыңдар?
2. Мәтінде бас әріппен берілген күрделі атаулар қандай ережеге сәйкес жазылған?
3. Адамзаттың қолынан шыққан бұл кереметтерге қандай баға берер едіңдер?
4. Бұл қалаларды әлемнің «жеті кереметіне» жатқыза аламыз ба?
5. Бұл қалаларды қайта қалпына келтіруге бола ма?
6. Қалай ойлайсыңдар, біздің елімізде осы қалаларға ұқсас тарихи қалалар бар ма?

Тапсырма №2

1. Перифраза тәсілін қолданып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар.
2. Мәтіннің «әлемнің жеті кереметі» бола алатынына 3 дәлел келтіріңдер.

Тапсырма №3

Мәтінді пайдалана отырып, «Төрт сөйлем» тәсілімен пікір, дәлел, мысал, қорытынды жазыңдар.

6.1.5.1 - тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру

Тәкаппар терек

<https://youtu.be/xNUHf5jsYSU?list=PLEnp4Bj61Q6gxWrnkThm1Os3SnIUu>

Hij7 2-аудиомәтін,
6-сынып қазақ тілі

<https://youtu.be/6yHJ9dUbr6s?list=PLEnp4Bj61Q6gxWrnkThm1Os3SnIUuHij7> 6-сынып, қазақ тілі 2-аудиомәтін жалғасы

Тапсырма №1

Жалпы сұрақтар:

Өсиет әңімеден қандай ой түйдіндер?

Өсиет әңгіменің мәні неде?

Қиянат жасамау дегенді қалай түсінесіңдер?

«Өмір-жасампаз» деген ұғымды қалай түсінесіңдер?

Тәкаппарлық қандай қасиетке жатады?

Нақты сұрақтар:

Терек айналасындағылармен неліктен осылай қарым-қатынас жасады деп ойлайсыңдар?

Не себепті терек өзін басқалардан артық сезінді?

Теректің өз өміріне балта шабуы дұрыс деп ойлайсыңдар ма?

Қалай ойлайсыңдар, автор осы өсиет әңгіме арқылы бізге нені ұғындырғысы келді?

Мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру:

Өз күшіңе деген сенімсіздікпен қалай күресуге болады?

Рухани құндылық – адам жанының азығы дегенді қалай түсінесіңдер?

6.2.1.1 – мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру

Көкпарға жігіттің жігіті ғана шыдайды

Көкпарға жігіттің жігіті ғана шыдайды және игере алады. Оған күшке қоса жүректілік, қайтпас қайсарлық қажет. Кешегі көкпаршы, бокс спортына келгеніне көп бола қоймаса да, әлемді таңғалдырған Сидней олимпиадасының күміс жүлдегері Мұхтархан Ділдебеков, міне, осы көкпарда қалыптасып піскен көк бөрі. Ол туралы зерттеу еңбектерім де бар. Құдай қаласа, жарыққа да шығып қалар.

...Кішкене кезімнен ауылдағы көкпаршыларды көріп өскендіктен болар, қым-қуыт тірлік ырғағымен мұрныма су жетпей жүрсе дағы көкпар көз алдымызда көлбеңдеп, көкейімнен кетпейтін. Ақыры, осыдан үш жыл бұрын Жамбыл ауданындағы Шиен ауылына барып, алғашқы көкпарымызды ұйымдастырдық.

Адам денсаулығын нығайтуда басқа спорт түрлеріне қарағанда, көкпардың пайдасы көш ілгері. Өз басым жылқыны жағалаған жанның науқасқа тез шалдыққанын көрмеппін. Сонан соң ат құлағында ойнайтындар

керемет жүректі болады. Ал көкпарға келетін болсақ, талас кезінде іске қосылмайтын дене мүшесі қалмайды.

Тапсырма №1

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат	Детальді ақпарат

Тапсырма №2

Мәтіндегі негізгі ақпаратты пайдалана отырып, өздерің осындай мәтін жазып көріңдер.

Тапсырма №3

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Көкпаршы болу үшін қандай қасиеттерді игеру керек?
2. Көкпардың адам денсаулығына қандай пайдасы бар?
3. Көкпармен қанша жастан бастап айналысу керек деп ойлайсыңдар?

6.2.5.1 – мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

Әбу Насыр әл-Фараби – дүниежүзіне әйгілі ұлы ғалым. Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, «Шығыстың Аристотелі» атанған. Әбу Насыр әл-Фараби орта ғасырда қазақтың ежелгі қаласы Отырарда дүниеге келген. Отырарды арабтар Фараб деп атаған, осыдан ол Әбу Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Бұл қаланың орны – қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданында. Отырар өз кезінде ірі мәдени-сауда орталығы болған. Ал Отырардағы кітапхана XI-XII ғасырларда өзінің кітап қоры жағынан дүниежүзіне әйгілі кітапханалар қатарында болған. Әбу Насыр әл-Фарабидің балалық шағы Арыс, Сырдария бойында өткен. Отырар медресесінде дәріс алып, ондағы аса бай кітапханадағы қолжазбаларды оқып меңгерді. Әбу Насыр әл-Фараби білімін тереңдету үшін сол кездегі білім орталықтары саналатын Бағдад, Дамаскі (Шам), Каирде болған. Мұнда ол білімін әбден толықтырып, өзінің ақылының, алғырлығы мен асқан байсалдылығы арасында көп ұзамай ірі ғалымдардың арасында үлкен абырой-беделге ие болған. Әбу Насыр әл-Фараби 150-200-ден астам ғылыми еңбек жазған. Оның ішінде «Музыканың ұлы кітабы», «Ғалымдардың шығуы», «Әлеуметтік-этникалық трактаттары», «Философиялық трактаттары» т.б. еңбектері әлемге әйгілі, ғылымның дамуына жол ашты.

Тапсырма №1

Мәтіннің тақырыбы	
Мәтіннің стилі	
Негізгі ақпараттар	
Қосымша ақпараттар	
Мәтінде көтерілген мәселе	

Тапсырма №2

Мәтін бойынша негізгі және қосымша ақпараттарды анықтауға бағытталған 5 сұрақ құрастырыңдар.

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

Тапсырма №3

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер

1. Әбу Насыр әл-Фараби қайда дүниеге келген?
2. Бұл қаланың орны қазір қайда орналасқан?
3. Отырардағы кітапхана қай ғасырларда өзінің кітап қоры жағынан дүниежүзіне әйгілі кітапханалар қатарында болған?
4. Әбу Насыр әл-Фарабидің балалық шағы қайда өткен?
5. Әбу Насыр әл-Фараби қанша еңбек жазып қалдырған?

6.2.6.1 – оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу

Тапсырма №1

Мәтіннен алдымен қала туралы, одан соң кесене туралы мәліметтерді іріктеп оқыңдар.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Түркістан 1396–1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи қабірінің басына тұрғызылған. Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауда Әмір Темірдің өзі қатысып, негізгі өлшемдерді анықтаған көрінеді. Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі – Қожа Ахмет Ясауи құлпытасы. XIX ғасырдың соңына қарай кесене тарихи-мәдени мұра ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастады. 1978 жылы Қожа Ахмет Ясауи республикалық мұражайы ашылды. 1989 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды. Түркия елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы аяқталды. 2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-сессиясында кесене дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді.

Тапсырма №2

Мәтіндегі берілген ақпаратқа комментарий жасаңдар.

Тапсырма №3

Мәтінді негізге ала отырып, жұпта диалог құрыңдар.

6.3.2.1 - жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу

Өмірбаян жазудың негізгі ережелері

Өмірбаян жазудың қатаң талаптары жоқ, алайда оны жазудың ортақ ережелерін білу міндет. Себебі аталған қағаз іскерлік құжаттар қатарына жатады. Өмірбаянға не жазу керек:

Өмірбаян ықшам әрі мағынасы кең болуы тиіс. Тәжірибеде дәлелденгендей, көлемді «шығармалар» толық оқылмайды және автордың артықшылықтарын ашып көрсетпейді. Сондықтан жиі теріс әсер беріп жатады.

Ақпарат беру түрі – ресми іс-қағаздар стилі. Өмірбаян қатесіз жазылуы тиіс. Себебі құжатпен танысу кезінде жазылған мәтін емес, оның берілу түру алғашқы әсер қалдырады. Сондықтан сауаттылық, мәтінді қабылдауға жеңіл етіп жазу жұмыс беруші алдында ұпай жинауға мүмкіндік береді.

Өмірбаян жазған кезде хронологиялық тәртіпті сақтаған дұрыс. Яғни мәтін уақытқа байланысты белгілі бір тәртіппен және логикаға сай етіп жазылуы тиіс. Мысалы, мектеп туралы жазғаннан кейін бірден қызметіңіз туралы сөз етіп, жоғары білім алу сияқты маңызды сәтті қалдырып кету дұрыс емес.

Өмірбаян жазудағы маңызды нәрсе – құжатта көрсеткен мәліметтеріңіздің бәрі шындыққа сәйкес болуы тиіс. Өтірігіңіз ашылып, кез келген жалған мәлімет анықталған жағдайда, белгілі бір қиындықтар туындап, тіпті, іскерлік имиджіңізге нұқсан келуі мүмкін. Сонымен қатар өмірбаян жалған мәліметтер қалаған жұмыс орныңызға қол жеткізуде кедергі келтіруі мүмкін.

• Өмірбаян жазу үлгісі

Өмірбаянды қалай дұрыс жазу керегін түсіну үшін, оның жазылу үлгісімен танысып алыңыз:

Өмірбаян (үлгі)

Мен, Жасұланұлы Алмас, 1997 жылы 15 ақпанда Алматы қаласында дүниеге келдім. 2004 жылы №2 орта мектепке бардым. 2014 жылы мектепті үздік тәмамдап, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Журналистика» факультетіне түстім. 2018 жылы оқу орнын қызыл дипломмен бітірдім. Сол жылдың қыркүйек айынан осы күнге дейін «Қазақ әдебиеті»

газетінде журналист қызметінде жұмыс істеймін.

Тапсырма №1

Үлгіні негізге ала отырып, өз өмірбаяндарыңды жазып көріңдер.

Тапсырма №2

Берілген суреттерге қарап, суреттердегі адамдар туралы не ойлайсыңдар, сол бойынша сөйлем құрау және екі адам туралы мінездеме жазу.

Мінездеме жазу кезінде екі адамның тек киімдері ғана емес, олардың білімдері, көзқарастары, өмір сүру орталары да суреттелуі тиіс.



Тапсырма №3

Досыңның туған күніне арналған құттықтау хатын жазу. Хат достық сезімге арналған сөздермен ерекшеленуі тиіс. Досыңның қандай адам екенін, оның адамдық болмысы мен әрекеттерін келтіре отырып жазу керек.

6.3.3.1 - ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру

Тапсырма №1

Қазақстандағы көрікті жерлер: Шымбұлақ, Астанадағы Бәйтерек пен ЭКСПО көрмесі тақырыбы бойынша деректер жинақтай отырып, деректерді сызба түрінде беріңдер.

Тапсырма №2

Суретте берілген карта бойынша графиктік мәтін құрау. Графиктік мәтін бойынша облыстарды бөліп, ондағы облыс орталығы болып саналатын қалаларды бөлек теріп жазу және берілген аймақтан шыққан тұлғаларды белгілеп жазу.



Қазақстан	Қалалар	Белгілі тұлғалар
Қалалар		
Облыстар		

Тапсырма №3

Берілген мәтінді кестеге түсіріңдер.

Табиғаттың баға жетпес ең қымбат қазынасының бірі - су. Су - адам өміріндегі оттектен кейін екінші орын алатын маңызды қосылыс. Адам денесінің 65-70%-н су құрайды. Ересек адамның денесінде 40-50 литр су болады екен. Атап айтқанда, қанның 83%, бұлшық еттердің 75%, мидың 74%, сүйектердің 22% судан тұрады. Егер адам денесінде 20% су жетіспеушілігі байқалса, адамның өліп кетуі әбден мүмкін. Сусыз, адам сияқты, ешбір өсімдік өмір сүре алмайды, оған әрдайым құнарлық қажет.

6.3.4.1 - эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу- келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)

Жазылу алгоритмі:

* кіріспе бөлімде тақырып туралы басты идеяны анықтап, тақырыптың тезисін жазыңыз;

* негізгі бөлімде келісу-келіспеу себептерін аргументтер арқылы түсіндіріңіз;

* қорытынды бөлімде өз көзқарасыңды білдіріп, ой-пікіріңізден қорытынды шығарыңыз.

Тапсырма №1

«Ғаламтордың зияны жоқ» тақырыбына келісу- келіспеу себептерін айқын көрсетіп эссе жазыңдар.

Тапсырма №2

«Қазақтың күй өнері жақсы дамыған» тақырыбына келісу- келіспеу

себептерін айқын көрсетіп эссе жазыңдар.

Тапсырма №3

«Қазақстан жеріндегі киелі орындарды мемлекеттік тұрғыдан қорғау қажет пе?» тақырыбына келісу- келіспеу себептерін айқын көрсетіп эссе жазыңдар.

6.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу

Тапсырма №1

Мәтін бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазыңдар.

Кітап – адам баласы ақыл-ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал, білім мен тәрбие көзі. Ол – адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. 23 сәуір – Халықаралық кітап және авторлық құқық күні.

Арабтың «кітап» деген сөзі қазақша «жазу», «жазба» деген мағынаны білдіреді. Кітаптың шығу мен дамуы сол жазу өнерінің пайда болуымен тығыз байланысты. Ол қажетті материалдардың ойлап табысуына және техниканың дамуына сәйкес жетілдіріле берді. Ежелгі заманда Мысыр мен Шығыс елдерінде, Греция мен Римде кітап қыш тақталарға жазылды. Кітап тас бетіне де қашалып жазылды. Түркі халықтарының көне жазба мұрасы болып табылатын «Орхан – Енисей жазба ескерткіштерін» (7-9 ғ.) ашық аспан астында тұрған тас кітаптар деп айтуға болады.

Тапсырма №2

Тыңдалым мәтіні бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазыңдар.

<https://youtu.be/4Nze73P6-ZY> 6-сынып, қазақ тілі

Тапсырма №3

Оқылым мәтіні бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазыңдар.

Әйгілі Отырар кітапханасы «Отырар» кітапханасы әлемде «Александрия» кітапханасынан кейінгі екінші орынды алған. Әлемнің екінші үлкен білім бұлағы – Отырар кітапханасы Шыңғысхан шапқыншылығы кезінде жоғалып кетті. Бұрын Фараб аталған бұл қаладан тек ислам әлеміне емес, күллі дүние жүзіне аты мәшһүр, әлемдік ғылымға сүбелі үлес қосқан оқымыстылар шыққан-ды.

«Әлемнің екінші ұстазы» атанған бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби ол әлемнің екінші ірі кітапханасында білім нәрінен сусындап өсті. Мұнда ежелгі

сына жазуымен жазылған туындылар мен папирус орама қағаздарынан бастап, ортағасырлық Еуропа, араб және Қытай ғалым-оқымыстыларының шығармаларына дейін жинақталған. Міне, осындай кітап қоры өте бай кітапхана 1218 жылы пұтқа табынушы шапқыншылардың аяғына тапталды. Отырар кітапханасы ата-бабамыз мекен еткен алып аймақта ілім дәнін сепкен киелі жер болғаны ақиқат. Көптеген мұсылман ғұламаларының еңбектері арқылы Отырар кітапханасы біздің даламызға ислам дінінің таралуына өз үлесін қосты.

6.3.6.1 - мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау

Тапсырма №1

Емле ережелеріне сүйеніп, мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді түзетіп, редакциялаңдар.

Қазақстандағы ең бай кітап қоры Ғылым ордасы ғылыми кітапханасында сақталған. 80-жылдық тарихы бар ең көне кітапханадағы кітаптың саны 5 млн. 600 мыңнан асады. Белгілі ғалым жазушы Шериаздан Елеукенов Бүгінде жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар саласында кітап қоры бай дәл мұндай кітапхана иесі Кіндік Азияда жоқ деп бағалайды. Бұл кітапханада сирек кездесетін кітаптар мұражайы орналасқан. Атақты шығыс шайыры Әлішер Науаидің диуандарын, Ораз Молда аудармасындағы Әбілқасым Фирдоусидің Шаһнамесін, Физулидің Ләйлі-Мәжнүнi шығармасын ел арасында қолдан-қолға көшірілген қолжазба күйінде көруге мүмкіндік алды. Шығыс Илиадасы аталған Шаһнаме, Лейлі-Мәжнүн ғашықтық дастандары қазақ арасында ауыз әдебиет үлгісінде де, қолжазба түрінде де тарады. Ораз Молда тұрмағамбет Ізтілеуов Шәкәрім Құдайбердіұлы Мәшһүр жүсіп Көпеевтің шығармалары Жаяу Мұсаның күнделігі Шәді Төренің өлеңдері Әлкей марғұлан шығармалары шығармалары қолжазба күйінде сақталған.

Тапсырма №2

Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережесіне сүйеніп түзетіп, редакциялаңдар.

Ұсталық кәсіп

Қасым ұста іске жарайды ау деген мүйіздерді жыл он екі ай бойы жинап жүретін. Оның ішінде киіктің арқардың сиырдың серкенің мүйіздері де болатын. Ол сонің бәрін күн тимейтін саялы қалтарысқа жинап қоюшы еді. Көктем шығып ел жайлауға көшерде қасым қыстау қасынан ағатын бұлақтың табанындағы қара қорыс, көкала сазды белшесінен қазып, мүйіздерді көміп кететін.

Жаз өтіп, ел қыстауға оралғаннан бір бір жарым айдан кейін Қасым

ұста көктемгі көмбенің тоңын ойып, мүйізді үйге алып келеды. Оларды үйге әкелісімен жылы суға салып саз-топырағын жуып тастайды. Ұста оларды барынша арлеп әсемдеп ожау, қамшы сап, құты-сауыт, тарақ, көзілдірік жасап шығаратын.

А.Сейдімбек

Тапсырма №3

Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережесіне сүйеніп түзетін, редакциялаңдар.

Қазіргі таңда жан жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі мектеп кітапханасы. Біздің мектептің кітап-ханасы үлкен жарық. Мұнда әдеби және ғылыми қыруар кітап бар. Кітапханаға оқырмандар өте көп келеді. Олар осы заманға сай ақпарат құралдарын кеңінен қолдана алады. Оқушыларға рухани адамгершілік тәрбие беру қазіргі мектеп кітапханасының ең маңызды міндеттерінің бірі.

6.4.1.1 - тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу

Тапсырма №1

Мәтін бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай қатесін жөндеп жазыңдар.

Қазіргі таңда республикамызда туризмнің барлық түрлері дамып келеді. Сондықтан болар, демалуға қолайлы ел ретінде қазақстанның танымалдылығы күн санап артуда. Сонымен еліміздің қай жерлерін міндетті түрде көру керек?

Бірінші орында кіші Швейцария – Бурабай. Ол республикамыздағы ең танымал туристік бағыт саналады. Бұл жердің әсем табиғаты, көптеген қонақүйлері, шипажайлары мен дамыған инфра құрылымы демалушыларға ұмытылмас әсер сыйлайды. Сондықтан болар бұл жер халық арасында екінші Швейцария деп аталып кеткен. Бұл жерде демалып қана қоймай, ем қабылдауға да бар жағдай жасалған.

Бурабайда демалып үлгерсеңіз, онда Ұлы Жібек жолы бойымен экскурсиялық саяхатқа аттануға болады. Бұл бағыт ең танымал және тарихи маңызды орындар арқылы өтеді. Жол бойында қазақ халқының бірегей сәулет және археологиялық ескерткіштері, атап айтсақ, Айша Бибі, Бабаджа қатын, Қара хан кесенелері орналасқан. Осы жерлерден ерекше рухани күш алуға болады.

Қазақстанда көз тартар көрікті жерлер, тарихи мекендер жеткілікті. Атап айтсақ, Шарын шатқалы мен Шарын өзені, Ақсай шатқалы, Ала көл мен Балқаш көлдері, Шымбұлақ курорты, Қорғалжын қорығы, Зайсан көлі, Марқа көл қорығы, Қатон Қарағай ұлттық саябағы, Жидебай Бөрілі қорық мұражайы. Әрине, бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Халқымыздың пейілі сияқты кең, көңілі сияқты дархан даламызда жабайы табиғатпен қауышып, рухани азық

алып, жері, суы мен ауасының шипасын көруге мүмкіндік бар. Одан басқа не керек?

Тапсырма №2

Мәтін бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді төменге орфографиялық нормаға сай жазыңдар.

Қайта оралды қазағыма бүгін дәстүрлері.

Көптен күткен халқымыздың асыл арманы еді.

Берекелі қазақ жері –ел мерекелі

Дәстүрлерін жоғалтаған қазағымның бұл ежелгі.

Шілде хана бесік той

Тұсау кесер сүндеттой

Ай, шіркін-ай!

Құда түсіп сырғасалу

Бет ашарым-ай.

Алты бақан аясында сұлу бойжеткен,

Қыз боз бала кең даланы

Әнімен елтіп тербеткен.

Ер жігітке жарасады озып шыққан бәйгеден,

Қыз балаға жарасады алқа, шашбау, сәукеле.

Жоғалмасын дәстүріміз ұмытылмасын,

Ата баба көзіндей қылып сақтайық қазақ дәстүрін

Жеке сөздер:

Бірге жазылатын сөздер:

Бөлек жазылатын сөздер:

Дефис арқылы жазылатын сөздер:

Тапсырма №3

Орфографиялық нормаға сай ұсынылған сөздерді бағанға бөліп жазыңдар.

Ашішек, соқырішек, ащы ішек, аяқтабақ, он екі елі ішек, тоқ ішек, ортатабақ, бас табақ, бесбұрыш, үшбұрыш, төрт бұрыш, бесқару, бессайыс, бес жақсы, беторамал, қолорамал, тер орамал, жанқалта, төс қалта, жұлдызқұрт, жұмырқұрт, қылқұрт, зеңгібаба, шопаната, буылтық құрт, жалпақ құрт, жылқышы ата, шекшек ата, иіссабын, жұпар сабын, қолқырықтық, қосжүзік, құйма жүзік, құлынжарғақ, себіл тон, орамалтастамақ, орамал жүгіртпек, тасжол, теміржол, шойын жол, үшқұлақ, төрт құлақ.

Бірге жазылатын сөздер	Бөлек жазылатын сөздер

6.4.2.1 - екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану

Тапсырма №1

Берілген тақырыптардың бірін таңдап, жұпта диалог құрыңдар. Айтылымда екпін түрлерін дұрыс қолданыңдар.

1. Ғаламтордың пайдасы мен зияны
2. Ғаламтор біздің өмірімізде
3. Ғаламторсыз бір күнім

Тапсырма №2

Берілген сөздерді пайдаланып, кестені толтырыңдар.

Күлсе екен, күлсекен, ойнайды, ойнайд, дәрігер, дәргер, лай, ылай, отыр еді, отыред, рұқсат, ұрықсат

Орфографиялық норма	Орфоэпиялық норма

Тапсырма №3

Мәтінді логикалық екпін қойып оқыңыздар.

Құмырсқа мен көгершін

Бір күні шөліккеп келе жатқан құмырсқа су ішуге өзенге түсті. Бейшараны толқын соғып, суға кетіп қала жаздады. Сол мезгілде аузында тістеген бұтағы бар көгершін құмырсқаны көрді де аяп, бұтақты судың үстіне тастады. Құмырсқа бұтаққа мініп, толқынмен судың жиегіне шығып, ажалдан құтылды. Мұның артынан бағанағы көгершін өзеннің жағасына қонып, бір аңшының құрып қойған ауының астындағы бидайды теріп жей бастады. Аңшы ауды тартып қалып, көгершінді ұстап алайын деп жатқанын құмырсқа көріп қалып, өрмелеп барып, оның аяғын шағып алды. Аңшы абдырап ауды қоя бергенде, көгершін ұшып кетті.

6.4.3.1 - көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу

Тапсырма №1

Неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсініп, түрлеріне ажыратыңдар.

Берілген сөздер: Оймақ, жасуша, ұлпа, түйреуіш, кеуірт, тұқым, көбейткіш, кеден, леген, кесте, әңгелек, макроұя.

Неологизм	Термин	Диалект	Кәсіби

Тапсырма №2

Көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздерді ажыратып, сәйкестендіріңіз.

Сөздердің қолданыс аясы	Мысал
Көнерген сөз	Еркекыз
Эвфемизм	Ұрлық қылды
Дисфемизм	Хан
Табу	Зағып

Тапсырма №3

Дисфемизм мен эвфемизм сөздерді ажыратып, сәйкестендіріңіз.

Эвфемизм	Дисфемизм
Құлағының мүкісі бар	Өтірікші
Қайтыс болды	Өсекші
Қосып айтады	Ұрлықшы
Дүниеге келді	Саңырау
Аузы жеңіл	Өлді
Қолының жымысқысы бар	Туды

6.4.4.2 - етістіктің етіс түрлері мен салт, сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;

Тапсырма №1

Берілген анықтама бойынша әңгіме құраңдар. Салт етістік пен сабақты етістіктерді астын сызып көрсетіңдер.

Жылы	Өзгеруі
1830 ж.	Есіл өзенінің жағасында қазақ-орыс әскерлері негізін қалаған бекіністен бастау алады.
1862 ж.	Ақмола қала мәртебесін алды.
1962 ж.	Целиноград атауы берілді.
1997 ж.	Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылданды.
1998 ж. 6 мамыр	Жаңа елорданың атауы Астана болып өзгертілді.
1998 ж. 10 шілде	Қазақстанның жаңа елордасы – Астананың халықаралық тұсауы кесілді.
1998 ж.	ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағы беріліп, медальмен марапатталады. Бразилияда өткен конкурста Астана барлық өлшемдер бойынша әлемнің әртүрлі елдерінің 12 қаласын басып озды.

Тапсырма №2

Берілген етістіктерге жұрнақ жалғап, ортақ етіс жасаңдар, Түбір мен қосымшаны дефис арқылы бөліп жазыңдар.

Сал, қой, тазала, жу, бөл.

Тапсырма №3

Берілген сөздерден өздік етіс жаса.

Көр, сез, жасыр, қара, сыла, сұрт.

6.4.4.3 - үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану

Тапсырма №1

Үстеудің мағыналық түрлерін синонимдік қатармен сәйкестендіріңіз .

Үстеулер	Сәйкестендіру	Мысалдар	Сәйкестендіру	Синонимі
А) Күшейткіш Ә) Сын-қимыл Б) Мекен В) Мөлшер Г) Себеп-салдар Д) Мезгіл		А) алыста Ә) соңғы кезде Б) өте қымбат В) оңай Г) орасан Д) бекерге		А) кейінгі уақытта Ә) шалғайда Б) аса құнды В) жеңіл Г) босқа Д) зор

Тапсырма №2

Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, үстеудің түрлерін анықтаңдар.

Әдейі айт...ым, аса кө...іл бөлу, тіпт..., көп, м...лдем білмейді, сонша жауд..., амалсыздан бақт...м.

Тапсырма №3

Берілген мекен үстеулерін кірістіре отырып сөз тіркесін, сөйлемдер құрап жазыңдар.

Кейін. Алда. Бері. Жоғары. Ілгері. Төмен.

6.4.5.1 - қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану

Тапсырма №1

Берілген тапсырманы орындаңыз. Қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін дұрыс қолданып, берілген тақырыпты негізге алып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп эссе жазыңдар..

1. Табиғи апатқа адамзат жауапты.
2. Ғаламтор жастардың санасын улауда.
3. Астана – мәдениет пен өнер ордасы

Тапсырма №2

Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді белгілеңіз.

- Рахмет, ақсақал, қош болыңыз деп, меңгеруші бізді шығарып салды.
- Рахмет ақсақал қош болыңыз! – деп меңгеруші бізді шығарып салды.
- Рахмет ақсақал, қош болыңыз – деп, меңгеруші бізді шығарып салды.
- Рахмет, ақсақал, қош болыңыз, – деп, меңгеруші бізді шығарып салды.

Тапсырма №3

Төмендегі етістіктерге етіс жұрнақтарын жалғап, сол сөздермен сөйлем құрастырыңдар. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданыңдар.

Айт, сат, жаса, іл, сал, көр, хабарла, әкел, сыйла.

Оқу мақсаты

6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып мінездеме, құттықтау құрастырып жазу

Бағалау

Білім алушы

критерийі

- Құттықтау, мінездемені жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне сай құрастырып жазады.
- Құрылымын сақтайды.

Қолдану

Ойлау

дағдыларының
деңгейі

1-тапсырма

Ж. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Құттықтауды қалай дұрыс құрастыруға болады?

Құттықтау сөзді ерекше естілетіндей, есте сақталатындай және қызықты етіп құрастыру керек. Оны қалай жасауға болады? Барлық құттықтау мәтіндері үш бөлімнен тұрады: алғы сөз, құттықтау және тілек.

Алғы сөз. Егер сіз ұстазыңызды мерекесімен құттықтайын деп жатсаңыз, ол кісінің аты мен әкесінің атымен атаған жөн. Егер де туысқанды немесе досыңызды құттықтағалы жатсаңыз, ресмилікті сақтамасаңыз да болады.

Құттықтау. Құттықтауда салтанатты жиынның болу себебін міндетті түрде атап өтіңіз. Сонымен қатар құттықтап отырған адамыңыздың жақсы қасиеттерін де айтып өткен дұрыс.

Тілек. Ал тілек білдіру өзіңіздің қиялыңызға байланысты, алайда бұл

жерде де біршама ережелерді сақтау керек. Мысалы, үлкен кісіге күлкі, қуаныш, тыныштық тілеу әдепсіз көрінеді. Бақыт, арман-тілегінің орындалуын және табыс тілеуге болады. Оның отбасын да еске түсіріп, оған жақын адамдарға да жақсылық тілеуге болады. Өзіңізге жақын және туғандарыңызды құттықтау барысында қатып қалған шеңберден шығуға болады. Жақын адамыңызға өзіңізге не тілесеніз, сол жақсылықтарды шынайы тілеңіз, өз құттықтауыңызға аздап қалжың қоссаңыз да болады. Сәйкес келетін анекдот қоссаңыз тіптен жақсы. Егер сыйлық сыйласаңыз, оны құттықтау сөзімен байланыстыра өткеніңіз жақсы. Сіздің құттықтауыңыз тым ұзақ болмауы тиіс. Аз сөзге көп мағына сыйғызуға тырысыңыз.

Аударған: Нұрмағамбетова Нұрсәуле

<https://shkolazhizni.ru/school/articles/22760/өңделген>

(172 сөз)

С. Келесі сұрақтарды талқылаңыздар.

- Құттықтау қалай жазылу керек?
- Сіз айтылғандармен келісесіз бе? Не қосар едіңіз?

Дескриптор

Білім алушы

- құттықтау хат құрылымын талқылайды;
- сұрақтар бойынша ойларымен бөліседі.

2-тапсырма

Суретке мұқият қараңыз. Жағдаятты ескеріп, құттықтау хатын жазыңыз.



Жағдаят:

Сіз ата-анаңызға еріп жаңа жыл мерекесінде атаңыз бен әжеңіздің қара шаңырағына бардыңыз. Берекелі, мерекелі отбасы. Бәрі мәз-мейрам. Қара шаңыраққа барлық ағайын-туыс жиналған. Сізге қариялардың тұңғыш

немересі ретінде құттықтау сөзін айтуды ұсынатынын білесіз. Сіз ойыңызды жинақтау үшін, құттықтау сөзін алдын ала жазып алуды ұйғардыңыз.

Ж. Тапсырма:

Жаңа жыл мерекесіне орай отбасыңызды құттықтаңыз. Жоғарыда аталған талаптарды ескеріңіз.



Дескриптор

Білім алушы

- жанрлық ерекшеліктерді сақтайды;
- стильдік ерекшеліктерді сақтайды;
- құттықтау хатта алғы сөз жазады;
- құттықтау сөзін жазады;
- құттықтау хатта тілек жазады;
- талапқа сай құттықтау хатын жазады.

Тапсырма №1

Берілген сөйлемдердегі есімдіктің қызметін түсініп, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолданып кестені толтырыңыз.

Ол оқып жүр. Марат қызық кітапты оқыды. Марат сол кітапты оқыды. Қорадағы малды санап шықтым. Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар. Оның тәтті мәні оятар. Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бірде шал сол ұлдарын жинапты. Кімді айтса, сол келер. Саулығы – 500, қозылары – 1000 екен. Атам шамамен сол болуы керек деді. Сара сабақтан қалды. Ол не себепті қалған? Ол қыз қызыл көйлек киген.

Есімдіктің қызметі	Зат есім	Сын есім

Тапсырма №2

Мәтіннен зат есімі бар бір сөйлем, сын есімі бар бір сөйлем алып оларды есімдіктерге айналдырып жазыңдар.

Аю — аюлар тұқымдасына жататын ірі сүтқоректілер. Аю әлемнің

әртүрлі бөліктерінде, соның ішінде Солтүстік Америкада, Еуропада, Азияда және Арктикада тұрады. Аюлар әртүрлі мөлшерде болуы мүмкін және салмағы бірнеше жүз килограммға дейін жетеді.

Аюлар - жидектер, жаңғақтар, тамырлар, балықтар, ұсақ жануарлар және жәндіктерді қоса алғанда, әртүрлі өсімдік және жануарлар тағамдарымен қоректенетін жануарлар.

Аюлардың күшті табандары мен тырнақтары бар, бұл оларға жерді қазып, жем ұстауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аюлардың иіс пен есту қабілеті өте жақсы, бұл оларға тамақ табуға және қауіптен аулақ болуға көмектеседі.

Үлгі: Аю — аюлар тұқымдасына жататын ірі сүтқоректілер. Аю (Ол) әлемнің әртүрлі бөліктерінде, соның ішінде Солтүстік Америкада, Еуропада, Азияда және Арктикада тұрады.

Тапсырма №3

«Судың адамға тигізер пайдасы» тақырыбында мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрау барысында есімдікті орынды қолдан.

7-СЫНЫП

Мәтінді кешенді талдаудың үлгісі.

Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.

Отбасы күні

Отбасының береке-бірлігі әр сәбидің, әр баланың болашақ қадамы. Өйткені, ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің. Отбасы – ол да бір шағын ғана мемлекет. Қазақ танымындағы әке-шеше, аға-ініге, туған-туысқа қатысты мақал-мәтел мен аңыздардың бәрі де шаңырақтың шаттығын сақтауға маңызы зор.

15 мамыр – халықаралық отбасы күні. Атаулы күн 1993 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен бекітілген. Бұл күнді белгілеу түрлі мемлекеттерде қоғамның назарын отбасына аудару қажеттігінен туындаған.

Мереке болған соң, міндетті түрде тарту етілетін сыйлықтар да болады. Сіздің де дәл осы күні жарыңызға, ата-анаңызға, перзентіңізге, бауырларыңызға сыйлық жасап, қуаныш сыйлау мүмкіндігіңіз бар.

Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы. Отбасының аман-саулығы – әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа біздің мәдени құндылықтарымызды, ұлттық дәстүрімізді сақтауға бағытталған маңызды орта.

Сондықтан да мереке күні бір-біріңізге әдемі де әсерлі сөздер арнап, ерекше сыйластық көрсете біліңіздер! Тек атаулы күні емес, жылдың әрбір минутында, әрбір сағатында, отбасыңызды ыстық ықыласыңыз бен шексіз махаббатыңызға бөлей жүріңіз

Мәтін дегеніміз- жазбаша немесе ауызша ойды жеткізу. Мәтін бірнеше сөйлемнен құралады. Мәтін сөйлемдері бір-бірімен мағына жағынан байланысып тұрады.

Мәтіннің үш түрі болады.

Мәтіннің түрлері		
Әңгімелеу	Сипаттау	Пайымдау
Оқиғаны ретімен баяндайтын мәтін әңгімелеу мәтіні деп аталады.	Зат немесе құбылысты суреттеп, сипаттайтын мәтін сипаттау мәтіні деп аталады.	Оқиға, құбылыстардың себебін дәлелдейтін мәтін пайымдау мәтіні деп аталады.

Талдау үлгісі.

Мәтіннің түрі: әңгімелеу.

Мәтіннің тақырыбы: отбасы күні.

Мәтіннің негізгі ойы: отбасы күнінің пайда болуы.

Мәтіннің жоспары:

- I. Халықаралық отбасы күні
- II. Отбасы құндылықтары
- III. Отбасындағы сыйластық

Мәтіннің стилі: публицистикалық стиль. Себебі, мәтінде ақпараттық анықтама түрінде жазылған.

Мәтін үлгісі: баяндау

Күрделі сөйлемдер: Мереке болған соң, міндетті түрде тарту етілетін сыйлықтар да болады. (құрмалас сөйлем, хабарлы, жақты, жайылма, толымды)

Синонимдер: мереке – мейрам

Фонетикалық (дыбыстық) талдау:

Мереке – 6 әріп, 3 дауысты дыбыс, 3 дауыссыз дыбыс, 3 буын.

М – дауыссыз, үнді.

Е – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

Р – дауыссыз, үнді.

Е – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

К – дауыссыз, қатаң.

Е – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

Сөзді құрамына қарай талдау.

Болады – етістік, түрленетін сөз табы.

Бол – түбір, а – көсемшенің жұрнағы, ды - жіктік жалғауының III жағы.

Морфологиялық талдау

Сыйлықтар – зат есім, туынды, дара, жалпы, деректі.

Міндетті – сын есім, туынды, дара, қатыстық.

1-тапсырма. Берілген мәтінді жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша талдаңыз.

Адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты – дұрыс тамақтану. Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлген жөн. Тамақ құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, ағзаның қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және ағзаның қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтеді.

Дұрыс тамақтану ережелері:

- Тамақты үстелдің басында отырып қабылдау керек. Егер адам зейін салмаған жағдайда, адам тойғанын білмей қалып, артығымен тамақтанады;
- Тамақты асықпай, мұқият шайнап, тамақтану режимін сақтап жеу керек. Тамақты жиі және аз мөлшерде, күніне 5 рет қабылдаған жөн;
- Таңертеңгі асты мұқият ішу қажет.

Егер организм 10-12 сағат тамақ ішпесе, онда ағзадағы қант азайып кетеді. Тамақтану адамның өмірлік қажеттілігі және денсаулық кепілі. Ас ішу біздің жасушаларымыз бен тіндерімізді жаңартуға мүмкіндік береді. Дұрыс тамақтану жүрек-қантамыр, асқазан-ішек жолдары, қант диабеті, остеопороз, онкологиялық аурулардың алдын алу, сыртқы орта әсеріне қарсы тұру, ағзаның жұмысқа қабілеттілігін арттыру, белсенді ұзақ өмір сүру үшін қажет. Денсаулықты және тартымды келбетті сақтап, сұлу да сымбатты, тәні мен жаны жас, белсенді болып жүріңіз!

Талдау үлгісі.

Мәтіннің түрі: _____

Мәтіннің тақырыбы: _____

Мәтіннің негізгі ойы: _____

Мәтіннің жоспары: _____

I. _____

II. _____

III. _____

Мәтіннің стилі: _____

Мәтін үлгісі: _____

Күрделі сөйлемдер: _____

Синонимдер: _____

Фонетикалық (дыбыстық) талдау:

_____ – __ әріп, ____ дауысты дыбыс, ____ дауыссыз дыбыс, ____ буын.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, қатаң.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

Сөзді құрамына қарай талдау.

Морфологиялық талдау

2-тапсырма. Берілген мәтінді жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша талдаңыз.

Неге диета ұстап отырғаныңызды өзіңізден сұраңыз. Диетаның себептері мен мақсаттары туралы шыншыл болу сізге ақылға қонымды диетаны таңдауға көмектеседі, ал нәтиже сіз қалаған нәрсеге сәйкес келеді.

- Жасыл көкөністерді жеңіз. Жасыл көкөністерде кальций мен темір және еритін талшықтар бар, олар қандағы қантты тұрақтандыруға көмектеседі, LDL жаман холестерин деңгейін төмендетеді және ұзақ уақытты сезінеді, осылайша тәбетті төмендетеді.

- Қант диабетін емдеңіз. Егер сізде қант диабеті болса, диетаны өзгерту міндетті болады. Диетадан қантты азайту немесе алып тастау – бұл аурумен қатар өмір сүрудің кілті.

- Жүрек ауруының қаупін азайтыңыз. Холестерол деңгейін төмендететін және асқазаныңыздағы майдың жиналуын кетіретін тағамдарды қолдану жүрек ауруының даму қаупін азайтуы мүмкін.

- Дене салмағын арттырыңыз. Сізге бұлшықет құруға және салауатты жолмен салмақ қосуға қызығушылық болуы мүмкін. Ақуыз бұлшықет массасын көтеру үшін өте маңызды, сондықтан сіздің диетаңыз ақуыздың ұсынылатын тәуліктік тұтынуын барынша арттыруы керек.

- Интернетте жазба қалдырыңыз. Кейбір веб-сайттар сіздің диетаңызды тіркеу үшін Интернеттегі мүмкіндіктерді ұсынады. Егер сіз смартфонды көп қолданатын болсаңыз, бұл сізге жазбалар жазуды жеңілдетеді.

Мәтіннің түрі: _____

Мәтіннің тақырыбы: _____

Мәтіннің негізгі ойы: _____

Мәтіннің жоспары: _____

IV. _____

V. _____

VI. _____

Мәтіннің стилі: _____

Мәтін үлгісі: _____

Күрделі сөйлемдер: _____

Синонимдер: _____

Фонетикалық (дыбыстық) талдау:

_____ – __ әріп, ____ дауысты дыбыс, ____ дауыссыз дыбыс, ____ буын.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, қатаң.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

Сөзді құрамына қарай талдау.

Морфологиялық талдау

3-тапсырма. Берілген мәтінді жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша талдаңыз.

Табиғаттың әрбір маусымы ерекше болатыны сөзсіз. Әр маусымның өзіне тән қызығы бар.

Соның ішінде қыс мезгілі де өзіндік аппақ қарымен, сықырлаған аязымен ерекше. Бұл мезгілде адамдар табиғаттың құпиясын, ерекше бір ұмытылмас сәттерін тамашалайды.

Қыс мезгілін асыға күтетін жандардың бір қуанышы – шанамен сырғанау. Бала кезде шанамен сырғанау тек қызық ретінде ғана көрінсе, есейгенде де оған деген құштарлықтың бары байқалып тұрады. Ал бастысы – шанамен сырғанаудың денсаулыққа пайдасы зор.

Коньки спортымен жылдың төрт мезгілінде де айналысуға болады. Бірақ, қыс мезгіліндегі ашық аспан астында коньки тепкенге не жетсін?! Егер коньки

тебуді білмейтін болсаңыз, оны үйренуге жұмсаған күшіңіздің өзі денсаулығыңызға зор пайдасын тигізетін болады.

Қар атысу – балалық шақтың қысқы ермегі секілді көрінеді. Бірақ, қар атысудың да пайдасы зор екен. Біріншіден, көңіл-күйді көтеруге әсер етсе, екіншіден, физикалық жаттығу да. Тіпті әлемде қар атысудан әлем чемпионаты да ұйымдастырылып тұрады.

Адамдар көбіне қыс мезгілінде жүгіруді пайдалы деп санамайды. Шын мәнінде, қыста жүгірудің денсаулыққа пайдасы мол. Мұндай уақытта денедегі бұлшықеттер жаз мезгілінен қарағанда екі есе артық жұмыс жасайды. Қысқы ауа-райы тыныс алуға да қолайлы.

Мәтіннің түрі: _____

Мәтіннің тақырыбы: _____

Мәтіннің негізгі ойы: _____

Мәтіннің жоспары: _____

I. _____

II. _____

III. _____

Мәтіннің стилі: _____

Мәтін үлгісі: _____

Күрделі сөйлемдер: _____

Синонимдер: _____

Фонетикалық (дыбыстық) талдау:

_____ – __ әріп, ____ дауысты дыбыс, ____ дауыссыз дыбыс, ____ буын.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, қатаң.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

Сөзді құрамына қарай талдау.

Морфологиялық талдау

4-тапсырма. Берілген мәтінді жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша талдаңыз.

Екі күннен кейін мен қалаға жүріп кеттім. Каспий суының жаңа ашылған кезі. Лай судың үстінде болбырлау сұрғылт сендер теңселе жылжиды. Оларды біздің қайығымыз қуып жетті де, басып озды. Сендер қайықтың жақтауына соқтығып, шатынай айырылып қалып жатты. Толқындарды жарға айдап, «жорға жел» ойнақтады. Бөшке, қап, жәшік сияқты ауыр жүк артқан моторлы қайық тербеліп келеді. Рульді ұстап келе жатқан жас жігіт еді. Оның үстіне қырма қой терісінен істеген, омырауы әр түсті жіппен кестелеген әсем пешпеті бар.

Оның жүзі сабырлы, салқын қанды еді. Қайықтың тұмсық жағында көмекшісі отыр. Бұл– үстіне жыртық шекпен киген, белін арқан жіппен буған, басында көнетоз қалпағы бар, үсті-басы үрпі-түрпі бір мұжық еді. Ол ұзын ағашқа ілген темір ілмекпен сендерді серпіп қояды.

Мәтіннің түрі: _____

Мәтіннің тақырыбы: _____

Мәтіннің негізгі ойы: _____

Мәтіннің жоспары: _____

I. _____

II. _____

III. _____

Мәтіннің стилі: _____

Мәтін үлгісі: _____

Күрделі сөйлемдер: _____

Синонимдер: _____

Фонетикалық (дыбыстық) талдау:

_____ – __ әріп, ____ дауысты дыбыс, ____ дауыссыз дыбыс, ____ буын.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, қатаң.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

Сөзді құрамына қарай талдау.

Морфологиялық талдау

5-тапсырма. Берілген мәтінді жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша талдаңыз.

Ағаш пен сүйектен оюлап тұрмыстық заттар жасау – халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрлі өнерлерінің бірі. Сүйектен ойып, әшекейлі бұйым жасайтын шеберлерді, ағаш ұсталарын жұрт бұйым жасату үшін, ат арытып іздеп келетін болған. Олар ағаш бұйымдардың бетіне, аттың қамыт-сайман, ертұрманына, музыкалық аспаптарға сүйектен ойып, өрнек салған. Қазба жұмыстары кезінде қазақ даласынан табылған әшекейлі сәндік бұйымдардың ішінде, тіпті тас дәуірінің соңғы кезіне жататын мүліктер бар екені анықталды.

Ағаштан оюлап жасалатын тұрмыстық заттың көп тараған түрі – төсек ағаш, кебеже, сандық. Халық шеберлері ағаштан астау, шара табақ, тостаған, теген, саптыаяқ, ожау сияқты ыдыстар дайындаған. Мұндай әшекейлер киіз үйдің сүйегіне де түсірілген.

Мәтіннің түрі: _____

Мәтіннің тақырыбы: _____

Мәтіннің негізгі ойы: _____

Мәтіннің жоспары: _____

I. _____

II. _____

III. _____

Мәтіннің стилі: _____

Мәтін үлгісі: _____

Күрделі сөйлемдер: _____

Синонимдер: _____

Фонетикалық (дыбыстық) талдау:

_____ – __ әріп, ____ дауысты дыбыс, ____ дауыссыз дыбыс, ____ буын.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, қатаң.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

Сөзді құрамына қарай талдау.

Морфологиялық талдау

6-тапсырма. Берілген мәтінді жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша талдаңыз.

Баянауылға біз күн түске тармаса жеттік. Оның сыртқы жобасы Бурабайға ұқсас. Бурабайдың төбесінен төмен түскен қарағайлы қалың орман етегі арқылы жазық далаға кең жайылып кетеді. Баянның орманы алысқа ұзап бармайды. Бурабайдың сексен көлінің бәрі жыныс орманмен жиектеле қоршалған. Баянның ығындағы атақты Сабынды көлдің айналасы жалаңаш. Бурабайда кең шалқар көп. Баянда онда көлдер үшеу-ақ: Сабындыкөл, Жасыбай, Торайғыр. Торайғыр көлінің жағасында қазақтың атақты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қабірі бар.

Жол бізді Жасыбай көліне әкелді. Бұл тамаша көркем көлдің жағасында жаңа орнаған өндірістер: Екібастұз, Майқайың, Бозшакөл. Олардың жұмысшылары тынығатын салтанатты үйлер бар. Біз соларды аралап көп жүрдік. Қар-қаралыға беттеп шыққанда, біз «Жалаңтас» асуынан өттік. Алдымыз – бұйратты кең дала. Соған сүңгіген көркем Баянның шоқтығы биіктей берді.

Мәтіннің түрі: _____

Мәтіннің тақырыбы: _____

Мәтіннің негізгі ойы: _____

Мәтіннің жоспары: _____

I. _____

II. _____

III. _____

Мәтіннің стилі: _____

Мәтін үлгісі: _____

Күрделі сөйлемдер: _____

Синонимдер: _____

Фонетикалық (дыбыстық) талдау:

_____ – __ әріп, _____ дауысты дыбыс, _____ дауыссыз дыбыс, _____ буын.
_____ – дауыссыз, үнді.
_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.
_____ – дауыссыз, үнді.
_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.
_____ – дауыссыз, қатаң.
_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.
Сөзді құрамына қарай талдау.

Морфологиялық талдау

7-тапсырма. Берілген мәтінді жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша талдаңыз.

Сахара жұрты естен кетпес, бұрын-соңды естіп білмеген көрініске куә болатынын Қажымұқан шапанын шеше бастағанда-ақ сезді. Құрыштан құйылғандай сұлу мүсінді, алып палуан қолын екі-үш рет жоғары-төмен құлаштай жазып, ішін тартып алғанда, тіптен сидиып, сүмбіле қалыпқа түсті. Сол кезде жәрмеңкенің машинасы да тасадан гүрілдей қозғалып, қастарына келіп тоқтады. Қорабын ашып, асын жерге әзер түсіреді. Мал өлшейтін таразының тақтайын да бір жаққа ысырды. Алғашында Қажымұқан бұлшық еттерін қалпына келтіру үшін әрі көпшілікке қазақ көрініс ретінде таразының ауыр кірлерін кезек-кезек лақтырып, саусағымен айналдырды. Телеграфтың ұзын бағанасын мойнына салды да, екі жағына он-оннан жиырма жігітті отырғызды. Салмақты теңеп тексерді де, орнынан тік тұрып, жігіттерді көтерген бойы айнала қоршаған топты бір айналып шықты.

Мәтіннің түрі: _____

Мәтіннің тақырыбы: _____

Мәтіннің негізгі ойы: _____

Мәтіннің жоспары: _____

I. _____

II. _____

III. _____

Мәтіннің стилі: _____

Мәтін үлгісі: _____

Күрделі сөйлемдер: _____

Синонимдер: _____

Фонетикалық (дыбыстық) талдау:

_____ – __ әріп, ____ дауысты дыбыс, ____ дауыссыз дыбыс, ____ буын.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, үнді.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

_____ – дауыссыз, қатаң.

_____ – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

Сөзді құрамына қарай талдау.

Морфологиялық талдау

8-тапсырма. Берілген мәтінді көрсетілген үлгі бойынша талдаңыз.

Бір сәтте көл үстінде үлкен қызғылт шәлі жайыла қалып, сел толқынданып жатқан тәрізді көрінді. Жалт қарасам, жас шамалары менімен қатар бейтаныс екі бала, біреуі сәл бойшаңдау. Оның тіп-тік найза шыңдары, биік құздары бұрынғысынша көкке қол созады. Міне, терезе тұсындағы жусанды бозғылт дала артқа қарай жылдам сусып көше бастады. Жанна лып етіп төргі үйге қайта кірді де, шымқалпақты сөндіріп, бір бұрышқа көгілдір түсті бүркеме шам әкеліп жақты. Қыздың жүзін қызыл арай шырпып өтті. «Шынында Жанна жаман әйел болмас», -деп ойлады Жәнібек. Тек қып-қызыл бетінің ғана шырайы таймапты. Кішкентай Гүлнаш далаңдап, Жәнібекке қарап, күліп қояды. Жәнібек жүрегі аттай соғып, екі бетінің ып-ыстық боп кеткенін сезді. Үстіне гүлді халат киіпті. Жаңа шыққан күн сәулесі қыздың жүзін қызыл шұғылаға бөлеп, нұрландыра түскен. Тұу, айнала қалай қап-қараңғы. Өзі жап-жас кісі, бойжеткен немересі бар. Ағы-ақ, қызғылт өңінің әрі таймаған. Көлеңке болып көрініп, бозғылт тұмандай түрткілеп, мазасын алған алып күннің сұғанақтау саусақтарынан қымсынаатындай.

Лексикалық талдау

/Сөздің мағынасына талдау/

Берілгені:

мағынасы

Сөз I

II. Сөздің шығу тегіне

Сөздің атауыш немесе тура

- 1. Түпкі мағына**
2. Туынды мағына

монгол, орыс сөздері)

- а) Көп мағыналы сөз
- ә) Омоним
- б) Синоним
- в) Антоним
- г) Кірме сөздер /араб, парсы,
- д) Табу
- е) Эвфемизмдер
- ж) Дисфемизмдер

III. Сөздердің тіркесу сипаты: →

мағына

1. Сөздің еркін мағынасы
2. Фразеологиялық байлаулы
3. Синтаксистік шартты

мағына

IV. Сөздің стилистикалық қызметіне: →

фигуралар/

1. Бейтарап мағына
2. Бейнелі мағына /троп пен
3. Терминдік мағына

V. Сөздердің қолданылу сипаты:

байланысты түрлері

1. жалпылама лексика
2. қолданылу өрісі тар лексика
3. сөздердің стильдік қызметіне
4. сөздердің актив және пассив

қолданылатын түрлері

Берілгені.

I. Айтылу мақсатына қарай:

Тыныс белгісі:
белгісі-!

Көңіл күйге
қатысты:

Болымсыздыққа
қатысты:

II. Құрылысына
қарай:

мүшелер қатысына қарай)

хабарлы, сұраулы, бұйрықты.

нүкте- . сұрау белгісі-? леп

лепті, лепсіз.

болымды, болымсыз.

- 1) жай сөйлем;
- а) жалаң/жайылма (тұрлаусыз

толықтығына қарай)

/жоқтығына қатысты/

құрмалас сөйлем

Сөйлем мүшелері:
пысықтауыш, толықтауыш

ә) толымды/ толымсыз (хабардың

б) жақты/жақсыз (бастауышы бар

2)құрмалас сөйлем

а) салалас құрмалас сөйлем

ә) сабақтас құрмалас сөйлем

б) көп бағыныңқылы сабақтас

в) аралас құрмалас сөйлем

→ Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш,

9-тапсырма. *Берілген мәтінді көрсетілген үлгі бойынша талдаңыз.*

Халық бойындағы қасиет өгей болғанда, кейде жер астында жатқан алтын-гауһар есепті. Алтын қазына жер бетіне жарқырай шығып, жалт етті. Тебіреніп теңіз толқыса, тереңіне шөккен меруертті атпай ма жағаға. Тарих телегейі толқығанда да, сол ел тамырындағы қасиет жамырай шығып шарқ ұрады.

Тарих-тарих болғалы ерлік жайында сөйлеген жандар көп-ақ, бірақ өзгенің, бұрынғының бәрі де бірдің басындағы ерлікті, бірінің атымен байланысты ер қимылды айтатын. Осымен бірге шын ерліктің сырының өзі де басқаша болып ашылды. Бұрын ерлік білекпен танылатын сияқты еді, бүгін ерлік жүректен орын тепті. Осындай ерлік қана әрі саналы, әрі тапқыр, әрі қажымас, әрі өзі ерен сұлу сипат болып шоқтанады екен.

Адам бойына бітетін неше алуан жақсы қасиеттердің ішіндегі сұлуы мен асылының бірі ерлік қой. Жеке адамның қасиетін санағанда, ол сондайлық таразының бірі болса, тұтас бір халықты, елдікті алғанда, ол тіпті бірден-бір ғана қасиет белгісі болады.

(143 сөз)

Берілгені.

I. Айтылу мақсатына қарай:

Тыныс белгісі:
белгісі-!

Көңіл күйге

қатысты:

Болымсыздыққа

қатысты:

II. Құрылысына

хабарлы, сұраулы, бұйрықты.

нүкте- . сұрау белгісі-? леп

лепті, лепсіз.

болымды, болымсыз.

1) жай сөйлем;

қарай:
мүшелер қатысына қарай)

толықтығына қарай)

/жоқтығына қатысты/

құрмалас сөйлем

Сөйлем мүшелері:
пысықтауыш, толықтауыш

а) жалаң/жайылма (тұрлаусыз

ә) толымды/ толымсыз (хабардың

б) жақты/жақсыз (бастауышы бар

2)құрмалас сөйлем

а) салалас құрмалас сөйлем

ә) сабақтас құрмалас сөйлем

б) көп бағыныңқылы сабақтас

в) аралас құрмалас сөйлем

Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш,

10-тапсырма. Берілген мәтіннен бір сөйлемді көрсетілген үлгі бойынша талдаңыз.

Халқымыздың бүгінгі таңдағы белгілі болып отырған 40-тан астам музыкалық аспаптары ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, жалғасын тауып келе жатқан рухани мұра.

Музыкалық аспаптар тек той-думандарда ғана пайдаланылып қоймай, жау шапқанда дабыл, дауылпаз, ұран, керней сияқты түрлері арқылы елге хабар беріліп отырған. Ал бақсы балгерлер зікір салғанда даңғара, асатаяқ, шаңқобыздарды пайдаланатын.Әнші-күйшілер өлең-жыр, терме айтқанда немесе күй шерткенде домбыра,сыбызғы сырнай, қылқобыз сияқты ішекті аспаптармен сүйемелдеген.

Музыка аспаптарын ағаштың қайың, шырша, емен сияқты түрлерінен жасаған.Сонымен қатар аспап жасауға қамыс, саз балшық, малдың терісі мен сүйегі, мүйізі, қылы пайдаланылған.


Балшықтан, қамыс, мүйізден үрмелі музыкалық аспап сазсырнай, сыбызғы, адырна, ұран, керней жасалады.

Ішекті музыкалық аспаптар – жетігін, шертер, екі және үш ішекті домбыралар, қобыз, шаңқобыз, соқпалы аспаптар – даңғара, дауылпаз, шыңдауыл, дабыл, асатаяқтың бірнеше түрлері.

Берілгені: _____	
Құрылысына қарай	
Тұлғасына қарай:	

Байланысу түрлері	_____
Байланысу тәсілдері	_____

Синтаксистік



11-тапсырма. Берілген мәтіннен бір сөйлемді талдаңыз.

Қазақта бала туғаннан кейін ел ішіндегі аса құрметті қарияға немесе баланың атасына, әжесіне немересінің атын қойғызады. Ат қоюдың өзінен бүкіл бір халықтың ұлттық ерекшелігі, ой-арманы, түсінігі ап-айқын көрініп тұрады. Мысалы, ерте заманда балаларға көз тиюден немесе жын-шайтаннан сақтасын деген оймен Итбай, Күшікбай, Жаманбай деген оғаш есім қоятын болған.

Адамға ат қоюдың себептері алуан түрлі тілек-мақсаттарға байланысты да болып келеді. Бала бай, дәулетті болсын деген мақсатпен Байбол, Дәулет, Алтынбек, Алтынбай; күшті де батыл деп Арыстан, Батырбек, Қаһарман, Ербатыр; сұлу да көрікті болсын деп Айсұлу, Әсем, Ботагөз, Ажар; ақылды да тапқыр болсын деп Ақылбек, Ақылбай, Есбол сияқты есімдерді тандап қойған.

Көптеген есімдер халықтың әдет-ғұрпына, күн, жыл аттарына да байланысты болып келген. Мысалы, Наурызбай, Жұмабай, Бейсенбай; балалары шетіней берген отбасылар жаңа туған сәбилерге Тоқтар, Тұрсын, Тоқтасын деген есімдер қойған.

Лексикалық талдау

/Сөздің мағынасына талдау/

Берілгені: сөз

мағынасы

Сөз I

II. Сөздің шығу тегіне

Сөздің атауыш немесе тура

1. Түпкі мағына
2. Туынды мағына
 - а) Көп мағыналы сөз
 - ә) Омоним
 - б) Синоним
 - в) Антоним
 - г) Кірме сөздер /араб, парсы, монгол, орыс сөздері/

- г) Табу
- д) Эвфемизмдер
- е) Дисфемизмдер

III. Сөздердің тіркесу сипаты: →

мағына

1. Сөздің еркін мағынасы
2. Фразеологиялық байлаулы

IV. Сөздің стилистикалық қызметіне: →

фигуралар/

3. Синтаксистік шартты мағына
1. Бейтарап мағына
2. Бейнелі мағына /троп пен
3. Терминдік мағына

V. Сөздердің қолданылу сипаты:

байланысты түрлері

1. жалпылама лексика
2. қолданылу өрісі тар лексика
3. сөздердің стильдік қызметіне

қолданылатын түрлері

4. сөздердің актив және пассив

12-тапсырма. Берілген мәтіннен бір сөйлемді талдаңыз.

Арайлап атқан таңы бар, асу бермес асқары бар сайын дала, жазиралы жерді мекендеген мейірбан халқы бар ел – Қазақстан. Ол- бүкіл қазақ халқының атамекені, кіндік қаны тамған киелі жер. Ол- дүниежүзіндегі барлық қазақтардың Отаны.

Қазақстан Республикасы – өз тәуелсіздігін алған, өркениетке бет бұрған егеменді ел. Әр қазақ азаматының парызы мен қарызы – ұлтының ұлықтығы, теңдігі, елдігі үшін тер төгу.

Бұл сезім тәуелсіз Қазақстанның азаттығын аялаудан, ұлан-байтақ жерді, ұлан-ғайыр байлықты ардақтаудан басталады. Тарихын, ерлікке толы сахара жұртының ғұмырын тасқа қашап қалдырған Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған бабалардың асқақ рухы, асқан батырлығы ұлттық мұралардың қайнар көзі болып табылады. Заманында әлем өркениетімен иық теңестірген салтанатты шаһарлар, сәулетті кенттер қазақ елінің алып мемлекет болғанын айғақтайды.

Берілгені: сөз

мағынасы

II. Сөздің шығу тегіне

Сөз I

Сөздің атауыш немесе тура

1. Түпкі мағына
2. Туынды мағына
 - а) Көп мағыналы сөз
 - ә) Омоним
 - б) Синоним
 - в) Антоним

монғол, орыс сөздері)

г) Кірме сөздер /араб, парсы,

г) Табу

д) Эвфемизмдер

е) Дисфемизмдер

III. Сөздердің тіркесу сипаты: →

мағына

1. Сөздің еркін мағынасы
2. Фразеологиялық байлаулы

IV. Сөздің стилистикалық қызметіне: →

фигуралар/

3. Синтаксистік шартты мағына
1. Бейтарап мағына
2. Бейнелі мағына /троп пен
3. Терминдік мағына

V. Сөздердің қолданылу сипаты:

байланысты түрлері

1. жалпылама лексика
2. қолданылу өрісі тар лексика
3. сөздердің стильдік қызметіне
4. сөздердің актив және пассив

қолданылатын түрлері

13-тапсырма. Берілген мәтіннен бір сөйлемді талдаңыз.

Қазақтың ұлттық бас киімдері өте көп. Бөрік – қазақтың ертеден келе жатқан бас киімі. Бөрік қыстық бөрік, жаздық бөрік болып екіге бөлінеді. Бөрікті қыздар да, ер адамдар да киеді. Аңның терісімен немесе қымбат матамен тысталады. Аңның терісіне қарап оларды құндыз бөрік, кәмшат бөрік, түлкі бөрік деп атайды. Қыздар киетін бөріктің төбесі төрт сайлы болып келеді және үкі тағылады. Асыл тастармен көмкеріліп, күміс теңгелерден салпыншақ тағылады. Қазақта әшекейлі, үкілі бөрікті сал-серілер де киген.

Лексикалық талдау

/Сөздің мағынасына талдау/

Берілгені: сөз

мағынасы

Сөз I

II. Сөздің шығу тегіне →

Сөздің атауыш немесе тура

1. Түпкі мағына
2. Туынды мағына
 - а) Көп мағыналы сөз
 - ә) Омоним
 - б) Синоним

монгол, орыс сөздері)

в) Антоним

г) Кірме сөздер /араб, парсы,

з) Табу

д) Эвфемизмдер

е) Дисфемизмдер

III. Сөздердің тіркесу сипаты: →

мағына

1. Сөздің еркін мағынасы

2. Фразеологиялық байлаулы

3. Синтаксистік шартты

мағына

IV. Сөздің стилистикалық →

қызметіне:

1. Бейтарап мағына

2. Бейнелі мағына /троп пен

3. Терминдік мағына

фигуралар/

V. Сөздердің қолданылу

сипаты:

1. жалпылама лексика

2. қолданылу өрісі тар лексика

3. сөздердің стильдік қызметіне

байланысты түрлері

4. сөздердің актив және пассив

қолданылатын түрлері

14-тапсырма. Берілген мәтіннен бір сөйлемге морфологиялық талдау жүргіңіз.


Қыр хайуандары қыс таянғанын сезеді де, ерте бастан қам қылады. Кірпі мен тышқан інге кіріп, қыс қатып жатады. Кірпі жапырақ жинап, соған оранады. Тышқан қу шөпке оранып, құнысады.

Тиін ағаштың қуысына тығылады. Ол күздің қара басынан ағаштың бүршігін, жаңғағын, саңырауқұлақты жинап алады. Қыстың күні соларын жейді де, ұйықтайды. Жарқанат баспаналы жерге кіріп, тырнағымен бірдеңеге жабысып, басып салбыратып, жаз шыққанша ұйықтаумен болады.

Жылан, шаян, кесіртке, бақалар тас астына, ағаш түбіне, жылы жерге кіріп, жазға дейін қатады. Қоңыз, құрт, сүліктер де сондай бірдеңе қылады.

Балықтар ғана тереңде, су түбінде қыстайды. Қоян қыстай ақ қарға алас ұрып, жүгіріп тамақ іздеп жүргені. Шөп аршып жей ме, ағаш қабығын кеміре ме, әйтеуір дамыл жоқ. Адам қамын жемесе, үй хайуанаттарына да қыс бапты тимейді.

Берілгені: сөз



∩ — негізгі түбір.

∧ — жұрнақ

⋈ — сөз тудырушы жұрнақ

□ — жалғау.


15-тапсырма. Берілген мәтіннен бір сөйлемге морфологиялық талдау жүргіңіз.

Адамның шаруашылық әрекеті қоршаған ортаның шамадан тыс ластануына алып келді. Атмосфера мен гидросфераның өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қалдықтарымен, ал Дүниежүзілік мұхиттың мұнаймен ластануы, топырақ қабатында ауыр металдар мен улы заттардың шоғырлануы, тұрмыстық қалдықтар көлемінің артуы ақыр соңында адамның денсаулығына қауіп төндіреді.

Ең «лас» өнеркәсіп салаларына тау-кен және құрылыс материалдарын өндіру мен өңдеу, химия өнеркәсібі, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі жатады.

БҰҰ-ның ғаламдық экологиялық мониторинг жүйесінің мәлеметтеріне қарағанда, өзендердің нитраттармен, фосфаттармен және пестицидтермен, қалдық сулармен ластануы артуда.

Ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалану қоршаған ортада өзіндік қауіп-қатер төндіреді. 1986 жылы сәуір айында Чернобыль АЭС-нде болған жойқын апаттың зардаптары осы кезге дейін сақталып отыр. Атом энергиясы өндірісін экологиялық қауіпсіздігі мен экономиялық тиімділігі жоғары салаға айналдыруға бағытталған.



○ — негізгі түбір.

△ — жұрнақ

△ — сөз тудырушы жұрнақ


□ — жалғау.

17-тапсырма. Берілген мәтіннен бір сөйлемге морфологиялық талдау жүргіңіз.

Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан Республикасы Еуразия континентінің орталығына орналасқан. Аумағы батыстан шығысқа қарай 3000 шақырым, ал солтүстіктен оңтүстікке дейін 1600 шақырым. Республика жер көлемі жөніне дүние жүзінде тоғызыншы орында. Қазақстанның ауа-райы, табиғаты әр алуан.

Біздің елімізде 48262 көл бар. Олардың ішіндегі ең тереңі – Алакөл. Алакөлдің тереңдігі 54 метр. Ал ең ащы грамм тұз бар. Ең тұщы көл – Марқакөл. Оның бір литр суында 80 миллиграмдай тұз бар.

Қазақстанның жануарлар және өсімдіктер дүниесі де әр түрлі. Елімізде 6 мыңнан астам өсімдік, 500 түрлі құс, 178 түрлі аң, 107 түрлі балық бар. Жеріміздің 10 пайызы таулы қазбаларға да өте бай.




- ^ – жұрнақ
 ^ – сөз тудырушы жұрнақ
 □ – жалғау.

18-тапсырма. Берілген мәтіннен бір сөйлемге морфологиялық талдау жүргіңіз.

Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең бағалы дастархан дәмінің бірі. Ол тек қана бие сүтінен ашытылады. Жаңа сауылған бие сүтін сүзгіштен өткізіп, жылы кезінде күбідегі немесе сабадағы саумалдың үстіне құяды. Содан соң оны міндетті түрде 30-40 минут пісіп, аузын байлап не тығындап ұстаған. Алғаш рет қымыз ашытарда бие сүті сабаға, арнаулы ашытқының немесе қордың үстіне құйылады. Ашытқыны көбінесе сүр жаяның, қазының сынық сүйегін салып сүттен, ол жоқ болғанда сүтке нан ашытқысын езіп әзірлейді. Қор дегеніміз, ескі қымыз, ол – жақсы ашыған қымыздың саба түбінде қалатын, арнайы сақталған сарқыны.

Қымыз – ерекше дәмді, құнарлы, хош иісті және өте сіңімді сусын. Қазақтар жыл маусымына қарай қымызды уыз қымыз, күзгі қымыз, қысқы қымыз деп атаған. Жазба деректер бойынша қымыздың 25 түрлі атауы бар.



Сұрағы
3.е мағына
деректі/дерексіз

→
→

жалпы/жалқы, жанды/жансыз,

○—негізгі түбір.

∧—жұрнақ

△—сөз тудырушы жұрнақ

□—жалғау.

19-тапсырма. Берілген мәтіннен бір сөйлемге морфологиялық талдау жүргіңіз.

Адамгершілік — адамның рухани арқауы. Ал моральдік жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз — адамгершіліктің асқар шыңы. Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталады. Адамгершілік негізі — имандылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілділікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. Ер балаларға үлкендерге қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап жол беруді, жасы үлкендердің алдын кесіп өтпеуді уағыздаған. Жастардың жанына сыпайылық, кішіпейілділік қағидаларын үнемі сіңірумен болған. Жастарды саналы тәртіпке тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызға ие. Халық «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» дейді. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бейім болатыны баршамызға аян. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

Берілгені:

I.Құрамына қарай:

II. Тұлғасына қарай:

Дара/ күрделі; бір, екі, үш құрамды негізгі;туынды.

Туынды түбір:1. Синтетикалық немесе

морфологиялық тәсіл

а) негізгі түбірге сөз

тудырушы жұрнақ жалғану арқылы-

ә) туынды түбірге сөз

тудырушы жұрнақ жалғану арқылы-

б) септік жалғауының


көнеленуі арқылы

2. Аналитикалық немесе

синтаксистік тәсіл:

а) тіркесу;

ә) бірігу немесе кірігу



20-тапсырма. Берілген мәтіннен бір сөйлемге морфологиялық талдау жүргіңіз.

Міне, күн қайта ұзарып, түн қысқарып келеді. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында ойдым-ойдым қарайған жерлерден қылтиып шығып келе жатқан «қар гүлдерін» көруге болады. Олар, әрине, жыпырлап өскен бәйшешектер.

Ұсақ құстардың ішіндегі өжеттері аязды күндердің өзінде балапандарына жем-қорек таси бастайды. Бұлар – шоқитын тұмсықтылар. Олар өздерінің балапандарын жәндіктермен емес, қарағайдың тұқымымен қоректендіреді.

Солтүстік Қазақстанның орманды жерлерін мекендейтін бұландар көктемнің алғашқы күндерінде мүйіздерін тастайды. Бір ай өткеннен кейін жаңасы өсіп шығады.

Міне, қызық! Ақпан айында түлкілердің мінез-құлықтары өзгереді екен. Орман, даланы қалың қар басқанда оларға өздерінің қоректік заттарын, оның ішінде тышқандарды аулап жеу қиынға түседі. Осы кезде олар жақын маңдағы ауылдарға, құс фермаларына келіп, сонда күнелтуге тырысады.

Қыстап қалатын сирек кездесетін құстардың қатарына полярлық ақ жапалақты жатқызуға болады. Оны Алматы маңынан да кездестіріп қалуға болады. Әдетте бұл әдемі құстар Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарындағы далаларда да кездеседі.

Берілгені:

I. Құрамына қарай:

II. Тұлғасына қарай:

Дара/ күрделі; бір, екі, үш құрамды негізгі; туынды.

Туынды түбір:1. Синтетикалық немесе

морфологиялық тәсіл

а) негізгі түбірге сөз

тудырушы жұрнақ жалғану арқылы-

ә) туынды түбірге сөз

тудырушы жұрнақ жалғану арқылы-

б) септік жалғауының

көнеленуі арқылы

2. Аналитикалық немесе


синтаксистік тәсіл:

а) тіркесу;

ә) бірігу немесе кірігу

б) қосарлану

Лек. мағ



.....

+

Гр. мағ


а) жалпы гр мағ-сөз табы

ә) категориялық гр

мағына: _____

б) қатыстық грамматикалық мағына

Сұрағы



З.е мағына



жалпы/жалқы, жанды/жансыз,

деректі/дерексіз

○—негізгі түбір.

^—жұрнақ


△—сөз тудырушы жұрнақ

□—жалғау.

20-тапсырма. Берілген мәтіннен бір сөйлемге морфологиялық талдау жүргізіңіз.

Күн бата ауылдан шықтық. Біздің де жеккеніміз пар ат. Делбені өзім ұстадым. Қатты шыққан қарқынымызбен келіп қалдық. Әбдірахманның екі көзі алдында. Алдымызда жүз метрдей жерде Есімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді. Енді кішкене жүрсек, өтіп те кетеміз, бірақ өткіміз келмейді. Аттың басын тежей беремін. Бұдан кетсе, Әбдірахман Шұғаны мәңгі көре алмас деген ой елестейді. Бір-бірімізбен сөйлеспей келеміз, сонда да біріміздің ойлағанымызды екіншіміз біліп келеміз. Есіктің алдында бірталай адам жағалай отыр, бірақ бәрінің көзі бізде. Басында кимешек киген Шұғаның үлкен жеңгесі түйе сауып тұр. Үлкен үй мен отаудың арасында бәйбіше теңселіп жүр. Осының бәрі маған қуаныш секілді көрінді, сонда да біздің кетіп бара жатқанымызға ешкім таңырқаған жоқ. Ат тоқтауға айналған екен, сөйтсе де, делбені жиыңқырап ұстай бергенімде, ширыға жөнелді. Осы кезде ауылдың

сырт жағындағы құдықтан келе жатқан екі әйел көрінді. Біреуі-Шұға. Әбдірахман арбадан қарғып түсті.



○—негізгі түбір.

^—жұрнақ

△—сөз тудырушы жұрнақ

□-жалғау.

8-сынып Қазақ тілі

Оқу мақсаты: 8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану.

Бағалау критерийі

-мәтіннің тақырыбы мен форматын табады;

-мәтіндердің стилін тілдік құрал арқылы таниды.

Дескриптор

1-тапсырма

Мәтіннің негізгі ойы арқылы тақырыбын табады 2б

2-тапсырма

Мәтіннің форматын біледі 2б

3-тапсырма

Стильге тән тілдік құралдарды біледі 26

4-тапсырма

Ғылыми стильге тән тілдік құралдарды біледі 26

5-тапсырма

Публицистикалық стильге тән тілдік құралдарды біледі 26

А мәтіні

Көне түркі жазуы

Көне түркі жазуы (басқаша Орхон-Енисей жазуы) – түркі тайпаларының жазуы. Бірінші рет Орхон өзенінің бойынан және Енисей өзенінің жоғарғы ағысынан табылды. Кейде руника жазбасы алман руналарымен жанасым табады: кейбір нышандар кескіні дәл және дауысты дыбыстар мағынасы да жақын. Азиялық түркі руналары соғды жазуының негізінде сегіз ғасыр бұрын жасалған деп есептеледі. Оның әліпбиінде қырыққа жуық графема бар. Көне түркі руника жазуының ерекшелігі – негізгі велярлық және палаталдық дауыссыздарға арналған бірнеше жұп дербес әріптерінің болуы. Жазу жұмбағын 1893 жылы Вильгельм Томсен шешкен. Орхон ескерткіштерінің тұңғыш тәржімаларын 1894 жылы Василий Радлов жасаған.

<https://ulagat.com/2020/08/15/>

Ә мәтіні

Ортақ жазу – түркі бірлігінің бастауы

Уақыт өте келе қай халық болсын өзінің тегін іздеп, төл тарихын түгендері сөзсіз. Мұны табиғаттың бұлжымас заңы деуге де болады. Соңғы жылдары ұлы дала төсінде өшпес із қалдырып, әлемдік өркениетте ойып орын алған Көк Түріктің ұрпағының бірін-бірі іздей бастауы осыған дәлел болса керек. Тағдырдың жазуымен сан тарам жолға түсіп, өзінше бағыт алған бөрілі байрақты түркінің мемлекеттік дербестігі бар бүгінгі ұрпақтары түптің-түбінде тамырлас екенін түсініп, ынтымағы ұйысқан тұтастыққа ұмтылуда. Түркі тілдес мемлекеттердің Ақсақалдар кеңесі ортақ әліпби туралы бастама көтергенін білеміз. Бұл жалпы түркі халықтары бірлігінің кепілі өзара ортақ әрі түсінікті жазу мен тіл екенін білдірсе керек, алайда бұл қаншалықты өміршең ұсыныс және оған қашан қол жеткізе аламыз?...

P.S. Түркі халықтарының тілін, ділін, жалпы ортақ құндылығын жақындастыруды сонау Алаш арыстары да арман еткені белгілі.

Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы Бакуде сөйлеген сөзінде түркі әлемін жақындастыру үшін ортақ әліпби қолдану туралы мәселе қозғағаны осының дәлелі болса керек.

<https://on.kz/politic/ortaq-zazu-turki-birliginin-bastauy-21967/>

1-тапсырма

Екі мәтінге ортақ тақырып

А) Көне жазу тарихы

- В) Тарихқа құрмет
- С) Тарихты зерттеу
- Д) Ұрпаққа берілген аманат

2-тапсырма

Екі мәтін форматы

- А) Тұтас
- В) Тұтас емес
- С) Аралас
- Д) Құрамдас

3-тапсырма

А

мәтінің

стилі: _____

Ә

мәтінің

стилі: _____

4-тапсырма

Ғылыми стиль ерекшеліктерін тілдік құралдар арқылы көрсетіңіз

Уақыт, орынға қатысты нақты деректердің келтірілуі	
Ұғымдарға анықтаманың берілуі, түсіндірілуі	
Тақырыпқа қатысты ғылыми терминдердің берілуі	
Етістіктердің осы шақта, өткен шақта берілуі	
Тақырыптың зерттелуіне қатысты ақпарат	

5-тапсырма

Публицистикалық стиль ерекшеліктерін тілдік құралдар арқылы көрсетіңіз

Жұртшылықты қоғамдық мәні бар мәселеге назар аударту	
Көпшіліктің санасына ықпал ету	
Сұрақтың тыңдаушыларды немесе оқырманды сол мәселеге	

араласуға жетелейтіндей болып құрылуы	
Оқырманның назарын аударту үшін қолданылатын тәсіл	

Жауап үлгісі:

1-тапсырма А

2-тапсырма А

3-тапсырма

А мәтіні: ғылыми стиль

Ә мәтіні: публицистикалық стиль

4-тапсырма

Уақыт, орынға қатысты нақты деректердің келтірілуі	Көне түркі жазуы (басқаша Орхон-Енисей жазуы) – түркі тайпаларының жазуы. Бірінші рет Орхон өзенінің бойынан және Енисей өзенінің жоғарғы ағысынан табылды.
Ұғымдарға анықтаманың берілуі, түсіндірілуі	Кейде руника жазбасы алман руналарымен жанасым табады: кейбір нышандар кескіні дәл және дауысты дыбыстар мағынасы да жақын.
Тақырыпқа қатысты ғылыми терминдердің берілуі	Орхон-Енисей жазуы, түркі тайпаларының жазуы, түркі руналары, көне түркі руника жазуы, әліпби, графема, веллярлық және палаталдық дауыссыздар.
Етістіктердің осы шақта, өткен шақта берілуі	Осы шақ: Бірінші рет Орхон өзенінің бойынан және Енисей өзенінің жоғарғы ағысынан табылды. Өткен шақ: 1. Жазудың жұмбағын 1893 жылы В. Томсен шешкен. 2. Орхон ескерткіштерінің тұңғыш тәржімаларын 1894 жылы В.В. Радлов жасаған.
Тақырыптың зерттелуіне қатысты ақпарат	1. Жазудың жұмбағын 1893 жылы Вильгельм Томсен шешкен. 2. Орхон ескерткіштерінің тұңғыш тәржімаларын 1894 жылы Василий Радлов жасаған.

5-тапсырма

Жұртшылықты қоғамдық мәні бар мәселеге назар аударту	Уақыт өте келе қай халық болсын өзінің тегін іздеп, төл тарихын түгендері сөзсіз.
Көпшіліктің санасына ықпал ету	Әлемдік өркениетте ойып орын алған Көк Түріктің ұрпағы...
Сұрақтың тыңдаушыларды немесе оқырманды сол мәселеге араласуға жетелейтіндей болып құрылуы	Бұл жалпы түркі халықтары бірлігінің кепілі өзара ортақ әрі түсінікті жазу мен тіл екенін білдірсе керек, алайда бұл қаншалықты өміршең ұсыныс және оған қашан қол жеткізе аламыз?...
Оқырманның	P.S. Түркі халықтарының тілін, ділін, жалпы ортақ

назарын аударту үшін қолданылатын тәсіл	құндылығын жақындастыруды сонау Алаш арыстары да арман еткені белгілі.
---	--

Оқу мақсаты: 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау.

Бағалау критерийі

- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;
- ұсынылған ақпараттан астарлы ойды табады.

Дескриптор

1-тапсырма

Мәтіннің мазмұнын түсінеді 1б

Мәтіндегі негізгі ақпаратты табады 3б

2-тапсырма

Көтерілген мәселені негізгі ақпарат арқылы табады 2б

3-тапсырма

Мәтіндегі астарлы ойды автордың тілдік қолданысы арқылы анықтайды 4б

1-тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдап, негізгі ақпаратты табыңыз

Тыңдалым мәтіні

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ахмет Байтұрсынов қараңғылық тұңғиығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызындаған үлкен ақын, тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан түрколог қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіп тамаша туындылар берген. Өмірдегі өзінің басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахмет Байтұрсынов небір тар, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға.

<https://st.bilim-shini.kz>

1) _____

2) _____

3)_____

2-тапсырма

Негізгі ақпарат арқылы көтерілген мәселені анықтаңыз

3-тапсырма

Автордың тілдік қолданысы арқылы астарлы ойды анықтаңыз

- 1) Қараңғылық тұңғиығынан жарық жұлдыздай жарқырап шықты.
 - 2) Айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы.
 - 3) Халық сауатын ашпақ болып, сары масадай ызыңдаған.
-
-
-

Жауап үлгісі:

1-тапсырма

Мәтіндегі негізгі ақпарат

1. Туған халқына деген сүйіспеншілік
2. Халқына қызмет ету
3. Көсем тұлға

2-тапсырма

Көтерілген мәселе: оқыту, жазу жүйесін қалыптастыру.

3-тапсырма

Астарлы ой: халықты білім алуға, сауат ашуға шақырған.

Оқу мақсаты: 8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау

Бағалау критерийі

- БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдайды;
- стильдік түзетулер жасап, редакциялайды.

Дескриптор

1-тапсырма

Стилистикалық ауытқудың түрін ажыратады 3б

2-тапсырма

Орынсыз қолданылған сөз оралымдарының екі себебін анықтайды 2б

3-тапсырма

Үзіндідегі қисынсыз тіл оралымдарына түзетін, редакциялайды 5б

1-тапсырама

Мәтін үзінділерінен стилистикалық ауытқуларды ажыратыңыз

1) **Халықаралық деңгейде** ойлайтын ойшылдарымыз бен ұлттың нағыз жанашырлары латынға көшуді дәріптейді.

2) Ана тіліміздің барша қазаққа таныс «тымағы мен тонының» **болуы қажеттіліктің қажеттілігі**.

3) Өзге ұлтқа мойын бұрған **көз алдын** ғана көретін зиянды зиялылар қауымы латынға әліге дейін қарсы болып келеді.

2-тапсырма

Үзіндіде орынсыз қолданылған сөз оралымдарының екі себебін анықтаңыз

Халықаралық деңгейде ойлайтын ойшылдарымыз бен ұлттың нағыз жанашырлары латынға көшуді дәріптейді.

- А) Көптік жалғауларды кейбір көптік мәні бар сөздерге жалғау
- В) Сөз мағынасын жете түсінбеу
- С) Сөздің мағыналық үйлесімділігінің ерекшеліктерін білмеу
- Д) Сөйлемде екі бастауышты қатар қолдану

3-тапсырма

Үзіндідегі қисынсыз тіл оралымдарына түзетін, редакциялаңыз

Халықаралық деңгейде ойлайтын ойшылдарымыз бен ұлттың нағыз жанашырлары латынға көшуді дәріптейді.

- А) Жоғары деңгейде ойлайтын ойшылдарымыз
- В) Үлкен деңгейде ойлайтын ойшылдарымыз
- С) Бірінші деңгейде ойлайтын ойшылдарымыз
- Д) Ғұлама деңгейде ойлайтын ойшылдарымыз

**Менің
жауабым**_____

Жауап үлгісі:

1-тапсырма

- 1) Лексикалық-стилистикалық
- 2) Лексикалық-стилистикалық
- 3) Морфологиялық-стилистикалық, лексикалық-стилистикалық

2-тапсырма

В,С

3-тапсырма

А және оқушының ұсынған жауабы бағаланады.

Оқу мақсаты: 8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация) жазу.

Бағалау критерийі

-оқылым және тыңдалым материалдарынан негізгі және қосымша ақпаратты табады;

-негізгі ақпараттардан жинақы мәтін жазады.

Дескриптор

1-тапсырма

Бенематериалдан негізгі ақпаратты анықтайды 3б

2-тапсырма

Мәтіннен қосымша ақпаратты табады 2б

3-тапсырма

Оқылым және тыңдалым материалдарының баяндау желісін сақтайды 1б

Тілдік бірліктерді сауатты қолданады 1б

Тыңдалым және оқылым материалдарындағы ақпаратты пайдаланып аннотация жазады 3б

1-тапсырма

Бейнематериал бойынша негізгі ақпараттарды анықтаңыз

Тыңдалым материалы

https://www.youtube.com/watch?v=KUEmVwoLmZ4&ab_channel=%D0%A5%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D1%80TANYM

2-тапсырма

Мәтінді мұқият оқып, қосымша ақпараттарды табыңыз

Сақтардың Жетісу жерінен табылған ең атақты археологиялық ескерткіштерінің бірі – Есік қорымы. Есік қорымындағы 40-тан аса обаның ішіндегі ең үлкені – Есік обасы. Үйінді арасында екі қабір болған. Бірінші қабірді ертеде тонап кеткен. Екінші қабір бүйірде орналасқандықтан байқалмай қалған.

Қабірді 1969 жылы атақты қазақстандық ғалым-археолог Қ.А.Ақышев тапқан. Едені мен қабырғалары бөренеден қаланған қабірдің ішіне ұсақ алтын қапсырмалары бар мата төселген екен. Осы мата үстінде тамаша сәнді киім кигізілген, бес қаруын түгел асынған адам денесі қойылған.


Антропологтердің зерттеуінше, табылған адам 17-18 жас шамасында болған. Басына алтын қапсырмамен қапталған шошақ бөрікті сәнді бас киім киген. Ханзаданың мойнында ұшы жолбарыстың басы сияқты жасалған алтын алқасы болған. Үстіне мата көйлек киген. Оның өңірі мен жеңі алтын қапсырмалар мен тізбелер араластырылып, әшекейленіп кестеленген. Көйлектің сыртынан қызыл түсті былғары бешпент киген. Шалбары тігіс бойымен ұсақ алтын шеттіктермен әдіптелген. Балақтары бешпенттегідей алтын қапсырмалармен шегеленген саптама етікке сұғылған.

https://kk.wikipedia.org/wiki/Есік_қорғаны

3-тапсырма

Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпарат бойынша аннотация жазыңыз.

Аннотация жазу үшін қолданылатын тілдік бірліктер

	Бұл мәтінде (мынадай-мынадай) тақырып сөз етілген.
	Бұл мәтінде (мынадай-мынадай) мәселе көтерілген.
	Бұл мәтін (мынадай-мынадай) зерттеулерге негізделген.
	Автордың ерекше назар аударған мәселесі - ...
	Бұл мәтінде (мынадай-мынадай) детальді зерттеу жүргізілген.

Жауап үлгісі:

1-тапсырма

- 1) Тәж – шошақ бөрікті, биік.
- 2) Алтын адам бойынан төрт алтын жебе табылды.
- 3) Алтын адам – түбегейлі тақ иесіне айналмаған жас ханзада.

2-тапсырма

Сақтардың Жетісу жерінен табылған ең атақты археологиялық ескерткіштерінің бірі – Есік қорымы. Есік қорымындағы 40-тан аса обаның ішіндегі ең үлкені – Есік обасы. Үйінді арасында екі қабір болған. Бірінші қабірді ертеде тонап кеткен. Екінші қабір бүйірде орналасқандықтан байқалмай қалған.

Қабірді 1969 жылы атақты қазақстандық ғалым-археолог Қ.А.Ақышев тапқан. Едені мен қабырғалары бөренеден қаланған қабірдің ішіне ұсақ алтын қапсырмалары бар мата төселген екен. Осы мата үстінде тамаша сәнді киім кигізілген, бес қаруын түгел асынған адам денесі қойылған.

Антропологтердің зерттеуінше, табылған адам 17-18 жас шамасында болған. Басына алтын қапсырмамен қапталған шошақ бөрікті сәнді бас киім киген. Ханзаданың мойнында ұшы жолбарыстың басы сияқты жасалған алтын алқасы болған. Үстіне мата көйлек киген. Оның өңірі мен жеңі алтын қапсырмалар мен тізбелер араластырылып, әшекейленіп кестеленген. Көйлектің сыртынан қызыл түсті былғары бешпент киген. Шалбары тігіс бойымен ұсақ алтын шеттіктермен әдіптелген. Балақтары бешпенттегідей алтын қапсырмалармен шегеленген саптама етікке сұғылған.

3-тапсырма

Сақтардың Жетісу жерінен табылған ең атақты археологиялық ескерткіштерінің бірі – Есік қорымы. Бұл мәтінде Есік обасында табылған «Алтын адам» туралы жазылған. Мәтінде алтын адамның табылу аймағы мен киімі туралы мәселе көтерілген.

Мәтін ғалым-археолог Қ.А.Ақышев пен антропологтердің зерттеулеріне негізделген. Автордың ерекше назар аударған мәселесі – алтын адамның жас шамасы мен ерекше киім үлгісі және әшекейлері. Алтын адамның киім үлгісіне байланысты оның бояуы мен әрбір тігісімен жүргізілген ұсақ алтындар туралы детальді зерттеулер жасалған.

«Алтын» сөзін қастерлі ұғымға айналдыра білген еліміздің ерекшеліктері де қамтылған. Табылған жас ханзаданың денесі тегінде қарапайым адам емес, сәні мен салтанаты жарасқан, жолбарыстай мықты, нар тұлғалы батыр болғандығы сайланған бес аспабы мен ерекше киім үлгісі арқылы анықталды.

Тірек сөздер: сақтар, алтын адам, Есік қорымы, киім үлгісі, әшекей.

Оқу мақсаты: 8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру.

Бағалау критерийі

- мәтін форматын біледі;
- тұтас және аралас мәтіндердегі ақпаратты салыстырады.

Дескриптор

1-тапсырма

Мәтіндерді түсінеді 1б

Мәтіндердің форматын анықтайды 2б

Мәтіндердің айырмашылығы мен ұқсастығын табады 2б

2-тапсырма

Мәтіндердің аудиториясын анықтайды 2б

Мәтіндердегі ақпаратты саралайды 3б

1-тапсырма

Мәтіндерді мұқият оқып, мәтін форматын және ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңыз

1-мәтін

Маңызды қадам жасау кезінде мамандық таңдау мәселесі бірінші кезекте екені сөзсіз. Жастарға бағыт-бағдар беруде ата-ана мен ұстаздар қауымының атқарар қызметі зор. Таңдауды қалай жасау керек? Елімізде қандай мамандар тапшы? Сарапшы мамандар даярлаған тізімді болашаққа қадам басқан жастардың бір кәдесіне жарап қалар деген оймен ұсынып отырмыз.

Сонымен, болашақта қандай мамандарға сұраныс бар? Ең алдымен инженерлер. Мамандардың болжамы бойынша өнеркәсіп өндірісімен байланысты инженерлік мамандықтар алдыңғы орындарға шығады. Қазірдің өзінде көп елдерде мықты инженерлердің жетіспеушілігі байқалады. Елдегі өндіріс пен техника саласының дамуында бұл мамандардың орны ерекше.

IT саласының мамандары. Бағдарламалық қамтамасыз етуді жасайтын және оның жұмыс қабілеттілігін қолдайтын маман. Қазіргі заманда фирма имиджі және сайты – ұйымның сенімділігі мен деңгей көрсеткіші өте маңызды.

Әрине, бұл саланың қызметкерлері тамырын тереңге жайып үлгерді. Бірақ, бұл болашақта интернет саласының мамандары қажетсіз болады деген сөз емес. Керісінше күнделікті өміріміз ақпараттық технологияларға барынша бейімделіп жатқан жаһандану заманында бұл кәсіп иелерінің бәсекеге қабілеттілігі барынша дамуы керек.

Экология саласының мамандары. Қалалар көркейіп, өндіріс орындары көбейген сайын өте ауқымды экологиялық мәселелер пайда болатыны рас. Қоршаған орта мен атмосфералық ауаны ластайтын зиянды қалдықтардың өсуі әлем бойынша бірінші орында тұрған мәселе. Сондықтан физика, химия мен биологияны, табиғатта болып жатқан үрдістерді компьютерлік модельдеуді жақсы білетін эколог мамандар қажет болады.

<https://massaget.kz/blogs/24660/>

2-мәтін

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстанда ең сұранысқа ие мамандықтардың тізімін жасады, деп хабарлайды BAQ.KZ.

Министрлік атап өткендей, сұранысты қалыптастыруда түрлі факторлар рөл атқарады.

Әдеттегідей медицина қызметкерлері мен педагогтарға деген жоғары сұраныс сақталып отыр.

Адамдар көп жұмыс істейтін жерде сұраныс жоғары. Нақты салалар бар: сауда, бөлшек сауда дегендей. Ол жерде адамдар ұзақ істемейді, жұмыс орнын жиі ауыстырып отырады. Аймақтық жағы да бар. Мысалы, Астана мен Алматыда қызмет көрсету саласы көп, ал өнеркәсіп бар жерде өндірістік сектор көп. Бізде медицина және білім беру қызметкерлеріне сұраныс жоғары, - деп түсіндірді «Адам ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президенті Дәулет Арғандықов.

Қазақстандағы ең сұранысқа ие 10 мамандыққа мыналар кіреді:

медбике;

бухгалтер;

тәрбиеші;

санитар

заңгер;

тігінші;

аспаз;

күзетші;

іс

қағаз

жүргізуші;

сатушы.

Сонымен қатар, IT мамандары да үлкен сұранысқа ие.



[https://baq.kz/suranysqa-ie-10-](https://baq.kz/suranysqa-ie-10-mamandyq-322548/)

[mamandyq-322548/](https://baq.kz/suranysqa-ie-10-mamandyq-322548/)

Мәтін форматы	
1-мәтін	2-мәтін
Мәтін ұқсастығы	
Мәтін айырмашылығы	
1-мәтін	2-мәтін

2-тапсырма

Кестені толтырыңыз

Мәтіндердегі ақпарат кімдер үшін пайдалы?	Қай мәтінді түсіну жеңіл деп ойлайсыз? Неліктен?

Жауап үлгісі:

1-тапсырма

Мәтін форматы	
1-мәтін Тұтас	2-мәтін Аралас
Мәтін ұқсастығы	
Мамандықтар туралы ақпарат берілген.	
Мәтін айырмашылығы	
1-мәтін 2019 жылы сарапшылардың ұсынысымен болашақта сұранысқа ие мамандықтар ұсынылып, сараланған.	2-мәтін 2016 жылы елімізде тапшы болған мамандықтар тізімі мен саны көрсетілген.

2-тапсырма

Мәтіндердегі ақпарат кімдер үшін пайдалы?	Қай мәтінді түсіну жеңіл деп ойлайсыз? Неліктен?
Мәтіндердегі ақпарат мектеп бітіруші түлектер үшін пайдалы. Мамандық таңдай алмай жүрген түлек үшін, сұранысқа ие мамандықтарды сараптап, қажеттілігінің маңызын көрсеткен.	Тұтас мәтінге қарағанда аралас сурет түрінде берілген ақпараттарды қабылдау, түсіну жеңіл. Біріншіден, сұранысқа ие мамандық атаулары көрсетілген. Екіншіден, нақты сандары берілген.

Оқу мақсаты: 8.3.3.1 -мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу.

Бағалау критерийі

- графиктік мәтін бойынша дерек түрін анықтайды;
- маңызды деректерді іріктейді.


Дескриптор

Дерек түрін ажыратады 5б

Маңызды деректерді іріктейді 5б

1-тапсырма

Графиктік мәтін бойынша дерек түрін анықтап, маңызды деректерді іріктеңіз



Жауап үлгісі:

1-тапсырма

Дерек түрі	Маңызды дерек
Статистикалық дерек	- 2017 жылы ақбөкендер санының өсуі; - Үстірт популяциясы санының 2017 жылы кемуі; - Ақбөкен мүйізін заңсыз сату және сатып алу туралы хабарландырулардың Ақтау қаласында көп тіркелуі.

Қазақ тілі 9-сынып 1-тоқсан

1-бөлім: Мәңгілік Ел- мұратым

Сабақтың тақырыбы: Біз қандай халықпыз?

Оқу мақсаты: 9.1.1.1 - мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру;

9.4.1.1 - мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

Сабақ мақсаты: Тыңдалған мәтін бойынша мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру. Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу

Бағалау критерийі: Тыңдалған мәтін бойынша мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап береді, түпнұсқамен салыстырады. Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасайды.

Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады

Тапсырма: Тыңдалым алды тапсырмасы . Мәтінді тыңдамастан бұрын, тақырыпқа қарай «Еркін микрофон» әдісі бойынша сұрақтарға болжаммен жауап береді:

1. Қалай ойлайсыңдар, біз қандай халықпыз?

2. Қазақ халқына қандай қасиеттер тән?

Мәтінде не туралы айтылуы мүмкін?

А-деңгей

А-деңгей

Қазақтардың қалай өмір сүргені туралы..	Расында, қазақ қандай қандай халық?
Қайсар қазақ тәуелсіздігін алып, шегарасын шегендегені жайлы..	Біз қандай халықпыз? Кімдер едік, кімдер болдық?
Халқыңның шын бағасын өзгелермен салыстырғанда ғана біле аласың. Өзгелерді танып-білу олармен барыс-келістің, алыс-берістің тиімділігі үшін де қажет.	Халқымыздың болашағы бар ма?
Қазақ хандығы құрылғаннан кейін көп тайпалардың бір ұлт болып бірігу процесі ғана емес, қазақ болып ерекшелену процесі де жүзеге асты. Демек, хандық дәуірден бері айтылған пікірлер, берілген бағалар тікелей өзімізге қатысты.	Біз кешегі Тоныкок пен Күлтегінге еріп, түркі жұртының іргесін қалаған елміз бе?
Коментарий: А деңгейлі оқушы ойын нақты сипаттарын жеткізе отырып, сараптай білген. Болжау сұрақтары бойынша қандай мәселелер қозғалуы мүмкін деген, өзіндік көзқарастарын білдіре отырып, тұжырымын шығара білген.	Коментарий: В деңгейлі оқушы Болжау барысында нақты сұрақтармен ғана шектелген, ары қарай сараламаған

Дескриптор: берілген тақырып бойынша сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ортаға салады.

Тыңдалым тапсырмасы. «Тізбектеп оқы» әдісі арқылы, мәтінді тыңдап болғаннан кейін, оқушылар мәтінді тізбектеп оқиды. Тыңдалым мәтініндегі ақпараттарды анықтап өмірмен байланыстырады.

Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.

Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды.

Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.

Біз қандай халықпыз?

Әрбір адам үшін ең асыл қазына- отанын, туған елін сүю. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық , ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім — тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы — тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы — батыр халық».

Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі біздерге қашан да болса өнеге болмақ. Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай еңбек етуі қажет. Отаншылдық сезім ертеден қалыптасқан, ескірмейтін, мәңгілік, қасиетті ұғымды Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы бар күш – қуатын, ерік-жігерін Отан игілігі мен мүддесіне аямай жұмсау, туған жерін, қасиетті ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеу деп түсінемін. Қазақ халқы көне заманнан бері сөзге шешен, данышпан, ақылды, аталы сөзге тоқтаған, қариямен қасарыспаған, үлкенді үлгі етіп сыйлап, кішіні кішіпейілділікпен құрметтеген. Алла мен ата-ана алдында бетегеден биік, жусаннан аласа болып, кеудесіне қолын қойып, бас иіп күй кешкен. Ризық Алладан екенін білген қазақ: «Құдайдан берекет – қазақтан әрекет; бір қой егіз тапса, бір түп жусан артық шығады» - деп, өз несібелерін адал терген. Жанұясын көз қиығымен, ыммен бағындырып, балаларын өсиет-өнегемен өсірген, түрлі өнерге, қандай да бір кәсіпке бөлтірігін үйреткен арландай баулыған. Елі мен жерін, тілі мен дінін, жетім мен жесірді қорғауға келгенде найзаның ұшымен, білектің күшімен, қайырлы ісімен алдына жан салмаған. Қадалған жерден қан алған қайтпайтын қайсар қазақ – мықты жауынгердің нақ өзі болған. Қазақ халқы – жеті атаға дейін қыз алыспаған таза тұқымды халық. «Жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер, жеті атасын білмеген – жетімдіктің салдары» - деп, қазақ текке айтпаған. Көшпенді қазақ ант етсе – антына адал, сертіне – семсер, аманатқа – қиянат қылмаған. Мақал-мәтел, нақыл сөз, қара өлең, қара сөз, айтыс -тартыс, күмбірлеген күй, жыр-дастан, езуінді жия алмайтындай күлкіге кенелтетін көңіл көтерер қалжың-әжуа әңгімелерге өте бай болған.

«Біздер Қазақстандықтар — бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! **Martebe.kz.**
Алмазұлы Санжар. 18.09.201

А-деңгей оқушы

Еліміздің үлкен жетістіктер мен жеңістерге көпұлтты Қазақстан халқының бірлігі мен достығының арқасында қол жеткізген.

Біз – біртұтас халықпыз, бір-бірімізді құрмет тұтамыз әрі жақсы көреміз, ортақ Конституция мен заңдарға бағынамыз. Бір-бірімізді сыйлап, достық қарым-қатынаста болу – зор бақыт.

Біз — азат елміз, егеменді халықпыз. Тәуелсіздік таңының жарқырап атқанына ризамыз. Осы азаматтығымыз баянды, егемендігіміз еңселі болу үшін

В-деңгей оқушы

. Абай айтқан терең адам, толық адамды қалыптастыруда біз қаншалықты алысқа бара алдық дегенде, әрине кемшіліктің әлі де көп екенін байқаймыз. Біріншіден, халық бойындағы көп кемшілікті жойып болған жоқпыз, екіншіден, сол жоятын жүйені қалыптастырып та болмадық. Себебі бізде әлі де болса, адамдар арасында адал еңбекпен, ақыл-біліммен емес, түрлі теріс жолмен байлық мен билікке жету, көздеген мақсатын орындау көрініс тауып отырғаны жасырын емес. Абай айтқан сол қателіктерді жөндегеніміз жоқ.

әрқайсысымыз өз үлесімізді қосып, бұдан былай да күресуіміз керек.	
Коментарий: А деңгейлі оқушы өз ойын жан-жақты жеткізе алған	Коментарий: В деңгейлі оқушы өз ойын Абайдың ойымен ұштастырғысы келеді,бірақ ойын толық аша алмай қалған

Дескриптор:

- мәтінді тыңдап, құрылымына көңіл аударып, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра әңгімелейді.
- Мәтіннің мазмұны бойынша болжам сұрақтармен салыстырады .

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. Мәтінді өздерің білетін ақпараттармен толықтырып, бес-жеті сөйлеммен жазыңдар, орфографиялық нормаға сай жазылғанын анықтаңдар

Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамытады

Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Орындалу үлгісі

А-деңгей оқушы

В-деңгей оқушы

Қазақ халқы көне заманнан бері сөзге шешен, данышпан, ақылды, аталы сөзге тоқтаған, қариямен қасарыспаған, үлкенді үлгі етіп сыйлап, кішіні кішіпейілділікпен құрметтеген.	Қазақ ар-намысты бірінші қоятын арлы-намысшыл халық.
Елі мен жерін, тілі мен дінін, жетім мен жесірді қорғауға келгенде найзаның ұшымен, білектің күшімен, қайырлы ісімен алдына жан салмаған.	Жерімізді найзаның ұшымен қорғап, болашақ ұрпақтарға сыйлаған батыр халық
Қорқуды білмеген халықтың бойында қорқыныш сезімі болмаған. Қадалған жерден қан алған қайтпайтын қайсар қазақ – мықты жауынгердің нақ өзі болған.	Кішіпейіл үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін халық
Қазақтың ниеті түзу, жаны нәзік, көңілі қаздай ақ, өзінде болмаса да өзгеде болса екен деп тілейтін тілеуқор, адамзат баласына мейірім, аяушылықпен қарайтын, жоқ-жітікке өле жегенше – бөле же деп барын аямайтын жомарт, сахи халық болған.	Қонақжай, жатты жатсынбай ақ дастарханын жаятын халық.
Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің деген қазақ тәрбиесін кейінгі ұрпаққа айна-қатесіз жеткізіп жалғастырып отырған.	Қарапайым көкірек көтеруді білмейтін халық..
Ұлтшыл болған, текшіл, кекшіл, көпшіл болған, намысшыл болған.	Көңілі дархан, жомарт халық. Ақпейіл, ақ көкірек жоққа жалғыз атын сойып беретін халық.

Коментарий: А деңгейлі оқушы өз ойын толықтырып,саралап,қазақ халқына тән қасиеттерін жүйелеп жеткізе білген.	Коментарий: В деңгейлі оқушы Өз ойын қысқаша толықтыра білген,мәтін мазмұнына жіті көңіл бөлмеген.
---	--

Дескриптор:

- Сөйлемге құрылымдық талдау жасау арқылы түсіндіреді.
- Бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.

1-бөлім: Мәңгілік Ел- мұратым

Сабақтың тақырыбы: «Мәңгілік ел-ұлттық идеясы»

Оқу мақсаты: 9.2.2.1 -қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;

9.4.1.1 Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

Сабақ мақсаты: *Стильдер мен шешендік сөздердің түрлерін біледі, тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.*

Бағалау критерийі: Осы тапсырманы орындау барысында оқушының жазылым қабілеті дамиды. *Стильдер мен шешендік сөздердің түрлерін тілдік құралдар арқылы табады, орфографиялық нормаға сай жазады.*

Оқылым алды тапырмасы: **«Алдын- ала берілген атаулар» әдісі** бойынша жаңа тақырыпқа байланысты сөздер (**Мәңгілік Ел,бақуатты, мемлекет иесімін, Мәңгілік Елорда,**) тақтаға жазылады. Оқушылардың түсініктері сұралады.

1. Мәңгілік Елдің идеясы туралы айтып беріңдер.
2. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда біздің қосатын үлесіміз қандай болмақ?

Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.

Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды.

Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.

Дескриптор:

1. Ашық сұрақтарға оқушылар саралау арқылы жауап береді
- 2.Тірек сөздер арқылы,мәтінді болжайды.

Оқылым кезіндегі тапсырма

(Мағынаны ұғынуға арналған оқылым)

1. Мәтіндегі көтеріліп отырған негізгі идеясын анықтайды.
2. Кім? Не? Қашан? Қайда? Неліктен? Қалай?сұрақтарына жауап іздейді.
3. Стильдің белгілеріне қарап, мәтіннің қандай стильде жазылғанын дәлелдейді.

4.*Шешендік сөздерді пайдалану арқылы «түтіні түзу ұшқан» мен ұлтты ұйыстырып» атты сөздерді салыстыра отырып ,стильдің түрлеріне шешендік сөздерді пайдаланып, тезис жазады.*

Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.

Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл әлем кеңістігіне ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтасақ қана Мәңгілік Ел бола аламыз. Біз – Мәңгілік Елдің білімді де саналы, сауатты ұрпағын тәрбиелеу оларға сапалы білім беру жолында тынбай, аянбай еңбек етіп келеміз. Бүгінгі төгілген маңдай тер ертеңгі өскелең ұрпақтың болашағына жұмсалатын алтыннан да қымбат қазынасына айналады. Еліміздің гүлденуі мен әрі қарай дамуына, көркеюіне үлесімізді қосуымыз керек. Артылған үміт пен сенімнің жүгі қанша ауыр болмасын, сан қилы, сан қырлы соқпақты жолдар болса да қазаққа тән қайсар мінезбен тайсалмай көтеріп өтуіміз тиіс!

Гүлнар СЫДЫҚБАЕВА. «Ана тілі», 06.01.2017ж

Дескриптор

1. Мәтіннің негізгі идеясын анықтайды.
2. Стильдің белгілеріне қарап, мәтіннің қай стиль түріне

жататынын дәлелдейді.

3. Өз көзқарасын дәлелдеп, тезис жазады.

Оқылымнан кейінгі тапсырма:

«Төрт себеп» әдісін пайдаланып, қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы мәтіннің мазмұны бойынша сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.

Мақсаты: Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасайды.

Тиімділігі: Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың жазылым дағдысы қалыптасады

Қазақстан мемлекеті қандай болу керек?	Мен қандай азамат болуым керек?
1.	
2.	
3.	
4.	

Дескриптор:

- мәтін мазмұнын түсініп, идеясын ашады.
- Сұраққа жауап беру арқылы, негізгі ақпаратты анықтайды

2-бөлім: Жаһандану мәселелері

Сабақтың тақырыбы: Жаһанданудың пайдасы мен зияны

Оқу мақсаты: 9.1.5.1 - мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту;

9.3. 4.1 -эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу.

Сабақ мақсаты: Тыңдалған мәтін бойынша мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айтады. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу.

Бағалау критерийі: Мәтінді аудио жазбадан тыңдап, құрылымы мен даму желісін сақтайды. Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстырады.

Тапсырма.

Тыңдалым алды тапсырмасы:

Мақсаты: оқушылар бойында тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.

Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Топтық жұмыс.

- аудио мәтінді тыңдап, құрылымына көңіл аударып, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра әңгімелеңдер.
- Мәтінді оқып сұрақтар құрындар.
- Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің мағынасын анықтаңдар.

Елімізде жаһандану саясатының пайдасы мен зияны қаншама, оларды біліп саралап көру керек. Еліміздің жастары осы түйткілді мәселенің

жай жапсарын біле ме, осыған тоқталсақ, елде көп адамның қолында смартфон, әрине кішкентай балалардың өзінде смартфонды жетік меңгерген. Жаһандану саясатының пайдасын айта өтсек.

Жаһандану пайдасы, елімізде үлкен өзгерістер болып жатқаны түсінікті. Еліміз көптеген халықаралық ұйымдармен әртүрлі елдер қарым-қатынас орнату арқылы көптеген табыс жетуде, білім сапасы жағынан еліміз біршама елдердің алдына шықты. Автокөлік өндірісі кең деңгейде дамып, елімізде соңғы технологиялық көліктер миңетін жастардың қарасы көбейді ал енді. Осы жағдайлардан басқа халықтың тұрмыс тіршілігі, өмір сүруі деңгейі көтерілген елімізде үлкен кәсіпорындар ашылып, біраз жақсы жұмыстар жасалу үстінде. Зиянды жағы елімізде осы жаһандану саласы тежеленбесе, елімізде көп адамдар **жаһандану** рухани жағынан әртүрлі адамгершілік ұғымдарды ұмыта бастайды. Адамдар смартфон ішіне кіріп кетеді, еліміз сөзге бай адамдарды тәрбиелей алмай отыр. Елімізде сол смартфоннан кесірінен боқауыз сөздерге үйір болған жастарды көреміз. Смартфон өз-өзіне қол жұмсайтындардың саны көбейді. Елдегі **жастардың қарасы** көп бөлінді. Елдегі жастардың ойыда басқа жаққа алданып, адамдармен сөйлесуді қояды. Әртүрлі технология артынан еріп кеткен жандардың қарасы күннен күнге бекемдей түсті.

Түйіндейтін болсақ, елімізге жаһандануды саясатының берері мол, елімізде әртүрлі салаларды дамытып, өз еліміздің көркеюіне және елге үлкен елдермен қарым-қатынас орнатуға таптырмас мүмкіндік, зияны жастарымыз үлкен мәселерден бейқам қалады. Оларға деген сауалдың аздығы соншалық, еліміздің болашағына үлкен әсер етеді. Ең қызығы осы нәрсенің болатынын біле тұра еліміздің бейқам қарауы, бізге теріс әсерін беруі мүмкін. Сондықтан **жаһандану саясаты** кезеңде бүкіл жағдайды дұрыстап, сол онды бағалап барып жасауы, бізге жақсы болашақты тарту етеді. Ол әрине жастар мен үлкендердің қолында, смартфон ,теледидар қарамасын демейміз, бірақ шамадан тысқа кетіп қалмаса игі еді. Жаһанданудың пайдасы мен зияны осындай.

Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/31036/

Дескриптор

- мәтінді тыңдап, құрылымына көңіл аударып, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра әңгімелейді.
- Мәтінді оқып сұрақтар құрады.

Тыңдалым кезіндегі тапсырма:

Мәтіндегі жаһандану құбылысының пайдасы мен зиянды жақтарын сызба түрінде жаз.

Көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу.

пайдалы жақтары	
Жаһандану құбылысының зиянды жақтары	

Дескриптор:

- мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді;
- сыни тұрғыдан баға беріп айтады.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:

Мәтін мазмұнына сай 4 сөйлемнен тұратын кіріспе бөлім жаз. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу.

1.Қазірде Қазақстанда жаһандану процесі болып жатыр.

2.Жаһанданудың жақсы жағы және жаман жақтары бар.

3.Дегенмен жақсы жақтары бір пайыз болса да көп.

4.Ең бірінші жақсы жағынан бастасақ әлемімізде түрлі техникалық заттар мен механизмдер адам өмірін жеңілдетті.Ал соның жаман жағы соны білген адамдар өз күштерімен жұмыс жасауды қойды.

Дескриптор:

- көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылайды;
- біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазады.

3-бөлім: Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО -2017

Сабақтың тақырыбы:ЭКСПО көрмесі

Оқу мақсаты: О.9.2.7.1- ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау;

ӘТН.9.4.4.1- құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарын, түрлерін білу

Сабақ мақсаты: Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолданып, авторына сілтеме жасап, құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарын, түрлерін ажырата біледі.

Бағалау критерийі: Мәтінде пайдаланған деректердегі құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары арқылы тапсырмалар орындайды;қолданған деректердің авторына сілтеме жасау арқылы құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарын, түрлерін біледі.

Тапсырма.

Оқылым алды тапсырма:

«Еркін пікір» әдісі арқылы оқушылар «ЭКСПО-2017» көрмесі, Астана қаласы туралы ғаламтор, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған тапсырмалар бойынша ойларын еркін жеткізеді, өздерінің ізденісін

көрсетеді, тақырып бойынша диалогті жалғастырып, дереккөздерден қосымша ақпарат алып, ойларын толықтырады.

Дескриптор:

-ғаламтор, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған тапсырмалар бойынша ойларын айтады;

-дереккөздерден алынған қосымша ақпарат арқылы бір-бірінің ойын толықтырады.

Оқылым кезіндегі тапсырма:

Топтық тапсырма. «Мәтін құрылымына көңіл аудар!» әдісі арқылы «ЭКСПО-2017» көрмесі туралы мәтінді оқып, мәтін мазмұнынан тақырыпқа байланысты ақпараттарды анықтайды.

1-топ. «Астана». Мәтін мазмұнынан тақырыпқа байланысты ақпараттарды анықтайды.

2-топ. «Көрме». Мәтіннен құрмалас бес сөйлемдерді теріп жазыңдар.

3-топ. «Болашақ». Мәтінде нақты берілген деректерді теріп жазыңдар

Халықаралық көрмелерінде әлемнің барлық мемлекеті өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсетеді. Олар жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырады. Мұндай іс-шараға барлық құрлықтың ондаған елінен миллиондаған адам қатысады. Бәсі биік бәсекеде Астананың жеңіп шығуы бекерден бекер емес. Оған бірнеше факторлар ықпал еткендігі аян: Біріншіден, елордамыздың әлемдік-деңгейдегі шараны лайықты өткізе алатын орталық ретінде қалыптасқаны баршаға белгілі болды. Екіншіден, таңдаудың Қазақстан пайдасына шешілуі мемлекетіміздің табыстары жоғары бағаланғанын білдіреді және Еуразия өңірінде-де оның даму келешегі кемел екенін айғақтай түседі. Үшіншіден, біздің «Болашақтың энергиясы» атты өзекті тақырыпты ұсынуымыз жеңіске жетуімізге көмектесті. Көп жылғы тарихы бар «ЭКСПО» көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ оған мүше елдердің тарихын, дәстүрі мен мәдениетін көрсету үшін өткізіледі.

Бұл көрме бүкіл әлемдік қоғамдастықтың және оны тамашалаушы миллиондаған адамның назарын өзіне аударатын ірі оқиға болып саналады. Сонымен қатар, «ЭКСПО» көрмесі экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа үрдістерін қалыптастыру алаңы қызметін атқарады. Ең алғашқы ЭКСПО Англияның принці Альберттің ұсынысы бойынша 1851 жылы Гайдпаркте өткен болатын. Хрустальды сарайда орын алған ЭКСПО-ның тақырыбы: «Барлық ұлттардың өнеркәсіптік жұмыстарының ұлы көрмесі» болып аталды. Астанадағы өтетін ЭКСПО-ның тақырыбы: «Болашақ энергиясы» болмақ.

Okuluk.edu.kz сайты, 9-сынып, қазақ тілі, 45-46 бет, 3-бөлім
Г.И.Мұсаева

Дескриптор:

- мәтін мазмұнын түсініп, идеясын ашады.
- мәтіннен негізгі ақпаратты анықтайды
- мәтіннен құрмалас сөйлемдерді теріп жазады.

Оқылымнан кейінгі тапсырма:

Графикалық органиайзердің сурет, кластер, мәліметтер әдістері арқылы үш топ ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректер бойынша постер қорғап, ойларын еркін айтады.

1-топ. Астана қаласы туралы ғаламтордан алған мәліметтер негізінде сурет салады.



2-топ.ЭКСПО-2017 көрмесі туралы газет-журналдар арқылы кластер құрайды.



3-топ.Болашақ энергия туралы ғылыми еңбектерден алынған мәліметтер бойынша топтастырады.



Дескриптор:

- алған білімдерін саралайды
- ойларын жинақтауға, бір-бірін тыңдауға бағыттайды
- ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерді пайдалана отырып, қосымша ақпараттар жинақтайды

4-бөлім: Адам құқығы мен бостандығы

Сабактың тақырыбы: Адам құқығы мен бостандығы-мемлекеттің негізгі тірегі

Оқу мақсаты: 9.2.5.1 -мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру;

9.4.4.2 - салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіру.

Сабак мақсаты: Мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтап, талқылау сұрақтарын құрастырады, салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата біледі.

Бағалау критерийі:

- Оқылған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстырып, сұрақтарға жауап береді.
- Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратады, түрлендіріп қолданады, мысалдар келтіреді.

Тапсырма.

Оқылым алды тапсырмасы:

Мәтінде көтерілетін мәселеге байланысты талқылау сұрақтарын құрастыру;

1. Адам құқығы дегенді қалай түсінесің?

2. Бостандық ұғымы нені білдіреді?

3. Құқық және бостандық ұғымдарының арасында қандай байланыс бар?

4. «Адам құқықтары жалпыға ортақ» деген ойға өз пікіріңді білдір.

Дескриптор

1. *Бүгінгі тақырыпқа қатысты сұрақтар жазады.*

2. *Қойылған сұрақтарға жауап береді.*

Оқылым алды тапсырма.

Топтық жұмыс.

Мәтінді оқып, құрылымына көңіл аударып, оқылған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра әңгімелеңдер.

Мәтінді оқып сұрақтар құрыңдар.

Адам құқықтары мен бостандықтарының мәселесі барлық мемлекеттердің саяси-қоғамдық, мемлекеттік-құқықтық тәжірибесі мен теорияда да ең басты орындарының бірінде тұратыны анық, себебі әңгіме ең басты әлеуметтік құндылық туралы болып отыр. Адамға құқық тумысынан тиесілі. Олар табиғи сипатқа ие және тұлғаның нәсіліне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына, нанымына қарамастан бөлек қарастырыла алмайды. Адам құқықтарының жиынтығы адам құқықтарының жалпы мәртебесін құрайды.

Конституцияның алғашқы бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп бастайды.

Зер салып қарасақ, «*мемлекеттің басты байлығы – адам*» деген бабынан басталғаны бекер емес. Демек, қоғамдағы атқарылған және атқарылуы тиіс шаруалар осы адамның игілігіне арналған. Ал Ата заңымыз сол игіліктерді қорғайды. Адам құқықтары мен бостандықтары – жеке тұлғаның әлем қауымдастығы мойындап, халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген, ешкім шек қоймайтын немесе тыйым сала алмайтын құқықтары мен бостандықтары. Әр адамның жеке бас бостандығы заңмен қорғалатын, тікелей мемлекеттің қарауында болатыны анық. Біз бір тудың астында ынтымақтастықта өмір сүріп жатқанымыз, ең әуелі осы мемлекетіміздің заңдарының арқасы десек, артық болмайды. Себебі мемлекет дегеніміздің өзі халықтан тұрады. Ал халықсыз ешқашан мемлекет болмайды. Сол үшін ең бірінші мемлекет халықтың мүддесін қорғауға және оның жеке бостандығын, сондай-ақ құқығын қорғауға міндетті. Ал мұндай адам бостандығын, өз елінің қарапайым халқының құқықтары мен бостандығын қорғай алмаса, оны қорғайтын заң болмаса, онда бұл ең құлдыраған мемлекет.

Біздің Қазақстан Республикасының Заңдар жинағында ең әуелі әрбір азамат пен азаматшаның бостандығы мен құқықтарын қарайды. Қазақстан-көпұлтты мемлекет, 130-дан аса ұлт өкілдерімен бір шаңырақтың астында, бір үйдің баласындай, бірлік пен татулықта өмір сүріп жатқанымыз мемлекетіміздің кемел саясаты мен заңдардың жүйелілігінің арқасында. Біз осындай, өз құқығымызды білетін, бізді қорғаушы күштің бар екенін білетін елде өмір сүріп жатқан бақытты халықтың бірі, әрі бірегейіміз.

Қортындылай келе, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні Әлихан Бөкейхан атамыз айтқандай «Адам, оның құқықтары мен бостандықтары – ең қымбат құндылық» екенін естен шығармаған абзал.

Б.Абдрахман

<http://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-jane-zan/adam-bostandygy-basty-qundylyq-785/>

Дескриптор:

- мәтінді оқып, құрылымына көңіл аударып, мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра әңгімелейді.

- Мәтінді оқып сұрақтар құрады.

Оқылымнан кейінгі тапсырма.

- «**Еркін микрофон**» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мәтіндегі жай сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлемге айналдырады.

Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.

Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды.

Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды

Дескриптор:

- Мәтін мәнін ашатын 3 мақал жазады, мәтін стилін анықтайды

- Жай сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлемге айналдырады.
- Ыңғайлысалалас құрмалас сөйлемді анықтайды,сөйлемге синтаксистік талдау жасайды.

4-бөлім: Адам құқығы мен бостандығы

Сабақтың тақырыбы:Бала -басты байлығымыз

Оқу мақсаты: 9.2.5.1 -мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру

99.3. 4.1 -эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу(аргументативті эссе);

Сабақ мақсаты: Мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтайды, эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылап, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жаза алады(аргументативті эссе).

Бағалау критерийі: Мәтіннен күрделі пікірді білдіретін сөйлемдерді анықтап, оларды сөйлем мүшелеріне талдау арқылы жай немесе құрмалас сөйлем екенін дәлелдейді. Сөйлемдердің мағыналық қатынасын анықтайды.

Тапсырма.

Оқылым алды тапсырма:

Суретте көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырып, көрсетілген суреттермен танысып, салалас құрмалас сөйлем құрастырады.

- 1.«Отбасы-шағын мемлекет» дегенді қалай түсінесіңдер?
- 2.Отбасындағы баланың құқығы мен міндеті қандай?
3. «Бала-басты байлығымыз» дегенді қалай түсінесіңдер?



Дескриптор:

- Суреттегі берілген ерекшеліктеріне қарай сөйлем құрастырады;
- Сұрақтарға жауап береді;

- Бір-бірімен пікір алмасады.

Оқылым кезіндегі тапсырма:

«Диалог және қолдау көрсету» тәсілі арқылы, мәтін мазмұны бойынша дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.

Бала қуанышы қашан да жүректі де жанды да жылытады. Жүзге ерексіз күлкі мен шатық сыйлайды. Міне, біз жылда атап өтілетін Халықаралық балалар күні әлемнің түкпір-түкпіріндегі балаларға қуаныш сыйлайтын мейрам ғана емес, кішкентай балалардың құқығын қорғап, оларға қамқор болуға, әлімжеттік, қысым жасамауға үндейтін мейрам. Қоғамды кемтар, жетім, тұрмысы нашар отбасынан шыққан балаларды қорғауға, қолдауға шақыратын күн. Балаларды қорғау күнінде қорғау шаралары ғана емес олардың көңіл-күйлерін көтеру концерттері де болады. Бұл мереке балалардың асыға күтетін мерекесі. Себебі, жыл сайын бұл мерекеде бүлдіршіндерді қуанту үшін іс-шаралар өткізіледі. Осылайша, Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет - болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру. Балаларға жастайынан жақсы тәрбие беруіміз керек. Балалар күнінде де осы тақырыпты қозғайды. Сонымен қатар осы мерекеде өте қызықты іс-шаралар болады. Балаларды қорғай білейік.

Әдебиет порталы

Оқылымнан кейінгі тапсырма:

«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.

Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазады. (аргументативті эссе), 250 сөз.

- **Мақсаты:** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.
- **Тиімділігі:** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды.

Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.

Дескриптор:

- ақпарат іздейді, ойын айтады
- пікірімен бөліседі, талдау жасайды
- аргументативті эссе жазады.

Қазақ тілі 9-сынып 3-тоқсан

5-бөлім Синтаксис. Отбасы және демографиялық өзгеріс.

Демография - ұлт тағдыры

Оқу мақсаты: 9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу;

9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Сабақ мақсаты: Тыңдалған мәтін бойынша ақпараттарды анықтау; Ақпараттарды өмірлік мәселелермен байланыстыра білу;

Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Бағалау критерийі: Тыңдалған мәтін бойынша ақпараттарды анықтайды:

Мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра алады, мағынасын дәлелдеп түсіндіреді. Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата біледі, түрлендіріп қолданады.

Тапсырма.

Тыңдалым алды тапсырмасы . Демографиялық көрсеткіштердің қоғамға әсерін талдау. Халық санының өсуі мен азаюының ұлт тағдырына әсерін бағалау.

«ЭСӨТ талдау» әдісі. Оқушылар берілген тақырыпқа сыртқы ортаның әсерін сараптайды.

Э(экономикалық)

С(саяси)

Ә(әлеуметтік)

Т(технологиялық)

Дескриптор: берілген тақырып бойынша сыртқы ортаның әсерін сараптайды-

Орындалу үлгісі

А-деңгей оқушы

В-деңгей

оқушы

Демография ұлттың әлеуметтік-экономикалық дамуын болжау мен жоспарлаудың негізгі құралы, сондай-ақ маңызды қоғамдық-саяси шешімдерді қабылдау құралы болып табылады.	Демографиялық өсім ұлттың экономикасына тікелей әсер етеді.
Демографиялық өсім саяси тұрақтылық пен қауіпсіздікке әсері арқылы көрінеді.	Егемендік алғаннан бері демографиялық процестер өте серпінді болды.
Оның динамикасы мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты құралы болып табылады.	Халық санының өсуі немесе азаюы елдің экономикалық жағдайына, әлеуметтік қорғау деңгейіне, өзгермелі жағдайына әсер етуі мүмкін.

Қыбырлаған қыр асады демекші, еліміздің амандығы, жұртымыздың тыныштығы арқылы өз халқымыздың санын қарқынды түрде арттыру – ұлттық қауіпсіздігімізді нығайтудың, ел мен жердің тұтастығын сақтаудың негізгі жолы.	
Коментарий: А деңгейлі оқушы ойын нақты сипаттарын жеткізе отырып, сараптай білген. Әр бағыты бойынша өзіндік көзқарастарын білдіре отырып, тұжырымын шығара білген.	Коментарий: В деңгейлі оқушы Сараптау барысында нақты сипаттамаларын көрсете алмаған. Дерек немес факт арқылы сипаттап сараптауға мәліметтері жеткіліксіз болған.

Тыңдалым тапсырмасы. «Төрт сөйлем» әдісі. Тыңдалым мәтініндегі ақпараттарды анықтап, өмірмен байланыстыру.

1. Пікір. Ақпарат бойынша қалыптасқан пікіріңізді жазыңыз.
2. Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.
3. Дәлел. Өз пікіріңізді нақты фактпен дәлелдеңіз.
4. Қорытынды. Ойыңызды қорытындылап, тұжырым жасаңыз.

Дескриптор:

Пікірін білдіреді-1

Мысалмен байланыстырады-1

Факт арқылы дәлелдейді-1

Қорытынды тұжырымын шығарады -1

Орындалу үлгісі

А деңгей	В деңгей
Пікір. Кез келген мемлекет үшін маңызды мәселе -елдің демографиялық ахуалы. Мысалы. Мемлекеттің дамуына халық саны ықпал етеді. Факт. Жер көлемі жағынан жаһанда тоғызыншы орынға табан тірейтін Қазақ еліндегі демографиялық ахуал – мемлекеттік маңызды мәселесі болып табылады. Тұжырым. Өсім өрге басса, ел еңсесі көтеріліп, ұлттың қауіпсіздігі де нығая түседі	Пікір. Халықтың демографиялық өсімі ұлттың болашағы үшін маңызды. Мысалы. Егемендікке қол жеткізгенге дейін еліміздің өсімі күрт төмен болатын. Факт. Егемендік алған соң өсім едәуір көтерілді. Тұжырым. Әр бір мемлекет үшін үшін демографиялық өсімнің маңызы зор.
Коментарий: А деңгейлі оқушы критерийге сай алған ақпараты бойынша пікірін бір сөйлеммен жеткізе білген. Пікірін факт арқылы дәлелдер келтіре отырып жазып, түйінді тұжырымын айта білген.	В деңгейлі оқушы ақпаратқа қатысты пікірін қалыптастыра білген, бірақ нақты факт арқылы дәлелдері әлсіз болған.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. Тыңдалым мәтіні бойынша берілген сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлемге түрлендіріп қолдан, түрлеріне ажырат.

Демография – кез келген мемлекет үшін маңызды мәселе. Қай мемлекеттің де дамуына халық саны ықпал етеді. Жер көлемі жағынан жаһанда тоғызыншы орынға табан тірейтін Қазақ еліндегі демографиялық ахуал – мемлекеттік маңызды мәселе. «Құс қанаты талып, тұлпар тұяғы тозатын» тоғызыншы территорияның төрі халыққа толмаса, қауіп-қатер де азая қоймайды. Өсім өрге басса, ел еңсесі көтеріліп, ұлттың қауіпсіздігі де нығая түседі.....

Дескриптор:

Жай сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлем түріне түрлендіреді-2

Салалас құрмалас сөйлем түрін ажыратады -2

Орындалу үлгісі

А деңгей	В деңгей
Демография –кез келген мемлекет үшін маңызды мәселе, өйткені мемлекеттің дамуына халық санының өсімі ықпал етеді. Салалас құрмалас сөйлем. Себеп-салдар салалас (жалғаулықты шылау арқылы байланысқан екі жай сөйлемнен тұрады)	Демография –кез келген мемлекет үшін маңызды мәселе кез келген мемлекеттің дамуына халық санының өсімі ықпал етеді. Салалас құрмалас сөйлем екі жай сөйлемнен құралған.
Коментарий: А деңгейлі оқушы жай сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлем түріне түрлендіре отырып, мағыналық түріне ажырата білген.	В деңгейлі оқушы екі жай сөйлем арқылы құрмалас сөйлемге түрлендіруге бейімделген, бірақ жасалу жолы мен мағыналық түріне түрлендіре алмаған Сөйлем құрылымына қарай байланыстыра алмаған.

№2 сабақ Демография –ұлт тағдыры

Оқу мақсат: 9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау;

9.3.2.1.мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;

9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Сабақ мақсаты:

- Мәтін мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау.
- Мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру.
- Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Бағалау критерийі:

- Мәтін мақсаты арқылы негізгі ойды анықтайды.
- Мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырады.

- Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолданады.

Тыңдалым алды тапсырмасы. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Демография ұғымы нені білдіреді?
2. Халық саны мемлекеттің дамуына әсер ете ме?
3. Қазақстандағы халық саны қанша?
4. Оның ішінде қазақ халқының үлес салмағы қанша?

Тыңдалым тапсырмасы.(13-аудиомәтін)

Әр отбасы-өзінше бір мемлекет.Он балалы аналардың бірі Ұлданай Әлімбаева -39 жасында 5 ұл,5 қыздың анасы атанған алтын құрсақты ана. Ол - барша қазақ әйеліне үлгі. Үлкен ұлы-23 жаста, кішілері-балабақша жасында. Ұлданай «қанша бала болса да, ұйнататының бір қазан» дейді.

Әкесі екеуіміз балалармен біріге отырып, ертегі оқимыз,тақпақ,өлеңдер жаттаймыз.Демалыс күндері қаланың көрікті жерлеріне барып демаламыз. Қайда баратынымызды көбінесе балалар өздері шешеді...

Ата-ана алдымен ата-аналық парызды, міндетті түсінген абзал.Әр баланы дүниеге әкелген соң, ең бірінші оның денсаулығына, білім алуына назар аударып,иманды, ізетті,адал,еңбеккөор етіп тәрбиелеуге тиіс.Ата-ана өз парызын дұрыс орындаса, бала да перзенттік парызын мінсіз орындайды. Балаң сені ұятқа қалдырмасын десең, дұрыс ата-ана бол.Отағасы екеуіміздің ұстанымыз осы...

Жас отбасыларға «өмірге ұрпақ әкелсеңдерші» десем, баспананың жоқтығын айтады. Олардың екі-үш баламен шектелуі «асырай алмаймыз» деген қорқыныштан деп ойлаймын. Бірақ одан қорқудың қажеті жоқ, әр баланың өз несібесі бар. Көп бала болса, бірін-бірі жетелеп,қарайласып,тез өседі. Бір төсекте құшақтасып өскен бала мейірімді болады. Егер мемлекет тарапынан жас отбасыларға қолдау көрсетіп,жағдай жасаса, көпбалалы отбасылар көбейер еді...

«Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба солай жүреді» демекші ,алдыңғы ұл-қыздарды жақсылап тәрбиелесең,соңғылары соларға еліктеп,еріп кетеді деп ойлаймын. Мейірімге бөленіп өскен бала айналасына қамқор, бауырмал боладв. Кез келген түйіткілді ашумен емес, ақылмен шешуге тырысады»,-дейді байыпты ана.

Мәтіннің мақсаты қандай? Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, отбасы және демографиялық өзгерістерге әсер ететін негізгі факторлар бойынша демографияның ішкі,сыртқы факторларын ажыратып кестеге түсіреді.

Ішкі фактор	Сыртқы фактор

Дескриптор.

Мәтіннің мақсатын және негізгі ойын анықтайды-2

Ішкі және сыртқы факторларын ажыратады-2

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.

Не түсіндіңіздер?

Еліміздегі демографиялық өзгеріс қалай өтіп жатқаны туралы алған білімдерін талқылайды.

«Кім алғыр» ойыны арқылы оқушылар тыңдалымдағы негізгі келтірілген деректерді топтастырады.

Жазылымалды тапсырмасы. «Қазақстандағы демографиялық ахуал»

«Үш қадамды сұхбат» әдісі.

1.Көзқарас

2.Анықтау

3. Салыстыру

Жазылым тапсырмасы.Мақсатты аудиториясын анықтап, әр түрлі жанрдағы мәтін жазу. (Мақала,үндеу, баяндама) Мақаладағы сөз саны – 150-200 сөз.

Нұсқаулық№1

Оқырманның назарын аударатын тақырып таңдаңыз.

- Сізді қызықтыратын немесе ойландыратын қызықты кіріспе жазыңыз.

- Тақырыпты мысалдармен, қорытындылармен немесе ұсыныстармен дамытыңыз.

- Түйіндеме немесе әрекетке шақыру арқылы қорытындылаңыз.

Нұсқаулық№2 (үлгілік)

- Кіріспе: демография мәселесі және оның қоғам үшін маңызын көрсету.

- Дамытушылық: туу, өлім, көші-қон сияқты демографиялық тенденцияларды және олардың қоғам мен экономикаға әсерін егжей-тегжейлі зерттеу.

- Қорытынды: мәліметтерді жалпылау, демографиялық мәселелерді шешудің мүмкін жолдары және олардың ұлттың болашақ тағдырына әсері.

Дескриптор:

Стильдік ерекшеліктерін сақтайды-

Мақаланы қысқа,сауатты, дәлелді деректермен жаза алады-

Ойын жүйелі ,еркін жеткізе алады-

Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратады, түрлендіріп қолданады-

Жазылымнан кейінгі тапсырма. Жазылым тапсырмаларыңызды жұпта оқып, бір-біріңізге критерийлерге сүйене отырып, кері байланыс беріңіздер.

№3 Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны.

Оқу мақсаты:

9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;

9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Сабақ мақсаты:

- Қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;
- Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Бағалау критерийі:

- Мәтіндегі тілдік құралдарды стильдік ерекшелігіне қарай анықтайды. Шешендік сөздің түрі мен стилін біледі;
- Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолданады.

Оқылымалды тапсырмасы.

Қарамен берілген тілдік бірліктердің стильдік қызыметіне талдау жасаңыз. **бейтарап және эмоционалды сөздер, диалектизмдер, дөрекі сөздер, қарапайым, тұрмыстық сөздер.**

Оқылым тапсырмасы. Мәтіндерді түсініп оқыңыздар. Тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңыздар. Шешендік сөз үлгілері бар ма?

1-мәтін

Жер көлемі жағынан жаһанда тоғызыншы орынға табан тірейтін Қазақ еліндегі демографиялық ахуал – мемлекеттік маңызды мәселе. «Құс қанаты талып, тұлпар тұяғы тозатын» тоғызыншы территорияның төрі халыққа толмаса, қауіп-қатер де азая қоймайды. Өсім өрге басса, ел еңсесі көтеріліп, ұлттың қауіпсіздігі де нығая түседі. Халық-демографияның нақты анықталған зерттеу объектісі.

Ал демография – ұлт тағдыры – халықтың саны, құрамы мен таралуы, сондай-ақ оның динамикасы мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы салдарымен айналысатын маңызды зерттеу саласы. Халық санының өсуі немесе азаюы елдің экономикалық жағдайына, әлеуметтік қорғау деңгейіне, өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуіне, тіпті ұлттық мәдениет пен мемлекеттің тұтастығын сақтауға айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

2-мәтін. (Жиренше шешеннің шешендік сөзі)

Бірде Жиренше шешен алыс жолдан келе жатады. Ауылына жақындағанда жолдастарының бірі:

-Жиренше үйіңде бала бар ма?-дегенде ол:

-Е, болғанда қандай!

-Жігіт болған азаматым бар-дейді. Осы кезде төрт жасар бала жолаушылардың алдына жүгіріп шығады. Мұны көрген жолдастары:

-Әй, Жиренше-ай, осыны да азаматым бар деп, әлде қандай етесің-ау!- дейді көңілдері толмай. Сол кезде Жиренше қолындағы қамшысын жерге тастай салып, ұлына «Алып берші» дейді. Ұлы еңкейіп қамшыны әкесіне алып береді. Сонда шешен жанындағыларға қарап: -Міне, азамат деген осы емес пе? Егер бұл боласа, қамшыны кім алып берер еді?-дейді.

Мәтінді талдау:



ТІЛІ

СӨЗ ДЕҢГЕЙІ

Лексика:

- Жас ерекшелігі
- Эмоционалды
- Жаргон сөздер
- Ауызекі қарым-қатынас сөздері
- Кәсіби тіркестер, мысалы, «ғылыми, мектеп, «бөбек жырлары»
- қысқартулар

Тілдік тәсілдер:

- Кейіптеу
- Қайталау
- Дыбыс қайталау
- Теңеу
- Метафора
- Ирония
- Парадокс
- Гипербола
- Аллитерация
- Ассонанс

- Дауыс ырғағы
- Жіктеу есімдіктері
- Бұйыру мәнді сөздер
- Күшейтпелі шырайлар
- Үш сөзді қайталау

ТІЛІ

СӨЙЛЕМ ДЕҢГЕЙІ

- Жай / құрмалас
- Қысқа / ұзын
- Толымсыз

- Сұраулы / риторикалық сұрақтар
- Лепті
- Болымсыз

- Өздік / ырықсыз етістер
- Жақсыз құрылымды сөйлемдер
- Синтаксистік параллелизмді сөйлемдер

Дескриптор:

Мәтіндердің тақырыбы мен идеясын дұрыс салыстырады-1

Тілдік құралдар арқылы стиль түрін анықтайды- 1

Шешендік сөздің түрін біледі-1

Оқылымнан кейінгі тапсырма. Мәтіндегі ақпараттарды пайдаланып, салалас құрмалас сөйлем құрастырыңдар. Мағыналық түрлеріне талдаңдар.

Дескриптор:

Салалас құрмалас сөйлем түрлерін қолданып, мағыналық түрлеріне ажырата алады-2

№4,5 Отбасы және демографиялық өзгеріс

Оқу мақсаты:

9.2.1.1 Тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру өңдеу;

9.3.3.1 Мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үдерістерді анықтап (тенденция) жазу.

Сабақ мақсаты:

- Тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру өңдеу;
- Мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру;
- Маңызды тұстары мен үдерістерді анықтап (тенденция) жазу.

Бағалау критерийі:

- Тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру өңдейді;
- Мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстырады;
- Маңызды тұстары мен үдерістерді анықтап (тенденция) жазады.

Оқылымалды тапсырма. «Мағынаны таны» әдісі бойынша термин сөздер мен тіркес сөздердің мағынасын тану.

Сөздер	тіркес	мағынасы	сөйлем
Қоғам			
Процесс			
Өсім			
Отбасы			
Ұлт			

Оқылым тапсырмасы. Тұтас емес мәтінді оқыңыз. «Корнелл» әдісі бойынша мәтіндердегі негізгі ақпаратты түртіп жазыңыз.

Төменде Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайтындағы халық саны. Тұтас емес мәтіндегі мәліметтерті салыстырыңыздар.

Статистика агенттігінің 2018 жылы 1 тамызда таратқан мәліметінде жыл басынан бері қала халқы 120 771 адамға көбейіп, 10 544 340 адам жеткен. Оның 34 521 – көшіп келгендер. Ал табиғи өсім – 86 250 адам. Ал ауыл тұрғандары 14 596 мыңға өскен. Урбанизация процессі жоғары қарқынмен дамып келе жатыр.

Қазақстанның бірде-бір қаласында халықтың табиғи азаюдың төмендігі қуантады.

2018 жылдың басында

18 157 078

Ерлер: 8 790 954

Әйелдер: 9 366 124

Ағымдағы сәттегі - 11.09.2018 6:35:44

18 321 606

Ерлер: 8 873 803

Әйелдер: 9 447 803

Дескриптор.

Мәтіндердегі негізгі ақпаратты түртіп жазады-1

Тұтас емес мәтіндегі мәліметтерді салыстырады, өңдейді-2.

Оқылымнан кейінгі тапсырма. «ПОПС формуласы» әдісі. Тұтас емес мәтіндердегі ақпараттар тұжырым бойынша өз ойыңызды дәлелді жеткізіңіз.

«Менің ойымша, бұл...»

«Себебі, мен оны былай түсіндірер едім...»

«Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын...»

«Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Дескриптор:

Тұтас емес мәтіндердегі ақпараттар тұжырым бойынша өз ойын дәлелді жеткізеді-

Жазылымалды тапсырма.?

Жазылым тапсырмасы. Графиктік диаграмма мәтінідегі деректерді салыстырып, маңызды тұстарын(тенденция)анықтап жазады.

Дескриптор:

Графиктік диаграмма мәтінідегі деректерді салыстырады-

Маңызды тұстарын(тенденция)анықтап жазады-

Жазылымнан кейінгі тапсырма. . «Еркін әңгіме» әдісі бойынша «Ұлттың болашағы – халықтың демографиялық өсімінде» тақырыбында сұхбат құрастырады.

Дескриптор:

негізгі мақсатты анықтайды-
Жаңа деректерді іздейді-
Өзекті мәселені көтере алады-

№6 Биотехнология және гендік инженерия келешегі. Синтаксис.

Оқу мақсаты: 9.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау

9.4.4.3 Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Сабақ мақсаты: Қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдай отырып, орта көлемді монолог дайындау, сөйлеу мәдениетін дамыту.

Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану

Бағалау критерийлері: түрліше коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдай алады;

- орта көлемді монолог дайындайды.

Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолданады.

Тыңдалымалды тапсырма.

Тыңдалым

тапсырмасы

https://www.youtube.com/watch?v=Qv0WdWT_wh8

«Қазақстанда биотехнология қарқынды дамып келе жатыр» тақырыбындағы бейнематериалды тыңдайды.

«Түртіп алу» кестесімен жұмыс жасайды.

1-топ: мәтіннен айғақтар мен дәлелдерді;

2-топ: ұсыныстар мен шешімдерді;

3-топ: себептер мен салдарды;

4-топ: фактілер мен көзқарастарды анықтайды.

Дескрипторлар:

- тыңдалым алдында ойымен бөліседі-

- мәтінді тыңдайды-

- түртіп алу стратегиясын пайдаланады-

- тапсырма шартына сай мәтінді талдайды-

- орта көлемді монолог құрастырады-

- сабақтас құрмалас сөйлем түрлерін кіріктіреді.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. Жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау. «Генетикалық зерттеу саласындағы жетістіктер» тақырыбында шағын монолог жазыңыз.

(тиісті сөздер мен фразалар) Қиял секілді көрініп келген, мүмкіндік жасау арқылы, адам саулығының болашақ даму картасын жасау, арман ақиқатқа

айналды, тап басып, дерттің бас көтеруі, тұқым қуалайтын дерт, салауатты өмір салтын қалыптастыру, өмірді жоспарлау, халықтың өмірін ұзартуға қол жеткзу.

Дескриптор:

Жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды қолданады-

Орта көлемді монолог жазады-

Монолог жазу нұсқаулығы (үлгі)

Тақырып бойынша шешім қабылдаңыз;

Идеяны дамытыңыз;

Құрылым құрыңыз: монологыңызды кіріспе, дамыту және қорытынды деп бөліңіз. Сіз қозғағыңыз келетін негізгі ойларды көрсетіңіз.

Жағдайларды, эмоцияларды, ассоциациялар мен ойларды сипаттаңыз.

Монологты бірнеше рет дауыстап оқып, жақсартуға болатын аймақтарды анықтап, қай бөліктерге баса назар аудару керектігін түсініңіз.

№7 Биотехнология және гендік инженерия келешегі.Синтаксис

Оқу мақсаты:

9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)

9.4.4.3 Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Сабақ мақсаты:

- Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау;
- Өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)
- Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Бағалау критерийі:

- Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылайды;
- Өз ойын дәлелдеп, аргументативті эссе жазады.
- Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата біледі;
- Түрлендіріп қолданады.

Жазылымалды тапсырмасы. Дәптер ортасына кернез сызып, үш тақырып және тақырыптық сөйлемдер ойластырып жазыңыз. Жұпта дәптермен алмасыңыз. Көршіңіздің дәптеріне тақырып пен тақырыптық сөйлемдерге қатысты ұсыныстарыңызды жазыңыз. Бірлесе жұмысты талдаңыз.

Жазылым тапсырмасы. Тапсырма. Берілген тақырыпта эссе жазыңыз: «ГМО арқылы өндірілген өнімдердің сақталуы ұзақ болғанмен, дәмі табиғи емес» деген тұжырыммен келісесіз бе?

Эссе жазуға нұсқаулық:

- ☐ Тезисте өз көзқарасыңызды нақты көрсетіңіз.

□ Өз ұстанымыңызға бірнеше аргумент келтіріп, соларға сәйкес дәлелдер беріңіз.

□ Қорытынды бөлімде кіріспе және негізгі бөлімде айтылған ойларыңызды

тұжырымдаңыз.

□ Ұсынылған лексикалық оралымдар мен клишелерді орынды қолданыңыз.

Клишелер мен тілдік құралдар: менің ойымша, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні,

Дескриптор:

Эссе құрылымын сақтайды.

Көтерілген мәселеге көзқарасын білдіреді.

Келісу-келіспеу себептерін айқын жазады.

Клишелер мен лексикалық құрылымдарды орынды қолданады.

Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін түрлендіріп қолданады

Жазылымнан кейінгі тапсырма

«Галереяға саяхат» әдісі. Тапсырма: эссеңізді сынып қабырғасына іліңіз, сыныптастарыңыздың эсселерін оқып, дескрипторлар негізінде кері байланыс жазыңыз.

№8 Гендік инженерияның пайда болуы және ген инженерисы шешетін мәселелер.

Оқу мақсаты:

- 9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;
- 9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру;

Сабақ мақсаты :

- Әртүрлі стиль тақырыптарын салыстырып талдау;
- Қызметін, құрылымын, тілдік ерекшеліктеріне талдау;
- Жазбаша, ауызша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру.

Бағалау критерийі:

- Әртүрлі стиль тақырыптарын салыстырып талдайды;
- Қызметін, құрылымын, тілдік ерекшеліктеріне талдайды;
- Жазбаша, ауызша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрады.

Тапсырма.

Оқылымалды тапсырмасы. Публицистика (латынша: көпшілік, әлеумет)—қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады.

Оқылым тапсырмасы. Гендік инженерияның пайда болуы және гендік инженерия шешетін мәселер туралы екі стильдегі мәтін ұсынылады.

Мәтінді оқылымның түрлі стратегиялары арқылы оқып шығады.

Мысалы:

- 1) жеке оқу;
- 2) жұпта екі мәтінді бір-біріне мазмұндап береді;
- 3) топта талдайды.

1-мәтін	2-мәтін
Генетикалық инженерияның көздеген мақсаты мен зерттеу әдістеріне байланысты мынандай деңгейлерін ажыратуға болады: 1) молекулалық (геннің құрамды бөліктерін зерттеу); 2) гендік; 3) хромосомдық; 4) клеткалық; 5) ұлпалық; 6) организмдік; 7) популяциялық. Басқа биологиялық ғылымдар сияқты генетикалық инженерияның да дамуының тарихы бар. Бұл саладағы алғашқы зерттеулердің қатарына Н.П. Дубининнің (1934 ж.) дрозофила шыбындарының хромосом санын өзгерту бағытында жүргізген жұмыстары жатады. Ол рентген сәулелерімен әсер ету жолымен хромосома санын өзгертуге болатындығын анықтады. 1956 жылы Е.Сирс рентген сәулесінің көмегімен жабайы эгилопс өсімдігі жапырағының сары дақ ауруына төзімділігін анықтайтын генді жұмсақ бидайдың хромосомасына апарып салған. Нәтижесінде жұмсақ бидайдың сары дақ ауруына төзімді формасы алынған. 1971 жылы В.А.Струнников ген және хромосом деңгейіндегі генетикалық инженерия әдістерін жібек құртында пайдаланды. Клетка деңгейінде жүргізілетін жұмыстардың ішінде сомалық клеткаларды гибридизациялау әдісі кеңінен қолданылады. 1960 жылы Ж.Барский	Ген инженериясы молекулалық биологияның жаңа саласы. Ол лабораториялық әдіс арқылы генетикалық жүйелер мен тұқымы өзгерген организмдерді алу жолын қарастырады. Ген инженериясының пайда болуы генетиканың, биохимияның, микробиологияның және молекулалық биологияның жетістіктерімен байланысты. Бұл атаудың екі түрі қолданылады: «генетикалық инженерия» және «ген инженериясы». Соңғы кезде «генетикалық инженерия» жалпылама түрде қолданылып жүр, ген инженериясы да осының ішіне кіреді. Соңғы жылдары ғалымдар тұқым қуалаушы ауруларды тоқтатудың, ағзадағы ақауды реттеудің ғылыми-қолданбалы жолын ұсынуда. Бұл сөзсіз адам баласы ойлап тапқан ең пайдалы жаңалықтардың бірі. Бірақ ғылым сол күйі дами берсе, зертханаларда жасалып жатқан түрлі тәжірибелердің зиян жағы болмай ма? Гендік инженериядан қауіп бар ма? Гендік манипуляция бұрын-соңды болмаған жаңа тіршілік иелеріне «жаңа өмір» сыйлауы мүмкін. Демек, жақын келешекте түрлі биороботтар мен мутант тіршілік иелерінің ортамызды толтыру ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды.

жануарлардың сомалық клеткаларының бір - бірімен қосылып, екі клеткадағы генетикалық информацияны біріктіруге қабілетті екендігін көрсетті.	
---	--

К. Гржешик (1973 ж.) көп жыл бойы лабораторияда жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде сомалық клеткалардың тур ішіндік және түр аралық гибридтерін алды.	
---	--

Берілген екі мәтіннің тақырыбындағы ұқсастығы мен айырмашылығын табыңыз.

Екі мәтіннің мазмұнындағы айырмашылықты жазыңыз.

Екі мәтіннің мақсатындағы айырмашылықты жазыңыз.

Екі мәтіннің формасындағы айырмашылықты жазыңыз.

Екі мәтіннің стилі мен жанрындағы айырмашылықты көрсетіңіз.

Екі мәтіннің тіліндегі айырмашылықты жазыңыз.

Екі мәтіннің құрылымындағы айырмашылықты жазыңыз.

Оқылымнан кейінгі тапсырма. Жазбаша, ауызша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрады.

1. Оқылым мәтіні бойынша жазуға қажетті тірек сөздер белгіленеді.

2. Тірек сөздер арқылы берілетін ұғымның (тұжырым) қасиеттерін, белгілерін, ерекшеліктерін сипаттайтын етістіктер анықталады.

3. Тармақтарға жіктеледі.

4. Тармақтар арқылы мазмұн болжанады.

5. Тармақтар арқылы жоспар құрылады.

6. Сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолданады.

Жоспар құруға үлгі:

I. Кіріспе бөлім.

1. Тезис

2. Тезис

II. Негізгі бөлім.

1.Тезис:

А) сөйлем;

Б) сөйлем;

2.Тезис:

А) сөйлем;

Б) сөйлем;

В) сөйлем.

3. Тезис.

III.Қорытынды бөлім

«Менің соңғы сөзім» әдісі

Оқушылар жұпта бір-бірінің жоспарларын оқиды.

Дескриптор:

- Әртүрлі стиль тақырыптарын салыстырып талдайды-
- Қызметін, құрылымын, тілдік ерекшеліктеріне талдайды-
- Жазбаша, ауызша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрады-

№9 Синтаксис Бұқаралық ақпарат құралдары. Газет-журналдардың адам өміріндегі орны.Ғаламтор желісінің мүмкіндіктері.

Оқу мақсаты:

• 9.2.1.1тұтас емес(кесте,диаграмма,сызба,сурет)мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу

• 9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау;

• 9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Сабақ мақсаты:

• Тұтас емес(кесте,диаграмма,сызба,сурет)мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;

• Жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау;

• Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Бағалау критерийі:

- Тұтас емес(кесте,диаграмма,сызба,сурет)мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;
- Жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялайды;
- Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолданады.

Тапсырма.

Оқылым алдындағы тапсырма.

Оқушылар теледидардан басқа бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері бойынша ой карталарын жасайды. БАҚ-тың әрқайсысы қандай өнім ұсынатындығын тізіп шығулары керек. Мысалы: Ғаламтор - теледидар шоуларын, ән мен бейнеклиптерді, блогтарды, жаңалық пен мақалаларды, оқиғаларды қамтиды. БАҚ-тың қолданушыларын қарастырады. Мысалы: жастар жаңалықтарды интернет беттерінен оқиды.

(2-нұсқа тапсырма)«Эстафета» әдісі.

1 топ. БАҚ пайдасы не? Пікір жазу

2 топ. БАҚ сызбаға түсір. (пайдасы, мазмұны, маңыздылығы, байланысы)

Оқылым тапсырмасы. Берілген тұтас емес мәтінмен танысып, екі түрлі ақпаратты салыстырып, өңдеп, SWOT талдау жасаңыз.

1.2. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

а) Бұқаралық ақпарат құралдары мерзімді баспасөз және электронды БАҚ деп бөлінеді. Мерзімді баспасөзге газеттер, журналдар және де басқа да мерзімді баспасөз өнімдері жатады. Электронды БАҚ – радио мен телевизия.



Мерзімді баспасөз – баспа станогы көмегімен басып шығарылған, ақпаратты қағазға басылған мәтін, сурет, кескін, схема, графика және басқа да графикалық формалар түрінде жеткізетін, оқырман ақпаратты тек визуалды (газеттер, күнделіктер, журналдар, альманахтар, кітаптар) қабылдайтын бұқаралық ақпарат құралы. Мерзімді баспасөз уақытының тығыздығына немесе басқа да себептерге байланысты телеарнадағы жаңалықтарды тұрақты көре алмайтын адамдар үшін ыңғайлы.



Электронды БАҚ Радионың артықшылығы – ақпаратты аудиалды формада таратуында. Телевизияның артықшылығы – аудио және визуалды бейнелер. Бұрындары баспасөзді оқығанда оқыған материалға қайта оралуға болады, газет немесе журналдан алынған ақпаратты жаңартып отыруға болады, бұл электронды БАҚ-пен салыстырғанда мерзімді баспасөздің артықшылығы деп саналған болатын. Қазір электронды БАҚ-тың веб-нұсқалары бар, онда телевизиялық өнімдерді кез келген уақытта көруге болады, тіпті стенограммасы да беріледі.

б) БАҚ тақырыбы бойынша қоғамдық-саяси және салалық деп бөлінеді. Қоғамдық саяси басылымдар қоғам өміріндегі маңызды мәселер мен оқиғаларды көтереді, ал салалық басылымдар нақты бір салаға, тақырыпқа арналады. Оларға ведомстволық немесе салалық/тақырыптық басылымдар жатады. Олар көбіне интернетте немесе газет-журнал түрінде шығады. Мысалы, мұғалімдерге, дәрігерлерге арналған журналдар, ауыл-шаруашылығы саласы бойынша және т.б. осындай салалық БАҚ-ң қоғамдық-саяси БАҚ-қа айналған кездері әлемдік тәжірибеде болған. Мысалы, бүкілресейлік мемлекеттік қоғамдық-саяси «Звезда» (Ресей) арнасы әскери тақырыптарға бағытталған.

в) БАҚ жіктелуінің басқа да түрлері бар:

- шығу жиілігі бойынша: күнделікті, апталық, айлық;
- таралу аумағы бойынша: 1.орталық, жалпыұлттық, республикалық; 2.облыстық, аймақтық; 3.қалалық; 4.аудандық; 5.ауылдық;

1.3. БАҚ-Ң ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ РӨЛІ

БАҚ-тың заманауи адам өміріне тигізер қандай да бір әсері жайында айту қиындау. Десе де әлем елдерінің көпшілігінде ақпаратты тұтынудың негізгі көзі интернет болып отыр. M-Vestor консалтингтік-зерттеу компаниясының 2013 жылы жүргізген сауалнама нәтижесіне сәйкес Қырғызстан үшін ақпарат тұтынудың негізгі көзі әлі де дәстүрлі БАҚ екен. Ресейлік саясаткер Сергей Масауловтың зертеуіне сәйкес Қазақстандықтардың 48,9 пайызы телеарналарда көрсетілген ақпаратқа сенеді.



Дереккөз: «Мәдениет және қоғам» журналының 2013 жылғы 1-ші санындағы зерттеу нәтижелері.


2016 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 2763 БАҚ тіркелген. Басым бөлігін – 86% – баспасөз, 11% – электрондық БАҚ, 3% – ақпараттық агенттіктер құрайды. Қазіргі уақытта елімізде 1156 газет және 1269 журнал жұмыс істейді. Сондай-ақ, 285 электрондық бұқаралық ақпарат құралы тіркелген, олардың ішінде телерадиокомпания – 169 (108 – телекомпания және 61 – радиокомпания), кабельдік оператор – 108 және спутниктік хабар тарату операторы – 8. Ақпараттық агенттіктердің жалпы саны – 41. Желілік басылым ретінде орыс және қазақ тілдеріндегі 15 басылым тіркелген.

Қазақстанда 11 телекомпания мен 7 радиостанция республикалық мәртебеге ие («Қазақстан» РТРК» АҚ, «Хабар» агенттігі» АҚ, «КТК» АҚ, «НТК» ЖШС, «Рахат-ТВ» ЖШС, «Астана қ. телевизиясы» ЖШС, «31 канал» ТРК ЖШС, «Эра» телерадиокомпаниясы» ЖШС, «Европа плюс Қазақстан», ЖШС, «Русское радио-Азия» ЖШС және «NS радиосы» ЖШС т.б.)

Қазақстанның аумағында қызмет көрсету сапасы мен деңгейі жоғары ақылы көп бағдарламалы қызметтер ұсынатын эфирлік-кабельдік телевизия желісінің 108 операторы жұмыс істейді. Олардың қызмет сапасы, әдетте, жергілікті сипатқа ие. Бұл ретте, арналардың пакеті 14-тен 130-ға дейінгі телевизия бағдарламасы аралығында болады. Бұл спектрді «Алма-ТВ», «DIGITAL TV», «ID TV» және «ICON» сияқты бірқатар ірі операторлар ұсынады. Кабельдік және эфирлік-кабельдік телевизия инфрақұрылымы Алматы, Астана, Қарағанды, Қостанай, Өскемен, Павлодар сияқты ең ірі қалаларда дамыған. «Қазтелерадио» АҚ ақпараты бойынша Республикадағы 4 млн. үй шаруашылығының 1,6 млн. эфирлік-кабельдік телевизиямен қамтылған, бұл - шамамен 5-6 млн. адам. Қазіргі уақытта уәкілетті органда 270 шетелдік теле-, радиоарна есепке қойылған. Олардың: 185 – ресейлік, 24 – ағылшын, 16 – француз, 11 – америкалық, 7 – түркиялық, 6 – украиндық, 18 – өзгелердікі (Нидерланды, Корей, Гонконг, Шешен Республикасы, Дағыстан Республикасы, Беларусь, Эстония, Кипр, Швейцария, Германия, Люксембург Герцогтігі, Әзербайжан). Республика аумағында шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын ірі таратушылар - «Қазпошта» АҚ, «СП «АиФ-Казахстан» ЖШС, «Евразия пресс» АҚ, «Алма-ТВ» АҚ, «Қазцентр-ТВ» ЖШС. Олар тарататын масс-медиа көлемі жиынтығы 70% құрайды. Шетелдік өнімдерді таратушылардың 93 % - заңды тұлғалар.

Соңғы жылдары Қазақстанда дәстүрлі БАҚтан қарағанда интернет пен әлеуметтік желілер тұтыну жағынан ғана емес, әлеуметтік және өзге де проблемаларды шешуде билік пен қарапайым халық арасында көпір болып отыр. Бұл соңғы болған бірнеше оқиғалардан байқалады: Жер реформасы, Көк жайлау мәселесі, Үсенов пен Әліби оқиғалары.

Медиа және ақпараттық сауаттылықты арттыру үшін БАҚ-пен жұмыс жасау ерекшеліктерін, ақпарат кімнің қолында қалайша манипуляция құралына айналатынын білу керек және түсіну керек. Кітаптың бұл бөлімінде медиаға байланысты негізгі ұғымдарды қарастырамыз, БАҚ-ты қоғамдық санаға ықпал ету және манипуляция мақсатындағы құрал ретінде зерттейміз. Сонымен қатар, БАҚ-тағы ақпаратты сыни тұрғыда талдап-сараптауға көмектесетін сұрақтарды қарастырамыз.



Оқылымнан кейінгі тапсырма. «Неге?Неге?Неге?» әдісі. Оқушылар шеңберге тұрады. Бір оқушы осы мәтін бойынша не үйренгенін айтады және сөйлемін«неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі оқушы сол сұраққа жауап беріп, жауабын «Неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Сынып оқушылары осы әрекеттерді тізбек бойынша жалғастырады. Соңында барлық оқушылар орындалған тапсырмаларды еске түсіріп, тақырыптың түйінді идеяларының байланысын түсінеді.

Жазылымды тапсырма. Оқушылар «Қазақ баспасөзі: Кеше. Бүгін. Ертең» тақырыбында әңгімелеседі. Тақырыпты екі қырын қарастыра отырып өздерінің тұжырымдамаларын кезекпен айтады.

Жазылым тапсырмасы.

(№1 тапсырма) Оқушыларға «Айқын» газетіндегі «Баспа ісінің бастауында» мақаласының үзіндісі таратылады.

Жазба жұмысын ой бөліктері мен абзацтарға бөлу.

Ақпарат, идеяны дұрыс жүйелеп, асты сызылған тіркестерді логикалық түзетулер енгізу, редакциялау.

МӘТІН. Бір жарым ғасырға таяу ғұмыры бар қазақ баспасөзі халқымыздың тағдырымен біте қайнасып, бірге жасасып келеді. Осы мезгіл ішінде түрлі кезеңдерді бастан кешіп, біресе алға басып дамыса, енді бірде жүрісін баяулатып, тіпті тоқыраған тұстары да болмай қалған жоқ. Бір кереметі, қандай жағдайда да қоғамдық ойдың қозғаушы күші қызметін адал атқарып келеді. Оған тарих куә. Ұлтымыздың кейінгі жүз жылдан аса тарихының сырлы шежіресі – қазақ баспасөзі 19 - ғасырдың екінші жартысында «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» болып дүниеге келді. Бұл басылымдар шын мәнінде ұлтымыздың дамуы бағытын да едәуір көп еңбек сіңірді. Баспасөз – халықтың қоғамдық - әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени - әдеби дүниетанымын қалыптастыруға, кеңейтуге әсер ететін бірден – бір құрал. Қазақ баспасөзінің де халықтың саяси ой – пікірін оятып, дүниетанымын байытуға едәуір әсері болды. Газеттің ақпарат жеткізуші, үгіт –насихат саласындағы қызметі жөніндегі А. Байтұрсыновтың: “Газет –халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды” (Қазақ, 1898, №10) –деуі, газеттің әлеуметтік – қоғамдық өмір саласындағы алатын орнын, қызметін нақты бағалаудан туындаған.

Дескриптор:

Жазба жұмысын ой бөліктері мен абзацтарға бөледі-

Ақпарат, идеяны дұрыс жүйелеп, асты сызылған тіркестерге логикалық түзетулер енгізу, редакциялайды-

(Нұсқаулық 1. Логикалық түзетулер енгізу: Мәтінді абзацтарға бөлгеннен кейін олардың арасындағы логикалық тізбекті және байланыстарды анықтаңыз. Әрбір абзац келесіге органикалық түрде апаратынына және жұмысыңыздың жалпы идеясын қолдайтынына көз жеткізіңіз.

2. Өңдеу: абзацтар мен бөліктерге бөлуді аяқтағаннан кейін өңдеуді бастаңыз. Оқу және түсінуді жақсарту үшін сөйлем құрылымына, тіліне, тыныс белгілеріне және стиліне назар аударыңыз.)

(2-мәтін нұсқасы үлгі)

Бұқаралық ақпарат құралдары

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) — арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Бұқаралық ақпарат құралдары Наполеон: «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор», — деген екен. 1840 жылы француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады. Бұқаралық ақпарат құралдарының басты мақсаты – әлеуметті қоғамда, әлемде болып жатқан түрлі жаңалықтарды үздіксіз жүйелі түрде таратып отыру, ел ішінде, елден тыс жерлерде болып жатқан әлеуметтік, идеологиялық, мәдени, саяси мәселелер туралы қоғамдық пікір туғызу.

Бұқаралық ақпарат құралдары әртүрлі бағытта ақпарат таратса да, олардың арасында қандай мәселеге басымдық білдіруіне қарай басылымның тұрақты жанры қалыптасады. Мысалы, «Ана тілі» газетінің тілдің әлеуметтік жайына қатысты мәселелер, осы салада еңбек етіп жатқан зерттеу, білім беру мекемелерінің мәселелері көбірек талданады. «Қазақ тілі мен әдебиеті» деп аталатын республикалық журналда көбінесе тіл мен әдебиеттің теориясы және оны жалпы білім беретін мектепте, жоғарғы оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесіне қатысты ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік мақалалар, мұғалімдер мен оқытушылардың білім саласына байланысты ой-пікірлері жарияланады.

Бұқаралық ақпарат құралдары

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) — әлеуметтік мекемелер. Ақпараттарды арнайы техникалық құралдардың көмегімен жария ету. Ең алғаш француз жазушысы Оноре де Бальзак 1840 жылы баспасөзді «төртінші билік» деп атаған екен. Бұл БАҚ басты мақсаты – әлемде болып жатқан түрлі жаңалықтарды үздіксіз жүйелі түрде таратып отыру және қоғамға ел ішінде, елден тыс мәселелерге идеологиялық, саяси, мәдени мәселелер туралы пікір туғызу болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары әртүрлі бағытта таратса да, қандай да бір мәселенің басымдық білдіруіне қарай басылымның да жанры қалыптасады. Мысалы, түрлі туған пікірлерге байланысты мәселелер де көбірек талданады.

Дескриптор:

Баспаісінің басталу тарихын түсінеді-

Сабақтас құрмалас сөйлемдерді орынды қолданады-

Сөйлеу мәдениетін сақтайды-

(Тапсырма 2-ші нұсқа) «Қазақстандағы «БАҚ-тың рөлі қандай?» деген тақырып бойынша берілген жағдаяттың бірін таңдап, «РАФТ» стратегиясымен жазба жұмысын жазыңыз. Рөл. Аудитория.Форма. Тақырып.

1«Егемен Қазақстан» газеті зейнеткерлер Хат.

2.Қазақстандағы «БАҚ-тың рөлі қандай? «Ұлан» газеті жасөспірімдер Жарнама. 3.«Қазақстан ұстаздары» журналы мұғалімдерҮндеу.

Дескриптор:

- рөлді таңдайды-

- аудиторияның қызығушылығын тудырады -

- мәтіннің жанры сақтайды-

- тақырыпты ашады -

Жазылымнан кейінгі жұмыс

Тапсырма .Оқушылар мақаланы мұқият оқып, тарихи жәдігерлер сыры туралы жұбымен пікірлеседі және мақаладағы сабақтас құрмалас сөйлемдерді анықтап, синтаксистік қызметтің ерекшеліктерін анықтайды. «PPP әдіс»

Р-танысу (Сабақтас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлері)

Р-қолдану (Мәтінен алынған мысалдармен дәлелде)

Р-тәжірибе (Мәтінмен жұмыста түрлерін қолдана білу)№10 Ғаламтор желісінің мүмкіндіктері.

Оқу мақсаты:

9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелер мен байланыстыра білу


9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу;

Сабақ мақсаты:

Бағалау критерийі:


Тыңдалымалды тапсырмасы.Медиа әлем және жасөспірім.Оқушылардың ғаламорда өткізетін уақыты.

Диаграммалық кестеге түсіру.



Тыңдалым тапсырмасы.

21 ғасырды тұтыныс ғасыры деп атайды. Бұл тұрмыс заттарына, тамақ, киім, гаджеттерге ғана қатысты айтылмаған, бұл жерде ақпаратты тұтынудың орны бөлек. Ал дәл қазір ақпараттық тұтыну шектен тыс көп. Деректерге назар аударайық: Интернетте әр минут сайын не болады? • 204000 электронды хат жолданады. • Facebook-те 6 000 000 парақша, 20 млн.сурет қаралады, 2 460 000 жазба жазылады. • Youtube-те 1 300 000 ролик қосылады. Бұл порталға 72 сағаттық видеохабарлама жүктеледі. Youtube-ке бір минуттың ішінде жүктелген видеоларды көріп шығу үшін сіз үш тәулік бойы тамақ ішпей, ұйықтамай көруіңіз керек. • Гуглдың іздеу жүйесі бір минутта 4 000 000 сұранысты өңдейді. • Вотсап мессенджерде бір минутта 347 222 сурет жіберіледі. • Твиттерде 277 000 жазба жарияланады. • Инстаграмда 216 000 жазба жазылады.



1-қадам. Жастар арасында ең көп тараған әлеуметтік желілер .Алты оқушыны ортаға шақыру керек (ең белсенді, ашық оқушыларды таңдаған дұрыс). Олардың біреуі өз еркімен сыртқа шығады, қалған оқушыларға

тапсырмалар жазылған карточкалар таратылады. Тапсырманы орындауға және дайындалуға 1 минут беріледі.(карточкадағы тапсырма мессенджер атаулары Facebook Youtube Google....)«Ақпарат арналары» ойынын ойнайтын оқушыларға арналған карточкалар (бастарына киюге немесе киімге қыстыруға болады)

2-қадам. Маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазады.

Тенденция –ұстаным,бағыт, идея.

Ерікті сыныпта мысалдар жазылған парақты алады. Ол бір минуттың ішінде барлық мысалды жазбаша түрде орындауы керек. Ол кезде карточка алған басқа оқушылар өздерінің тапсырмаларын орындауға көшеді.

Дескриптор

Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелер мен байланыстырады-

Мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазады-

(Нұсқаулық ретінде Графиктік мәтінді талдап жазу 4 бөлімнен тұрады: *кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру, қорытынды*)

№10 Синтаксис. Әлемдегі қақтығыстар және бейбітшілік. Бейбітшілік - әлем халқының арманы

Оқу мақсаты:

- 9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру;
- 9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;
- 9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану.

Сабақ мақсаты:

- Мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру;
- Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану.
- Мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру.

Тапсырма. Мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру.

«6 неліктен» әдісі бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңыз.

1.Неліктен бейбіт өмір бақыт ,береке әкелумен бірге өрлеу мен еркіндікке жол ашады дейміз?

2.Неліктен.....

3.Неліктен.....

«СПИН сұрақтар» әдісі. Саралаудың диалог және қолдау тәсілі

С ситуациялық	П проблемалық	И ұғындырушы	Н бағыттаушы

Кез келген елдің тілегі де, оның арманы да халқының бейбітшілігін сақтау екені сөзсіз. Елінің экономикасын дамытып, халқының қауіпсіздігін нығайту арқылы ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Өйткені, бейбіт өмір бақыт, береке, бірлік әкелумен бірге, өрлеу мен өркендеуге жол ашады. Дана халқымыз «Байлық байлық емес, бірлік – байлық» деп бекер айтпаса керек. Бұқара халық әрдайым тыныштықта, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандайды. Ал ұрпағы-ның амандығы келешегінің кемелдігін білдіреді. Өткен тарихқа көз салсақ, адамзат небір сұрапыл соғыстардан көз ашпады. Қаншама елдер соғыс зардабынан құлдырап, азып-тозды. Талай жазықсыз жандар сол зұлматтың зардабын шекті. Мұның барлығы бейбітшілік кеткен жерді берекесіздік жайлай-тындығын тайға таңба басқандай етіп анық көрсетуде. Бейбітшілікті сақтау, соғыс отын тұтатпау, бейбітшілік үшін күресу қазіргі ХХІ ғасырдың да ең өзекті мәселелерінің біріне айналды. Содан болар, халықаралық қоғамдастық бейбітшілікті жалпыадамзаттық құндылықтар қата-рына қосып отыр. Сауатты да саналы, парасатты елдің ұрпағы өткеніне көз жіберіп, ата-бабасының жолынан сабақ алары ақиқат. Сонысымен тарихын бағамдап, келешегін кемелдей түседі. Біз де өткенімізге үңіле қарайықшы. Қазақ халқы да тағдырдың қатал сынын басынан кешті. Осының салдарынан жер бетінде ұлт ретінде жойылып кету қаупі әлсін-әлсін қайталанды. Соғыстар, көтерілістер, онан қалды ашаршылықтар – мұның барлығы халықтың қырылып, азып-тозуына әкеліп соқты. Әйтсе де, «мың өліп, мың тірілген» бабаларымыз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, еліміз бен жерімізді сыртқы жаулардан азат ету жолында аянбай күресті.

Дескриптор:

Мәтінді оқып, көтерілген мәселені анықтайды-

Оқырман қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырады-

Сұрақтарды кестеге түсіреді-

Жазылым алды тапсырмасы:

ҰЖ.

«А,В,С» әдісі.

А-сұрақ қояды

В-жауап береді

С-жауапты бақылап, толық болмаса, толықтырады.

1. Мақала дегеніміз не?
2. Аннотацияның мақаладан айырмашылығы қандай?
3. Мәтіннің құрылымы мен ресімделуін қалай ажыратамыз?

4. Мәтіннің жанрын қалай түсінеміз?

Дескриптор

- мәтіннің жанрын ажыратады;
- мәтіннің құрылымын анықтайды;
- мәтіннің ресімделуін көрсетеді;
- тақырыпқа қатысты 3-4 термин сөздер табады.

Жазылым кезі тапсырмасы: «Жылдам жазба» әдісі

Ақпарат пен идеяны негізге ала отырып, керісінше 1-топ мақала, 2-топ аннотация жазады.

1. Тапсырма: Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырат. (мақала, аннотация). Құрылымы мен ресімделуіне талда.

1 топ. Аннотация мәтіні. Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын қолданыңыз

2 топ. Мақала мәтіні. Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын қолданыңыз.

Мәтіннің жанры қандай?
Мәтін қалай рәсімделген? (абзацтар, бөлімдер т.б.)
Мәтіннің құрылымы қандай? (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)
Мәтінде тақырыпқа қатысты қандай терминдер кездеседі?

Дескриптор

- ақпарат пен идеяны жүйелейді-
- ғылыми деректерді қолданады-
- Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын қолданады-
- 5 минут ішінде аннотация жазады-

Дескриптор

- ақпарат пен идеяны жүйелейді-
- ғылыми деректерді қолданады-
- Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын қолданады-
- 5 минут ішінде мақала жазады-

Жазылымнан кейін «Минуттық шешім» әдісі

Мақала мен аннотацияға логикалық түзетулер енгізу және редакциялау.
Топ ішінде бір-бірін тексереді.

Мәтін мазмұны	Мәтіннің ресімделуі
---------------	---------------------

_____	_____
Мәтіннің жанры	Грамматикалық, пунктуациялық қателер
_____	_____
.....орнына,орынды.сөздің орнына,қолданар едім. сөйлемдердің жасалу жолдары	
Аралас құрмалас	

Дескриптор

- жанры дұрыс сақталды-
- пунктуациялық, грамматикалық қателер жоқ-
- мәтін мазмұны тақырыппен ұштасқан-
- мәтін дұрыс ресімделген-

№11 Пунктуация. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.

Сарқылатын және сарқылмайтын ресурстар.Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар.

9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;

9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу

9.2.3.1 мақала, презентацияның құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;

9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру;

9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау

9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;

9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау

9.4.5.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану

Сабақ мақсаты:

9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;

9.4.5.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану

Бағалау критерийі:

Мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырады;

Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолданады.

Жазылымалды тапсырма. Мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру. (Публицистикалық стиль. Мақала)



Жазылым тапсырмасы

1-қадам. Берілген суреттер желісі бойынша сөз тіркестерін анықтап, зерттеу тақырыбын талқылаңыздар.

2-қадам. Аргументтер мен идеялар жинағын жасаңыздар.

3-қадам. Жоспарлау және құрылымын басшылыққа алыңыз.

4-қадам. Жоба жазумен әзірлеңіздер.

5-қадам. Өңдеу және түзетулер жасаңыздар.

6-қадам. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолданыңыз.

- 1-топ. Мақала
2-топ Нұсқаулық
3-топ. Хабарландыру

Жазылымнан кейінгі тапсырма.

Тиісті құрмалас сөйлемнің ішінде қойылатын тыныс белгілерін қойыңыз.				
үтір	қос нүкте	нүктелі үтір	сызықша	үтір мен сызықша
Қасынан тазы иттер жүгіріп өтсе, балалар шапқылап кетсе семіз сары ат кермені сүзе жөнеліп, ары-бері бұландап елегізіп қояды. (М.Ә.)	Дос санын соқты желөкпе жігіттер тәуір аттарды таңдап әкеткен. (Ө.Н.)	Уақыт тізгінді қолға берер емес сағымдай бұлдырап ынтық қып, шаршатып, бір жеткізбей-ақ қойды.	Тұманның қалыңдығы сонша түк те көрінбейді.	Сөз бергенге ерме бөз бергенге ер. (мақал)

9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу

Тыңдалым алдындағы тапсырма «БЕС СҰРАҚ» әдісі Интербелсенді тақтада «Табиғат ресурстары» тақырыбында виде көрсетіледі. Көрсетілген материал бойынша «бес сұрақ» әдісі жүргізіледі Оқушыларға «Қалай» немесе «Неге» деген сұрау есімдіктері қолданылатын сұрақтар қойылады. Оқушылардың жауаптарына қарай сұрау есімдіктері қайталанып қойыла береді.


Тыңдалым тапсырмасы.

Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыру үшін берілген кестені толтырыңыз. Дүниежүзіндегі және Қазақстандағы қазіргі экологиялық мәселелер Ең басты мәселенің бірі – жер шарындағы халық санының артуы. Жер шарындағы халықты азық-түлікпен, жылу энергиясымен, киім-кешек, т.б. материалдық жағдайлармен қамтамасыз ету үшін қаншама табиғат ресурстары қажет. Ғылыми-техникалық прогрестің дамуы қоршаған орта жағдайын нашарлатып, адамдардың денсаулығына орасан зор зиян келтіруде. Әлемдік экологиялық мәселелердің ішіндегі ең қауіптілерінің бірі – биосфераның ластануы. Адамның табиғатты өзгертуге байланысты іс-әрекеттері ғаламшардағы тіршілікке қауіп төндіретін өзгерістер тудыратын деңгейге жақындады. Апатты құбылыстар бүкіл

ғаламшардың ырғақты тепе-теңдігін бұзып, дүниежүзілік климаттың өзгеру қаупін туғызуда. Мысалы, адам Қарабұғаз көлді Каспий теңізінен топырақ қамалы арқылы бөліп, теңіз деңгейінің төмендеуін тоқтатқысы келді. Ал 25–30 жыл өткен соң, Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі шығанақпен байланысты емес, оның жердің эволюциялық даму заңына тәуелді екені айқындалды. Қазақстанда соңғы жылдары Каспий теңізі деңгейінің көтерілуі және Арал теңізі мен Балқаш көлі деңгейінің төмендеуі жалпы ауа райына, фауна мен флораның қалыпты тіршілігіне зиян келтіруде. 1970 жылы Балқаш көліне құятын Іле өзенінің орта ағысы тұсынан Қапшағай су электр станциясының салынуы Іле-Балқаш су алабының экологиялық жағдайын шиеленістіріп жіберді. Қапшағай су қоймасы өзінің ауқымын кеңейтіп, мыңдаған гектар табиғи жайылымдар мен тоғайлар су астында қалды. «Қызыл кітапқа» енген ағаштар жойылып, көптеген аңдар мен құстардың саны азайып кетті. Қазақстанның экологиялық жағдайы табиғатты тиімді пайдалану, көркейту және қорғау мен қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүйелі әрі ғылыми негізде, кешенді тұрғыда жүргізуді қажет етеді.

Тапсырма. «Себеп-салдар айналасы» әдісі



Дескриптор

Ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстырады –

Мәселенің өзектілігін, туындау себебін айқындайды -

Мәселенің салдарын анықтап, өмірлік мәселелермен байланыстырады-

Мәселеге қатысты пікір білдіріп, шешу жолдарын ұсынады-

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма

Мәтіндегі –өзекті мәселелерді сипаттаңыз (5 сөйлем)

Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолданыңыз.

9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;

9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау Оқылымалды тапсырмасы.

Т. «Концептуалды кесте» әдісі. Әр түрлі ғылыми еңбектерден алынған деректерге сүйене отырып, сілтеме жасаңдар, кестені толтырыңдар.

1-топ. Болашақ ұрпақ үшін (ғаламтор арқылы)

2-топ Табиғи ресурстар (оқулықтағы мәтін)

3-топ. Екібастұздағы «Богатырь Көмір» ЖШС-нен 44,5 миллион тонна көмір жөнелтілді. «Егемен Қазақстан» газет

Тақырыпқа ат қою

Қозғалған мәселелер

Табиғат пен адам байланысы

Қай стильде жазылған, аудиториясы кімдер анықтау

Дескриптор:

Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолданады

Тақырыпқа ат қояды

Қозғалған мәселелерді жазады

Байланысын табады

Стиль түрін жазады, аудиториясын анықтайды-

Оқылым тапсырмасы. Бөліктерге бөлінген мәтінін ұсына отырып, мазмұн жүйелігін анықтау үшін тізбектеп оқу әдісін қолдану. (Мәтінді бөліктерге бөліп оқушыларға ұсыну)

МӘТІН. Табиғат пен адам - егіз ұғым

Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,

Табиғаттың оны айтатын тілі жоқ.

Табиғат - тіршілік көзі. Табиғатты қорғау біздің парызымыз, оның әрбір әсері үлкен роль атқарады. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де табиғатты одан әрі әсерлендіреді. Әр жыл мезгілдері әр қилы. Төрт жыл мезгілі - төрт түрлі ғажайып күй сыйлайды. Табиғат бізге көп әсемдігін, таза суын, көк аспанын будақ бұлттарымен мөлдір суын береді. Таудан аққан өзен дауысы, жасыл шөптің сылдыры және әр нәрсеге, бізге әсемдік береді. Табиғаттың ғажайып әсемдігін көз алдыға елестете отырып, өзің бір керемет сезімге бөленесің. Табиғаттың бар әсемдігін, бар кереметін, оның әрбір әсерін сөзбен де, жазумен де жеткізу оңай емес. Оның керемет көрінісі жаныңды тебірентеді. Бұлттары мақтадай, шөптері кілемдей төселген. Табиғатты аялау әр адам үшін маңызды, себебі адамда табиғаттың бір бөлшегі. Таразы басында екі қымбат нәрсе бірі табиғат, бірі адам. Бірі жеңіл тартса таразы аударылады, демек адам мен табиғат егіз ұғым. Бір - бірінсіз өмір сүре алмайды. Сондықтан табиғатты аялап, қорғауымыз керек. Табиғатты аялау дейміз – ау. Осы бір сөздер парак жүзіне асқалы көп болғанын сізде бізде білеміз. Өзіміздің салдыр - салақтығымыздың нәтижесін көріп те жүргендейміз. Оған дәлел талай баланың дертті болып туылуы болса, ауа - райының үлкен өзгеріске ұшырауы, төрт мезгілде болатын құбылыстың бір күнде болуы, табиғат – ананың да денсаулығына нұқсан келгенін қинала отырып мойындаймыз

Ақын ағаларымыз табиғатты өлең тақырыптарына көп арқау еткен соның біріне тоқталар болсам:

Табиғатта сезімде, құлақта бар,
Ренжітсең қайғырып жылап та алар.
Аяласаң жаныңа шуақ тамар,

Қажығанда бойыңа қуат тамар.- демек менің құрметті замандастарым табиғатты аялайық! Табиғаттың тылсым күшіне ұшырағанша, табиғаттың әсемдігін сіңірейік. Биылғы Көктем шырайлы болсын, Жаз жаңбырлы болсын, Күз егінді болсын, Қысымыз қарлы болсын ағайын!

ТАПСЫРМА.

Баяндаушы. Жүйелі мазмұндауы. Өз ойына сүйене отырып, «Менің ойымша», «Меніңше» сөз тіркестерін пайдалану, маңызды фактілермен және дәлелдермен тоғыстыру

Ізденуші. Мәтінде көтерілген мәселені анықтау –

Сөзтапқыш. мәтіннің маңызды, қызықты жерлерін тауып оқу мәтіннің тақырыбын, руханилығын ашу құбылту (троп), айшықтау (фигура) түрлерін табу-

Дескриптор

Мәтін бөліктерін мазмұн жүйелігіне сай құрастыра алады-

Көтерілген мәселені анықтап, тақырыбын анықтайды-

Құбылту, айшықтау түрлерін табады-

Оқылымна кейінгі тапсырма.
Сұрақ құрастырушы. Негізгі оқиғаларды қамтитын сұрақтар құрастыру



«Қазақ тілі» пәнінен мәтінге кешенді лексика-грамматикалық талдау жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар»

11-сыныпқа арналған (жаратылыстану-математикалық)

1-бөлім. Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі.

Шешендік сөздер

1-үлгілік тапсырма

Оқу мақсаты: 11.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру

11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

Сабақ мақсаты: тыңдалған мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтайды

Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады

Бағалау критерийлері

Білім алушы: мәтінде көтерілген мәселені талдайды;

Негізгі ойды анықтап, ғаламдық мәселемен салыстырады

Берілген тіл бірліктерін орфография нормасына сай жазады

Тыңдалым алды тапсырмасы. Берілген суретке қатысты сөздер мен сөз тіркестер тізбегін жазыңыз

Дескриптор:

Суретке қатысты сөздер мен сөз тіркестерін жазады – 1 балл



Тыңдалым тапсырмасы.

1-тапсырма. Берілген мәтінді сыныптастарыңның оқуында тыңдап, мәтінде көтерілген мәселелерді талдап, негізгі ойын анықтаңыз

Дескриптор:

Мәтіндегі көтерілген мәселелерді анықтайды:

1-мәселе- 1 балл

2-мәселе- 1 балл

3-мәселе- 1 балл

Анықтама: Мәтінде көтерілген негізгі мәселе: автордың мәтінде қозғаған негізгі тақырыбы

Тыңдалым мәтіні

2007 жылғы мамыр айында Қазақстан Республикасы Конституциясына бірқатар өзгерістер енгізілді, бұдан кейінгі жылдардан бастап Қазақстан халқы ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, соның нәтижесінде ассамблея ҚР Парламенті Мәжілісіне мемлекет құрушы ұлт қазақтың өзін қосқанда тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі айтарлықтай артты.

2008 жылғы 20 қаңтарда еліміздің Президенті «Қазақстан халқы ассамблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды. Сөйтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің саяси жүйесінің толыққанды бөлігіне айналды. Басында тек руханият, тіл және мәдениет саласындағы іс-шаралармен ғана шектеліп қалуға тиіс ассамблея қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері айқындалып, саяси өмірге де араласуға бет алды.

Ең қызығы, негізін қазақ даласына әр қилы саясатпен жер аударылып келген диаспоралардың ұрпақтары құрай отырып, олар мемлекеттік ұлттық

саясаты әзірлеуге және жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етуге күш салды.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени саласын одан әрі дамытуға, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Ассамблеяның негізгі міндеті – қоғамда диаспорааралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, мемлекетқұрушы қазақ ұлтының дәстүрі мен тілін дәріптеу арқылы диаспоралар мәдениетінің сақталуына жағдай жасау, қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Сонымен қатар, Қазақстан халқы ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді.

Қазақстандық үлгі Біріккен ұлттар ұйымында, ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдерде, Копенгагенде, Венада, Женевада, Нью-Йоркте өткен халықаралық форумдарда таныстырылып оң бағаға ие болды, ЕҚЫҰ-ға қатысушы 56 мемлекет тіліне аударылды.

Қазіргі таңда еліміздегі барлық ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті, ынтымақтастықта өмір сүріп, еліміздің алға қадам басуына үлестерін қосып жатыр.

Мәтінде көтерілген I-мәселе:

Мәтінде көтерілген I-мәселе:

Мәтінде көтерілген I-мәселе:

Сұрақ түрлері

Қарапайым сұрақтар. Мәтін мазмұнын білу деңгейіндегі сұрақтар. Бұл сұраққа жауап мәтін мазмұны бойынша нақты әрі қысқа болуы қажет. Мысалы, Басты кейіпкердің аты кім? Мұқтаж жандардың үлес салмағы қанша?

Нақтылаушы сұрақтар. Мәтін мазмұнын түсіну деңгейіндегі сұрақ. Бұл «иә» немесе «жоқ» жауаптарын қажет ететін мәтін мазмұны бойынша оқушының түсіну деңгейін тексеру сұрақтары. ...екені рас па? Егер мен дұрыс түсінсем, ...Сұрақтарға жауап беру барысында оқушы өз жауабын дәлелді түрде жеткізуі қажет.

Түсініктеме беруші сұрақтар. Мәтін мазмұнына анализ жүргізу мақсатында қойылатын сұрақтар. Әдетте, «Неге?», «Неліктен?» деп басталады. Сұрақтар себеп-салдарлық мәнді анықтау мақсатында қойылады. Ескерерлік жайт, бұл сұрақтардың жауаптары мәтінде нақты көрсетілмеуі керек, оқушының сыни ойлауына бағыттаңыз.

Шығармашылық сұрақтар. Мәтінге синтез жүргізуге көмектесетін сұрақтар. Әдетте, келер шақты меңзеп қойылады, болжамды қамтиды. Мұқтаж

адамдарға көмек көрсететін бағдарламалар 100 пайыз жұмыс істейтін болса, мемлекет экономикасы қалай өзгерер еді?

Бағалаушы сұрақтар. Іс-әрекетті, оқиғаны, деректі бағалауға бағытталған сұрақтар. ... деген қарым-қатынасыңыз қандай? ... іс-әрекеті дұрыс па?

Тәжірибелік сұрақтар. Теория мен тәжірибе арасындағы байланысты анықтауға бағытталған сұрақтар. Басты кейіпкердің орнында мен не істер едім? Қазақстандағы кедейлік деңгейі туралы ақпарат мен үшін қаншалықты маңызды?

2-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз (бағалаушы сұрақтар арқылы)

Мәтінде көтерілген мәселелерді ғаламдық мәселелермен салыстыра отырып, сұрақтарға жауап беріңіз

1-сұрақ: *Қалай ойлайсыз, елімізде «Қазақстан халқы ассамблеясы» құрылуы дұрыс деп ойлайсыз ба? Ойыңызды дәлдеңіз*

2-сұрақ: *Президенттің әлемде баламасы жоқ заңға қол қоюы дұрыс па, бұрыс па?*

3-сұрақ: *«Қазақстан халқы ассамблеясы» үлгісі әлем елдері арасында оң бағаға ие болуының себебі неде деп ойлайсыз?*

4-сұрақ: *Әлемнің кейбір елдерінде қоғамдық-саяси тұрақтылықтың болмауының салдары қалай көрініс беруде?*

Дескриптор:

Берілген сұрақтар салыстырмалы түрде жауап береді- 0,5 балл

Өз ойын, көзқарасын білдіреді- 0,5 балл

1-сұрақ- 1 балл

2-сұрақ- 1 балл

3-сұрақ- 1 балл

4-сұрақ- 1 балл

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.

Берілген сөйлемге лексикалық талдау жасаңыз. Талдау барысында тілдік бірліктерді орфография нормасына сай жазыңыз

Талдауға ұсынылатын сөйлем: Қазіргі таңда еліміздегі барлық ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті, ынтымақтастықта өмір сүріп, еліміздің алға қадам басуына үлестерін қосып жатыр.

Дескриптор:

1. *Сөйлемге лексикалық талдау жасайды- 1 балл*

2. *Тілдік бірліктерді орфография нормасына сай жазады- 1 балл*

Лексикалық талдау үлгісі:

Талдау реті:

- Берілген сөйлемді оқыңыз, ондағы өзіңіз қалаған сөздің қандай мағынаны білдіріп тұрғанын анықтаңыз
1. Сол сөздің сөйлемде қандай мағынада жұмсалып тұрғанын дәлелдеңіз (тура ма, әлде ауыспалы ма)
 2. Мәтіннен мүмкіндігіне қарай, таңдаған сөздің синонимін, антонимін, омонимін табыңыз
 3. Мәтіндегі термин сөздерді жазыңыз
 4. Таңдап алған сөздің қазақ тілі сөздік құрамының қай тармағына жататынын дәлелдеңіз

1-үлгі мәтіні бойынша (болжамды жауап) тапсырмалардың орындалу үлгісі

Тыңдалым алды тапсырмасы

Суретке қатысты сөздер мен сөз тіркестері: *ұлттар мен ұлыстар, халықтар достығы, Тәуелсіз ел, бірлік, елтаңба, ту, бейбітшілік құсы*

Тыңдалым тапсырмасы

1-тапсырма. Мәтінде көтерілген мәселелер

1-мәселе – Қазақстан халқы ассамблеясына конституциялық мәртебе берілуі

2-мәселе – «Қазақстан халқы ассамблеясы» туралы әлемде жоқ заңға қол қойылуы

3-мәселе – Ассамблеяның негізгі мақсаты мен міндеттері және әлем елдеріне танылған қазақстандық үлгі

2-тапсырма. Мәтінде көтерілген мәселелерді ғаламдық мәселелермен салыстыру сұрақтары (болжамды жауаптар)

1. Елімізде «Қазақстан халқы ассамблеясы» құрылуы дұрыс деп санаймын, себебі елімізде көптеген ұлттар мен ұлыстар тұрады. Оларды қорғайтын, қолдайтын ұйымның болғаны дұрыс.

2. Президенттің әлемде баламасы жоқ заңға қол қоюы дұрыс деп есептеймін, себебі елімізде бірнеше ұлттар өмір сүретіндіктен, олар да белгілі бір тәртіпке, ішкі ережеге бағынуы тиіс. Олардың да құқықтары қорғалады, сонымен қатар біздің мемлекетіміздің алдындағы жауапкершіліктерін сезінуі тиіс.

3. «Қазақстан халқы ассамблеясы» үлгісі әлем елдері арасында оң бағаға ие болуының себебі, ешбір елде жоқ заңның болуы және бір елде қаншама ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқандығы деп ойлаймын.

4. Әлемнің кейбір елдерінде қоғамдық-саяси тұрақтылықтың болмауы түрлі саяси қақтығыстарға әкеліп жатыр. Қоғамдық-саяси тұрақтылық болмаса, адамдар зардап шегеді, бейбіт өмір болмайды. Тіпті көрші елдерге де зияны тиіп кетуі әбден мүмкін.

Ескерту: Оқушылар сұрақтарға жауап бергенде, дәлелмен, нақты жауап беріп, өз көзқарасын, позициясын жеткізуін, сөйлеу тіл мәдениетін ескеріңіз

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.

Берілген сөйлемге лексикалық талдау жасаңыз. Талдау барысында тілдік бірліктерді орфография нормасына сай жазыңыз

Қазіргі таңда еліміздегі барлық ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті, ынтымақтастықта өмір сүріп, еліміздің алға қадам басуына үлестерін қосып жатыр.

1. Сөйлемде еліміз алға қадам басуда ауыспалы мағынада қолданылып тұр.

2. Еліміздің дамып келе жатқанын айтып тұр.

3. **Синоним:** тату тәтті – бірлікте, ынтымағы жарасқан. *Синоним дегеніміз мағынасы жуық сөздер.*

Антоним: тату-тәтті – араз, берекесі қашқан. *Антоним дегеніміз мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер.*

Омоним: **Таңда** – қашан? Мезгіл үстеу

Орынды **таңда** – не істе? Етістік. *Таңда сөзі жазылуы, дыбысталуы бір болғанмен, мағынасы әртүрлі, сол себепті омоним болады.*

4. **Мәтіндегі термин сөздер:** конституция, ассамблея, заң, этнос, экстремизм, радикализм, форум т.б. *Ғылым мен техника, өндіріс саласында қолданылатын арнаулы заттар мен ұғымдардың атауы болатын сөздер.*

5. Қазақ тілі сөздік құрамына қарай: **ұлттар** сөзі – жалпылама қолданылатын сөз, негізгі сөздік қорға жатады.

Сөздік құрамның ең басты және тұрақты бөлшегі – негізгі сөздік қор

Ескерту: сөйлемнен оқушы өз таңдауы бойынша талдайтын сөзді немесе сөз тіркесін таңдай алады.

2-үлгілік тапсырма

3-бөлім. *Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция. Шешендік сөздер*

Оқу мақсаты: 11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру

11.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану

Сабақ мақсаты: Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, берілген пікірлер мен мәліметтерді өңдейді, толықтырады

Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады

Бағалау критерийлері

Білім алушы:

Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды

Берілген пікірлер мен мәліметтерді өңдейді, толықтырады
Интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады

Оқылым алды тапсырмасы

Берілген мақал-мәтелдің мағынасын ашып, оқылым мәтінін тақырыбын болжаңыз

Талдауға ұсынылатын мақал-мәтел:

Өзге елде сұлтан болғаниша, өз еліңде ұлтан бол.

Оқылым тапсырмасы

1-тапсырма. Мәтінді көз жүгіртіп оқып шығып, негізгі ойды анықтаңыз

Анықтама: *Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу (skimming) – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу*

Дескриптор:

Мәтінді көз жүгіртіп оқып, негізгі ойды анықтайды

1-негізгі ой – 1 балл

2-негізгі ой – 1 балл

Оқылымға ұсынылған мәтін:

Маккинси ғаламдық институтының (MGI) соңғы зерттеуі көрсеткеніндей, шекара асқан мигранттар (олардың 90 пайыздан астамы экономикалық себептермен көшкен) әлем халқының тек 3,4 пайызын құрағанымен, ғаламдық ЖІӨ-нің 10 пайызын береді екен. Бұл мигранттардың шамамен үштен екісі өнімділігі жоғары дамыған елдерде тұратындықтан, олардың жұмысының әсері де көп, экономикалық тиімділігі де жоғары. Мұнда түрлі кәсіби деңгейдегі мигранттардың бәрінің рөлі бірдей.

2015 жылы мигранттар әлемдегі ЖІӨ-ге 6,7 триллион доллар өнім өндіріп, үлесін қосқан. Егер өз елдерінде қалғанда олар бұдан 3 триллион долларға аз өнім өндірген болар еді. Дамушы елдерден дамыған елге қоныс аудару өнімділікті еселеп өсіретіндіктен, әлемдік ЖІӨ-ге қосатын үлестің 90 пайыздан астамы бай елдерге көшкендерге тиесілі. MGI-дің есептеуі бойынша, иммигранттар АҚШ-та 2 триллион доллардың, Германияда 550 миллиард доллардың, Ұлыбританияда 390 миллиард доллардың, Австралияда 330 миллиард доллардың, Канадада 320 миллиард доллардың өнімін өндірген.

Иммигранттар инновация мен кәсіпкерліктің ең маңызды көзі болғандықтан, бұл сандардың өзі тым аз шығар. Олар әсіресе халқы тез қартайып бара жатқан елдерде үлкен рөл ойнайды, себебі олар бұл елдер үшін өте қажет нәрсе – жұмыс күшінің санын арттырады, қарттар мен жастар арасындағы арасалмақты теңестіреді және салық түсімдерін көбейтеді.

Жалпы қалыптасқан көзқарасқа кереғар жағдай — иммигранттар көбіне жергілікті тұрғындардың жұмыс орындарын иемденбейді. Олар көп жағдайда жергілікті адамдар істеуді қаламаған жұмыстарға тұру арқылы қоғамға біртіндеп сіңіседі. Көптеген зерттеулерге қарағанда, иммигранттар барған

елдерінің фискалдық ресурстарын былай қойғанда, жергілікті тұрғындардың жалақысы мен жұмысқа тұруына мардымсыз кері әсерін тигізеді.

Сөздік жұмысы:

Мигрант – қандай да бір аумақтардың шекарасынан өтіп, ұзақ уақытқа немесе біржолата қоныс

Иммигрант – шетелдіктер – басқа мемлекеттердің азаматтары, қос азаматтығы бар адамдар, азаматтығы жоқ адамдар, олардың отбасылары немесе қоныс аударуға тілек білдіруші ұжымдық қоғамдастықтар.

ЖІӨ – Жалпы Ішкі Өнім

Мәтіндегі 1-негізгі ой:

Мәтіндегі 2-негізгі ой:

2-тапсырма. Мәтін үзінділерінен алынған пікірлер мен мәліметтерді өңдеп, өз ойыңызды қоса отырып, толықтырыңыз

Дескриптор:

Мәтін үзінділерін өңдеп, толықтырады:

1-үзінді- 2 балл

2-үзінді- 2 балл

Пікірлер мен үзінділер	Менің өңдеуім/толықтырулар
Дамушы елдерден дамыған елге қоныс аудару өнімділікті еселеп өсіретіндіктен, әлемдік ЖІӨ-ге қосатын үлестің 90 пайыздан астамы бай елдерге көшкендерге тиесілі, себебі ...	
Иммигранттардың экономика үшін тиімділігі жоғары, ал тиімсіз жақтары...	

Оқылымнан кейінгі тапсырма. Топтық тапсырма

Оқылым мәтінін қолданып, **«Елімізге қоныс аударушылардың тұрақтап қалуы дұрыс па, бұрыс па?»** тақырыбында топқа бөлініп, пікірталас ұйымдастырыңыздар. Пікірталас кезінде сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданыңыздар

Дескриптор:

1. Тақырыпты ашу барысында мәтін ақпараттарын қолданады- 1 балл

2.Өз ойларын нақты, ұтымды, дәлелді жеткізеді- 1 балл

3. Пікірталас мәдениетін сақтайды – 1 балл

4. Сөйлеу ағымында интонацияның құрамдас бөліктерін мәнерге сай қолданады- 1 балл

Анықтама (ережені назарда ұстаңыз)

Интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс

Әуен, әуез, қарқын, кідіріс, тембр – интонацияның негізгі

компоненттері.

Ауызша сөйлеудегі кедергілер:

- Кідірістер (паузала) (...)
- Кідірісті дыбыстармен толықтыру: хм, ыы, ээ
- Кідірістерді мағынасыз сөздермен толықтыру: енді, жаңағы,

сонымен, яғни, т.б.

- Қайталаулар: сөз таба алмай сасқалақтаулар, сенімсіздік
- Фальстарттар: сөйлеу алдындағы қатесін түзету, сөзін бұзып, бұрын

сөйлеп қою.

- Сөз қысқарту: ояқ, бұяқ, қап кетті, отырқ
- Қарсы жауаптардың кезектілігі: сұхбаттасушылардың белсенділік

танытып кетуі

2-үлгі мәтіні бойынша (болжамды жауап) тапсырмалардың орындалу үлгісі

Оқылым алды тапсырмасы:

«Өзге елде сұлтан болғаниша, өз еліңде ұлтан бол» мақал-мәтелінің мағынасы басқа елде жүріп сұлтандай бай-бақуатты өмір сүргенше, өзіңнің туған жеріңде қарапайым адам болып өмір сүрген артық деген ойды меңзейді.

Оқылым тапсырмасы

Мәтіндегі 1-негізгі ой: MGI зерттеулеріндегі мигранттардың дамыған елде тұрып, олардың экономикасына үлес қосып жатқандығы айтылады.

Мәтіндегі 2-негізгі ой: Мигранттардың әлем елдеріндегі инновация мен кәсіпкерліктің ең маңызды көзі екенін айтып, дамыған елдердің экономикасына қосқан үлесі сөз болады.

2-тапсырма бойынша болжамды жауап

Пікірлер мен үзінділер	Менің өңдеуім/толықтырулар
Дамушы елдерден дамыған елге қоныс аудару өнімділікті еселеп өсіретіндіктен, әлемдік ЖІӨ-ге қосатын үлестің 90 пайыздан астамы бай елдерге көшкендерге тиесілі, <i>себебі</i> ...	Бай елдерде жұмыс көзі көп, жергілікті халық істемейтін жұмыстардың барлығын иммигранттар істейді. Елдегі салық өсіміне де әсер етеді.
Иммигранттардың экономика үшін тиімділігі жоғары, <i>ал тиімсіз жақтары...</i>	Иммигранттардың тиімсіз жақтары да көп. Елдегі тәртіпті реттеуде, жергілікті ұлттармен қақтығыс, жанжал болмауын қадағалау үшін үлкен күш керек. Өз елімізде де иммигранттар мен жергілікті халық арасында кикілжіңдер болғанын білеміз.

Оқылымнан кейінгі тапсырма. Топтық тапсырмаға болжамды жауап
Оқылым мәтінін қолданып, «**Елімізге қоныс аударушылардың тұрақтап қалуы дұрыс па, бұрыс па?**» тақырыбындағы топтық пікірталас

Есіңізге сақтаңыз

Пікірталас кезінде маңызды қағидалар:

Пікірталас дегеніміз – белгілі бір тақырыпқа бағытталған бірнеше адамдардың ой таластыруы.

Пікірталасқа қойылатын талаптар:

1. Өзіндік айқын көзқарастың болуы;
2. Тақырыптан ауытқымау;
3. Өзін-өзі дұрыс ұстай білу;
4. Сөйлеу шеберлігі;
5. Өз пікірін нақты дәлелдермен, қысқа әрі нұсқа жеткізу;
6. Жоғары мәдениеттілік (сөзге тоқтау, дауыс көтермеу, ашуланбау);
7. Қарсыласын, аудиторияны сыйлау;
8. Уақытпен санасу (регламент сақтау);

Пікірталас мәдениетін сақтау үшін:

1. Ой мен сөз бірлікте болуы керек. Ой жинақы, ал, ауыздан шығатын сөз жүйелі болуын қадағалау қажет.

2. Айтылатын пікірлерге үнемі қарсы шығуға болмайды. Пікірталас кезінде қарсыластың келтірген дәлелдеріне келіскен абзал. Алайда, келісе отырып, тақырыптан ауытқып, пікірталасқа қатысы жоқ дәлелдерді алға тартқанын түсіндіре алу маңызды. Осылайша, өз пікірінің дұрыстығын қорғау керек.

3. Қарсыласты құрметтеп, оның ой-пікірі мен көзқарасын сыйлап, тыңдай білу - пікірталас мәдениетінің басты алғышарты. Қарсыластың келтірген деректері мен дәлелдеріне нақты дәлелдер арқылы қарсы тұруға болады, алайда, бірақ дәрекі сөздермен, күлкімен әжуалап, жеке басына қатысты ақпараттарды келтіріп, дауыс көтеріп, жекуге әсте жол беруге болмайды.

4. Пікірталас кезінде сабырсыздық танытып, қызбалыққа салынуға болмайды. Олай болса, пікірталаста сабырлылықты сақтай білу – сайысшы үшін маңызды қасиет.

5. Көпшілік алдындағы сөз секілді, пікірталастағы сөздің күші – әсер ету мүмкіндігінде. Ол неғұрлым айқын, неғұрлым нақты болса әсер ету күші де соғұрлым күшті болады. Сөздің дұрыстығы, дәлдігі, жатықтығы, тазалығы – ой айқындылығының басты шарттары.

3-үлгілік тапсырма

5-бөлім. Туризм: экотуризм. Шешендік сөздер

Оқу мақсаты: 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау

11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

Сабақ мақсаты: ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық ерекшеліктерін талдайды

мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана біледі

Бағалау критерийлері

Білім алушы:

Ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымын, рәсімделуін біледі;

Баяндаманы жанрлық ерекшеліктеріне ажыратады;

Мәтін, мәтін үзіндісіндегі тыныс белгілерін қолдана біледі

Оқылым алды тапсырмасы

Терминдермен жұмыс. Берілген терминдерді талдап, мағынасын ашады https://youtu.be/wkVvKaJQoOo?si=pM8j-1wt_WxtqApE, оқылым мәтініне қатысын болжайды

Терминдер: туризм, экотуризм, ұлттық туризм, спорт туризмі, мәдени туризм

Дескриптор:

Берілген терминдерді талдап, оқылым мәтініне қатысын болжайды – 1 балл

Оқылым тапсырмасы

1-тапсырма. Мәтіннің құрылымын түсініп оқыңыз, мәтіннің құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін анықтаңыз

Анықтама: Мәтін құрылымын түсіну – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

Дескриптор:

Мәтіннің құрылымын анықтайды – 1 балл

Мәтіннің рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін анықтайды – 2 балл

Оқылым мәтіні

Экологиялық туризм

Бүгінгі таңда Қазақстанды экологиялық туризмнің дамуы үшін жаңа құрылып келе жатқан нарық деп қарастыруға болады. Биологиялық және геологиялық әртүрлілік, халықтың минималды тығыздығы, бай тарихи және мәдени мұра республиканың өте зор экотуристтік потенциалын айқындайды.

Әрине, «экологиялық туризм» ұғымы жер шарының адам аяғы баспаған, әрі пайдаланылмаған жерлерімен саяхат жасауды ғана білдірмейді. Қазіргі уақытта бұл ұғым кең ауқымды қамтиды. Ол экологиялық туризмнің басты мақсатымен анықталады: табиғатпен бірігу, оның түпкілікті маңызын ұғыну және қорғау қажеттілігін түсіну. Сондықтан туризмді адамзаттың «ашық» ортада болуымен сипаттауға болады. Сонымен қатар оның көркемдік, экзотикалық, қайталанбас табиғат құбылыстары мен объектілер арасындағы

тығыз байланысты білдіретін, адамның ғылыми аймақтанушылық қажеттіліктерін қанағаттандыруын білдіруге болатынын айта кетуіміз керек.

Орнитолог, археолог және көркем өнерпаздар сияқты ғылыми қызығышулығы бар туристерді қанағаттандыруға арналған экологиялық туризмге қарағанда рекреациялық туризм өзі қажет ететін қонақжай комплекстерімен, спорттық қарулануымен нәзік экожүйелерге көбірек зардабын тигізеді.

Қазақстанның табиғи климаттық зоналары (жеке шөлді аймақтар, таулы аймақтар) спорттық және ғылыми бағытта экологиялық туризмнің ерекше формасы «экстремалды туризмді» дамытуға мүмкіндік береді. Бұл адам аяғы баспаған және адам өмір сүруге бейімделмеген аймақтарға экстремалды жағдайларда тіршілік ету және өзін-өзі ұстау стратегиясын қалыптастыру мақсатында саяхат жүргізу. Айта кетерлік жағдай, экологиялық туризмді дамыту үшін әр түрлі табиғи ресурстар қажет. Дәл осы жағдай туризмдік жұмыстардың территориялық аймағын және олардың қай бағытта жүруін анықтайды.

Экологиялық туризмнің ресурстары болып табылады:

табиғи – климаттық факторлар: рельеф, су объектілері, флора және фауна, ерекше және қызықты қарапайым табиғи аймақтар.

тарихи-мәдени ескерткіштер: белгілі бір аймақтағы адамзаттың материалдық және рухани мәдениеті, айналадағы ортамен тығыз байланысты тарихи, археологиялық, мәдени ескерткіштер [32].

Көп елде жасыл туризмді дамыту үшін зор әлеует бар. Әлеуетті тиімді қолдану керек.

Қолданылған дереккөздер:

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 32 бет. ISBN 5-7667-8284-5

Мәтіннің құрылымы:

Кіріспе бөлім:

Негізгі бөлім:

Қорытынды бөлім:

Мәтіннің жанры:

Мәтіннің рәсімделуі:

Оқылымнан кейінгі тапсырма

Мәтіндегі ақпаратты қолданып, тыныс белгілерін дұрыс қоя отырып, **«Экологиялық туризмнің пайдасы қандай?»** тақырыбында шағын баяндама жазыңыз. Сөз саны 100-120

Дескриптор:

1. Баяндаманың құрылымын сақтайды- 1 балл
2. Мәтіндегі ақпаратты қолданады- 1 балл
3. Берілген тақырыпты ашады- 1 балл
4. Мәселенің шешу жолдарын ұсынады-+ 1 балл
5. Тыныс белгілерін дұрыс қояды- 1 балл
6. Орфография нормаларын сақтайды- 1 балл

Еске сақтаңыз:

Ғылыми баяндама, басқа ғылыми еңбектердегі сияқты үш бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе: Баяндаманың тақырыбы көрсетіледі, оның басқа мәселелермен байланысы, орны және тақырыпты ашып көрсетуде қолданылатын дерек көздеріне қысқаша шолу жасалады.

2. Негізгі бөлім: Зерттеу барысында зерттелген негізгі сұрақтар, зерттеудің негізгі қорытындылары мен нәтижелері (жалпы және әрбір тарауға), зерттеуге негіз болған пайдаланылғандерек көздерінің, материалдар мен әдебиеттердің тізімі, жұмыстың практикалық маңыздылығы.

3. Қорытынды: Баяндаманың негізгі мәселелері мен нәтижелерінің жалпы қорытындысы.

3-үлгі мәтіні бойынша (болжамды жауап) тапсырмалардың орындалу үлгісі

Оқылым алды тапсырмасында сыныпта терминдер сөздігі болуы керек. Оқушылар терминдердің мағынасын, қолданылу аясын айтады

Оқылым тапсырмасы.

Мәтіннің құрылымы: (кіріспе, негізгі , қорытынды бөлім, пайдаланған дереккөздер)

Кіріспе бөлім: Экологиялық туризмнің нарыққа шығуы

Негізгі бөлім:

- 2.1. Экологиялық туризм туралы
- 2.2. Рекреациялық туризм
- 2.3. Экстремалды туризмді
- 2.4. Экологиялық туризмнің ресурстары

Қорытынды бөлім: Туризмді дамыту ұсынысы

Пайдаланғани дереккөздер

Мәтіннің жанры: Ғылыми-көпшілікке арналған баяндама үзіндісі

Мәтіннің рәсімделуі:

Мәтіннің тақырыбы

Мәтін үш бөліктен тұр

Негізгі бөлім төрт бөліктен тұр

Мәтінде сілтеме көрсетілген (ішкі сілтеме)

Мәтінде пайдаланған дереккөздер көрсетілген (сыртқы сілтеме)

4-үлгілік тапсырма

5- бөлім. Туризм: экотуризм. Шешендік сөздер

Оқу мақсаты:

11.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;

11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

Сабақ мақсаты: әртүрлі графиктік мәтіндердегі мәліметтерді салыстырып талдайды, негізгі үрдістерді анықтайды;

Мәтін деңгейіндегі тыныс белгілерін қолдана біледі

Оқылым алды тапсырмасы

Берілген даналық ойды талдап, мағынасын ашыңыздар. Оқылым мәтінімен байланысын болжаңыздар

Дескриптор: даналық ойдың мағынасын ашып, оқылым мәтініне болжам жасайды – 1 балл

Атың барда – жер таны желіп жүріп, Асың барда – ел таны беріп жүріп

Оқылым тапсырмасы

1-тапсырма. Графикалық мәтіндердегі ақпараттарды салыстырып, негізгі үрдістерді анықтап жазыңыздар

Дескриптор:

1. Графикалық мәтіндерді салыстырады- 1 балл

2. Ақпараттарды табады:

1-ақпарат- 1 балл

2-ақпарат- 1 балл


3-ақпарат -1 балл

Оқылым мәтіні

1-мәтін



2-мәтін



Мәтіндер	Негізгі ақпараттар	Ұқсастықтары
1-мәтін		
2-мәтін		

2-тапсырма. Мәтіндегі негізгі үрдіске қатысты сұрақтарды дұрыс жауаптарымен сәйкестендіріңіз

Нақтылаушы сұрақтар. Мәтін мазмұнын түсіну деңгейіндегі сұрақ. Бұл «иә» немесе «жоқ» жауаптарын қажет ететін мәтін мазмұны бойынша оқушының түсіну деңгейін тексеру сұрақтары. ...екені рас па? Егер мен дұрыс түсінсем, ...Сұрақтарға жауап беру барысында оқушы өз жауабын дәлелді түрде жеткізуі қажет.

Дескриптор:

1.Мәтіндегі ақпараттарды сәйкестендіріңіз:

1-ақпарат- 1 балл

2-ақпарат -1 балл

3-ақпарат- 1 балл

Негізгі үрдістер	Фактілер
Туризм бойынша әлемдік көрсеткіште Қазақстан нешінші орын алады?	88
Елімізден қанша турист Германияға саяхаттайды?	20
Қанша туристік аймақтар толықтырылды?	66

Оқылымнан кейінгі тапсырма

Тапсырма. Оқылым мәтініне байланысты берілген сөйлемдердің тиісті тыныс белгісі қойып, қойылу себебін түсіндіріңіз

Еліміздің бай әсем табиғаты әлем елдері арасында танымалдыққа ие. Әлем елдері арасынан Қазақстан 66 орын алады. Туризм ел экономикасын көтерудің тиімді жолы. Қазақстаннан Түркия, Әзербайжан, Ресей сияқты көрші елдерге туристер келсе елімізден де туристер сыртқа шығады.

Дескриптор:

1. Берілген сөйлемдердің тыныс белгісінің қойылу орнын анықтайды- 1 балл

2. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіреді- 1 балл

4-үлгі мәтіні бойынша (болжамды жауап) тапсырмалардың орындалу үлгісі

Оқылым алды тапсырмасы. (Ықтимал жауап)

Атың барда – жер таны желіп жүріп, Асың барда – ел таны беріп жүріп

Берілген даналық ой көлігің мен жағдайың барда ел аралап, жер көргеннің жақсы екенін астарлап тұр. Сонымен қатар, асың болса, бай-бақуатты болсаң, қонақ шақырып ел мен адамды таны деген ой беріп тұр.

Демек, бұл даналық ой арқылы оқылым мәтіні ел мен жер аралауға қатысты екенін аңғарамыз.

Оқылым тапсырмасы (үлгі)

Мәтіндер	Негізгі ақпараттар	Ұқсастықтары
1-мәтін	1.Туризмнен жаһандық рейтингіде Қазақстан 66-орында 2.Сыртқы туризмге қарағанда, ішкі туризмнің пайыздық көрсеткіші жоғары 3.80 бағыт бойынша әуе қатынасы қалыпқа келтіріліп, туристік аумақтар толықтырылды	Екі мәтінде де еліміздегі туризм саласының негізгі көрсеткіштері берілген. Екі мәтінде де елімізге саяхаттап келушілерге қарағанда, елімізден сыртқа саяхаттап барушылардың пайызы жоғары екені байқалады.
2-мәтін	1. Қазақстаннан көрші елдер: Ресей, Түркия, Германияға туристік саяхатқа шығады 2.Ішкі, сыртқы туризм Қазақстан мен Ресей арасында 3. Елімізден сыртқа туристік саяхат жасайтындар көрсеткіші жоғары	

2-тапсырма. Мәтіндегі негізгі үрдіске қатысты сұрақтарды дұрыс жауаптарымен сәйкестендіру тапсырмасының орындалу үлгісі:

	Сұрақтар		Фактілер
1.	Туризм бойынша әлемдік көрсеткіште Қазақстан нешінші орын алады?	А	88 мың
2.	Елімізден қанша турист Германияға саяхаттайды?	В	20
3.	Қанша туристік аймақтар толықтырылды?	С	66

1 – С

2 – А

3 – В

Оқылымнан кейінгі тапсырманың орындалу үлгісі:

Оқылым мәтініне байланысты берілген сөйлемдердің тиісті тыныс белгісі қойып, қойылу себебін түсіндіреді

- 1.Еліміздің бай, әсем табиғаты әлем елдері арасында танымалдыққа ие.
2. Әлем елдері арасынан Қазақстан 66- орын алады.
- 3.Туризм – ел экономикасын көтерудің тиімді жолы.

4. Қазақстаннан Түркия, Әзербайжан, Ресей сияқты көрші елдерге туристер келсе, елімізден де туристер сыртқа шығады.

Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіру үлгісі:

1-сөйлем. Бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылып тұр.

2-сөйлем. 66-дара сан есіміне қосымшалар дефис арқылы қойылады.

3-сөйлем. Хабарлай айтылған жай сөйлем болып, ой тиянақталып тұрғандықтан, сөйлем соңына нүкте қойылады.

4-сөйлем. Бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылады. Құрмалас сөйлем болғандықтан, жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады.

5-үлгілік тапсырма

4-бөлім. Әлемді өзгерткен өнертабыстары. Шешендік сөздер

Оқу мақсаты:

11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау

Сабақ мақсаты:

мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайды;

Мәтін нормаларын сақтап жазады

Бағалау критерийлері:

Білім алушы:

мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды талдайды;
тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайды;
мәтін нормаларын сақтап жазады

Тыңдалым алды тапсырмасы

Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінің үзіндісін топта тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіздер

Шығармашылық сұрақтар. Мәтінге синтез жүргізуге көмектесетін сұрақтар. Әдетте, келер шақты меңзеп қойылады, болжамды қамтиды.

Тыңдалым мәтіні:

Өнер - білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды;

Айшылық алыс жерлерден,

Көзіңді ашып - жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды.

Аты жоқ құр арбаны

Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды;
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді;
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай,
Білгендерге осылар
Бәрі - дағы анықтай...

Ы.Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар»

Дескриптор:

1. Өлеңді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді:

Сұрақтарға нақты, ұтымды жауап береді- 1 балл

Сұрақтарға жауап бергенде мәтіндегі ақпараттарды қолданады- 1 балл

Ойларын қазіргі өмірмен байланыстыра отырып жауап береді- 1 балл

1-сұрақ. Өлеңнің басты идеясы қандай?

2-сұрақ. Өнер-білім бар жұрттардың басты ерекшелігі неде?

3-сұрақ. Ақын «тастан сарай салғызды» деп кімдерді, нені меңзеп тұр?

4-сұрақ. Өлеңдегі «отынсыз тамақ пісірген», «теңізде балықтай жүздірген» ғылымның қандай жаңалықтары?

5-сұрақ. Өлеңде қандай мәселе көтеріліп тұр?

6-сұрақ. Өлеңнің қазіргі таңдағы өзектілігі бар ма?

Тыңдалым тапсырмасы

1-тапсырма. Бейнебаянды тыңдап, мақсатты аудиториясын анықтап, терминдер мен сөз оралымдарына жұппен талдау жасаңыздар

Дескриптор:

1. *Бейнебаянды тыңдап жұппен жұмыс жасайды:*

Мақсатты аудиториясын анықтайды, дәлелдер келтіреді- 1балл

Мәтіндегі терминдерді табады, қай салаға жататынын анықтайды-1 балл

Мәтіндегі ақпаратты жеткізудегі сөз оралымдарын анықтайды- 1 балл

Мәтін мазмұнын ашудағы орнына талдау жасайды-1 балл

Тыңдалым мәтіні. <https://youtu.be/taxf9xuwtp8?si=SslaxGS7Rc5K3xQx>

Мәтіні: 7-10 қаңтар аралығында Лас-Вегаста Consumer Electronics Show 2020 технология көрмесі өтті. Көрмеге қатысқан біршама компания соңғы шыққан өнертабыстарын көпшілікке ұсынды. Massaget.kz порталы көрмеде жұрт назарын жаулаған ең үздіктерін топтастырды.

Экзоқаңқа

Sarcos Robotics компаниясы Guardian XO экзоқаңқасын таныстырды. Ол адамның күшін 20 есе арттыра алады. Яғни экзоқаңқаны киіп, 90 килограммды көтерсе, бұл адамға 4,5 килограммдай сезіледі екен.

Бірнеше электр мотордан тұратын бұл конструкцияны кию үшін арнайы белдік, жилет тағу керек. Содан кейін экзоқаңқа адам қимылын қайталап, ауырды жеңілдетуге көмектеседі.

Камерасы ғайып болатын смартфон

Мұндай өнімді OnePlus бренді жасаған. Олар көрмеге Concept One атты ерекше смартфонды әкелген. Камера модуліне орнатылған электрохром әйнек объективтерді қаратұнық етіп жасыра алады, сондықтан, камера қосымшасына кіргенде объективтертер 0,7 секундта "жарыққа шығады". Қалған уақытта камера модулі қап-қара.

Concept One моделін сатылымға шығару компания жоспарында жоқ.

Иілгіш дисплейі бар әлемдегі ең алғашқы ноутбук

Смартфон индустриясында иілгіш дисплей енді белең ала бастағанда Lenovo компаниясы оны ноутбукқа орнатып жатыр. CES 2020 көрмесінде қытайлық компания иілгіш дисплейі бар ең алғашқы ноутбукты таныстырды. Салмағы 1 кг-ға жуық ThinkPad X1 Fold ноутбугының диагоналі – 13,3 дюйм. Экран ажыратымдылығы – 2К.

Ноутбуктың пернетақтасы смартфондағыдай – сенсор. Ал егер физикалық пернетақта керек болса, Thinkpad X1 Fold Stand тіреуішін сатып алу керек. Лэптоп 2020 жылдың екінші жартысында сатыла бастайды.

Респиратор маска

Әлемдегі экология ахуалына байланысты респиратор маскалардың маңызы артып жатыр. Сондықтан Ao Air компаниясы CES 2020-ға Atmos Faceware атты масканы әкелген. Респиратор ауаны филтрден өткізіп, ағзаны лас ауадан қорғай алады. Бұл өнертабысқа NIOSH Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы ұлттық институты сертификат беріп, жарамдылығын мақұлдаған.

Респиратор маска адам бетін жаппайды және дизайны сән аксессуарына лайықталып жасалған. Бағасы – 350 доллар.

1-жұп – Мәтіннің мақсатты аудиториясын анықтап, дәлелдер келтіріңіз

1-дәлел:

2-дәлел:

2-жұп – Мәтіндегі терминдерді табады, қай салаға жататынын анықтайды

Терминдер:

Қолданылатын (орны) саласы:

3-жұп – Мәтіндегі ақпаратты жеткізудегі сөз оралымдарын анықтайды. Мәтін мазмұнын ашудағы орнына талдау жасайды

Мәтіндегі сөз оралымдары:

Қолданылу орны:

Мәтіннің мақсатты аудиториясын анықтауға көмек:

Бұл мәтін кімдерге арналып жазылған немесе айтылған (құрылған)?

- Түрлі жастардағы топтарға, яғни, өте кішкене балаларға немесе зейнеткерлерге

- Арнайы топтарға: мысалы, тарих немесе футболға қызығушы адамдарға

- Кәсіби мамандарға: мұғалімдерге немесе дәрігерлерге

- Әр түрлі әлеуметтік топтарға: жұмыссыздарға, еріктілерге, жас қызметкерлерге

- Жалпы аудиторияға: кең шеңберлі оқырмандары бар танымал газеттерге

2-тапсырма. Берілген мәтін үзіндісіне топта тілдік талдау жасаңыздар

Дескриптор:

Мәтін үзіндісіне тілдік талдау жасайды- 2 балл

Талдауға ұсынылатын үзінді: Респиратор маска

Әлемдегі экология ахуалына байланысты респиратор маскалардың маңызы артып жатыр. Сондықтан Ao Air компаниясы CES 2020-ға Atmos Faceware атты масканы әкелген. Респиратор ауаны филтрден өткізіп, ағзаны лас ауадан қорғай алады. Бұл өнертабысқа NIOSH Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы ұлттық институты сертификат беріп, жарамдылығын мақұлдаған.

Респиратор маска адам бетін жаппайды және дизайны сән аксессуарына лайықталып жасалған. Бағасы – 350 доллар.

Мәтін тіліне талдау жасау үлгісі:

1. Сөз деңгейінде:

Мәтіндегі актив сөздер:

Мәтіндегі пассив сөздер:

2. Сөйлем деңгейінде

Мәтіндегі жай сөйлемдер:

1. Жай сөйлем

2. Жай сөйлем түріне ажырату

3. Жасалу жолына түсінік беру

Құрмалас сөйлемдер:

1. Құрмалас сөйлем

2. Құрмалас сөйлем түріне ажырату

3. Жасалу жолына түсінік беру

Анықтама:

Анықтама: Лексикаға тілдегі барлық сөздер кіреді. Сөздер қолданылуына қарай актив және пассив болып бөлінеді. Актив сөздерге күнделікті өмірде жиі

қолданылатын сөздер жатады. Ал пассив сөздерге қолданылу өрісі шектеулі көнерген сөздер, диалектілер мен кәсіби сөздер, терминдер жатады.

Мәтінді тіліне талдау бойынша:

Сөз деңгейінде талдау:

Жалқы есімдер адам және жер, ұйым аттарынан мағлұмат беріп тұр;

Сандық, статистикалық мәліметтерді беру, нақты мәліметтер базасынан ақпарат беру мақсатында сан есімдер қолданылған;

Есім сөздердің орнына есімдіктер қолданылып тұр. (Мысалы, кейбіреу, мынау, өзі, сол, ештеңе)

Мезгілі, мекен, себеп мәнді сөздер, үстеулер қолданылған. (Мысалы, қазіргі таңда, ең әуелі, жыл соңына қарай, ертеңгі күні, қазір)

Кейіпкердің көңіл-күйін білдіру мақсатында одағай сөздер қолданылған.

Қыстырма сөздер сөйлеуші көзқарасын аңғарту үшін қолданылған;

Қаратпа сөздер тыңдаушының назарын аударту үшін қолданылған.

Ауыспалы мағынадағы сөздер, әдеби стильдегі сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестер (теңеу, эпитет, метафора, синоним) ойды әсерлі жеткізу үшін берілген;

Тақырыпқа сай жаңа сөздер бар: (стандарт, техникалық ережелер, шикізат, бәсекеге қабілетті, талапқа сай, өнім өндеу).

Сөйлем деңгейінде:

Мәтінде ... құрмалас сөйлемдер көп кездеседі. Құрмалас сөйлемдер күрделі ойды білдіру мақсатында қолданылып тұр. Жай сөйлемдер басымырақ. Негізінен хабарлы және жай сөйлемдермен автор, сөйлеуші мәселені бір қалыпта баяндайды. Хабарлы сөйлемдер ойды хабарлау мақсатында, сұраулы сөйлемдер бір нәрсе жайында ақпарат білу, сұрау мақсатында, лепті сөйлемдер көңіл-күйді білдіру мақсатында қолданылған. Риторикалық сұрақтар кездеседі (....?)

Мәтіндегі іс-әрекетте шақтардың әр алуандығы байқалады (өткен шақ- Ауыспалы келер шақ - ..., осы шақ -);

Мәтін бірінші, екінші немесе үшінші жақта баяндалған (қағаздарын таратты – 3-жақ, шешім қабылдадық – 1-жақ);

Төл сөзді сөйлемдер арқылы берілген (....).

Мәтін деңгейінде:

Мәтін үш абзацтан тұрады, абзацтарды байланыстырушы сөздер: олар – роботтар.

Мәтіннің логикалық құрылымы бар (мысал):

Кіріспе бөлімінде IT университеті студенттері жасаған роботтар туралы айтылса, негізгі бөлімде олардың жасап жатқан қызметі жөнінде айтылады да, қорытындыда QR-кодтың пайдасын айтып кетеді.

5-үлгілік тапсырманы орындау үлгісі

(Тыңдалым мәтінін мұғалім өзі оқып немесе оқушыларға оқытып тыңдатуға болады)

Тыңдалым алды тапсырмасы

Сұрақтарға ықтимал жауаптар:

1-сұрақ. Өлеңнің басты идеясы ғылым мен техника дамыған елдерді үлгі етіп, олардағы жетістіктерді насихаттау арқылы өз жұртының санасын ашу

2-сұрақ. Өнер-білім бар жұрттардың басты ерекшелігі ғылым мен техника, білімде озып, дамып жатқандығы

3-сұрақ. Ақын «тастан сарай салғызды» деп ғылым мен техника жетістігі арқылы зәулім сарайлар, құрылыстар салып жатқан елдерді айтып тұр.

4-сұрақ. Өлеңдегі «отынсыз тамақ пісірген», «теңізде балықтай жүздірген» ғылымның жеткістіктері (газ, жанармай, жағармайдың қолданылуы, электрлі пештер, кемелердің, түрлі су көліктерінің пайда болуы)

5-сұрақ. Өлеңде ғылым мен білім, еңбек, зияткерлік сананы қоланып, әлем дамуына, өз еліміздің дамуына үлес қосу мәселесін көтеріп тұр.

6-сұрақ. Өлеңнің қазіргі таңдағы өзектілігі, маңызы зор деп санаймын, себебі қазір ғылым мен техника салтанат құрған ғасыр. Дамыған алпауыт елдер ғылым мен техниканың неше түрлі саласында күн сайын жаңалық ашып жатыр. Біз де осы жаңалықтан қалыспай, көшке ілесуіміз керек.

Ескерту: *сұрақтарға жауап бергенде мәтін деңгейінде ғана емес, мәтіндегі ақпараттың қазіргі таңдағы маңызына тоқталу аса маңызды. Мәтіннің тәрбиелік менін, құндылығын баса көрсету керек.*

Тыңдалым тапсырмасы:

1-жұп – Мәтіннің мақсатты аудиториясын анықтап, дәлелдер келтіріңіз

1- Мәтіннің мақсатты аудиториясы ғылыми-көпшілікке арналған. Себебі мәтіндегі ақпараттардың танымдық сипаты басым.

2- Жұртшылыққа ғылым салаларынан да мәлімет беретін, баяндайтын, түсіндіретін, насихаттайтын сипаттағы мәтін

2-жұп – Мәтіндегі терминдерді табады, қай салаға жататынын анықтайды

Терминдер: Технология, өнертабыс, өнім, экология, пернетақта т.б (оқушы өз қалауы бойынша терминерді іріктеп алады)

Қолданылатын (орны) саласы: (терминдер сөздігін қолданады)

3-жұп – Мәтіндегі ақпаратты жеткізудегі сөз оралымдарын анықтайды. Мәтін мазмұнын ашудағы орнына талдау жасайды

Мәтіндегі сөз оралымдары: интернационалдық терминдер, сандық ақпараттар, фактілер, жалқы есімдер, ойдың ағынын білдіретін үстеулер мен

шылаулар, ойдың бір-бірімен өзара қатынасын білдіретін қыстырма сөздер, ырықсыз етіс баяндауыштары, хабарлы сөйлемдер

Қолданылу орны: Ғылыми сипаттағы көпшілікке арналған мәтіндер

2-тапсырма. Мәтін тіліне талдау жасау үлгісі:

1. *Сөз деңгейінде:*

Мәтіндегі актив сөздер: әлем, ұлттық, адам т.б (күнделікті қолданылатын жалпылама лексика)

Мәтіндегі пассив сөздер:экология, фильтр, маска, респиратор, сертификат т.б

2. *Сөйлем деңгейінде*

Мәтіндегі жай сөйлемдер: Әлемдегі экология ахуалына байланысты респиратор маскалардың маңызы артып жатыр.

Жай сөйлем дегеніміз бір ғана ойды білдіреді, сол себепті бұл сөйлем жай сөйлем, оның ішінде жақты (бастауышы бар), толымды (ойға қатысты барлық мүше қатысқан), жайылма (тұрлаусыз мүшелер де қатысқан)

Құрмалас сөйлемдер: Респиратор ауаны фильтрден өткізіп, ағзаны лас ауадан қорғай алады.

Екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемді құрмалас сөйлем дейміз. Сөйлемде екі сыңары бар. *Құрмалас сөйлем ішінде сабақтас құрмалас, себебі алдыңғы жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысып тұр. Құрмалас сөйлем ішінде қимыл-сын бағыныңқы сабақтас, себебі соңғы сөйлемдегі іс-әрекетті бірінші сөйлем білдіріп, қайтін? Қалай? Деген сұрақтарға жауап береді.*

«Қазақ тілі» пәнінен мәтінге кешенді лексика-грамматикалық талдау жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар»

11-сыныпқа арналған (қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

1-үлгілік тапсырма

1-бөлім. Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі.

Шешендік сөздер

Оқу мақсаты: 11.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау

11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу

Сабак мақсаты:

Мәтіндегі көтерілген мәселеге талқылау сұрақтарын құрастырады, сыни тұрғыдан баға береді

Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады

Бағалау критерийлері

Білім алушы:


Мәтінде көтерілген мәселеге (мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере) талқылау сұрақтарын құрастырады

Тілдік бірліктерді орфография нормасына сай жазады

Тыңдалым алды тапсырмасы. Берілген суретке қарап ой қозғаңыздар.

Дескриптор:

Суретке қарап ой қозғайды, ойларын ортаға салады- 1 балл



Тыңдалым тапсырмасы. Мұғалімнің оқуында мәтінді тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз
<https://museum.satbayev.university/upload/base/downloads/museum/tech-dev/kazakh/Kazahi-Transport-KAZ.mp3>

<https://youtu.be/fCQUistzOdk?si=QMOUwMaY7ATogFgO> Біздің өткен тарихымыздан сыр шертіп, өркениетті елдің ұрпағы екенімізді еске салып, аудандық тарихи-өлкетану музейінің төрінде жайғасқан ер-тұрманға зер салсақ, одан көп сыр түюге болады. Бұл туралы музейдегі экскурсовод Бағдәулет Хайрулла: – Ер-тұрман кімге тиесілі болғаны белгісіз. Орта ғасырлық батырлардың бұйымы болғанын тарихшылар айтады. Шамамен II ғасырлық тарихы бар. Осы күнге дейін бүлінбей, жойылмай сақталуының сыры ағашы жылқы майымен сылағанында болуы мүмкін. Осы іспетті тағы да екі ер-тоқым бар, – деп жәдігер жайлы әңгімеледі.

Оның айтуынша, музейге келушілердің назары ер-тұрман, батырдың дулығасы мен қылышына көп ауады. Себебі салмақты жәдігерді қалай көтеріп жүрді? Қалай шайқасты? Өмір сүру мәдениеті мен өркениеті қалай болды? Осы сауал келушілерді қызықтырады.

Кезінде ат баптап, оны көлік ретінде мінді. Сол кезде ер-тұрман жасайтын шеберлер көп болды. Бүгінде көліктің түр-түрі адамның негізгі қатынас құралына айналды. Сондықтан шеберлер азайды, бірақ сұраныс әлі де бар. Мұны ат әбзелдерін жасайтын бесарықтық шебер Байкісі Айдаш айтып отыр. Одан ер-тұрманның ел біле бермейтін қадір-қасиетін сұрадық. Қазақта «аттан айырылсаң да, ер-тоқымнан айырылма» деген аталы сөз бар. Бұл – байрағы биік, рухы асқақ көшпелі қазақ халқының ат-әбзелдеріне деген құрметін меңзейтіндей. Оған себеп, бабалар әбзелдерді тұрмыстық, сәндік, жауынгерлік мақсатта кәдеге жаратты. Дәстүрге мән берсек жігіттің жеті байлығының бірі саналған ер-тұрман ерекше киеге ие.

– Былтыр қайтарымыз қаржыға қол жеткізіп, Қытайдан арнайы құрал-жабдықтар алдырған болатынымын. Әрбір әбзелді жасаудың өз тәсілі бар. Ер-тұрман, үзеңгі, нөқта, тартпа, тоқым, жүген және өзге де әбзелдерін жасап, халыққа қолжетімді бағамен ұсынудамын. Ата кәсіптің қыр-сырын біліп, құндылығын дәріптеу борышым деп санаймын, – деді шебер.

Он жыл бойы ат әбзелдерін жасап, оның қасиетін ұққан шебер ер-тұрманды қасиетті бұйым ретінде қастерлеу дәстүрімізде болғанын айтады. Ер-тұрманның түрлі ауруларға емдік қасиеті бар. Ауызға жара шығып, ұшық, ауызтілгек, ауызжара шыққанда аттың ауыздығымен емдеп жататын әжелерді талай көргенмін. Теріні пышақ тіліп, қан тоқтамағанда тоқым тартар ырым-намымын жасайды. Жас нәрестені улы жәндіктен қорғау үшін ер-тұрманның бөліктерін айнала қоршап қою да дәстүрімізде бар. Ал жылқы терапиясының жүйелі жүруіне ат әбзелінің айтарлықтай маңызы бары сөзсіз.

1-тапсырма. Мәтінде көтерілген мәселелерді анықтап, (мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере) талқылау сұрақтарын сұрастырыңыздар

Анықтама:

Мәтінде көтерілген мәселе дегеніміз – автордың қозғаған, сөз етіп отырған негізгі тақырыбы. Шешімін табуды, талқылауды қажет етеді.

Талқылау, түсініктеме беретін сұрақтар

Мәтін мазмұнына анализ жүргізу мақсатында қойылатын сұрақтар. Әдетте, «Неге?», «Неліктен?» деп басталады. Сұрақтар себеп-салдарлық мәнді анықтау мақсатында қойылады. Ескерерлік жайт, бұл сұрақтардың жауаптары мәтінде нақты көрсетілмеуі керек, оқушының сыни ойлауына бағыттаңыз.

Дескриптор:

1. *Мәтінде көтерілген мәселелерді анықтап, (мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере) талқылау сұрақтарын құрастырады*

1-талқылау сұрағы – 1 балл

2-талқылау сұрағы – 1 балл

3-талқылау сұрағы – 1 балл

4-талқылау сұрағы – 1 балл

2-тапсырма. Мәтінде көтерілген мәселенің маңыздылығына, өзектілігіне баға беріңіз

Төмендегі ережені басшылыққа алыңыз:

1. Мәтінде көтерілген мәселелер бүгінгі таңда өзекті ме?

2. Ат әбзелдері шеберлерінің азаюына өзіндік көзқарасыңыз қандай?

3. Ер-тұрманның емдік қасиеті, расымен бар деп ойлайсыз ба?

Ойыңызды дәлелдеңіз

4. Мәтін авторы оқырмандарға бұл ақпаратты не үшін ұсынып отыр деп ойлайсыз? Өз бағаңызды беріңіз

5. Мәтін мазмұнының құндылығы неде?

Оқылымнан кейінгі тапсырма.

Мәтінге толық морфологиялық талдау жасаңыз. Талдау барысында тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазыңыз


Дескриптор:

Мәтіннен алынған тілдік бірліктерге морфологиялық талдау жасайды – 4 балл

Тілдік бірліктерді орфография нормасына сай жазады- 1 балл

Ескерту: талдауға ұсынылатын сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді мұғалім таңдап беруге болады немесе білім алушы өзі таңдап алуына болады

Морфологиялық талдау сызбасы:
сөз, сөз тіркесі

- 
- 1. Құрамына қарай
 - 2. Тұлғасына қарай
Себебі,
 - 3. Құрылысына қарай –
Себебі,
 - 4. Сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасы
 - 5. Лексикалық мағынасы –
 - 6. Грамматикалық мағынасы –
 - 7. ... деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл
... дегеніміз –
 - 8. Мағынасына қарай –
Себебі,

1-үлгілік тапсырманы орындау үлгісі

Тыңдалым алды тапсырмасы. (Ықтимал жауап)

Суретте ер-тоқым берілген. Бұл ат әбзеліне жатады. Ер-тұрманның өзінің бірнеше бөліктері бар. Ер-тұрманды қолөнер шеберлері ағаштан жасайды.

Тыңдалым тапсырмасы. Оқушы талқылау сұрақтарын құрастыратындықтан, мәтінді екі рет оқу ұсынылады. Талқылау сұрақтарына сынып оқушыларының жауаптары міндетті түрде тыңдалуы керек.

Ықтимал талқылау сұрақтары:

1-сұрақ: Мәтіннің кіріспесінде автор: «өркениетті елдің ұрпағымыз» деп оқырмандарына нені меңзеп тұр деп ойлайсыз?

2-сұрақ: Музейге келушілердің назарын ер-тоқым несімен қызықтырып, соншама сауал туғызып тұр деп ойлайсыз?

3-сұрақ: Мәтінде шебердің ер-тұрман шикізатын Қытайдан алдыруының себебі неде? Осы арқылы қандай ой түюге болады?

4-сұрақ: Ер-тұрманның емдік қасиеті туралы шебердің сөзін автор оқырмандарға не үшін ұсынып тұр?

2-тапсырманың орындалу үлгісі

1. Мәтінде көтерілген мәселелер бүгінгі таңда өте өзекті деп ойлаймын, себебі жылқы – төрт түліктің бірі, қазақ даласының көркі, байлығы деп білемін. Оның әбзелдерінің қалай жасалатынын, емдік қасиетін білу, шеберлерге қолдау көрсету керек.

2. Ат әбзелдері шеберлерінің азаюының бірден-бір себебі адамдардың жылқыны мініс көлігі ретінде аз тұтынуынан деп санаймын. Себебі, адамдардың барлығы темір тұлпармен жүреді. Сонымен қатар, оны жасайтын шикізат елімізде аз немесе жоқ екенін мәтіннен аңғарамыз. Ал оны шет елден сатып алуға мол қаражат керек.

3. Ер-тұрманның емдік қасиеті, расымен бар деп санаймын. Себебі, біздің ата-бабаларымыз текті, дана болған. Табиғаттың, төрт түліктің қасиетін, ерекшелігін өте жақсы білген. Жылқы малының өзін қасиетті саналады.

4. Мәтін авторы оқырмандарға бұл ақпаратты қолөнер шеберін таныстыру мақсатында беріп отыр. Сол арқылы негізгі мәселелерді ашады. Шеберлердің азайып кетуі, сұраныстың аздығы, жылқы малының тек қана қаражат, тағамдық пайдадан аспауын көрсетеді. Оның емдік қасиетін насихаттау арқылы, денсаулығымызды түзетуімізге болатынын айғақтайды.

5. Мәтін мазмұнының құндылығы – ұмыт болап бара жатқан материалдық-рухани құндылығымызды таныту. Жылқы малына, ер-тұрманға деген ұлттық көзқарасымызды қалыпқа келтіру.

Оқылымнан кейінгі тапсырманың орындалу үлгісі

Морфологиялық талдау сызбасы:

Қасиетті

→ 1. Бұл сөз бір құрамды : **дара, себебі бір ғана түбірден тұратын негізгі, туынды түбірді дара сөз дейміз.**

→ 2. Тұлғасына қарай **туынды түбір, неге?**

Себебі, синтетикалық тәсіл арқылы жасалып тұр. Түбірге жұрнақ жалғанып тұр.

→ 3. Құрылысына қарай – **дара, неге?**

Себебі, **бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді дара сөз дейді.**

→ 4. Сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасы:

Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар

→ 5. Лексикалық мағынасы – **заттың сынын, сипатын білдіріп тұр**

→ 6. Грамматикалық мағынасы – **категориялық грамматикалық мағына, себебі түбір сөзге қосымша жалғану арқылы жасалып тұр.**

→ 7. Қандай? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – сын есім,

Сын есім дегеніміз – заттың түрін, түсін, сапасын, белгісін, күйін, салмағын, көлемін, иісін т.б. қасиеттерін білдіретін сөздер.

→ 8. Мағынасына қарай – қатыстық сын есім.

Себебі, қатыстық сын есім басқа сөз табының қатысуы арқылы жасалады. *Қасиетті* сөзі зат есімнен жасалып тұрған, қатыстық сын есім.

Білім беру процесінде педагогтерге арналған ұсынымдама:

Оқу мақсаттарын нақтылау: Педагог оқу мақсатын сабақ мақсатына айналдыра білуі тиіс. Бұл мақсаттар сабақтың басында айқын және түсінікті түрде білім алушыларға түсіндірілуі керек.

Мақсатқа сай мәтін таңдау және тапсырма дайындау: Педагог оқу мақсатына сәйкес келетін мәтінді таңдауы және осы мақсатқа қол жеткізуге көмектесетін тапсырмаларды дайындауы қажет. Мәтіннің мазмұны мен күрделілігі оқушылардың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне сәйкес келуі тиіс.

Мәтінді кешенді талдау: Мәтінге кешенді түрде лексикалық және грамматикалық талдау жасағанда білім алушыны қызықтыратын түрлі әдістерді қолдану керек. Бұл талдау білім алушыларға мәтін мазмұнын тереңірек түсінуге және тілдік дағдыларын дамытуға көмектеседі.


Дескрипторларды құру: Тапсырмаларды орындау барысында білім алушылардың қандай біліктіліктерін бағалау керектігін айқындау үшін дескрипторларды құру маңызды. Дескрипторлар педагогке білім алушылардың жетістіктерін нақты және объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Сыни көзқарасты қалыптастыру: Педагогтер білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға ерекше назар аударуы керек. Бұл үшін пікірталас, сұрақ-жауап, зерттеу жобалары сияқты әдістерді қолдануға болады. Сабақ барысында білім алушылардың өз ойларын еркін білдіруіне және әртүрлі пікірлерді сын көзбен қарастыруына мүмкіндік беру қажет.

Осы ұсынымдарды ұстана отырып, педагогтер оқу процесін тиімді ұйымдастыра алады және білім алушылардың тілдік дағдылары мен сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Өмірлік мәселелерді шеше білуге дағдыландыру мақсатында пән ерекшелігіне сай мәтінмен жұмыс жасауға үйретеді.

Педагогтер бөлім бойынша бағалауда (БЖБ) төмендегі алгоритмдерді үлгі ретінде басшылыққа алуға болады.

1- ҮЛГІ



Бөлім «Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Морфология»

Оқу мақсаты:

6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, құттықтау құрастыру;

6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану.

Бөлім бойынша жиынтық бағалауды әзірлеу кезінде мұғалім өтілген бөлімдегі оқу мақсаттарына талдау жасайды. Қандай оқу мақсатын алуды қарастырады.

Оқу мақсаттарын таңдап алған соң, оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттарының негізінде бағалау критерийлерін құрастырады. Бағалау критерийлері нақты, анық, түсінікті болу керек. Нақты іс-әрекетті көрсететін болу керек. оқушының оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтайтындай өлшемді болуы керек. Оқу мақсаттарына сәйкес анықталған болуы тиіс.

Бағалау критерийлері Білім алушы:

- жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, құрылымын сақтай отырып, құттықтау жазады;
- үстеудің мағыналық түрлерін ажыратады;
- синонимдік қатарларын түрлендіріп қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: жоғары ойлау деңгейі, қолдану

Орындау уақыты: 25 минут

Ойлау дағдыларының деңгейі (ОДД) – әрбір деңгейі белгілі бір ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық жүйесі.

Ойлау дағдыларының деңгейі Блум таксономиясына сәйкес алынады. Өйткені оқу мақсатында құттықтау құрастырып жазу деп берілген, бұл мақсат жоғары ойлауды қажет етеді. Жазылым дағдысы күрделі дағды. Екінші оқу мақсаты үстеудің мағыналық түрлерін ажыратады; -синонимдік қатарларын түрлендіріп қолданады; бұл мақсатта оқушы алған білімін қолданады. Сондықтан қолдану деңгейіндегі ойлау дағдысы.

Тапсырмалар да осы ойлау дағдысы мен оқу мақсаттарына және одан шыққан бағалау критерийлеріне сәйкес етіп беріледі. Тапсырмада нұсқау нақты іс-әрекетті көрсету керек.

1-тапсырма

Өзіңіздің туыстарыңыздың біріне «Наурыз» мейрамымен құттықтап, құттықтау хат жазыңыз. Құттықтау хаттың жанрлық және стильдік ерекшеліктерін, құрылымын сақтаңыз.

2-тапсырма

А) Үстеудің мағыналық түрлерін сәйкестендіріңіз.

Үстеудің мағыналық түрлері		Үстеуге байланысты сөйлемдер
Мезгіл үстеуі		Гүлжанның қалаға кеткеніне <i>біршама</i> уақыт болды.
Қимыл-сын үстеуі		<i>Жазда</i> емтихан болады.
Мөлшер үстеуі		Марат ауыр жүкті машинаға <i>әрең</i> жеткізді.

Ә) Жоғарыдағы кестеде берілген үстеулердің синонимдік қатарын түрлендіріп қолданып, үш сөйлем жазыңыз.

Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты қадамдарды көрсететін сипаттама. Дескриптор нақты, анық болуы керек. Дескриптор оқушыда тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындықтар туындағанын анықтауға, оқушыға тиімді кері байланыс беруге мүмкіндік береді.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, құрылымын сақтай отырып, құттықтау хат жазады.	1	Құттықтау хат жазады.	
		Жанрлық ерекшеліктерін сақтайды.	
		Стильдік ерекшеліктерін сақтайды.	
		Құрылымын сақтайды.	
		Кіріспе	
		Негізгі бөлім	
Үстеудің мағыналық түрлерін ажыратады.	2	Қорытынды бөлім	
		Мезгіл үстеуін ажыратады.	
		Мөлшер үстеуін ажыратады.	

Сөйлемде үстеудің синонимдік түрлерін қолданады.	3	Сын-қимыл үстеуін ажыратады.	
		Үстеудің синонимін қолданып	
		1 сөйлем жазады.	
		1 сөйлем жазады.	
Жалпы балл			2

2-ҮЛГІ

5-сынып. Қазақ тілі. 4-тоқсан. БЖБ құрастыру алгоритмі:

Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыруда белгілі бір сыныптағы білім алушыларға өзіңіз берген білім мен дағдыны есепке алып, берілген спецификациядағы тапсырмаларды өзгертуге болады.

Ол үшін:

1. ***Сынып, пән, тоқсан, жиынтық бағалау ретін жазасыз.***

5-сынып. Қазақ тілі. 4-тоқсан. БЖБ;

2. ***Бөлім атауын жазасыз.*** Бөлім: Саяхат және демалыс. Синтаксис;

3. ***Сол бөлім бойынша өзіңіз дағды қалыптастырған оқу мақсаттарынан қолдану не жоғары ойлау дағдылары деңгейіндегі Т/А не О/Ж мақсаттарын жазасыз.*** Мысалы: Оқу мақсаттары:

5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру;

5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат құрастырып жазу.

4. ***Мақсатқа сай ойлау дағдыларының деңгейін жазасыз.*** Ойлау дағдыларының деңгейі: жоғары ойлау деңгейлері (бағалау мен жинақтау);

5. ***Мақсатқа сай бағалау критерийлерін жазасыз.*** Бағалау критерийлері:

- мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын, тілдік құралдарын салыстырады;

- ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат құрастырып жазады;

6. ***Тапсырмаға берілетін уақытты нақты көрсетіп қойыңыз.*** Берілетін уақыт: 25 минут;

7. ***1-тапсырманы жазыңыз. Ол оқу мақсатына сай болуы тиіс, сондықтан бұл тапсырмада екі мәтін болады.*** (А мәтіні, Ә мәтіні – екеуі де ауызекі сөйлеу стилінде беріледі. Тапсырма. Мәтіндерді оқып, стилін, жанрын, мазмұнын, тақырыбын, тілдік құралдарды талда. Талдауды орындау үшін кесте беріп қоюға болады. Мәтіндердегі сөз саны сыныптың жас ерекшелігіне сай болуын ескеріңіз.

8. ***2-тапсырманы жазыңыз. Адресатты ескерте отырып, хат жазуға тапсырма беріңіз. Тапсырмада хаттың құрылымын, ресімделуін сақтауды ескертіңіз.*** Ресімделуі мен құрылымын ескере отырып, досыңды

саяхаттауға шақырып хат жаз. (Сөз саны сыныптың жас ерекшелігіне сай болу керегін ескеріңіз).

9. **Балл қою, бағалау кестесін жасаңыз:** 1-бағанға бағалау критерийлерін, 2-бағанға тапсырма ретін, 3-бағанға дескрипторды, 4-бағанға балл санын жазып қойыңыз. Дескриптор нақты болғаны дұрыс, ол нақты бағалауға мүмкіндік береді. Дескрипторда «біледі, түсінеді» сияқты бағалануы анық емес етістіктерді қолданбаңыз. БЖБ-ны 7-15 балл аралығында бағалау керек. Мысалы:

Бағалау критерийлері	Тапсырма реті	Дескриптор	Балл
5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру;	1	-екі мәтін стилін салыстырады; -екі мәтін жанрын салыстырады; -екі мәтіндегі мазмұнды салыстырады; -екі мәтіндегі тақырыпты салыстырады; -тілдік құралдарын салыстырады.	1 1 1 1 1
5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат құрастырып жазу	2	-досын саяхаттауға шақырып хат жазады; -ресімделуін сақтайды; - адресатты жазады; -адресантты жазады; -саяхатқа шақырудағы негізгі ойын немесе қызықтыратын мәліметті жазады; -хатты сауатты жазады (емле қатесін жібермейді; тыныс белгісінен қате жібермейді)	1 1 1 1 1 1 1
Барлығы			12 балл

3-ҮЛГІ

Әр оқу дағдылары бойынша бір оқу мақсаты алынады. Таңдалған оқу мақсаты бойынша тапсырма дайындалады. Тапсырма әрі нақты, жүйелі құрылу керек, әрі оқу мақсатымен тапсырма өзара сабақтасып жатуы тиіс. Сонда ғана оқушы тапсырма орындауда кедергілерге тап болмайды.

Әр дағды бойынша оқу мақсаттары алына отырып, тапсырмалар беріледі. БЖБ тапсырмаларын дайындауда педагог тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының бөлімшелеріндегі оқу мақсаттарын ала отырып, тапсырмаларды түрлендіруіне болады немесе сыныптың білім сапасына қарай әр дағдыдағы бөлімшелер мен оқу мақсаттарын өзі таңдап ала алады.

Төменде әр оқу дағдыларын таңдап алу барысында педагогтің ескеруі тиіс міндеттемелер ұсынылады.

Оқылым дағдысы бойынша. Оқылым іс-әрекетінің кезеңдері бойынша мәтінмен жұмыс жасағанда білім алушылар үшін мәтін форматы түсінікті болу қажет. Ұсынылған мәтінмен жұмыс жасауда оқылым кезеңдері барысында (оқылымға дейін, оқылым барысында, оқылымнан кейін) білім алушы қиындықтарға тап болмас үшін педагог төмендегі кестемен жұмысты терең меңгеруі керек.

	Оқылым кезеңдері		
	оқылымға дейін	оқылым барысында	оқылымнан кейін
Мақсаты	кітаптағы, кітаптардағы туындылардың тақырыбын, сипатын, саны мен ерекшелігін болжау	кітапты, пайда болған бейнелер мен түсініктерді бағалау негізінде оқылымның нақты мақсатын белгілеу және әдеби туындыны игеруге белсенді қатысу	ақпараттың мағынасын түсінуге қол жеткізу, барлық пайдалы ақпаратты алу
Оқылым іс-әрекетінің тәсілдері	мазмұнның сыртқы көрсеткіштері бойынша болжау (мәтіндік және мәтіннен тыс ақпарат құралдары: атауы, тақырыпшасы, алғы сөзі, соңғы сөзі, мазмұны, иллюстрациялары, сілтемелері ...)	- есте сақтау - картиналарды жаңғырту - талдау-қайта оқу - шығармашылық түсіндіру - көркем сөзді (сөйлеуді) қабылдау - мағыналық (таныстырып, іріктеп, зерделеп) оқу	- жалпылау - бағалау - мәнерлеп оқу - шығармашылық тапсырма - өзбетінше жұмыс жасау

Оқылым бойынша білім алушыға педагог дайындаған мәтін беріледі.

Үлгілік оқу оқу бағдарламасында берілген оқу мақсаттарын таңдап педагог жыл осы мақсаттар бойынша тапсырма құрастырады.

Оқылым дағдысы	Бағыты	
	10-сынып ҚГБ	10-сынып-ЖМБ
5. Мәліметтерді өңдей білу		10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу
6. Оқылым стратегияларын қолдану	10.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу	

Жазылым дағдысы бойынша

1. Эсседегі тапсырмалар сыныптың жас ерекшелігіне сай беріледі, сонда білім алушыға қиындық тудырмайды.

2. Білімді тексеру тапсырмасының формасы: (тыңдалым, айтылым) оқылым, жазылым дағдыларын қолданып эссе жазады.

3. Білімді тексеру тапсырмаларын орындау уақыты: орындау уақыты – 45 минутты құрайды (жалпы эссені жазу уақыты берілген тапсырмаларды, оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген).

4. Жазылым дағдысы бойынша білім алушы эссе жазады (оқылым мен жазылым бойынша берілетін мәтін мазмұны мен эссе тақырыбы бір-бірімен байланысты болу керек).

5. Эссе мәтініне грамматикалық талдау жасайды.

Жазылым дағдысы	Бағыты	
	10-сынып ҚГБ	10-сынып-ЖМБ
4.Эссе жазу	10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

Әдеби тіл нормаларын сақтау. Әдеби тіл нормалары: орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша) сияқты ережелер қамтылған. Сондықтан да оқу мақсатын таңдап алу үшін оқылым мен жазылым дағдысына бірлесіп жұмыс жасатуға тиімділігін ескерген дұрыс.

Әдеби тіл нормасы бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады: орфография, орфоэпия, лексика; грамматика, пунктуация. Осы бөлімшелермен жұмысты жүйелендіру керек.

Әдеби тіл нормаларын сақтау	Бағыты	
	10-сынып ҚГБ	10-сынып-ЖМБ
4.Грамматикалық норма	10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу	10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу

«Қазақ тілі» оқу пәні бойынша рубрикамен жұмыс жүргізу. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша рубрика дағдылар бойынша толтырылуы тиіс.

Ата-ана баласының жұмысымен, яғни білім нәтижесімен танысқысы келген жағдайда ғана рубрика ата-анасына ұсынылады.

Дағды	Төмен көрсеткіш 1-2 балл	Орташа көрсеткіш 3-4 балл	Жоғары көрсеткіш 5 балл
Оқылым	Жалпы мазмұнын түсіну үшін оқиды, бірақ мәтіндегі нақты ақпаратты таба алмайды	Жалпы мазмұнын түсініп оқиды, нақты ақпаратты жартылай табады	Жалпы мазмұнын түсініп оқиды, нақты ақпаратты табады
Жазылым	Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтап жазуда шатастырады, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазуда тақырыптан ауытқиды	Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтайды, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазуда тақырыпқа қатысты мәлімет толық емес немесе жартылай қарастырылады	Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін толық сақтайды, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазады
Әдеби тіл нормалары	Сөйлемді дұрыс құрмайды, орфографиялық, пунктуациялық, стильдік қателер (8-10) жібереді	Сөйлем құрылысы дұрыс болғанымен, орфографиялық, пунктуациялық, стильдік қателер (5-7) жібереді	Сөйлемдер логика-грамматикалық жағынан дұрыс құрылады, орфографиялық, пунктуациялық, стильдік 1 қате жібереді

Білім беру процесінде мұғалімдерге арналған ұсынымдама:

Оқу мақсаттарын нақтылау: Педагог оқу мақсатын сабақ мақсатына айналдыра білуі тиіс. Бұл мақсаттар сабақтың басында айқын және түсінікті түрде білім алушыларға түсіндірілуі керек.

Мақсатқа сай мәтін таңдау және тапсырма дайындау: Педагог оқу мақсатына сәйкес келетін мәтінді таңдауы және осы мақсатқа қол жеткізуге көмектесетін тапсырмаларды дайындауы қажет. Мәтіннің мазмұны мен күрделілігі оқушылардың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне сәйкес келуі тиіс.

Мәтінді кешенді талдау: Мәтінге кешенді түрде лексикалық және грамматикалық талдау жасағанда білім алушыны қызықтыратын түрлі әдістерді қолдану керек. Бұл талдау білім алушыларға мәтін мазмұнын тереңірек түсінуге және тілдік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Дескрипторларды құру: Тапсырмаларды орындау барысында білім алушылардың қандай біліктіліктерін бағалау керектігін айқындау үшін

дескрипторларды құру маңызды. Дескрипторлар педагогке білім алушылардың жетістіктерін нақты және объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Сыни көзқарасты қалыптастыру: Педагогтер білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға ерекше назар аударуы керек. Бұл үшін пікірталас, сұрақ-жауап, зерттеу жобалары сияқты әдістерді қолдануға болады. Сабақ барысында білім алушылардың өз ойларын еркін білдіруіне және әртүрлі пікірлерді сын көзбен қарастыруына мүмкіндік беру қажет.

Осы ұсынымдарды ұстана отырып, педагогтер оқу процесін тиімді ұйымдастыра алады және білім алушылардың тілдік дағдылары мен сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Өмірлік мәселелерді шеше білуге дағдыландыру мақсатында пән ерекшелігіне сай мәтінмен жұмыс жасауға үйретеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасы әлемнің білім беру кеңістігінде өз мақсат-мұраттарын анықтап алған, бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде танылуы үшін оқыту, білім беру жүйесінде көптеген талап-міндеттерді жүзеге асыруды көздейді. Жаңа сапалық білімді қалыптастыру да оқыту үрдісіндегі ғылыми-әдістемелік жетістіктермен байланысты болмақ. Оқыту үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу арқылы білімдік тұрғыдан жан-жақты қаруланған, өмірлік қажеттіліктерін жүзеге асыра алатын дербес интеллект иесін, әлеуметтік тұлғаны қалыптастыру да келелі мәселелердің бірі.

Жаңа технология – оқу-тәрбие үдерісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін және оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін, адамның дербес қабілеті мен берілетін материалдың танымдық бірлігін іске асыратын, білім алушының шығармашылық мүмкіндігін дамытуға бағытталған, жүйелі білім беруге негізделген сапалы оқыту тәсілдерінің жиынтығы болып табылады. Тілдік талдау жүйесіндегі жаңа технология негізделген лингвистикалық талдаудың бірі – *сатылы-кешенді талдау технологиясы*.

Жалпы ғылымда талдау ұғымы күрделі мәселені жекелерге, аса қарапайым кіші мәселелерге бөлуден тұратын зерттеу рәсімі ретінде таныс. Ал *тілдік талдау* немесе лингвистикалық талдау – тіл бірліктерінің сипаттамаларын, заңдылықтарын, ерекшеліктерін, бөліну жолдарын, бір-бірімен байланысу амалдарын ажыратып саралау. Тілдік талдау технологиясы тілдік бірліктерді талдаудың жолдарын оңтайландыру барысында анықталатын тиімді әдіс-тәсілдер жиынтығының жобасы болғандықтан, оның әдістемелік қыры тікелей әдіскердің шеберлігі нәтижесінде көрініс табады.

Практикалық тұрғыдан жетік игерілмеген білім құр жаттандылыққа әкеледі. Есте ұзақ сақталмайды. Тілдің әр саласынан өтілген материалдарды, ондағы түрлі грамматикалық тұлғалардың атқаратын қызметтерін, тыныс белгілерінің қолдану ерекшеліктерін талдап, саралап, жинақтап меңгерту кешенді талдаудың басты белгісі болып табылады. Мысалы, фонетикалық талдау мына төмендегідей екі бағытта жүргізіледі: а) сөзсазындық талдау, дыбыстық-фонетикалық талдау. Фонетикалық бірліктерді сауатты, әуезді талдап үйренген білім алушының сөйлеу, жазу мәдениеті жоғары болады және тіл білімінің басқа салаларын сатылап, талдап меңгеруге негіз қаланып, талдау жұмысын жүйелі жүргізуге машықтанады. Ал сөзжасамдық талдауда сөздердің жасалу жолдары жеке-жеке сараланып, олардың тәсілдері айқындалып берілгендіктен білім алушының тіл білімінің бұл саласын жете меңгеруге негіз қаланады. Морфологиялық талдауда сөздің құрамы, тұлғасы, құрылысы, мағыналық түрлері, әр сөз табының өзіне тән категориялары мен формалары рет-ретімен талданғанда сауатты сөйлеудің бір функциясы қаланады. Әр сөз табының мағыналық топтарын, грамматикалық формалары мен категорияларының атқаратын қызметтерін жетік игеріп, саралай алады.

Лексикалық бірліктерді талдауда, лексика тіл білімінің ең күрделі, ең бай саласы, оның үстіне бұл сала бойынша қоғамның жаңаруына орай ғылымның әр саласындағы жаңалықтарды, олар арқылы тілімізге еніп жатқан жаңа сөздер мен сөз оралымдарын, олардың беретін сан алуан мағыналарын қоссақ, оның жүгінің ауырлай түсетіні анық. Сондықтан лексика саласын тіл білімінің фонетика, сөзжасам, морфологиядан кейін сөз құдіретін түсінуде қызметі ерекше. Лексика саласын талдап меңгерген білім алушының сөздік қоры молайады, сөздерді талдап-талғап қолдануға бейімделеді, айшықты, мәдениетті сөйлеуге дағдыланады. Мұнан соң синтаксистік материалдарды: тыныс белгісіне, сөйлемді айтылу сазы мен мазмұнына, құрылысына, мағыналық түрлеріне, сөйлемдегі сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін, сөз тіркесі, олардың түрлеріне қарай рет-ретімен тұтас кешенді талдау қазақ тілінен теориялық білімді дамытады. Теориялық материалдарды мұндай жүйемен беру әрі ықшам, әрі білім алушылардың меңгеруіне тиімді.

Дегенмен қазіргі білім беру жүйесінде, әсіресе жаңартылған бағдарламамен білім беруде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, коммуникативтік тілдік қарым-қатынасын дамыту басты мақсаты болып саналады. Жоғарыда айтылған тіл білімі салаларының теориялық материалдары мектеп қабырғасындағы білім алушыға толықтай қажет емес. Бала алған білімін өмірде қолдана алатындай болуы керек. Сөздің мағынасын түсініп, оны байланыстырып, ойын жеткізуде қосымшаларды толық өз дәрежесінде қолдана алса, ол баланың функционалды сауаттылығын көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде тілдің өзекті мәселелеріне ерекше назар аударып, оның теориялық және тәжірибелік, әдістемелік негізін орнатуды мақсат еткен тіл жанаһырлары баршылық. Қазақ тілінің теориясын түсіндірумен шектеліп қана қоймай, оны тәжірибелік негізде алғаш талдап дәлелдеген қазақ халқының рухани көсемі, тілші-ғалым – А.Байтұрсынов. Әдіскер ғалым Ф.Оразбаеваның «Тілдік қатынас негіздері» деген еңбегінде А.Байтұрсыновтың тіл біліміндегі көптеген мәселелерді сөз етіп, зерттеу нысанына айналдырғаны және «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл – құрал» сияқты оқулықтарда қолданылатын әдіс-тәсілдердің ерекшелігі өз алдына арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті мәселе екендігі айтылған. Ф.Оразбаева: «Кез келген әдіскер мұғалім тілшінің еңбектерін оқу арқылы тілдік материалдармен танысып қана қоймайды, сонымен қатар оқулықтарда берілген тақырыптарды оқытудың әдістемелерін де үйренеді» деген тұжырымға келеді [9]. Сондықтан әдістемелік оқу құралдарының ерекшелігі – оқытуда едәуір тиімді болатын әдіс-тәсілдерді ұсыну. Бірақ мұндай әдістемелік еңбекті жазу зерттеушінің бойынан теория мен практиканы ұштастырудан бөлек көптеген факторларды назарға алуын көздейді, әсіресе, білімді игеруде үйренушіге неғұрлым тиімді және түсінуіне жеңіл боларлық құралын, кілтін табуда қажырлы еңбек пен ізденісті қажет етеді. Осындай талаптың үдесінен шыға білген ғалым А. Байтұрсынұлының 3 бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» [10] атты кітабы қазақ тілінің фонетикасы мен

грамматикасынан тұңғыш ғылыми пікір мен тұжырымдарын ұсынған, жаңа терминдік атауларды тіл білімінде қалыптастыруға зор үлес қосқан құнды еңбектердің бірі. Аталған еңбекте ғалым А. Байтұрсынұлы дыбыс, әріп, буыннан бастап, сөз тұлғалары – түбір мен қосымшадан сөз таптарына дейінгі теориялық-тәжірибелік мәселелерді кешенді қарастырады. Тілдік бірліктердің синтаксистік сипатын да назардан тыс қалдырмаған. «Тіл – құралда» біріншіден, қазақ тіл білімінің негізгі салалары бойынша теориялық мәліметті жан-жақты түсіндіреді. Оны практикалық жақтан ұғындыруда «дағдыландыру» сатысын ұсынады. Бұл сатыда мәтінмен, жаттығулармен жұмыс түрлері қамтылады. «Дағдыландыру» сатысы келесі «сынау» сатысында өз жалғасын табады. «Сынау» сатысында алынған білімді толық бекіту жұмысы қарастырылған. «Сынау» деген атау беруде де өзіндік мән-мағына бар. Себебі үйренуші тілдік фактілерді талдау арқылы өзін-өзі сынауға үйренеді. Эмпирикалық білім мазмұнынан рефлексияға дейінгі кезеңді қалыптастыру міндеті көзделген. Рефлексия кезеңі шәкірттердің сезімдері мен ойларының көрініс табуын меңзейді. Бұл – шәкірттің, үйренушінің өздігінен білім алып, ізденіске деген ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған бірден-бір шарттарының бірі болып табылады. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тіл бірліктерінің теориялық мәселелерін сатылы құрылым арқылы үйрететін тұңғыш төл технологияның негізі А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қаланғанын көруге болады. Ғалымның бұл әдістемелік көзқарасы бүгінгі қазақ тіліндегі төл технологияның дүниеге келуіне себепкер болған.

Тілдік талдауды зерттеу объектісіне айналдырып, оның үлгілері мен жүргізілу ретін барынша толық сипаттайтын, теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастырған еңбектер қазақ тіл білімінде аздық етеді. Заманның жаңа талабына сәйкес бұл мәселенің өзектілігін назарға алып, алғаш тілдік талдауды технологияландыруды педагогика ғылымдарының докторы, профессор Н.А.Оразахынова ұсынады[11]. Әдіскер-ғалымның тілдік-кешенді талдауды жетілдірудегі «Сатылай-кешенді талдау технологиясы» қазақтың рухани көсемі, алғашқы әдіскер ғалым А. Байтұрсынұлының идеясынан бастау алған. Тілдік талдауға қатысты ғалым А. Байтұрсынұлының әдістемелік көзқарастары қазақ тілін оқыту жүйесінде тіл біліміндегі алғашқы баспалдақ болып, көптеген зерттеуші-ғалымдардың негізгі сүйенетін объектісіне, құралына айналды. Тілші-ғалым С.Исаев орындалу тәсіліне қарай тілдік талдаудың *ауызша* және *жазбаша* формасын ұсынды. «*Ауызша талдау* – көбінесе сыныпта, дәрісханада жүргізіледі, жазбаша талдау негізінен үйге тапсырма ретінде беріледі де, сыныпта ауызша әңгімеленеді. Ауызша талдау көбіне білім алушының білімі әбден жетілген кезде, дағдысы қалыптасқан кезде жүргізіледі» [12]. С.Исаев, М.Достанов талдау барысында *қарама-қарсы қою әдісін* қолданады. Сонымен қатар М.Достанов тілдік фактілерді фонетика-лексикалық және грамматикалық жағынан *қатар талдау* әдістерін ұсынады [13]. Ал әдіскер Ә.Ермеков те қатар талдаудың қажеттілігін меңзеп, оны «*шендестіре талдау*» деп атайды.

Зерттеушілер фонетикалық талдаудың кейбір мәселелерін емлемен және морфологиямен орайластыра, солармен шендестіре жүргізу қажеттігін дұрыс деп санайды. Оқытуда бұндай тәсілдің екі жақты пайдасы болады: біріншіден, білім алушы емленің әр алуан ерекшеліктеріне жетіле түседі, екіншіден, олар кейбір грамматикалық категориялардың сырын біледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Кәтенбаева Б.Тіл ұстарту жұмыстары бойынша методикалық нұсқау. Алматы, 1991. – 29.
2. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1991.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы:Инжу-Маржан. – 390.
4. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер. – Алматы, 1961.
5. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы:Мектеп, 1989. – 95.
6. Әбілқасов А., Бейсенбайқызы З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Инжу-Маржан», 2009. – 293.
7. Бектұрғанова Ж.Орта мектепте стилистиканы дамыта оқыту әдістемесі. – Алматы, 2007. Канд.дисс...автореф.
8. Рахметова С. Тіл дамыту методикасының негіздері // Бастауыш кластарда қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1987.
9. Жолымбетов К. Қазақ орфографиясын оқытудың ғылыми негіздері. – Алматы, 1974.
10. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. Тіл–құрал. – Алматы: Алаш, 2005.–352 бет
11. Құрманова Н.Ж. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің негіздері: Монография.–Алматы, 2001. –300 бет.
12. Исаев С.М.,Бектұров Ш.К. Сөйлемдегі грамматикалық талдаудың тәсілдері: (әдіст.құрал). –Алматы: Өнер.2007. –76 бет.
13. Достанов М.Д. Қазақ тілі сөздерінің фонетика-лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін қатар талдау әдістері. –Алматы, 1991.
14. Ермеков Ә. Грамматикалық талдау.–Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1958.–56 бет.
15. Оразахынова Н.А. Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед.ғылым.д-ры.ғылыми дәреж. Алу үшін дайындал.дисс.–Алматы, 2007.
16. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2000.
17. Түркия <http://mufredat.meb.gov.tr/ProgramDetay.aspx?PID=663>,
<http://mufredat.meb.gov.tr/ProgramDetay.aspx?PID=353>
18. Финляндия Finnish National Board of Education. (2016). Finnish National Core Curriculum for Basic Education 2014. Next Print Oy: Helsinki
19. Сингапур <https://www.moe.gov.sg/-/media/files/secondary/syllabuses/mtl/2021-secondary-mtl-syllabus.ashx?la=en&hash=B964DDD361ECA31BCABE4A218E0B8703797A4DCB>
20. Жаңа Зеландия <https://nzcurriculum.tki.org.nz/The-New-Zealand-Curriculum#collapsible6>
21. Жүсіпбек Аймауытов: Ана тілін қалай оқыту керек. Жаңа мектеп, 1925, №2.

22. Пассов, Е.И. Коммуникативный метод обучения иномузычному говорению. — М., 1991.
23. Құрман Н.Ж Қазақ тілінің жаңа оқу бағдарламасы негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, — Астана, —2014 ж.
24. Есепбай Ж.,Құлмағамбетова А., Аубакирова Ж.. Қазақ тілін коммуникативті тұрғыда оқыту//12 жылдық білім беру.-2019. по 4.- 26-б.
25. Мүрсәлімов Т.К. Грамматикалық талдау әдістемесі (Әдістемелік көмекші оқу құралы). — Семей: «Шәкәрім университетінің баспаханасы», 2022.—140 бет.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе _____	3
1. «Қазақ тілі» пәнінен мәтінге кешенді лексика-грамматикалық талдау жасау әдістемесі	5
2. «Қазақ тілі» пәнінен лексика-грамматикалық талдау жасау жұмыстары бойынша әдістемелік ұсынымдар	37
Қорытынды _____	316
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі _____	320

**ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДІҢ 2-11-СЫНЫПТАРЫНА
АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕН МӘТІНГЕ КЕШЕНДІ ЛЕКСИКА-
ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР»
Әдістемелік ұсынымдар**

Басуға 30.10.2022 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 20.